

# ӘДЕБИЕТ

Жалпы орта білім беретін мектептердің  
7-сыныбына арналған оқулық

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім  
беру министрлігі баспаға ұсынған*



ТАШКЕНТ  
2022



УЎК 821.512.122(075.3)  
КБК 83.3(5Қоз)я72  
Ә 22

Түзушілер:

Сейданов Қалдыбек, Башаров Құттыбай,  
Сайфуллаев Бауыржан, Юсупов Бердібек

Пікір жазғандар:

**Савдашева Хурсанай** – Ташкент облысы Төменгі Шыршық ауданы 40-мектептің қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі.

**Сагиндикова Майра** – Ташкент облысы Жоғары Шыршық ауданы 21-мектептің қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі.

**ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:**



– әдебиет теориясы



– сұрақтар

Оригинал-макет «O‘zbekiston» баспа-полиграфия  
шығармашылық үйінде дайындалды

Республикалық мақсатты кітап қоры  
қаржылары есебінен басылды



ISBN 978-9943-8372-5-6

© Республикалық білім орталығы, 2022



## МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	5
ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР .....	7

### I ТАРАУ. ТАБИҒАТ ЖӘНЕ АДАМ

<b>МҰХТАР ӨУЕЗОВ</b> .....	10
Көксерек.....	11
<b>СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН</b> .....	27
Аққудың айырылуы.....	29
<b>ҚАДЫР МЫРЗАЛИЕВ</b> .....	38
Қызыл кітап.....	39
Поэма туралы түсінік.....	50
<b>ЗУЛФИЯ</b> .....	50
Көкшетау .....	52
Сәлем, көктем!.....	55
<b>ЭРНЕСТ ХЕМИНГУЕЙ</b> .....	56
Шал мен теңіз .....	58
Портрет туралы түсінік.....	84

### II ТАРАУ. ТУҒАН ЖЕР – АЛТЫН БЕСІГІМ

<b>МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ</b> .....	85
Батыр Баян.....	87
<b>ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ</b> .....	98
Қаздар қайтып барады.....	99
<b>ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ</b> .....	114
Туған жер .....	116
Атамекен.....	117
Эпитет туралы түсінік.....	118
<b>СИРОЖИДДИН САЙИД</b> .....	118
Отан десем.....	119
Бұл – біздің үйіміз.....	121



<b>РАСУЛ ҒАМЗАТОВ</b> .....	123
Менің Дағыстаным .....	124

### III ТАРАУ. ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

<b>ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ</b> .....	131
Еспенбет .....	132
<b>ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫ</b> .....	147
Зар заман .....	148
Талғау және эпитафия туралы түсінік .....	152
<b>МҰХТАР ШАХАНОВ</b> .....	153
Нарыққум зауалы .....	153
<b>ПІРІМҚҰЛ ҚАДЫРОВ</b> .....	160
Жұлдызды түндер .....	161
Роман туралы түсінік .....	168

### IV ТАРАУ. МІНЕЗ – АДАМ АЙНАСЫ

<b>АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ</b> .....	170
Өлсем, орным қара жер, сиз болмай ма? .....	173
Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат .....	176
«Отыз тоғызыншы» және «Он жетінші» қара сөздері .....	178–180
<b>МҰХТАР МАҒАУИН</b> .....	184
Ең үздік оқушы .....	185
Мінездеу туралы түсінік .....	195
<b>ТӨЛЕН ӘБДІКОВ</b> .....	196
Қонақтар .....	197
<b>АНТОН ЧЕХОВ</b> .....	206
Хамелеон .....	208
Образдың түрлері туралы түсінік .....	213
Көркемдік деталь .....	214
<b>САИДА ЗУННУНОВА</b> .....	215
Қызыма .....	217
Отаным менің .....	218
Лирика туралы түсінік .....	221



## АЛҒЫ СӨЗ

Қадірлі оқушылар!

Міне, тағы бір оқу жылын артқа тастап, 7-сыныпқа да аяқ бастық. Өздеріңмен әдебиет атты әлемде қайта кездескенімізге қуаныштымыз.

Бәрімізге белгілі, әдебиет – өмір айнасы, халық өмірінің көркем шежіресі. Өйткені көркем әдебиетте халықтың өмірі мен бүгінгі таңдағы тірлік-тынысы, қол жеткен табыстары, күйініш-сүйініштері, еселі еңбектері, әрбір дәуір келбеті, замана сыры жан-жақты көркем сипатталады. Адамдар арасындағы қарым-қатынастар мен олардың, алға қойған мақсат-мұраттары, асқақ армандары, өмірге деген көзқарастары шеберлікпен суреттеледі.

Біз 7-сыныпта қазақ ауыз әдебиетінің тамаша үлгісі саналған шешендік сөз бен Жиренше шешенді оқу арқылы «Табиғат және адам» атты бірінші бөлімге кіріп барамыз. Бұл бөлімде М. Әуезовтің «Көксерек», С. Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы», Қ. Мырзалиевтің «Қызыл кітап», З. Исраилованың «Көкшетау», «Биші бұлттар», Э. Хемингуейдің «Шал мен теңіз» атты туындыларымен танысамыз. Ал «Туған жер – алтын бесігім» атты екінші бөлімде М. Жұмабаев, Қ. Жұмаділов, Қ. Аманжолов, С. Сайид, Р. Ғамзатов сынды ақын-жазушылардың шығармаларын үйрену арқылы Туған жерге, сүйікті Отанымызға деген сүйіспеншілігіміз одан әрі артады.

Иә, оқушылар, әдебиет пәні тек қана оқу пәні емес, ол – ой таразылайтын пән. Халықтың басына қиын іс түскенде жырымен жігер беріп, замана жайын жырлаған Д. Бабатайұлы, Ш. Қанайұлының дастан, толғауларын оқып, М. Шаханов, П. Қадыров сынды ақын-жазушылардың туындыларын терең меңгеру арқылы үшінші бөлімде «Тарихтан тағылым» аламыз. Сондай-ақ «Мінез – адам айнасы» атты соңғы бөлімдегі А. Құнанбаев, М. Мағауин, Т. Әбдіков, А. Чехов, С. Зуннуова сынды сүйікті ақын-жазушыларымыздың өлеңдері мен әңгімелері бізді әрбір істі ойланып істеуге, қолда барды бағалай білуге үйретері анық.

Әдебиетті оқу тек қана көркем шығарманың мазмұнын білумен шектелмейді. Біз кез келген көркем шығарманы оқып болған соң «Автор осы шығарма арқылы не айтпақ болды?», «Бұл шығарманың ерекшелігі неде?» деген сұрақтарға жауап бергеніміз абзал. Осы мақсатта оқулықта автордың көзқарасын түсінуге,



мәтіндегі негізгі ойды анықтауға, оқиға желісін ашып көрсетуге, кейіпкерлерді және олардың ойларын салыстыра суреттеуге арналған түрлі жеке әрі топтық тапсырмалар дайындалды. Мұндай тапсырмаларды орындай отырып, біз көркем туындылардың рухани дүниемізге берген әсерін сыни әрі шығармашылық тұрғыдан бағалай аламыз. Сонымен бірге, «Әдебиет теорияларын» оқып-үйрену арқылы әдебиетке қатысты терминдермен танысамыз. «Сөзмаржан» айдарында бүгінгі күні өзіміз сирек қолданылатын сөздердің мағынасын түсінетін боламыз.

Демек, көркем әдебиеттің жастарды нағыз адам етіп тәрбиелеуде, олардың өмірге, жарқын болашаққа деген көзқарастарын қалыптастыруда алатын орны ерекше.

Ұлы ойшыл әрі ғазел мүлкінің сұлтаны Әлішер Науаи бабамыз: «Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына», – деген болатын. Сол демекші, келіңдер асыл қазынаны бірге оқимыз.

Іске сәт, оқушылар!

*Оқулық авторлары*



## ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР

Ауыз әдебиеті үлгілерінің ең көне түрлерінің бірі – шешендік сөздер. Шешендік сөздер сан ғасырлар бойында ауыздан-ауызға өтіп, бізге дейін жетіп келген.

Қазақ халқы арасында табан астында тауып айта білетін, тапқырлығымен көзге түскен, аса ойдың үлкен ақыл-ойдың иелері аз болмаған.

Бұл ретте – Жиренше шешен, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Өйтеке, Сырым Датұлы, Досбол датқа, Өнет баба секілді т.б. сөзге дес бермейтін-шешен, ақыл-ой иелерін атай аламыз.

Шешендік сөздер – көркем әдебиетіміздің көркем бастау бұлағы, қайнар көзі деуге болады. Онда – ұтымды ой, қысқа да нұсқалы сөздер – өз шешімін табумен бірге, оның негізінде қоғамдық мәнге ие күрес-тартыстар, жанжалдар, жер дауы, жесір дауы, барымта мәселелер көтеріліп өзара бітімге келіп жатады.

Шешендік сөздерде қиял болмайды. Оның негізінде үнемі шындық жатумен бірге, табан астында тауып айта білетін тапқырлық жатады. Адамдар арасындағы қарым-қатынастар барысында – өзара келіспеушіліктер, кереғар қақтығыстар туындаған сәттерде, оны ақыл-есі бүтін, ойлы, ділмәр да тапқыр, әділ сөздерімен, оларды бітістіріп отырған. Өйткені, қазақ халқы аталы сөз, жүйелі ойға, орынды сөзге тоқтай білген, зейінді де, зерделі, кемеңгер халық.

## ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН

### **Бұл тақырыпта біз:**

Жиренше шешеннің тапқырлығы мен тарихи деректердің маңызын ашамыз.

Жиреншенің әкесі ерте дүниеден өтіп, жетім қалған кезі екен. Бір күні әз-Жәнібек хан нөкерлерін ертіп, мал өрісінде жүрген, өрімдей жас – Жиреншеге кез келіпті.

Жанына сәлем бергелі келген балаға хан:

– Әй, балам! Елсіз жерде неғып жүрсің? – депті.



Оған бала:

– Жалғыз түйем бар еді. Содан айырылып қалып, соны іздеп жүрмін, – депті.

Сонда өз-Жәнібек оған:

– Түйенді тұсап қойсаң болмай ма? – дегенде, бала: – дейді. Яғни, әкем дүниеден өткен еді деудің орнына астарлай сөйледі.

Баланың тапқырлық сөзіне таңдана түскен өз-Жәнібек, одан соң:

– Әй, балам, алдымыз кеш болып барады. Ауылыңда қайсы үйге түссек жөн болады? – деп сұрайды. Бала қолма-қол:

– Бір қой жеймін десеңіз, қай үй болса, сол үйге түсе беріңіз. Ал, екі қой жегіңіз келсе, біздің үйге түсіңіз, – дейді.

Баланың тапқырлығына тәнті болған өз-Жәнібек хан:

– Әй, мынау бір мырза бала екен. Осының үйіне түсейік-деп, баланың үйіне барыпты.

Бала дереу қорасына кіріп, бір буаз саулығын ұстап алыпты да, қонақтар алдына келіп:

– Кәне, союға рұқсат етіп, бата беріңіздер, – дейді.

Сонда хан:

– Әй, балам-ау! Немене, бойдақ қойың жоқ па еді, – дегенде, бала:

– Мен сіздерге айттым ғой. Бір қой жегіңіз келсе, кез келген үйге түсе беріңіздер. Ал екі қой жеймін десеңіздер біздің үйге түсіңіздер, – деп.

– Енді екі қой жейсіздер – деп, буаз саулығын ұсына түскен екен.

\* \* \*

Тарихи деректерге қарағанда өз-Жәнібек ханның, алпыс екі биі болған көрінеді. Ол өз биелерін сынағысы келіп: «Дүниеде не өлмейді» – деп сұрағанда, билерінің бірі:

*Ағын су өлмейді.*

*Асқар тау өлмейді.*

*Аспандағы ай мен күн өлмейді.*

*Әлемде қара жер өлмейді, – депті.*

*Хан биінің бұл ойына қосылмаған Жиренше:*

*Ағын судың өлгені –*

*Алты ай қыста қатқаны.*

*Асқар таудың өлгені –*

*Басын бұлттың жапқаны.*

*Ай мен күннің өлгені –*

*Еңкейіп барып батқаны.*

*Қара жердің өлгені –*

*Қар астында жатқаны.*





*Ажал деген атқан оқ,  
Бір алланың қақпаны.  
Дүниеде не өлмейді?  
Жақсының аты өлмейді,  
Ғалымның хаты өлмейді, –*

деп, табан астында тауып айтқан екен.

### ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. Шешендік өнер дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Шешен сөз деген қандай сөз?
3. Би-шешен деген кім, оған қандай қасиеттер тән?
4. Қандай би-шешендерді білесіңдер?

### ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

1. Барлық адам шешен бола ала ма, қалай ойлайсыңдар? Шешен сөйлеу үшін бізге не істеу керек екенін ортаға салайық.
2. Төменде кесте негізінде екі топқа бөлініп, сұраққа жауап берейік. Пікірімізді нақты мысалдармен дәлелдейік.

Шешен болып туа ма?	Шешен болып қалыптаса ма?

3. Бүгінгі күні бізде шешендер бар ма? Бүгіннің шешені деп кімдерді атайсыңдар?
4. Шешендер сөзі мен қазіргі кезде қолданатын сөздеріміздің қандай айырмашылығы бар? Себебі неде? Салыстыра отырып, өз бағамызды берейік.

Шешендер қалай сөйлеген?	Біз қалай сөйлеп жүрміз?

### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. Шешендік сөздерді пайдалана отырып, Жиреншенің қазақ халқының тарихы мен әдебиетіндегі орны туралы әдеби эссе жазайық.
2. Жиренше шешеннің:

«Жақсының аты өлмейді,  
Ғалымның хаты өлмейді...»

деген сөзін қалай түсіндіңдер. Осы тақырыпта сыни шолу жасайық.



## I ТАРАУ

### ТАБИҒАТ ЖӘНЕ АДАМ

#### МҰХТАР ӘУЕЗОВ: КӨКСЕРЕК

##### Бұл тақырыпта біз:

1. Мұхтар Әуезов өмірбаяны, шығармалары, әңгімелерімен танысамыз.
2. Жазушының табиғат тақырыбымен адамдар тағдырын қатар суреттеген көксерек әңгімесінен алған білімдерін жүйелей отырып, әңгіме мазмұны арқылы басты кейіпкерлердің іс-әрекетіне, автордың көзқарасына бойлау жасаймыз.
3. М. Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінің мазмұнын қорытындылау, шығарма мазмұнына, идеясына, тақырыбына талдау жасаймыз.

### ЖАЗУШЫМЕН ТАНЫСАМЫЗ

#### Мұхтар Омарханұлы Әуезов

(1897–1961)



**Мұхтар Әуезов** – қазақтың ұлы жазушысы, ғалым, қоғам қайраткері, драматург, тұңғыш театр ұйымдастырушысы. Ол 1897 жылы 27-қыркүйекте Семей облысының Шыңғыстау болысы, Бөрілі ауылында дүниеге келген. Бұрынғының салтымен бала Мұхтар атасы Әуез бен әжесі Дінасылдың тәрбиесінде өседі. Болашақ жазушының атасы Әуез ұлы Абаймен заманы ортақ, дос-жаран, туыс болып жақсы араласқан екен. Сол себепті, Мұхтар да жас күнінен Абайдың ұрпақтарымен таныс болып, бала жасынан Абай өлеңдерін жаттап өскен.

1908 жылы Семейдегі Камалиддин хазірет медресесінде оқып, одан кейін, орыс мектебінің дайындық курсына ауысады. 1910



жылы Семей қалалық бес сыныптық училищенің соңғы сыныбында оқып жүргенде «Дауыл» атты шығармасын жазады. Семинарияда оқып жүріп, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза яки кез болған іс» дастанының негізінде «Еңлік-Кебек» пьесасын жазып, 1917 жылы Ойқұдық деген жерде сахнаға шығарады.

1922 жылы Ташкенттегі Орта Азия университетіне тыңдаушы болып оқуға түседі әрі «Шолпан», «Сана» журналдарында қызмет атқарады. Осы басылымдарда «Оқыған азамат», «Қыр суреттері», «Үйлену», «Кім кінәлі?», «Заман еркесі» т.б. әңгімелері жарияланады.

1927 жылы «Әдебиет тарихы» атты ғылыми еңбегі жарық көрген. Кейінірек «Қараш-қараш оқиғасы», «Көксерек» повестерін, «Қилы заман» романын, «Бәйбіше-тоқал», «Қарагөз», «Абай», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Хан Кене» пьесаларын жазды.

М. Әуезовтің сценарийі бойынша 1940 жылы «Райхан» көркем фильмі түсірілді.

М. Әуезовтің басты еңбегі – «Абай жолы» роман-эпопеясы. Жазушы алғашқыда екі кітаптан тұратын «Абай» (1942, 1947), одан кейін осының жалғасы болып табылатын «Абай жолы» (1952, 1956) романын жазды. Төрт томнан тұратын «Абай жолы» роман-эпопеясында қазақ халқының тұтас өмірі қамтылды.

Эпопея дүниежүзі халықтарының 116 тіліне аударылды.

Мұхтар Әуезов 1961 жылы 27-маусымда қайтыс болды. М. Әуезов – 200 томдық «Әлем әдебиеті кітапханасында» екі томға ие болған дүниежүзіндегі тоғыз қаламгердің бірі.

## ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

### Біз Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесін оқимыз



Оқушылар, «Табиғат – күллі тіршілік атаулының құтты қоныс мекені, алтын ұя, талбесігі», – дегенде нені түсінесіңдер?

Табиғатқа шабуыл жасау, оның тылсым тыныштығын бұзу мәселесіне қалай қарайсыңдар?

### «Көксерек» повесі

(повестен үзінді)

### Көксерек және ауыл иттері

Көзін ауылға келгесін екі күннен соң ашты. Жұрт асыруға көнеді десті. Кішкене Құрмаш Көксерек деп ат қойып алды. Ертеңді-кеш айналасынан шықпайды. Өзіне жеке асқұйғыш-итаяқ әзір болды. Бауырын көтеріп, тырбанып жүруге айналған соң,



мойнына жіп тағылды. Үй ішінен шықпайды. Түн баласында Құрмаш қасына алып жатады. Сол үшін кәрі әжесінің қойнынан да шығып кетті. Бөлек жатады. Қасында не аяқ жағында көрпенің астында Көксерек жатады.

Жаз ортасына жан болды. Көксерек үлкейеді. Семіріп жонданғандай да болды. Бірақ үлкенісі даладағыдай емес, бәсеңдеу. Ауылдағы өзі құрбы күшіктерден сонша үлкен емес.

Бұл уақытқа шейін Көксерек ауыл итінен көретінін көрді. Бірде-бір ит мұны дос көрмейді, маңына жақындатпайды. Қасқырға шабатын батыл төбеттер бұны талап тастайды. Өзге көп ит те ырылдап үріп, кейде тап беріп әр жерінен тістеп тартып кетеді.

Құрмаш қасында болғанда таяқ жемейді. Бірақ ержете бастаған сайын бұдан иесі көз жазып қала берді. Сондай кезде Көксерекке ылғи жау иттер кездеседі.

Бір уақыт үлкен үйдің үлкен қара ала төбеті оңашада бұны алып соғып, көп езгіледі. Бұны талап жатқанын көріп, өзге иттер де келіп шабынан алып, бар байынан созғылап өлтіруге айналып еді. Шаң-шұңмен балалар, үлкендер жиылып көп иттерді ұрып, зорға айырып алды. Бірақ, Көксерек әлі күнге ешбір уақытта «қыңқ» етіп ауырсынған дыбысын шығарған емес. Талаймын деп ит ұмтылса, жота жүні үрпиіп, үдірейіп тұрып алады. Тісі батып қинап бара жатса, дыбыссыз ғана езуін ыржитады.

– Кәпір, қырыс, тағы емес пе! Кеудесін бермейді, жасымайды! – деп ауыл аңыз қылады. Сонымен қатар, Көксерек жайында ауыл-үйдің адамдары ер алуан өсек те таратып жүрді.

– Ұры асырасаң да мал болмайды. Тұқымы жау емес пе! – десті, Кейбіреулер: «...Қойды үркіте береді. Түнде даланы жақсы көреді. Иттен қорыққаннан ғана үйде жатады» деседі. Құрмаш бұл өсектің бәрін елемейді.

Шынында, Көксерек тамаққа өлгенше ашқарақ еді. Алдына құйып қойған асты әлі күнге қасында кісі қадалып тұрса, жаламайды, жемейді. Жалғыз-ақ кісі көзі тойса болды, қазір жоқ қылады. Бірақ, тіпті қарны ашып кетсе, өзіне бермеген асты да жеп қояды. Көрнеу ши ішіне кіріп кетіп, керегеге асулы тұрған ет болса, жас тері болса, қазанда іркіт, қатық болса – барлығын да өзінің ыдысына құйып қойғандай көріп, иіскелеп жалап, жеп кетеді.

Кейде сондай жерде ұсталып, таяқ та жейді. Талай рет оқыста төбесіне таяқ етіп тиген оқтау бойын тызылдатып, шыпыртып тиген қамшыны да татты. Бұның жауабы – езуін ғана ыржитады.

Құрмаш қанша тәрбиелесе де, Көксерек ұрлық пен адал астың айырмасы не екенін ұға алмады. Біресе, сөздері беріп тұрып, «же» дейді. Біресе, сондай тамақты өзі тауып алып жеп жатса, ұрып салады. Сол себепті, кей кездері алдына дайындап қойған тамақты да жемей, көзінің астымен жалт-жалт қарап жатушы еді...





Міне, әңгіменің негізгі оқиғасы да есімізге түсті. Басты кейіпкерлер кімдер?

### Көксеректің өзгеруі

Осымен жүріп жаз ортасы ауған кезде Көксерек зіңгіттей қақ шолақ қасқыр болып шықты. Енді қара ала төбет те талай алмайды. Жота жүні үрпиіп, көздері жасылданып, бар тістерін көрсетіп, аузын ақситып ашып жіберіп тап бергенде талай бұралқы төбет, быжыл қаншық қаңсылай, шәуілдей қашатын болды. Мынадай кезде Құрмаштың өзі де қорқақтай барып «қой-қойлайтын» еді.

Жетілмей келе жатқан тісі ғана. Көксерек арлан еді. Сондықтан бұның бойы биіктене берді. Әлі тұрқы шығып ұзарған жоқ. Барлық жүні қара көк, жотасы күдірейіп, ауыз омыртқа мен құйрығына шейін тұп-тұтас болып күлдіреуіштей бүгіледі. Атылып келе жатқан садақ отындай үңілген, сүйірленген бір бітімі бар.

Өзі ешкімге ізденіп соқтықпайды. Ит баласына заты қастай жібімейді. Әлі күнге бір рет жадырап ойнап көрген емес. Татулық жоқ, суық. Жалғыз-ақ атын біледі. Құрмаш пен әжесі шақырса, келеді. Онда да жүгіріп келмей, құйрығын сәлектетіп, бүкөндеп қана келеді. Бұны да ашыққан уақытында істейді. Әйтпесе, көбінесе анадай жерде қырыстанып, көзінің астымен жалт-жұлт қарап жатып алады. Барып түрткілеп, орнынан тұрғызып жіберген соң ғана үйге жүреді. Өскен сайын сызданып, суықтанып келеді. Сол мінезін байқаған үлкендер:

– Енді бұны өлтіріп, терісін алу керек: осы кәпір түбінде ел болмайды, – дейтін де болып еді. Бірақ, Құрмаш көнбеді.

Осымен тағы біраз жүргенде бір күні Көксерек қара ала төбетке майдан берді. Қара ала төбеттің иесі Жұмаш бала жаз бойы Құрмашқа:

– Қасқырың болса қайтейін, менің қара ала төбетім бір-ақ бұрап соғады. Арашаламасаң, әлдеқашан өлтіріп тастар еді, – дей беретін.

Бір күні түсте Құрмаш Көксеректі тысқа алып шығып ас құйып жалатып тұрғанда, анадайдан шылапшынның салдырын естіген қара ала төбет үйдің көлеңкесінен шығып алып, адымды қойып еді. Екпіндеген бетімен жолында жасқап тұрған Құрмашқа қарамастан, келе Көксеректі бүйір жағынан келіп арс етіп қауып түсті.

Бұрынырақ кезде бұндайда асын тастап, кісіге қарап жалтақтап шығып кететін Көксерек енді зор дауыспен «гүр-р» етіп қара ала төбетті алқымынан ала түсті. Ұстаған жері құлақ-шекеге жақын еді. Төбеттің мойнын бұрғызбастан қапсыра тістеп, жұлқып-



жұлқып жібергенде үлкен төбеттің арт жағы бұлғаң-бұлғаң қағып барып, Көксеректің жанына дүрс етіп сұлап түсті.

Маңайдан жұрт дабырлап жиылып қалып еді. Көксерек қара алаңы тамағынан қысып буындырып тұрып қоя берді де, жотасы үдірейіп топтан шыға берді.

Жеңген жаудың сығымынан зорға құтылған қара ала қынсылап, жүні жығылып бір жаққа кетті.



### Қалай ойлайсыңдар?

1. Ауыл иттері жабылып талағанда Көксерек неге «қыңқ» етіп ауырсынған дыбыс шығармайды?
2. Көксерек неге қайта-қайта таяқ жеді?
3. Қара ала төбеттің иесі Жұмаш, Құрмашқа не деді? Қара ала төбет пен Көксеректің төбелесі немен тынды?

Осы оқиғаның ертеңінде кешке жақын ауыл жанында жатқан қойға қасқыр шапты. Дөң басындағы қойшының айғайымен қатар ауылдағы кәрі-жас, аттылы-жаяу иттерді айтақтап түгел жүгіріп еді. Көп ішінде «Көксерек те кетті» деп Құрмаш та жүгірді. Бірақ қасқырға ешбір ит жете алмады. Дөң аспай иттің бәрі де, адам атаулы да тоқтап қалды. Сам жақтағы алыстағы сары жотадан ереуілдеп екі зор қарайған асты. Ол екі қасқыр еді. Солардың артында тұмсығын жерге салып, тоқтамай ағызып Көксерек кетіп бара жатты. Бір кезде жотадан о да асты. Артынан Құрмаш пен өзге балалар бірі артынан бірі: «Кө-ө-ө-к-се-рек! Кө-ө-к-с-е-ре-к!» деп шақырып айқайлап жүгірді.

Әбден қас қараюға айналған уақытта Көксерек жалғыз өзі баяулап басып ауылға келді. Бірақ үйге кірген жоқ, анадайда тұрып қайта-қайта шаңдатып, жер тырнайды. Сары жотаға қарап-қарап қойып, әрлі-берлі жүріп жер иіскелейді. Тыныштала алмағандай.

Көксеректің бұл жайын байқап. Құрмаштың акесі:

– Түү, мына кәпірдің екі көзі жап-жасыл боп кетіпті-ау, тұқымын сезген екен... Қой, балам, енді мұны өлтіріп, терісін алайық, – деп еді.

Құрмаш бұл сөзге көнбеді. Бірақ, осы кештен екі күн өткен соң, Көксерек бір түн ішінде жоқ болды. Құрмаш қашып кетті деуге қимай, айналадағы ши-қарағанды, жар-жыраларды тегіс арылтты. Таба алмады. Осымен жұрттың бәрі кеттіге есептеп қойып еді, үш күн өткенде, бір күні таңертең ойда жоқта Көксерек өз-өзінен сап ете түсті. Құрмаш пен әжесі қасқырдың бұл мінезіне сүйсініп, қуана қарсы алды. Бұл келгенде Көксерек екі бүйірі суалып ашыққан. Өзінің үсті-басы батпақ болып сы-



бағысқан собалақ жүдеу пішінмен келді. Қайта тұрып калды. Тағы да бұрынғысынша күйленіп, нық семіріп, енді орасан боп өсе бастады...

Алғашқы рет амалсыздан көкке қарап аузын ашып ышқынғанда, ішінен зор дауыс шықты. Күтпеген дауыс. Көксеректің ең әуелгі улығаны осы еді...

Көксеректің даусын естіп, маңайда жүрген қаншық қасқыр мұны іздеп келеді екен. Екеуі екі беттен бірін-бірі көрісімен, қарсы ұмтылысты. Етпеттеп біріне-бірі жақын келгенде «ыр-р», «ыр-р» етісіп, тістерін тигізіспей қағысып өтісті...

Көсіліп алып сайға қарай салды. Екеуі де енді ширақ, қатты жортады...

Осыдан соң екеуінің жұбы жазылған жоқ. Қасына серік ергеннен бері Көксерек зорайып қатты өсті...

Оның есебіне, белгілі аты шулы екі қасқырдан Қара адырдың іші-тысындағы ел түгел көресіні керді. Даладан қойшы алдынан қой тартып жейтін, жайлаудағы сиырға шауып, тайыншадан бастап үлкен сиырға шейін жейтін осы екеуі. Ақпан, наурыз







кезінде үш төрт түйе де желінді. Кісіден қорықпайды. Әсіресе, бір көк шолақ бар. Қойды алып соғып жарып жатқанда қасына сойылсалым жерге келгенше қашпайды.

«Даладағы қойға тигенде әуелі біреуі келіп шабады, соған қойшы алданып жүргенде бір жақтан келіп екіншісі шабады» дестін болды.

Боранды, аязды түндерде бірен-саран қораға да түсіп көрді. Бір кедейлеу ауылдың қой қорасына түсіп, он шақты қойын жалғыз Көксерек өзі өлтіріп, құтылып шыққан уақыты да болды. Бірнеше ауылдың «қасқырмен таласуға жарайды – ер, сақ» деп жүрген әлденеше иттері де желінді...

Торуға мезгіл таңдамайды: таңертеңі, түсі, түні – бәрібір. Күніне бір мардымды жем алмай, қанағат қылмайды...

Қыс қатты. Қар қалың. Қасқырды қар көтереді. Атты көтере алмайды. Сондықтан талай рет ат жаратып, шоқпар қамдап, қуамын деген жігіттер болса да, еш нәрсе қыла алмайды.

Бір рет қана белгілі бәйге жирен атымен Арыстанбек шығып соңдарынан түсіп еді. Оны адырдан адырға салып, адастырып кетті...

Мұның бәрі екі қасқыр жайындағы Қараадыр елінің аңыз әңгімесі еді. Соңғы бірер айдай бір ауылдың кісісі бір ауылға қатынасса, жиын болып көпшілік бас қосса, көп әңгімелері екі қасқыр жайында болатын...

### Түз тағылары

Күн жылына бастады. Бірнеше рет шағырмақ жақсы күндер болып, әр жердің қары тесілді. Ойдым-ойдым қара жерлер көріне бастады. Жылы күн ұйқыны көп келтіреді, тамақтың артынан бойды көп сергітеді, етті шымырлатады. Ақ қасқыр да ойыншы бола бастады. Өзі келіп Көксеректі иіскеп, жалай беретін болды...

Көк молайып, жаз шыққан соң, екі қасқырдан Қараадырдың елі сап болды.

Қараадыр сыртында елсізде екі үлкен ащы көл бар. Соның аралығындағы қалың шидің ішінде ескі ін болатын. Көксерек пен ақ қасқыр сонда. Жақын жерде – қамыс, одан әрі – көл. Қауіпсіз. Адам көзінен алыс жай, бастап келген – ақ қасқыр.

Бұл кезде, Көксерек басқа жақтағы елді ториды. Ақ қасқыр ін маңында болады. Қамыс арасында көп құстардың жұмыртқасын жейді...

Бірақ бір емес, екінші, үшінші, тағы әлденешеуі пайда болды. Аяғында жылыды. Күшіктерді жалап, иіскелеп, кейде қастарына да жатады. Ақ қасқырға жем таситын болды.

Аздан соң серігі қайта қосылды. Көп ұзап шықпайды. Сонда да талай жерге еретін болды.



Бір күні екеуі бір қозыны жеп келе жатыр еді. Індерінің үстінен көп үлкен жаулар кетіп барады екен. Қамыс арасына бұқты. Жау озған соң інге келді. Бір-ақ қана күшік қалған, бұралып тура алмайды, арт жағын баса алмайды. Ақ қасқыр тістеп әкеліп қамысқа тықты. Екеуі қайтадан Қараадырға бет қойды. Жарысып, кезек-кезек озысып отырып келіп, даладағы қойға тиді. Түн баласында құлын жеді, тай жеді.

Тыным алмай баяғы іздерімен баяғы елді қайта қан қақсатты. Бұрынғыдан жаман құтырды...

Бұл жазда Көксерек қатты семіз болды. Әлдеқашан түлеген тақыр жүн күзелген жылқының жалындай қайратты, қатты. Денесінің толуы, бойының биіктеуі, қайратының молаюы – биылғы жыл ерекше болды.

Күздің ұзақ таңында бір дауылды қара түнде топ жылқыға араласып еді. Сонда қысырдың семіз асау тайын бастырмалатып қуып жетіп, құйрығынан алып табандап тұрып қалғанда тай тапжыла алмады. Аз тырмысып-тырмысып тұрып қоя беріп қалғанда, тай екпінімен барып тонқалан аса түсті. Сонда ағызып келіп бас салып алқымынан «гүр-р» етіп қаба түскенде тай көтеріп тура алмай, Көксеректің астында ажал тапты.





Қайтадан қарлы, боранды қыс келді. Аязды, елсіз ұзақ дала-ларда аштық түндері басталды. Ашумен жер тарпып, қар боратып, көп ұлыды. Бір мезгілде ай астында ағараң еткен көп топты көрді. Бұрылып бір жаққа қарай жалтарғанша тасырлатып, қар боратып қасына ағызып келіп қалыпты.

Бұлар тілдері салақтаған, ауыздары арандай ашылған, жүгіріп келе жатқанда бәрі тегіс ырсы-ырсы етеді. Иістері Көксеректің мұрнын жарды. Қарсы аяндады. Қалың топтың алдында зор кәрі шолақ мұның жанынан «арс» етіп желді қауып өтті. Көксерек те тұмсығы ашумен ыржиып, тістерін сақ-сақ еткізді. Екеуі қайта беттесіп келгенде біріне-бірі ұмтылмай, құр ғана жанасып қорқор еріп ырсылдап тұрды...

### Көк шолақ пен Көксерек

Бірігіп алып адырға қарай жарысып жөнелісті. Бұл топтың саны – он шақты. Әзірге басшысы – көк шолақ... Үшеу-төртеуі күшік, оның ішінде бір-екі арланы бар. Бірақ олар көк шолақ пен Көксеректен қаймығады, көп ойнайды. Үлкендерімен ырылдасып, таласпайды...

Топ ішінде Көксеректен күйлі қасқыр жоқ. Бойға, денеге бұнымен көк шолақ қана таласады. Оның мойны Көксеректен де жуанырақ...

Ел орынға отырар кезде ауылға қайтып келе жатқан екі-үш жылқыға келіп араласты. Жылқының екеуі қашып ауылға жақындап қалды да, біреуін Көксерек омбы қарға қамап кеп, белгілі әдісімен жығып алды. Кішілеу құнаншығар еді.

Бар қасқыр айнала тұра қалып, ашқарақ ауызды қойып-қойып жіберді. Өлдеқашан іші жарылған құнанның буы аспанға шығады. Қанжын басы-көздерін жауып, жота жүндері үрпиіп, естері шығып асап жатыр.

Көксерек бұрынғы дағдысымен жемтіктің кеудесіне тұмсығын тығып жіберіп, жұлып асап жатыр еді. Желкесінен «ыр-р» етіп бір ауыз тістей түсті. Бұл орын көк шолақтың орны болушы еді. Жемтіктен басын суырып алып, көк шолақтың асылып тұрған аяғынан қатты тістеп алып, үстінен жұлып тастады. Екеуі де жемтіктен шығып гүр-гүр етісіп тұрып, қайтадан қызылға ұмтылысты. Таласа-тармаса жесіп алды. Соңғы бір-ақ саны қалған уақытта, күшік қасқырлар мен қаншықтардың көбі шығып кетіп, екі көк шолақ қана жемтікті жұлмаласып қалды...

Жем бітті. Тағы да адырға қарай тартты. Топ алдында екі көк шолақ қатар жортады. Біріне-бірі жол бермейді. Бірінің алдына бірі түссе, тірсектерінен тістеп ырылдасып қалады. Азу тісінің бірі сынған көк шолақ ызалы, долы. Гүрілдеп сыздана берді. Екі күндей аш болысты.



Жылқы бұрынғы жерінде жоқ. Боран болған, қалың қар жауып, іздер де басылып қалған. Елсіз бір жарды жаралап келе жатқанда кеуегінен шығып қоян қашты. Жардың екі жағына қақ жарылып бөлініп алып ұмтылып қуды. Аздан соң қоян жардан шығып, Көксерек жаққа қарай далаға шыға, адырға беттей қашты. Бұл топтың алдында Көксерек еді. Қоянға жақындап келеді. Бір кезде төтеден ағындап, жеке-дара болып, көк шолақ ағызды. Қоянға жақындап қысып келіп, Көксеректің алдына түсті. Артқы қасқырлар шұбап алыста қалды.

Адырға кірді. Бірнеше төбелерден өтті. Көксерек кейіндеп қалып еді. Бір ылдида көк шолақ жұмарлап жатыр екен. Көксерек келе ауызды қойды. Екеуі жұлқысып тартысқанда қоянның басы мен кеудесі көк шолақтың аузында кетті. Өзінде қалғанды қапаш-құпаш асап, Көксерек қайта тап берді.

Көк шолақ қоянның басын тастай беріп, арс етіп Көксеректі аяқтан ала түсті. Ойда қар борап, аяқтарының асты аткөпір болды. Шапшып келіп гүрілдеседі. Тістері бір-біріне сатыр-сатыр тиісіп, қарш-қарш шайнасады. Тікейіп шапшыған бойда ұстасып тұрғанда Көксерек басын бұрып жіберіп, көк шолақты құлақ-шекеден ала түсті. Жасынан ауыл иттерінен үйренген әдісі еді. Аузы тиісімен жұлқып бұрап жібергенде, көк шолақ майысып барып астына топ ете түсті.

Жығысымен үстінен басып тұрып, құлақ-шекеден ауызды жылжытып келіп алқымға салды. Тамағынан қапсыра қысып буындырып алып, мойын сүйегін қырт-қырт шайнайды. Көк шолақтың аузы арандай ашылып, тынысы құрып, тыпырлауға шамасы келмей қалды.

Сол уақытта артқы қасқырлар топырлап келіп жетіп, көк шолаққа ауыз салысты. Былбырап аққан қызыл қанның иісі аш қарындарға мас қылғандай белгі берген еді. Шаптан, қолтықтан, жалаңаш төстен мықты, өткір тістер жұлқып-жұлқып тартқанда көк шолақтың қаны жосылып ағып, ішінен бұрқырап бу да шықты. Бұл арада бар ауыз түгелімен жабылып кетіп еді. Аз уақытта көк шолақтан бұдыраған жүн мен төрт табан ғана қалды.

Қалған топтың жалғыз даусыз басшысы Көксерек болды...

### Құрмаштың өлімі

Артынан ерген тобы аштық көрген жоқ. Бәрі де жонданып, құтырынып, мықты жүргіш болып алды. Шетінен Көксерекше батыл... Түске жақын мезгіл еді. Жота-жотадан қарауыл салды. Желге тұмсығын төсеп, белгілі иіс күтті. Алыстан таныс иіс келіп мұрнына жетті... Көп іздеді. Аяғында күн кешке жақындағанда бір жотаның басында шошайған аттылы қойшыны көрді. Айнала-сында – сол төбенің бетінде қой шашылып жайылып жүр. Теріп жеуге шашқан шашудай. Бірақ жақында ауыл бар. Алыстан ағын-



дап бет түзеді. Жалғыз-ақ қарасын көріп қалған қойшы айғайды салып, бұған қарсы шапты.

Қойшы үлкен емес, бала дауысы шошытпайды. Қой дүркіреп үркіп, қойшыға қарай қашты. Қасқыр жақындап бір қызыл қойға ауызды салғалы ентелеп келіп қалып еді, бағанадан айғайлап келе жатқан қойшы қасына кеп қалыпты. Еріксіз жалтарып бұрыла беріп еді, қойшы бастырып қуып жөнелді.

Бой салып қорқып қашқан жоқ. Содан ба болмаса тегі жүйрік пе, әйтеуір боз ат бастырмалатып жетіп келіп, Көксеректің жотасына жеңіл ағаш сарт етіп тиіп қалды.

Сол-ақ екен, қарсы бұрылып алып, аттыға қарай «арс», етіп шапшып қалды. Арандай ашылған ауыз бірдемені жұлып түспек еді. Ыңғайына бала тонының өңірі ілінді. Соны бөксеріп жұлып түскенде, боз ат оқырып атқып кетті.

Баланың шошыған айғайы шықты. Қасқыр артына айналып тап бергенде, мөңкіп жүрген боздан бала аударылып құлап түсті. Көксеректе қазір де бұрын ешқашан білінбеген долылық, жайындық бар еді. Туғаннан бергі барлық көресі осыдан – екі аяқтыдан дегендей, жығылып домалап жатқан балаға тап берді. Оқыс секіргенде санының жарасы ашылып, тыз етіп ашып қалып еді. Ол бұрынғыдан жаман ызаландырып құтыртқандай. Боз ұзап қашып кетті. Қой да жоқ. Екпіндеп секіріп, ырылдап кеп баланы бас салды.

Бұл бала Құрмаш еді. Қойшы ауырып қалып, әкесі бір күнге қойға жіберген еді. Астына мінгені өзінің жүйрік боз дөнелі болатын. Үстіне гүрілдеп қасқыр төніп келгенде көзі бір ашылып, бір жұмылады. Басына таман арандай ашылып келе жатқан ауыздың жоғарғы жағында өзіне таныс құлақ көрінді. Сол жақтағы тілік құлақтың жартысы салпылдап тұр. Ақырғы сезген-білгені – сол...

Содан әрі баланың үні өшті. Қасқырдың аузы тиместен бұрын өліп кетті. Көксерек ырылдап тұрып тісінің ұшымен қағып жұлып алып, басын шайқап өткенде баланың бір жақ көзін қопарып алып кетті. Жүріп бара жатып қылғып салды... Түнде баланың өлігін тауып алысты. Жанында тайдың ізіндей болып үлкен қасқыр ізі жатыр екен.

### Аққасқаның айқасы

Құрмаштың жаназасына жиналған Қараадыр елі Көксерек жайынан неше алуан әңгімелер құрды. Көпшілік мұны қорқау қасқыр деді. Кейбіреу құтырған қасқыр емес пе екен деп күліп айтты. Бірақ құтырған деуге орын жоқ. Ондай болса, бір баламен тоқтамас еді. Ауылға да шабар еді. Қойды да қуалар еді. Сол жиында бұны не қылса да ізіне түсіп соғып алуға, өлтіруге сөз байласты. Бұл әңгіменің ортасындағы Қасен еді. Ол – белгілі аңшы. Баяғыдан құс салып, ит жүгірткен. Өзі осы маңайдың ауқатты, алды жігіті. Қараадырдың мырзасымағы. Қалада қызметте тұратын інісі



бар. Сол арқылы биыл күздігүні бұның ауылына шетелден қасқыр алатын бір ит келген. Қазір барлық қараадырға да, маңайдағы өзге елге де даңқы шыққан Аққасқа – осы Қасеннің иті.

Келісімен Аққасқа күздігүні бір күннің ішінде бір бөлтірік, бір үлкен қасқыр алған. Өзі екі қар басқан екен. Қазіргі уақытқа шейін алты қасқыр алыпты...

Жиын Көксеректі іздеуге сөз байлаған соң, жаназадан тарай сала Қасен өз ауылына келіп, бес-алты жігітпен бірге Аққасқаны ертіп алып адырға шықты. Күн кешкі бесін кезі еді. Сондықтан ертеңге қарап аял қылысқан жоқ. Ең болмаса ізін көріп, бетін аңғармақ. Және жаңадан қар жауған. Сонан енді тағы қар жауып қалмай тұрып ізінен, бетінен Көксеректі танып алу керек.

Қасен Құрмаштың әкесімен ағайындас жақын болатын. Жалғыз баласы – ерке Құрмаштың өлгені әкесіне ерекше батып еді. Бұның үй ішімен ботадай боздап, бейіт басында да қатты күңіреніп жылағанын көргенде тірі жанның бәрінің сай-сүйегі сырқыраған. Құрмаштың әкесі Қасенге:

– Сол жалғызымды өлтірген қасқырды қолыма әкеліп беріп, көзін ойғызбасаң, сен маған туысқан емессің, – деген. Өзге ел де Қасенге: «Бүгін Аққасқа не өлсін, не өлтірсін! Осыдан басқа жерге итіңнің керегі жоқ, тіпті!» дескен. Осы сөздердің барлығы Қасенді де асықтырып, ширықтырып еді. Құрмаш ауылы мен Қасен ауылының арасы жақын болатын. Сондықтан, көп уақыт өтпей-ақ аңшылар кешегі бала өлген жерге жетті. Ақша қардың үстінде бадырайып үлкен із жатыр. Беті елсізге, Тастықұдыққа қарай кетіпті. Барлық аңшы ізге қарап қасқырдың үлкендігіне қатты қайран болды...

Екі шекесі «торсықтай» деп аңыз қыларлық. Бұның да жотасы күлдіреуіштей. Құйрықтан ауыз омыртқаға шейін дөң сияқтанып, күдірленіп дүңкиіп тұрады. Оның үстіне, шеке мен мойын тұп-тұтас болып келіп, шеңбер төске қосылған. Алдыңғы жағы арыстан бейнесіне ұқсайды.

Аққасқа өте қабаған. Сіркесі су көтермейтін долы, ызалы. Сондықтан ауылға келгенде шынжырдан босамайды. Далаға алып шығып, аңның іліне салғанша, жә, қарасын көрсеткенше ұзын кендірден босамайды. Әйтпесе, жолда кез келген иттерге де соқтыға береді. Итке келгендегі жалпы әдеті: өзі барып таласпайды, бірақ ауылдың көп иті алдынан шығып, быжылдап үріп айналасын қамай бергенде, яки біреуінің жұлып тісі тигенде құтырып кетеді. Ондайда топ иттің ішіндегі ең үлкен төбетті секіріп барып құлақ шекеден алып, топ еткізіп соғып, жаншып-жаншып жібереді. Кісі айырмаса, астына түскен итті өлтірмей шықпайды. Өзі жүрген жерде өзге иттің еркелігін көтермейді. Күзден бері Қасен ауылының екі үш сақ төбетін өлтіріп салды.



Қатты ашуланып, ашқарақтанып кеткенде иесін де қауып жібереді. Күздігүні үй ішінде сойып жатқан қойдың етін жегізбей ұмтылғанда. Қасенді де бір-екі рет қолынан ала түсіп қауып алған...

Қасендер келісімен-ақ барлық жылқышы мәлім етті: өткен түнде көк шолақ жылқыға шауып, бір жабағыны жеп кетіпті. Жалғыз өзі бір семіз жабағының жарты етіне жақынын жепті. Бұл не деген жалмауыз екенін білмейміз, ... деп қос басшысы сөйлеп еді.

– Ол ұзаған жоқ. Ол болса осы Ақсораңның айналасынан табылады.

– Соңғы уақытта қасқырдан тыныш едік. Осы жалғыз қасқыр кешеден келіп араласты. Ізі тайдың ізіндей. Әнеугүні де келіп бір тай жеп кетіп еді.

– Издегендеріңнің ізі – сол. Ел мен қосқа кезек тиеді. Бір көпір сарқынды. Бәрін істеп жүрген сол. Енді, әттең, дүние, соны ғана бір қолға берсе-ау! – деп жабағысы желінген Бейсембай жылқышы кіжінді... Таңқылаңдап келе жатқанда барлық аңшы мен көп жылқышы атқа мінді...


Қасен аяңдап, биіктің басына қарай тартты. Жолшыбай екі-үш жерде Аққасқаны сарытып, аунатып, баптандырып алды. Сонымен, жарты сағаттан артық уақыт өткенде биіктің басына келіп шықты... Айналасының бәрі де көрінеді... Айналаға Аққасқа да анда-санда бойлап-бойлап жағалай қарайды.

Қасен бұны баулыған иесіне ішінен бас иіп алғыс айтады. Құрметпен еске алады. Өйткені Аққасқа тау басында қазіргі отырыстың не мәні барын әбден түсініп, ұғынып отырған сияқты. Тыныштыққа бойұрып, жатуды ойлап тұрған жоқ. Күтіп отыр. Биіктен томағасын тартқан қырандай ізденіп, бағып отыр. Жан-жақтағы қарушылардың бәрінің де алдына қарап өтеді. Кейде түрегеліп те жан-жаққа көз жібереді... Қарсы алдында оқ бойындай жерде, сары жотаның дәл үстінде артына бұрылып қарап тақ тайыншадай бір көк шолақ тұр екен. Жотасы күдірейген, құйрығы шоп-шолақ, бойы тау басында тайдай көрінді. Ертегінің көкжалы. Жотаға шыға бере Аққасқа да көрініп, атылып, секіріп кеп кетті. Ақырын ғана «айт» деп қалып, бәйтерекке Қасен де қамшыны басты.

### Ойлан, тап!

Оқылған мәтін мазмұны негізінде берілген «Құрмаш» атты сөзжұмбақты шешейік.

1. Белгілі аңшы – .....
2. Қара ала төбеттің иесі – .....
3. Оқиғаның аты – .....
4. Аптаның бесінші күні – .....
5. Иттің ас ішетін ыдысы – .....
6. Иттің баласы – .....





Көксерек артына қарап тұрып байқамай қалып еді. Бір уақыт алдынан шыға қалған сатыр-сұтырға жалт қарағанда ағындап келе жатқан Аққасқа мен аттыны көріп, сол жақтағы ойға қарай ытқып, қашып жөнелді. Бір сайға түсіп жосылып барып, екінші оң жақтағы жотадан асып түсті. Соның ойына таман жақындағанда аттының дүбірі басылып қалып еді. Мұның құлап түскен сайы тіп-тік жар болатын. Бірақ, дәл сол кезде артындағы қар жиі-жиі шықыр-шықыр басылып, бірдеме жақындап келіп қалды.

Қашып келе жатып артына қарай алмады. Сол-ақ екен, жаралы санынан бір мықты ауыз қауып түсіп, ойға қарай қатты жұлқып көтеріп тастады. Сол сәтте бұның жауы қасынан ағып өтіп кеп, алдыңғы омбыға екпіндеп барып соқтырып, өзі де құлап түсті.

Аққасқаның жұлып кеткен екпінімен етпетінен түсіп қалған Көксерек енді атып тұрып, тап берді.

Бұрын Аққасқа бұндай жұлып өткенде, әсіресе ойдан төмен жұлғанда қан болса да омақасып, тұмсығынан шаншыла түсуші еді. Сондайда қапысыз мықты ауыз тұрғызбастан келіп алқымынан жабысып қалатын. Бұл жолы олай болмады. Аққасқа өзінен бұрын тұрып, күрілдеп ырғып келе жатқан көкжалды көрді. Бұл да қарсы тап берді. Сол уақытта құлақ-шекесінен тиіп қалған қышқаштай қатты темір ауыз жұлқып кеп жібергенде, ой жаққа қарай ытқып барып түсті. Бірақ Аққасқа жығылған жоқ, тік етіп барып торттағанда тура қалды. Ептілік, ыңғайлылығымен ғана көк шолақтың аузынан шығып кетті. Көксерек тістенгенде қамти тістей алмай, көбінесе терісінен ала жұлқып еді.

Сол бетімен, Көксерек жотара жүре бермекші болды. Өйткені артындағы дүсір тары естіліп қалды. Бірақ, Аққасқа да қалмады. Ақырындап келіп әр жаққа шығып алып, көлденеңнен шапшып-секіріп келіп Көксеректі құлақ-шекеден ала түсті.

Көк шолақ бұл жолы да жығылмады. Ақаны көтере жоғары шапшыды. Алғашқы алған жерден Аққасқаның аузы босап кетті. Екеуі бетпе-бет келіп, шапшып тұрып қаршылдасып ұстасты. Енді бірінен-бірінің босап кетуіне жол жоқ. Бұл күй не қылса да біреуінің астына түсуімен бітуі керек. Және етіне тіс тиіп, ашынып алған Аққасқа қазірде долылықтан өртенгендей еді. Қасқырмен көп кездесіп, қырқылжын тарта бастағаннан бері қарай Аққасқа бойына тіс тигенше онша өлерменденбеуші еді. Дәл қазіргі күй жалғыз тал қылына шейін қоздырып, күйдіріп-жандырғандай.

Көксерек те бағанадан қалыспаған итке енді шын ойынды бастаған. Екеуі шапшысып тұрған бетте, біріне-бірі құлақ-шекеден де, алқымнан да алғызбайтын болды. Алдыңғы аяқтарымен ұстасып тіресіп тұрып, сол сәтті аңдығанда екеуі де тез іс бітпейтінін ұққандай болды.

Қозданған қан толқынып кеп тағы бір дем басқа шыққанда, Аққасқа қарсы алдында арандай ашылып тұрған ауызға сақ ет-





кізіп тістерін салып жіберді. Бұл қасқырдың төменгі тістері мен тілін қоса шайнағанда, қасқырдың жоғарғы азулары Аққасқаның тұмсығының екі жағынан жоғарғы ұрттарына келіп кірш-кірш кірді. Ашулы тістер сытыр-сытыр, қарш-қарш шайнасады, әлі шапшысып тұр.

Дәл сол уақытта, жоғарғы жотадан шыға сала, төмен қарай кер ат пен ақ бие де аңырап еді. Қасен мен Бейсембай «а құдайлап» сойылдарын оңтайлап келе жатты.

Өр жақта Аққасқа. Шайнасып тұрған ауыздардан сілекей мен қан аралас ағып, сырылдап тұр.

Аққасқа Қасен дауысын ести сала ойға қарай жұлқи бұрап қалғанда, көк шолақтың белі бұраң етіп барып дүрс етіп құлап түсті. Ауыздары бір-бірінен айырылған жоқ. Екеуінде де үн жоқ. Шайнасу үстінде желімдей қайнасып қатып қалған сияқты. Ел аяғы, болымсыз болса да, тыныс алған дыбыс та білінбейді.

– А, Құдай!.. А, Құдай!.. Иә, сәт! Иә, сәт!.. Із, аруақ! Иә, ақсарбас!.. – дей бере екі атты үстеріне жығыла-жығыла үйіле түсті. Аттар босанып шықты.

– Опыр-ай!.. Опыр-ай!.. Аузын!.. – деп келіп, Қасен жуан қамшының сабын Көксеректің көмекейіне тығып жіберіп, мықтап басып тұрып жауының тұмсығын жоғары қарай қайырып жіберді. Аққасқаның қан басқан тұмсығынан көк шолақтың тістері бір-бірлеп шығып кетті. Аққасқа сонда ғана бүйірін тартып тыныс алды.

Бірақ әлі де жанын шығарғанша қасқырдың төменгі жағын құрт-құрт шайнап жатыр. Бұл кезде Бейсембай да қара пышақты Көксеректің өкпесіне салып-салып жіберіп еді.

– Осы... осы... осы ит! – десті. Көксеректің жаны әбден шыққан соң, Аққасқаның Қасен, Бейсембай екеулеп отырып зорға дегенде айырып алды. Құйрықтан қысып алып, алысқа сүйреп апарған соң ғана Аққасқа есін жиды. Бірақ, әбден әлсірегендіктен, сол апарған жерге сілейіп жата кетті. Барынша шаршап, талған екен.

Ес жиған соң жұрт көк шолақтың құлағына қарап отырып, бұрынғы кеткен Көксерек атты күшікті таныды. Құрмашты ойлап кейбіреулердің көздерінен жас та шықты. Ауылға келгенде, Құрмаштың әжесі боздап келіп:

– Құраған-ай, неңді алып ем?! Не жазып едім?.. Бауырыңа салып өсіргеннен басқа не қып еді менің құлыным?! – деп елді тегіс еңіретіп, Көксеректі басқа тепті.


### ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. Жазушы шығармасын неге «Көксерек» деп атаған? Өңгімеден алған әсерімізді білдіре отырып, шығарманың негізгі идеясы туралы тұжырым жасайық.
2. Повестегі үлкендердің іс-әрекеттеріне сенің көзқарасың қандай?



## ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

1. Топтарға бөлініп, композиция бойынша әңгімені өз сөзімізбен мазмұндайық.



2. Кубизм әдісі бойынша кубикті екі топқа кезекпе-кезек иіремін. Қай қырының сұрағы түссе соған жауап бересіңдер. Дайынбыз ба?
  - ❖ Суретте. Көксеректің портретін суретте.
  - ❖ Салыстыр. Дала қасқыры мен Көксеректі салыстыр.
  - ❖ Зертте. Қасқыр туралы тағы қандай шығарма білесің?
  - ❖ Қолдан. Көксерек туралы ел адамдары не дейді?
  - ❖ Дәлелде. Көксеректі жауыздыққа итермелеген де, Құрмашқа ауыз салдырған қандай жағдай?
  - ❖ Талда. Көксеректің қатыгездігін қай тұстарда байқадыңыз?

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. Түсініксіз сөздердің мағынасын ашып, түрлерін (көнерген сөздер, тұрақты сөз тіркестері, ауыспалы мағыналы сөздер) ажыратып көрсетейік.
2. Әңгімеде кездескен ерекше тілдік қолданыстарды тауып, мысалдар келтірейік:
  - А) бейнелі сөздер;
  - Ә) тілек (бата, алғыс, қарғыс) сөздер;
  - Б) афоризмдер;
  - С) мақал-мәтелдер
3. Әңгіменің композициясын құрастырайық.



4. Қасқырға байланысты мақал-мәтелдер айт.
 

**Үлгі:**

  - ✓ Қасқырды қанша асырасаң да, тоғайға қарап ұлуын қоймайды.
  - ✓ Ауыл иті болса да, бөрі келгенде бірігеді.



## СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН: «АҚҚУДЫҢ АЙЫРЫЛУЫ» ПОЭМАСЫ

### Бұл тақырыпта біз:

1. Адам мен табиғат арасындағы қайшылықтарды талқылаймыз;
2. Шығармаға көркемдік тұрғыдан талдау жасауды үйренеміз.

### ЖАЗУШЫМЕН ТАНЫСАМЫЗ

#### Сәкен Сейфуллин

(1894–1938)

XX ғасырдағы қазақ поэзиясын жаңа түр, тың мазмұнмен байытқан ақиық ақын, ірі мемлекет қайраткері, сарабдал жазушы, драматург, әдебиет зерттеушісі, қаламгерлердің бетке ұстар беделді серкесі, осыларға сал-серілігі мен сирек ұшырасатын сымбаттылығы қосылып, көзінің тірісінде-ақ аңызға айналдырылған Сәкен Сейфуллин – қоғамдық ой-пікір, әдеби-мәдени тарихымызда ерекше орын алатын жарқын тұлға.

Сәкен Сейфуллин кейін өзі сұлу табиғатын талай рет жырлаған өлкеде – Ақмола уезі, Нілді облысының Бірінші ауылында орташа ауқатты кісінің отбасында дүниеге келеді. Әкесі Сейфолла серілігі бар домбырашы, саятшы, сөзге шешен кісі екен де, шешесі Жамал әңгіме, аңыз-ертекті көп білетін әрі нәшіне келтіріп айтатын салиқалы ана болыпты. Сәкен әке мінезін, өнерін бойға жұқтырып, ана әңгімелерін жалықпай тыңдап, зердесіне түйіп өседі. Айналасына абайшыл қылтың-сылтыңы жоқ, біртоға бала болады. Ұғымтал Сәкен ауыл молдасынан оңай хаттанып, қолына түскен ескілі-жаңалы кітаптарды бас алмай оқиды. Әкесі тоғыз жасар Сәкенді тіл үйренсін деп, Нілдідегі таныс орысының үйіне тұрғызады. Сәкен әлгі үйдің таусылмайтын қара жұмысын тиянақты атқара жүріп, кемпірінен бір жыл орыс тілін үйренеді. Одан кейін, екі жыл зауыт мектебінде оқиды. Болашақ күрескер ақын кенішті қаладағы зауыт, шахта жұмысшыларының аянышты өмірімен танысып, ереуілдерін көріп, соларға бүйрегі бұрады. Одан кейін, бес жылдай Ақмолада оқып, 1913 жылы Омбыдағы мұғалімдер даярлайтын семинарияға түседі,





оны 1916 жылы бітіріп шығады. Ол осы жылдары орыс және Еуропа әдебиетін ден қоя оқиды. Абайды сан қайталап, ауыз әдебиеті мен фольклордан мол хабардар болады. Сөйте жүріп, өлең жазуды машқ қылады. Алғашқы өлең жинағы 1914 жылы Қазан қаласында басылып шығады. Мағжанды айтпағанда, Сәкен сияқты 20 жасында өлең кітабы шыққан қазақта ол кезге дейін ешкім болған емес.

Оқу бітірген соң, елге келіп, ауылда мұғалім болады. Көп ұзамай 16-жылғы ұлт-азаттық көтерілісі бұрқ ете түскенде, ақын халық жағына шығады. Ол дереу Ақмолаға келіп, жаңа заман жолындағы күреске бел шешіп араласады. Өршіл ақын, екі тілге бірдей жүйрік жалынды насихатшы, алғыр да жігерлі, оның үстіне түр-тұрпаты да айта қаларлықтай келісті бұла жігіт тез көзге түсіп, көрнекті тұлғаға айналды. Ақмолада кеңес өкіметі уақытша құлап, қамауға алынған Сәкен атаман Анненковтің «азап вагонында» көрмегенді көріп, 9 ай дегенде әрең қашып шығады. Көктемгі лайсаңда аш-арық, ауру ақын 500 шақырым жерді жаяу жүріп өтіп, еліне келеді, онда тұрақтай алмай, ол кезде кеңес жұмысына көмектеседі. Қым-қуыт, дүрбелеңді заман шындығы мен романтикасын көрсеткен «Асығып тез аттандық», «Далада», «Кел, жігіттер», «Сағындым», «Қамаудан», «Біздің жақта», «Қашқынның ауылы», «Жас қазақ марсельезасы», т.б. әсерлі өлеңдері мен «Бақыт жолында» драмасы – сол кезең жемісі.

Тар жол, тайғақ кешу, тайталас күресте шынығып, кемелденген азамат ақын 20-жылдардың I-жартысында ірі мемлекет қайраткері, үлкен саясаткер ретінде көрінді. 28 жасында Қазақстан үкіметінің басшысы, бүкілодақтық Атқару комитетінің мүшесі болды. Сонымен қатар, өршіл ақын жаңа дәуірді жаңаша жырлаған, қазақ әдебиетінде бұрын болмаған образдар мен түрлер, сөз оралымдарын әкелген шығармашылығымен жаңа бағыттағы әдебиетке көш басшы болды. Кілең мақтауға ұрынбай, қоғамдық өмірдің көлеңке жақтарын да күйзеле суреттеді. «Ауыл байғұс мінеки», «Келіншек ойы», «Ақсақ киік», «Сыр сандық», т.б. тамаша жырлары мен «Аққудың айырылуы» атты символикалық керемет көркем поэма-сы – сондай дүниелер. Сәкен өз кезінің тақырыбына арналған поэмаларымен қатар, туған жер сұлулығын, аңыздары мен тарихын зор шабытпен әсерлі суреттеген атақты «Көкшетау» дастанын жазды. Қазан төңкерісі тұсындағы аумалы-төкпелі кезең шежіресі іспеттес өмірбаяндық «Тар жол, тайғақ кешу» романы оның прозалық кесек туындысы болып табылады. Өмірінің соңғы он шақты жылында ғылыми-зерттеу, оқытушылық жұмыстармен айналысты, Жазушылар одағында, газет-журнал редакцияларында алқа мүшесі болды.



1936 жылы республикада қазақ қаламгерлері арасында тұңғыш рет ССәкен Сейфуллиннің әдеби қызметінің 20 жылдық мерейтойы кең көлемде атап өтіліп, ақын «Еңбек Қызыл Туы» орденімен марапатталды. Бірақ көп ұзамай 37-жылдың нәубетінде жолына жанын пидә етіп, өзі құрған Кеңес үкіметінің түрмесінде жан түршігерлік қинау мен қорлық көріп, есіл ер 44 жасында опат болды. Ақын 1956 жылы толығынан ақталды.

## ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

### Сәкен Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы» поэмасын оқимыз



Қалай ойлайсындар, аққу неден айырылуы мүмкін?  
«Аққуды атпа, досыңды сатпа» деген мақалдың мәні қандай?

Поэмада адам баласының табиғат сұлулығына, адал махаббатқа, табиғат әлеміндегі тыныштыққа жасаған қастандығы суреттеледі. Шығармада мерген аңшы қолынан мерт болған қос аққудың аянышты тағдыры баяндалады.



Оқушылар, табиғат сұлулығы дегенде көз алдыларыңа не келеді?  
Адам да табиғаттың бір бөлшегі ме?  
Табиғатты қорғау үшін қандай іс-шаралар жүргізуге болады?

### Аққудың айырылуы

(поэма)

Арқада бір жер бар еді,  
Жібек самал саясы:  
Саяда бір көл бар еді.  
Сырлы кесе аясы.  
Маржан құмы, күміс суы  
Көл еді кең айнадай:  
Мұнартқан торғын буы,  
Көк кестелі айнала.  
Қалың топ-топ, алшық-сирек  
Жасыл қамыс дестесі:  
Бейне қолмен салған ирек



Көлдің жасыл кестесі.  
 Әдемі еді мөлдіреген  
 Айна көлдің көрнегі;  
 Су бетінде елбіреген  
 Ақ шашақтар өрнегі.  
 Пай шымылдық, жасыл құрақ  
 Қалың біткен ту құрақ.  
 Кейде аққулар жасырынады,  
 Шымылдыққа судырап.  
 Айна көлді мекен еткен,  
 Бір-екі аққу бар еді.  
 Мақсұтына бірге жеткен,  
 Екі ғашық жар еді.  
 Айна көлдің суы күміс,  
 Жұбай аққу көркі еді,  
 Көрсекөзін алар тыныс,  
 Екі сәулем ерке еді.  
 Көлдің басы ертелі-кеш,  
 Мың құбылған ән еді.  
 Екі ғашық ертегідей,  
 Көлдің көркі – сәні еді.  
 Жүргенімде елге келіп,  
 Ешкімді ертпей қасыма,  
 Кетуші едім көлге келіп,  
 Біраз жатып басында.  
 Көз жіберіп айна көлге,  
 Жағасында жатушы ем;  
 Төсімді ашып жібек желге,  
 Рахатына батушы ем.  
 Келуші едім анда-санда  
 Саясатсыз тұрмысқа;  
 Біраз тыныштық беріп жанға,  
 Демалуға – тынысқа.  
 Бір күн ерте айна көлдің  
 Күйін тыңдап, жағалап;  
 Бір ғажабын және көрдім,  
 Қарап жатып жағада.  
 Кең айнадан өзін көріп,  
 Құстар билеп, ойнайды:



Қалай ойлайсыңдар, көл тек суымен ғана сұлу бола алады ма?



Су түбінен маржан теріп,  
 Сүңгіп терең бойлайды.  
 Көлді қорып, байғұс қызғыш  
 Қыңқылдайды жағалап:  
 Қанатымен жерді сызғыш,  
 Төңкеріліп сабалап.  
 Тау құдірет қалықтайды.  
 Қақсап, жырлап, зарлайды;  
 Сорлы жыршы жалықпайды,  
 Көл сағасын барлайды.  
 Көктен көлге төңкеріліп,  
 Шаңқылдайды шағала;  
 Бірде жылап, бірде күліп,  
 Жарқылдайды жағалап.  
 Қоңыр күйін қаз күйлейді;  
 Сұқсыр менен қасқалдақ.  
 Өнге салып, би билейді  
 Кегер, үйрек, баспалдақ.  
 Міне осындай көлдің сәнін  
 Олқысынды жүрегім;  
 Іздедім мен аққу әнін –  
 Жүрегімнің тілегін.  
 Көлдің бетін көзбен аңдып  
 Жұбай аққу көрінбей;  
 Сәулемді іздеп жаттым қаңғып  
 Көл басында ерінбей.  
 Аққу күйі бір мезгілде  
 Сыңқылдады алыстан;  
 Және бірі шыға келді  
 Жақындағы қамыстан.  
 Жақындағы көк қамыстан  
 Шыққан аққу жырлады.  
 Аққу салған ән алыстан  
 Бері жүзіп зырлады.  
 Жалғыз аққу жырақтағы  
 Өнге салды «келем» деп.  
 Сыңар аққу құрақтағы  
 Тұрды күтіп, көлеңдеп.  
 Сыңқылдатып, жарып көлді,



Бір көлді бірнеше түрлі құстың мекендеуі сенде қандай ой туғызды?



Жўпар майын жағынып;  
Жўбайына аққу келді  
Алыс жерден сағынып.  
Бөлек екен екі ғашық,  
Жайқынға кеп түйісті;  
Сыпайы ойнап, сыңқылдасып,  
Тәтті айқасып, сүйісті.  
Күміс суды жұмсақ сызып,  
Екі сұлу сыланды;  
Сылдырлатып моншақ тізіп,  
Ақ көбікке бұланды.  
Дөңгеленіп, сәнін түзеп.  
Айна көлге қаранды;  
Екі сұлу әнін түзеп,  
Жуынды да таранды.  
Екі кербез қатар түзеп,  
Көлдің келді шетіне:  
Көлдегі аппақ шашақты үзіп,  
Иіскей басты бетіне.  
Иіскеп нәзік иісін жұтып.  
Көлбеңдеді айнала;  
Ақ шашақты талдап түтіп,  
Шашты мөлдір айнаға.  
Талдап түтіп ақ шашақты,  
Алып аппақ жұпарын;  
Ақ тәніне сылап жақты  
Қандыруға құмарын.  
Екі сұлу еркелесті,  
Бір-біріне жарасып;  
Тағы нәзік «не-не?» десті,  
Бір-біріне қарасып.  
Бөліп әсем ойындарын,  
Екі ғашық көрісті;  
Көрісіп боп, мойындарын  
Мұңайысып иісті.  
Екі маңғаз ғашық жұбай,  
Шын сүйіскен жар еді;  
Мұңайысты неге бұлай,  
Не қасіреті бар еді?  
Екі маңғаз еркін өскен,  
Қосылысқан жар еді;  
Ертегідей еркелескен,  
Тағы неге зар еді?  
Екі сұлу мөлдіресіп,





Неге бүгін мұңайды?  
 Бірін-бірі елжіресіп.  
 Неге ақырын сылайды?  
 Дауыстары қалтырасып,  
 Неге нәзік жылайды?  
 Қосылысқан екі ғашық  
 Тағы нені сұрайды?  
 Көл ортасы кең жайқыннан  
 Келген аққу бұрылып,  
 Қасіреті іште тынған,  
 Жөнep берді сырылып.  
 Қыңқылдады қалар ғашық  
 Көздің жасын тыя алмай.  
 Көлбеңдеді о да жасып,  
 Кетер ғашық қия алмай.  
 Қимаса да бірін-бірі,  
 Қайта-қайта қайрылып;  
 Екі ғашық әрең тірі,  
 Тағы кетті айрылып.  
 Екі ғашықтың міне сыры,  
 Қанбаса да құмары.  
 Көл шетінде қалды бірі,  
 Тағы кетіп сыңары.  
 Бір шоқ қамыс жиекте өскен  
 Бір мезгілде қалт етті.  
 Қалт етті де үні өшкір,  
 Үндемеске ант етті!  
 Шоқ қамысты жыбыр еткен  
 Аққу кербез елер ме?  
 Құрттан қорықса қыбыр еткен,  
 Көл шетіне келер ме?  
 Кешікпеді, шоқ қамыстан  
 Жасыл ұшқын жарқ етті:  
 Ақ түтінмен оқ қамыстан  
 Бұрқ атылды, шаң кетті!  
 Кім бүйтті екен көлді жарып?  
 Суық жүрек шіркін-ай!  
 Айна көлді оқпен қарып,  
 Соққандай ғып көктен жай!  
 Ah!. деді де көл селк етті,  
 Ah!.. деді аққу: «жаным-ай!»  
 Қыларың оқ қылып кетті;  
 Неге бүйттің зәлім-ай?!  
 Дәл көздеді сұрша мерген



Шын сұлудың нақ төсін;  
 Селк етті аққу, мұрша келмей,  
 Басып қалды ақ төсін.  
 Төсін басып бір ұмтылды,  
 Жатты жайып құшағын;  
 Шоқ қамыстан тұра ұмтылды  
 Мерген алып пышағын.  
 Ойда жоқта бұлаң етіп,  
 Тағдыр-минут кеп жетті.  
 Уыздай ақ төстен өтіп,  
 Көлді сызып оқ кетті.  
 Күңіренді көл қарғыс шашып,  
 Шулады көл гүрілдеп.  
 Аққу жатты төсін басып,  
 Ағып қаны, дірілдеп.  
 Айна көлге жылап ақты  
 Аппақ төстен қызыл қан;  
 «Хош, жаным!» деп қанат қақты  
 Үзілді тез шыбын жан.  
 Суды сабап, шапшаң мерген  
 Ақ қанатты қайырды:  
 Еш күнәсыз шашақ терген  
 Екі ғашықты айырды!  
 Көздегенін атып жығып,  
 Сұрша мерген кенелді;  
 Ұры шіркін келген бұғып,  
 Енді алшандап жөнелді.  
 Сол мезгілде аққу ұшты.  
 Жалғыз қалған жырақта;  
 Суды сабап келіп түсті  
 Түтін шыққан құраққа.  
 Аққу көрді ойда жоқта  
 Бір пәленің келгенін;  
 Ғашығының ұшып оққа,  
 Жау қолында өлгенін!  
 Аққу тағы зарлап ұшып,  
 Жалғыз қалған жарына;  
 Жығылды кеп суды құшып,



Қалай ойлайсыңдар, жазушы аққуды атқан мерген адамды «ұры», «жау» деп атады, ол кімнен нені ұрлап жатыр?

Ол кімнің жауы?



Сұр мергеннің жанына.  
 Қалған ғашық болмай ие  
 Моншақтаған жасына;  
 Шықты даусы іші күйе,  
 Мергеннің кеп қасына.  
 Сыңсып аққу суды шашып,  
 Шырық айналды зәлімді,  
 Сұр мергенге төсін ашып,  
 «Мені де ат!» – деп жалынды.  
 Қып-қызыл қып қолын қандай  
 Ақ сұлудың қанына;  
 Мерген кетті шыдай алмай,  
 Күйіктінің зарына.  
 Аққу бетін жаспен жуды,  
 Көкке шықты күйініп;  
 Сұр мергенді қоймай қуды  
 Көктен жерге түйіліп.  
 Сұр мергеннің алдына кеп,  
 Тағы келіп құлады;  
 «Атшы жылдам мені де!» – деп,  
 Бауырын басып жылады.  
 Мұны дағы батыр мерген  
 Енді атуға батпады;  
 «Мені де ат!» – деп жылап келген  
 Сорлы жарды атпады.  
 Сұр мергенді шырқ айналып,  
 Жылап аққу қалмады;  
 Өзегі өрттей күйіп-жанып,  
 Қаққан қанат талмады.  
 Мерген кетіп бара жатыр,  
 Алды-артына қарамай;  
 Аққуды аңдып атқан батыр  
 Тағы атуға жарамай.  
 Біресе аққу шырқап биік,  
 Көкке жылап зарлады;  
 Біресе кеп жерге тиіп,  
 Көзден жасы парлады.  
 Біресе кеп жерді сабап,  
 Жер бауырлап ыңқылдап;  
 Біресе ұшып желді сабап,  
 Назаланды сұңқылдап.  
 Шіркін ғашық жан жолдасын  
 Тастауға енді қимады;  
 Мөлдіреген көздің жасын



Моншақтатты, тыймады.  
 Жылама енді, күйікті жар!  
 Неге керек еңіреу?  
 Кімге мұнша қыласың зар?  
 Жер менен көк меңіреу!  
 Талай сорлы жер мен көкке  
 Сен тәрізді жылаған;  
 Көздің жасын төгіп текке,  
 «Мені де ал!» – деп сұраған.  
 Аққу білді батыр мерген  
 Енді мұны атпасын;  
 Қанға бояп төсін керген  
 Жұбайымен жатпасын.  
 Жер мен көкке зар еңіреп,  
 Шыдамады күйікке;  
 «Жұбайымнан қалмаймын» деп,  
 Шықты шырқап биікке.  
 Сорлы ғашық бел байлады  
 Жұбайынан қалмасқа;  
 Серт қылғандай, айқайлады  
 Көлге қайтып бармасқа.  
 Көкке қарай қанат қағып,  
 Аққу кетті бұлдырап;  
 Бір мезгілде төмен ағып,  
 Төңкерілді судырап.  
 Төмен ағып қадалды да,  
 Найзадай боп шаншылып.  
 Сұр мергеннің қақ алдына  
 Жығылды аққу жаншылып  
 Күйікті жар құлап елді,  
 Ақ төсінен қан ақты;  
 Жұбайына «ырза бол!» деп  
 Бір-ақ серіпті қанатты.  
 Өлімді де шіркін ғашық  
 Сүйгенімен бір көрді;  
 Жан күйігін мәңгі басып,  
 Жұбайымен бірге өлді!

1925 жыл.



Қалай ойлайсыңдар, аққу құс неліктен өз-өзіне қол салды?



**ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ**

1. Поэмада Айна көл табиғаты қалай суреттелген?
2. Жазушы поэмадағы оқиғаны баяндау арқылы не айтпақ болды?
3. Поэмадағы негізгі драмалық тартысты анықта.
4. Қазіргі таңда табиғат жанашырлары бар ма?
5. «Бәрі де адам үшін жаратылған» деген пікірді қалай түсінесіңдер?

**ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ**

1. Төмендегі реттілікті сақтап, поэмаға талдау жасаңдар:
  - 1) **тақырыбы**;
  - 2) **идеясы**;
  - 3) **жанры**;
  - 4) **өлең құрылысына** талдау жасау (шумақ, тармақ, бунақ, буын саны, ұйқас түрі).
2. Автордың көркемдегіш құралдарды қолдану ерекшелігі қандай? Төмендегі үлгі кестені пайдаланып толтырыңдар.

Көркемдегіш құрал түрі	Анықтамасы	Шығармадан мысал	Шығармада қолданылу себебі
Метафора			
Эпитет			
Пейзаж			
Кейіптеу			
Ассонанс			
Аллитерация			
Эпифора			
Анафора			

3. Поэманы оқығаннан кейін өздерің өзекті деп есептеген мәселе бойынша үш күрделі сұрақ құрастырыңдар. Жұп болып мәселенің шешу жолын қарастырыңдар.
4. Қазақ халқы ақуды неліктен қасиетті, киелі құс деп бағалаған?

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС**

1. Поэма кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.

Кейіпкер	Мінездеме

2. Топтарға бөлініп, «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі арқылы поэма идеясы бойынша ойларыңды білдіріңдер.  
«Ақ қалпақ» – поэмада көтерілген мәселегеға қатысты деректер келтір;



«Сары қалпақ» – сәтті, жағымды кезеңдер туралы айтады;  
 «Қара қалпақ» – көтерілген мәселенің сәтсіз тұстарына тоқталады;  
 «Көк қалпақ» – талдау жасайды, Не үшін?, Неге?, Неге байланысты?  
 деген сұрақтарға жауап іздейді;  
 «Қызыл қалпақ» – оқиғаны оқу барысында бастан кешірген сезімдерін  
 тұжырымдайды.

### ҚАДЫР МЫРЗАЛИЕВ: «ҚЫЗЫЛ КІТАП» ПОЭМАСЫ

#### Бұл тақырыпта біз:

1. Қадыр Мырзалиев өмірі, шығармашылығы, еңбек жолымен танысамыз.
2. Оқушыларға жер бетінде жойылып бара жатқан өсімдіктер мен жануарлар әлемі, «Қызыл кітаптың» маңызы туралы жан-жақты түсінік береміз.
3. Шығарманың жанрлық ерекшелігін ажыратамыз, сюжеттік-композициялық талдау жасаймыз.

### ЖАЗУШЫМЕН ТАНЫСАМЫЗ

#### Қадыр Мырзалиев

(1935–2011)



1935 жылы 5-қаңтарда Батыс Қазақстан облысының Жымпиты кентінде туған. Ақын, Қазақстанның халық жазушысы.

1958 жылы қазіргі Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін бітірген. Еңбек жолын «Балдырған» балалар журналында бастаған. «Жұлдыз» журналы басшылығында қызмет атқарады. 1968–1973 жылдары «Жазушы» баспасында қазақ поэзиясы бөлімінің меңгерушісі болған. 1980 жылы «Жерұйық» жыр кітабы үшін Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. 2001 жылы Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығын алды.

Өлеңдері ағылшын, француз, неміс, поляк, болгар, венгр, фин тілдеріне аударылған. Қадыр Мырзалиев – елуден аса прозалық, поэзиялық жинақтардың, балаларға арналған топтамалар мен әдеби-сын кітаптардың авторы. Шығармалары: «Ой орманы» (1965), «Дала дидары» (1966), «Ақ отау» (1968), «Домбыра» (1971), «Көш» (1973), «Жерұйық» (1976), «Алақан» (1977), «Қо-



рамсақ» (1980), «Көкпар» (1981), «Қызыл кітап» (1983), «Күміс қоңырау» (1985), «Мәңгі майдан» (1993), «Үкілі үзінділер» (1996) «Алаштың арманы» (2001). Кейінгі жылдары ақынның он алты томдық таңдамалары жарық көрді.

## ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ



Қалай ойлайсындар, поэмадағы бүгін жер бетіндегі аң-құстың жойылғаны сияқты ертең адамзат та жер бетінен жойылады деген ақынның түйінді ойын қалай дамытар едің?

Поэманы оқып, ақын көтеріп отырған әлемдік мәселе туралы ой бөліс. Сұрақтарын алдын ала жазып алып, ойыңды ортаға сал.

### ҚЫЗЫЛ КІТАП

(поэмадан үзінді)

1

Мылтық көрсем төрлерден іліп қойған,  
 Менің мазам кетеді күдікті ойдан.  
 Жұртпен бірге мәз болып,  
 Ду-ду етіп  
 Қайта алмаймын одан соң күліп тойдан.  
 Аңшылыққа қалай жұрт қызығады?!  
 Қан жуады олардың ізін әлі.  
 Көргеннен-ақ мылтықты  
 Менің үшін  
 Дүниенің дидары бұзылады.  
 Аяймын мен анасыз,  
 Атасызды.  
 Аяймын мен құлынсыз,  
 Ботасызды.  
 Хайуанатқа жасаған қиянатың –  
 Бауырыңа жасаған опасыздық!  
 Қызыл түлкі даланың көрігі еді.  
 Жаға болып ол енді «керіледі».  
 Бөкебаймен бүркеулі анау қалпақ –  
 Қалпақ емес –  
 Қақпан боп көрінеді.  
 Тымырсығы-ай!  
 Қалада жел еспейді.



Жел есетін бұл жайлау емес дейді.  
Анау киім ілгішке көзім түссе,  
Бұғылардың мүйізі елестейді.  
Ауылда, өспе, мейлі, сен қалада өспе,  
Анаң сенің бәрібір  
Дала емес пе?!  
Терезеге ұстаған анау шілтер  
Құсқа құрған торларды салады еске.  
Айналайын бұлбұлым,  
Бал таңдайым,  
Саған тор да,  
Қасқырға қақпан дайын.  
Шынтақтаған жастықты  
Көрінеді  
Аққу-қазды жаныштап жатқандайын.  
Өкпелетпеу керек қой қожайынды.  
Айта алмайсың халыңды,  
Не жайыңды.  
Ұстай беріп айырды  
Шошып кетем  
Шаншығалы жатқандай дәу жайынды!  
Тартып алған аңдардың бір киерін,  
Қыз-келіншек үшін мен құр күйемін.  
Кешіре гөр біздерді,  
Әулие көл!  
Кешіре гөр біздерді,  
Қыр киелі!

## 2

Азапты адам бір кезде желден көрді,  
Аязыңнан,  
Аптаптан,  
Шөлден көрді.  
Тірілердің бағасын білу үшін  
Еске алған жөн бір мезет өлгендерді.  
Өлгеннен соң күн де жоқ  
Шуақ та жоқ.  
Өлтіргенде ар да жоқ,  
Ұят та жоқ.  
Оңбағанның артында ұрпағы бар,  
Ал мамонттың артында тұяқ та жоқ.  
Бәрі-бәрі олардың қырылыпты,  
Біздер мына – бүгінде тірі мықты.  
Мамонттарды жоқтауға тиісті адам,









Жоқтар болса түбінде ірілікті.  
 Қаншама аңды өлтірдік қамап түзде?!  
 Сағынады оларды алап күзде.  
 Қай кезде де  
 Болуға тиіс енді  
 Мамонттардың апаты сабақ бізге!  
 Бар тағдырдың тағы да,  
 Тағы алары.  
 Өсті мамық,  
 Терінің бағалары.  
 Мамонттардан дегенмен сүйек қалды,  
 Басқалардан белгісіз не қалары?!  
 Бұдан былай адамдар болмақ па абай?!  
 Безген бақыт оралып қонбақ па оңай?!  
 Тола жатар орыны топастардың,  
 Мамонттардың орыны толмақ қалай?!  
 Осындайда ақында тіл қышыған.  
 Жатыр талай бүгінде жер құшып аң.  
 Ал ғаламшар жоқтайды мамонттарын  
 Айрылған анадай тұңғышынан.  
 Қырдан безбе, бауырым,  
 Нұрдан безбе!  
 Жылататын жәйттар бар жырдан да өзге.  
 Жиһан қамын жамылып жоқтау керек  
 Жердің өзі жоғалмай тұрған кезде!  
 Ойлаймыз деп бір кезде қамын бастың,  
 Ей, адамдар, достастың,  
 Қауымдастың.  
 Асын беру мамонттың керек енді  
 Жылын берген сияқты ауылдастың.  
 Жылататын жәйттар бар жырдан да өзге  
 Қырдан безбе, бауырым,  
 Нұрдан безбе!  
 Мамонттарды ел болып жоқтау керек  
 Мамонттарша жоғалмай тұрған кезде.

## 3

Ойран салған сайғақтың өрісіне  
 Қауіптірек сібірдің бөрісінен  
 Кейбіреулер  
 Сыйлайды саудагерге  
 Папка жасап ақбөкен терісінен.  
 Ми дарымай, Біреуге пұл дарыған,  
 Аямайды пұлын ол ұлдарынан.  
 Былғарыға құмар-ақ сол ұлдардың

## Сөзмаржан

**Мамонт** – ежелгі заманда тіршілік еткен, піл тұқымдас ірі жануар.

**Ондатра** – кеміргіштер тобына жататын терісі бағалы аң болып саналады. Қорек талғамайды, негізінен су өсімдіктерімен қоректенеді.

**Ілбісін** – мысық тұқымдас жыртқыш аң.

**Бөстек** – адамдардың астына төсеуге арналған жұмсақ төсеніш. Ол малдың (көбінесе ешкінің) немесе аңның иленген жұмсақ терісінен дайындалып, киізден астар салып жасалады.



Қымбат емес кейбірі былғарыдан!  
Қариды деп ұяттың өрті бізді,  
Біз, әрине, бұзбаймыз сертімізді.  
Аямайды  
Аң түгіл өзіңізді  
Алу үшін ондатр бөркіңізді!  
Аңдар бастан кешкенді –  
Дала кешпек.  
Тарих мұңын  
Ертеңге ала көшпек.  
Еліне де,  
Ерге де пайдасы жоқ  
Ешкі қыздың үстінде лама бешпент.  
Көкпеңбек боп көктемде қыр жайқалды  
Бірақ анау мөлдірде кір шайқалды.  
Крокодилдің терісі  
Кейбір елде  
Сөмке боп жүр қолында бір сайқалдың.  
Жөні бөлек, әрине, жүйелі істің.  
Кейбір завод бірақ та күйе құсты...  
Желкілдеген үкі үшін  
Қалды адамдар  
Жете жаздап түбіне түйеқұстың.  
Қиын болған тағдыры бұл құсыңның.  
Қоя алады жасырып қылмысын кім?!  
Аяғында жатады ақсүйектің  
Терілері барыстың  
Ілбісіннің.  
Азаматтан,  
Ақылды дос ағадан  
Не тыңдайды құлағы тосаң адам.  
Оған салсаң,  
Кәдімгі аң патшасын  
Бөстек күйде көресің босағадан.  
Кейбіреулер сұмдықты кәсіп көріп.  
Жүр бүгінде базарға тасып тері.  
Біздер үшін бұғылар  
Сырқыратып  
Мүйіздерін келеді кесіп беріп.  
Кінәліміз жасымыз,  
Кәріміз де:  
Зауал болар аңдардың зары бізге.  
Әжеміз де кетеді әйел десек,  
Адам десек кетеміз бәріміз де!  
Әй, адамдар-ай!



Мына қыры қазақтың,  
 Ана қыры  
 Қызыл қырман бүгінде,  
 Қала бірі.  
 Қайда кетті,  
 Кім маған айтады енді  
 Атыраудың құланы –  
 Онагры?!  
 Жер айтады осылай,  
 Күн айтады,  
 Күн айтады,  
 Көңілді мұңайтады.  
 Ақтөбеде бір кезде піл болғанын  
 Кім біледі бүгінде?  
 Кім айтады?!  
 Айла көп-ті адамда,  
 Айла көп-ті.  
 Айласына талайды айғақ етті.  
 Қылыш тісті жолбарыс –  
 Жерлес біздің  
 Айтыңдаршы, ағайын,  
 Қайда кетті?!  
 Жатыр дейсің жаратқан кімді ескеріп.  
 Құртты ма әлде өзара күндес бөрі?!  
 Ажары еді Даланың,  
 Қайда кетті,  
 Қайда кетті қазақы жүндес керік?!  
 Іздеймін мен әр бұта,  
 Әр талымды.  
 Момынымды,  
 Тентегім,  
 Арқалымды.  
 Кім қайырып береді кваганы?  
 Кім қайырып береді тарпаңымды?!  
 Нысанаға мықтап бір ілінгенге  
 Тіршілік жоқ...  
 Дүние бүлінген бе?!  
 Құмырсқалар құрыса,  
 Оның орнын  
 Толтыруға болмайды піліңмен де!  
 Қуанышын,  
 Қайғысын,  
 Мұңын көріп,



Жылжып жатыр осылай күн ілгері.  
 Мамонт қана емес қой  
 Опат болған  
 Жетіп жатыр мамонттың інілері!  
 Жарқырап-ақ тұрғанда көктем нұры,  
 Қасірет пен қайғының жеткен бірі.  
 Хайуанаттар ғана ма зәбір көрген,  
 Хайуанаттар ғана ма кеткен құрып?!

5

Жер астынан аң табар,  
 Балық табар.  
 Сонда қанша сыр жатыр анықталар?!  
 Дронт құсап кәдімгі  
 Ізім-ғайым  
 Жоқ боп кеткен ел де бар,  
 Халық та бар!  
 Кімде кінә, бауырым,  
 Кімдерде айып?!  
 Кімдер одан сорлады,  
 Кімдер байып?!  
 Хайуанаттар түгілі  
 Дүниеде  
 Ұлттар ғайып болыпты,  
 Тілдер ғайып!  
 Құлпытастың ежелеп оқыр үстін  
 Ғұламалар басында отыр істің.  
 Таңба ғана,  
 Тас қана!  
 Тілі де жоқ,  
 Өзі де жоқ бүгінде этрустың!  
 Бір кездерде шаңдатып айна көкті,  
 Төңірегін түгелдей майдан етті.  
 Жер жұтты ма?  
 Немесе,  
 Көк жұтты ма?  
 Сол хазарлар бүгінде қайда кетті?!  
 Білімпаздар сеніммен қағып төсін.  
 Ұлы десін,  
 Кемеңгер халық десін,  
 Латындардың өзі де ғайып болған  
 Қалдырып тек тілі мен әліппесін!  
 Кейбір халық одан да құр қалыпты.  
 Мойынға іліп әлі де жүр қамытты.

**Сөзмаржан**

**Онагр** – жылқы тұқымдасына жататын жануар. Құланның бір түрі. Оны «Иран құланы» деп атайды.

**Қылыш тісті жолбарыс** – сүтқоректілер класының мысықтар тұқымдасына жататын жойылып кеткен ірі жыртқыш аң.

**Квага** – зебра тұқымдас жойылып кеткен жануар.

**Этрус тілі** – Италиядағы көне тілдердің бірі. Жерорта теңізінің тілдік тобына жатады. Б.з. бас кезінде этрус тілін латын тілі ығыстырған.

**Хазарлар** – орта ғасырлардағы түркі тілді халық.

**Дронт** – шамамен 1598 жылы қанатсыз құс туралы алғашқы деректер пайда болды. Оның аты «додо» немесе «дронт» еді.

**Тур** – жабайы өгіз. Шығыс жартышарларында кең тарап, орманды дала, далалық аймақты мекендеген. Биіктігі – 2 м, ені 1,8 м. Салмағы 800 кг-ға дейін барған. Ең соңғы тур Польшада 1627 жылы ауланған.



Бір балықты бір балық қылғытқандай  
 Қылғытыпты бір халық, бір халықты!  
 Жауыздықтың қадалып сүңгілері,  
 Желкеде ойнап мылтықтың дүмбілері,  
 Жақын қалды құруға,  
 Жоғалуға  
 Американың үндіні-үнділері!  
 Жылдар, жылдар...  
 Бір мезет тоқтамастан,  
 Халық қанша шоқ басқан,  
 От та басқан?!  
 Шіркей үшін зар қаққан, ағайын-ау,  
 Неге?  
 Неге?  
 Соларды жоқтамасқа?!  
 Неге? Неге сол үшін зарламасқа!  
 Басқыншыны сөкпеске,  
 Қарғамасқа!  
 Әлде мына өмірде халықтардан,  
 Ұлттардан да қымбатты бар ма басқа?!

6

Одан көріп,  
 Ақыры бұдан көріп,  
 Таласқаннан не таппақ құлан, керік?!  
 Жоғалтқанды жоқтаған жөн болғанмен,  
 Жоғалтпаған жақсырақ одан гөрі!  
 Өттең, бірақ!  
 Аспанның бұлты биік  
 Жаңбыр емес,  
 Өтеді сілті құйып,  
 Жоқ боп кетті  
 Әдемі теке мүйіз,  
 Айғыр жалды көгілдір жылқы киік!  
 Қара жерді жылатып,  
 Еңіретіп  
 Кетті солай дронттың өмірі өтіп.  
 Екі ғасыр бұрын біз  
 Ең ақырғы  
 Су сиырды өлтірдік мөңіретіп.  
 Қызыл-жасыл,  
 Зер өнді,  
 Қалайы түр  
 Тотылардың музейде талайы тұр.  
 Адамдардың алдында



Ақырғы рет  
Ышқынды да  
Көз жұмды жабайы тур.  
Осыны айтсаң,  
Күрсініп,  
Тоқтайды жел.  
Өкініштің мылтығын оқтайды шөл.  
Солқ-солқ етіп жылайды  
Опат болған  
Перзенттерін еске алып,  
Жоқтайды жер.  
Одан көріп,  
Ақыры бұдан көріп,  
Таласқаннан не таппақ құлан, керік?!  
Жоғалтқанды жоқтаған жөн болғанмен,  
Жоғалтпаған жақсырақ одан гөрі!  
Отыра алмас ұл шыдап,  
Қызың шыдап.  
Жоғалғандар тізімі – ұзын шұбақ.  
Қызыл кітап –  
Мезгілсіз кеткендердің  
Бастарына қойылған қызыл шырақ!  
Келеді кез,  
Күрделі біздің бұл кез!  
Жаутаңдайды адамға түзде мың кез,  
Қызыл кітап –  
Опат боп кеткен аңның,  
Бастарына қойылған қызыл күмбез.  
Қашқан кезде адамнан  
Ізін қандап,  
Тау ешкісі өтеді құзыңды аңдап.  
Қызыл кітап –  
Тірі жан тимесін деп,  
Хайуанатқа берілген қызыл мандат.  
Баяғыдай көбінің халы бірақ –  
Мойындарын үзеді әлі бұрап.  
Қызыл кітап –  
Бұл өзі қызық кітап:  
Тысы жұқа,  
Астары қалыңырақ!

### ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. Поэма неге «Қызыл кітап» деп аталған? Қызыл кітап туралы не білесің?





2. Поэмадағы ең басты көркемдік тұлға кім?
3. Поэманың заманауилығы мен жаңашылдығы неде деп ойлайсың?

**ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ**

1. Жұптасып үзіндідегі келтірілген мәселені табыңдар. 1-жұп – баяндамашы: тезис түрінде үзінді мазмұнын қорытындылау; 2-жұп – респондент: баяндамашыны тыңдау және көтерілген мәселе бойынша нақты екі сұрақ қою. Рөлдермен алмасыңдар.
2. Топта шығарманың идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдап, «Таңдау және зерделеу» кестесін толтырыңдар.

Үзінді негізінде жатқан идея, авторлық ой	Үзіндідегі көркем ойды бейнелейтін тілдік құралдар	Тілдік құралдарға үзіндіден мысалдар	Ақын стилі, әдісі	Поэманың көркемдік сапасы туралы тұжырым

3. Топпен бірге биоалуантүрліліктің құрып бара жату себебін, оны шешудің жолдарын анықтап, жоба жасап қорғаңдар.

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС**

1. Поэмада көтерілген жалпыадамзаттық мәселе маған әсер етті, себебі, сондықтан...
2. «Қызыл кітапқа» сен тұратын өлкенің қандай аң-құстары, жан-жануарлары, өсімдіктері кіргенін анықтап, ойқозғау жаса.
3. Поэмадағы бүгін жер бетіндегі аң-құстың жойылғаны сияқты ертең адамзат та жер бетінен жойылады, деген ақынның түйінді ойын қалай дамытар едің? Ақын көтеріп отырған әлемдік мәселе туралы ой бөліс. Сұрақтарын алдын ала жазып алып, ойыңды ортаға сал.
4. Үзіндідегі сиреп бара жатқан құстар мен аңдарды, жан-жануарларды теріп жаз.

Сиреп бара жатқан құстар	
Сиреп бара жатқан аңдар	
Сиреп бара жатқан жан-жануарлар	

5. Шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықта.

Поэманың ой-толғамы қандай? _____ _____	Автор осы поэма арқылы қандай ой тастайды? _____ _____
<b>Авторлық идея</b>	
Үзінді мазмұнынан авторға қандай мінездеме беруге болады? _____ _____	Поэма идеясының құндылығы неде? _____ _____



## ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ

### Поэма туралы түсінік

**Поэма** (грек: «туынды») – орта көлемді эпикалық түрге жататын, өмірде болған, не болуға тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды, алуан-алуан адамдар тағдыры мен заман шындығын көлемді, желілі эпикалық не лирикалық сипаттағы өлеңмен суреттейтін жанр.

**Поэмалар** – сюжеті, сюжетсіз болып бөлінеді. Образдарын эпикалық, лирикалық, романтикалық, реалистік т.б. деп бөлуге болады.

Сюжетті поэма оқиға желісін ширақ өрістетіп, кейіпкерлердің іс-әрекетін бейнелеуге негізделеді, күрделі құбылыстар, келелі оқиғалар орын алады. Сюжетсіз поэмада лирикалық сарын басым, көлемі жағынан шағын болып келеді.

### ЗУЛФИЯ: «КӨКШЕТАУ», «ЖАҢБЫР», «СӘЛЕМ, КӨКТЕМ!» ӨЛЕҢДЕРІ

#### Бұл тақырыпта біз:

1. Зулфия ақынның табиғат пен достық тақырыбындағы өлеңдерімен танысамыз;
2. Лирикалық шығармаларды «Синквейн» тәсілі арқылы талдауды үйренеміз.

### ЖАЗУШЫМЕН ТАНЫСАМЫЗ

#### ЗУЛФИЯ

(1915–1996)

Өзбек поэзиясына XX ғасырдың 30-жылдарының бас кезінде, өзінің балауса жырларымен кіріп келген Зулфия, қазақ халқы арасында да кеңінен танымал болған, аса талантты сөз зергерлерінің бірі.

Ол 1915 жылы Ташкент қаласындағы қолөнер шеберінің жанұясында дүниеге келеді. 7 жасында бастауыш мектепке кіріп, оны аяқтаған соң, 1931 жылы Ташкенттегі әйел-қыздар білім алу оқу орнына түсіп, ондағы қабырға газетінде, сондай-ақ, Республикалық газеттерде өз өлеңдерін жариялай бастайды. Әрі, Абдул-



ла Қадіри, Хамза Хақим Заде Ниязи, Айбек, Ғафур Ғұлам, Ұйғын, Ғайрати сияқты т.б. ақын-жазушылардың шығармаларын оқып, поэзия әлеміне еркін кіріп келе бастайды.

Сөйтіп ол, өзінің ең алғашқы тырнақ алды туындыларын, 1932 жылы «Өмір беттері» деген атпен жариялап, оқырман жұртшылықтың ыстық ықыласына бөлене бастайды.

Зулфия өз өлең жолдарында Өзбекстанның әсем келбетін, тамаша табиғатын, өзбек адамдарының еңбектегі ерлігі мен бірлігін, тірлік тыныстарын, өмір жолдарын, асқақ арман-мұраттарын кеңінен жырлаған ерен ойдың иесі.

Кейін келе «ақ алтыннан» мол өнім алу жолындағы өзбек халқының ерлік еңбектері кеңінен жырланумен бірге, өзбек әйел-қаздарының жарқын бейнелері де, саф мөлдір махаббаттары мен ерен сезім сырлары да, асқан шеберлікпен өзінің шынайы шешімдерін жан-жақты таба түскен десек, ол артық айтқандық бола қоймас. Шыны да сол.

Ылғи да үйрену, тынбай ізденуде жүретін Зулфия, өзінің ақындық шеберлігін жылдар өткен сайын жетілдіру нәтижесінде, оның өлеңдерінің идеялық-көркемдік дәрежесі барған сайын ерекше көз тартып, көңілге ұялай түседі.

Сөз орайы келгенде ерекше тілге ала кетерлік жәйт, ақын өмірінің соңғы сәттеріне дейін, үлкенді-кішілі 60-тан астам жыр жинақтарын шығарып, онда өзбек халқының өмірін, тамаша тірлік тыныстарын, Өзбекстанның әсем табиғатын кеңінен жырлаумен бірге, халықтар достығы, ынтымақ-бірлігіне де ерекше мән беріп, оны да өзінің жыр жолдарына қосып, өз поэзиясының арналы арқауы, өрісті өзегі етті.


Кемел де кемеңгер ақын Зулфия, өзінің Қазақстан жайлы жазған бір топ цикл өлеңдерінде, қазақ еліне, жеріне, халқына деген ерен сүйіспеншілігін анық байқата отырып, тамаша сырлы табиғатына деген іңкәр көңілін, өзінің туысқандық сезімін, ыстық ықыласын өте әдемі жеткізе білген.

## ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

**Зулфия: «Көкшетау», «Жаңбыр»,  
«Сәлем, көктем!» өлеңдерін оқимыз**



Табиғат сұлулығы дегенде қандай мекендерді елестете аласың? Табиғатқа серуендеуге шыққансыңба? Сол сәтте қандай сезімге бөленгенсің?





Табиғат  
біз үшін  
маңызды  
мәселе

• ... біз де  
табиғаттың  
бір бөлігіміз

- ...
- ...
- ...

## КӨКШЕТАУ

Білгенде Көкшетауды қазақ білсін!  
Көзімнің жауын алды-ау ғажап мүсін.  
Деді ме жаратқанда бай табиғат  
Жан біткен жаутең қағып қарап тұрсын?!

Туғызған жер сұлуы жыр сұлуын  
Арнапты соның бізге жыршы бірін:  
«Алғайсың көзге балап Айна көлді –  
Айнасы жер сырының, күн сырының!»

Дедім мен – киік болып шыңға атайын,  
Тас болып Айна көлге шым батайын.  
Жоғалып «биші қайың» арасына,  
Шашымды ақ самалға құрғатайын!

Тауларың неткен ғажап аңыздай!  
Жамылған жасыл желең бала қыздай.  
Көз кеңіп, көңіл кеңіп кете барды,  
Көк жиек қымыз құйған шараңыздай.

Өр соқпақ жыр жолындай жатыр сайрап,  
Сол жолмен кете барсаң, тау айғайлап.  
Өзіне шақырғандай жас аршалар,  
Саусағын нұрға созған баладай нақ!

Күні тұр сахараның жанып лаулап,  
Дос көңіл одан да өткір тұр алаулап.  
Көлдердің құшағына ұмтыламын  
Шыққандай өңшең оттан жаным аунап.

Бұл жерде көңіл жүйрік арғымақтай  
Шыңдай зор, мөлдіреген бал бұлақтай.  
Ыстық ол жанар таудай жалын атқан,  
Аяулы алғашқы асыл махаббаттай.



Қымызы дәт шыдатпас ішпесеңе,  
Рахат мың бір көктем түсті есіме.  
Маңдайдан өмір салған із жоғалды,  
Сабалап дос алақан түс, кешімде.

Ақ отау ата қазақ сол мұрасы,  
Анамдай әлдилейді домбырасы.  
Ғажап қой сері дүрмек, серкелі топ  
Толатын кешке жақын дөңнің басы.

...Қап, әттең! Асықтырды үлкен ақын,  
Қазақтар ол сөз айтса тоқталатын:  
Ауылда бір мұшайра күтіп отыр! –  
Амал не, жырға әкімдік жоқ болатын!

Аттандық көңіл алып, көңіл тастап,  
Тау Көкше бір қарады төніп асқақ.  
Жүректе алуан сезім араласып,  
Әкетті асыл арман мені бастап.

*Аударған Ғафу Қайырбеков.*

### ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. Өлеңде Көкшетау сұлулығын суреттейтін көріністер қайсылар?
2. Өлеңге неліктен Көкшетау деп ат қойылған?
3. Өлеңде адам мен табиғатты байланыстыратын қандай ой-пікірлер бар?

### ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Топ болып өз қиялдарыңмен жаратылған таудың табиғатын суреттеңдер.

### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

Синквейн» тәсілі. Мұны бес жолдан тұратын өлең деп те атайды. Синквейн жазу ережесі:

- 1) Бірінші қатарға бір сөзбен тақырып жазылады (зат есім түрінде).
- 2) Екінші қатарға тақырыпты екі сөзбен келтіруі (екі сын есім түрінде).
- 3) Үшінші қатарға үш сөзбен осы тақырып бойынша іс-әрекет жазылады (етістік, көсемше).
- 4) Төртінші қатарға төрт сөзден тұратын осы тақырыпқа қатысты сөйлем немесе сөз тіркесі.
- 5) Соңғы қатарға тақырып мәнін сипаттайтын бір сөзден тұратын синоним (метафора) жазылады.



## Жаңбыр

Жаңбыр, сен табиғаттың жомарт ұлысың,  
жол сілте маған.  
Жер бетінде жарақат, дақ жоқ  
сен жуа алмаған.  
Жазира шөлің көл болар  
көктен бұлақ кеп,  
Сені айтсам артық етпейді  
өмір – жүрек деп.  
Көгерер көктем көңіліңде  
қашып қар ызғар,  
Еридi ыстық демiңнен  
барлық тоң – мұздар.  
Шәкірт ет мені өзіңе,  
тамшың болайын,  
Бір гүлдің тағдырын ойлап  
шөлге тамайын.  
Диқанды күзгі қырманнан  
үмітті етейін,  
Шөлдеген бидай тамырына  
сіңіп кетейін.  
Ақ жаңбыр ақ тамшың болу  
ақ арманымдай,  
Нөсер боп құйылсам қалмас  
теңіздер толмай.  
Жаңбырым, сен барда әлем  
кірсіз шын өмір,  
Соңыңнан кемпірқосақтай  
жарқ етер көңіл!

*Аударған Мейрамбек Абдіқалиев.*

### ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. Жаңбырдың табиғаттағы орны қандай?
2. Жаңбырлы күндер мен жаңбыр жаумаған күндерді салыстырыңдар
3. Көктемде жауған жаңбыр мен күзде жауған жаңбырдың арасында қандай ерекшеліктер бар?

### ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Шөлді аймақ пен сулы жердегі өмірді суреттеңдер.

### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

«Синквейн» тәсілі. Мұны бес жолдан тұратын өлең деп те атайды. Синквейн жазу ережесі:



- 1) Бірінші қатарға бір сөзбен тақырып жазылады (зат есім түрінде).
- 2) Екінші қатарға тақырыпты екі сөзбен келтіруі (екі сын есім түрінде).
- 3) Үшінші қатарға үш сөзбен осы тақырып бойынша іс-әрекет жазылады (етістік, көсемше).
- 4) Төртінші қатарға төрт сөзден тұратын осы тақырыпқа қатысты сөйлем немесе сөз тіркесі.
- 5) Соңғы қатарға тақырып мәнін сипаттайтын бір сөзден тұратын синоним (метафора) жазылады.

### Сәлем, көктем!

#### I

Және жасыл бақта сайрайды құстар,  
Және жайылады жасыл дастарқан.  
Және мендік жүрек бір әнге құштар,  
Жастық жырла дейді, қалай бас тартам?!

Жүргенде жабығып, ұйқастар шала,  
Көктем келді дедің жарқ еттім сонда.  
Мың жыл қайталанар мезгіл болса да,  
Бүгін, көктем таңы маған басқаша.

Ескі дерт, кәрілік, суық ызғарды,  
Бір ғана тамшыңмен жуып тастадың.  
Мұхитта, теңізде қатқаннан мұздарды,  
Жып-жылы желіңе айырбастадың.

Тағы да жанарың жалындап келіп,  
Таудың тастарын да тірілткендейсің.  
Бұлақтар, өзендер егіске еніп,  
Мол қырман ырысқа үміт бергенсің!

#### II

О, көктем көркіңе тамсанам,  
Жанымыз егіздей өзіңмен.  
Жасарсын жаңарсын бар ғалам,  
Сен келші ең нәзік сезіммен.

Жаңарту – жаңалау дәстүрің,  
Шаршаған жаныма қуат бол.  
Жыл бойы нұрыңды аяма,  
Сірә алда біз үшін ұзақ жол.

Жаз да өтер, күз келер бір демде,  
Сен мені әрқашан қолдашы.  
Қаңтардың қаһарын жеңуге,  
Кеудеме күн болып орнашы!

*Аударған Мейрамбек Абдіқалиев.*



### ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. Көктем мезгілінің адамдар үшін маңыздылығы қанша?
2. Көктемсіз өмір қандай болады?
3. Көктемдегі табиғаттың басқа мезгілдерден ерекшеліктері қандай?

### ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Өлеңде қолданылған көркемдегіш құралдарды табыңдар.

### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

«Синквейн» тәсілі. Мұны бес жолдан тұратын өлең деп те атайды. Синквейн жазу ережесі:

- 1) Бірінші қатарға бір сөзбен тақырып жазылады (зат есім түрінде).
- 2) Екінші қатарға тақырыпты екі сөзбен келтіруі (екі сын есім түрінде).
- 3) Үшінші қатарға үш сөзбен осы тақырып бойынша іс-әрекет жазылады (етістік, көсемше).
- 4) Төртінші қатарға төрт сөзден тұратын осы тақырыпқа қатысты сөйлем немесе сөз тіркесі.
- 5) Соңғы қатарға тақырып мәнін сипаттайтын бір сөзден тұратын синоним (метафора) жазылады.

## ЭРНЕСТ ХЕМИНГУЭЙ: «ШАЛ МЕН ТЕҢІЗ» ПОВЕСІ

### Бұл тақырыпта біз:

1. Америка жазушысы Эрнест Миллер Хемингуэй өмірі мен шығармашылығын оқимыз.
2. Эрнест Миллер Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесімен танысамыз.
3. Шығарманың негізгі идеясын айқындаймыз.

## ЖАЗУШЫМЕН ТАНЫСАМЫЗ

### Эрнест Миллер Хемингуэй

(1899–1961)


**Эрнест Миллер Хемингуэй** – америкалық жазушы, журналист. 1899 жылы 21-шілде күні АҚШ-тың Иллинойс штаты, Оук–Парк қаласында дүниеге келген. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін





1954 жылы жазылған «Шал мен теңіз» повесі үшін Нобель сыйлығының лауреаты атағын алды.

Ол дәрігер отбасында туған. Эрнесттің келешекте әлем таныған жазушы болуына әкесі тікелей әсер етті. Бала күнінен оны кітап оқуға, табиғатты сүюге, аңшылыққа, балық аулауға баулыған да әкесі еді. Араға көп жыл салып, бала Хемингуэй кішкентай күнінде алған әсерлерін өз шығармаларына арқау етті. Эрнест спорт десе, ішер асын жерге қоятын, әсіресе ол бокс пен футболдың жанкүйері ғана болып қоймай, спорттың осы түрін өзі де жетік игере білді.



Мектеп қабырғасында жүріп оқушылар газетін шығаруы Э. Хемингуэйдің әдебиетке барар алғашқы баспалдағы іспетті еді. Мектеп газетіндегі «Байшыкештердің өмірінен» атты мақаласы оны Оук–Паркке танымал етті. Алғашқы әңгімелері «Тарихи орын» деп аталатын мектеп журналында 1916 жылы жарық көрді. Осы жылдың жазында Эрнест ата-анасының қарсылығына қарамастан, достарымен саяхатқа кетеді. Солтүстік Мичиганда өткізген сол саяхатынан ол үйіне үлкен әсермен оралады. Кейінірек Э. Хемингуэй осы сапары жөнінде көптеген әңгімелер жазды.

Жазушының алғашқы кітабы «Біздің дәуірде» деген атпен 1925 жылы жарық көрді. Хемингуэй ХХ ғасырдың 30-жылдары «Бұқа мүйізі», «Фрэнсис Макомбердің қысқа бақыты», «Килиманджаро қары» т.б. туындыларын және қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтарды сынға алатын «Бар мен жоқ» романын жазды. Испан дәуірі жазушы шығармашылығының өрлеу кезеңі болды. Бұл тұста оның көптеген очерктері, репортаждары, «Бесінші колонна» пьесасы, «Қоңырау кімге соғылады?» романы жарық көрді. 1926 жылы жарық көрген «Фиеста» әңгімесі Эрнест Хемингуэйдің жұлдызды дүниесі болды. 1920 жылдары Франция мен Испанияда өмір сүрген жастардың тамырынан ажырауы туралы көркем суреттелген бұл шығарма жазушының оқырманын арттырды.

1927 жылы оның «Сүрбойдақтар», ал 1933 жылы «Жеңімпаз құр қол қайтты» деген әңгімелер жинағы шықты. Осы кітаптары Хемингуэйді қысқа әңгімелердің үздік шебері аттандырды. Ал жазушының 1929 жылы шыққан «Қош бол, қару!», романы Э. Хемингуэйді бүкіл әлемге танытты. Жазушы 1961 жылы 2 шілдеде ауыр науқастан қайтыс болды.



## ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

Біз Эрнест Миллер Хемингуэйдің  
«Шал мен теңіз» повесін оқимыз



Қалай ойлайсыңдар, Хемингуэй әдеби ортада қалай танылды?

Адам мен теңіз арасында қандай байланыстар болуы мүмкін?

### ШАЛ МЕН ТЕҢІЗ

(повестен үзінді)

#### 1

Шал Гольфстримге қайығымен бір өзі ғана шығып жүрді. Міне, сексен төрт күн болды, теңізге күнде шығады, бірақ қармағына әлі де ештеңе іліккен жоқ. Бастапқы бір жарым айдай уақыт бойында бұған бір бала серік болған еді. Күн өте берді, қолға балық түспеді, содан соң баланың ата-анасы күдер үзіп, бұл шалды «жолын қырсық шалған сорлы-бейбақ» десіп, балаға енді басқа қайыққа ауыс деп әмір еткен-ді. Басқа қайыққа барғанда баланың жолы болып, серігі мен екеуі алғашқы аптаның ішінде-ақ үш ірі жайын ұстағанды. Шалдың жағаға күнде құр алақан оралғанын көргенде, бала оны қатты аяп, жаны ашитын; балықшының багор, гарпун секілді құрал-саймандарын, қайық үстіне құратын желкенін қарияның үйіне көтерісіп жеткізіп салу үшін ылғи алдынан шығатын-ды. Қарттың қайығының үстінде шиыршықталып жататын, он бойына кенеп жамау жапсырылған қырық сұрақ желкен – бейне тас-талқаны шыққан жасақтың құлаған туы сияқтанып елестейтін көзге.

Шал – титықтаған арық кісі еді; маңдайы, мойыны арса-арса; бетіне күрең-қоңыр дақтар түсіп, өңі шұбар тартқан, мұндай дақтар ыстық жақтардағы теңіз бетіне түскен күн сәулесінің адамның өңіне шағылысуынан пайда болады.

Шалдың бетін басқан таңдақ мойынға дейін жайылып тараған; екі қолы тілім-тілім, бұл – қармаққа ілінген ірі балықты судан сүйреп шығарған кездерінде алақанды тіліп кеткен қармақбаудың іздері. Жақында түскен жараның орны емес, талайдан қаңсып жатқан қуаң жердің жарығындай ескі жарықтар.

Шалдың өңі де, киімі де – бәрі де тозған, көнерген, тек көзінде ғана ерекше бір нұр бар, теңіз суы түстес жанары қайсар адамның қалпын танытады.

– Сантьяго, – деді оған бала, екеуі қайық тұратын жиектен жағаға шығып келе жатқанда, – теңізден балық аулауға қайта-



дан сенімен бірге шығуыма болады. Аз-маз ақша тауып алдық. Шал баланы балық аулауға баулыған адам еді, бала оны жақсы көретін-ді.

– Жоқ, сен құтты қайыққа кез болдың. Сонда қал, – деді шал.

– Есінде ме, бірде балық аулауға өзің күнде шықсаң да қармағыңа сексен жеті күн қатарынан еш нәрсе іліктіре алмаған ең ғой, артынан мен саған серік боп, екеуміз бірге шыққанда, үш апта бойы күн сайын бір-бір ірі жайынды әкелгенбіз де отырғанбыз.

– Есімде, – деді шал. – Менің қасымнан маған сенбегендіктен кетпегеніңді білемін.

– Әкем ғой мені қыстаған, ал мен әлі баламын, бағынуға тиістімін.

– Түсінемін. Өйтпеске бола ма, – деді шал.

– Біздің жолымыз боларына әкем онша сеніңкіремейді.

– Иә, солай, – деді шал. – Ал, бізде сенім мол. Рас емес пе?

...Ол қайықты бір қалыппен ақырын ғана есіп келе жатты. Кейбір иірімдердің тұсы болмаса, судың беті жай ғана қыбырлап, мұхит баяу ғана тербеліп жатыр еді. Шал қайықты толқынның ыңғайымен ыққа қарай жүздіргендіктен, қолына күш көп түспей, ескекті еркін сермеп отырды. Таң біліне бастады. Жетсем деген межесінен ұзаңқырап кеткенін сонда барып аңғарды қарт.

«Бір апта бойы терең жерлерден ештеңе ұстай алмадым, – деп ойлады шал. – Бүгін бонито мен альбакоре балықтарының қалың жеріне қармақ салып бір көрейін. Ол маңда алып жайын жүзіп жүруі де мүмкін емес пе?».

Шал енді солқылдақ шыбықтар иіліп қалмас па екен деп бақылап отыр, қармақтың баулары тұра созылып, тереңге түзу бойлауын қадағалап, ескекті ақырын ғана есті. Ағарып таң да атып, күн шығуға таяу қалды.

Күннің көзі биіктеп, сәске болды. Енді шығыс жаққа қарағанда, күн көзді онша ауырта қоймады. Шалға енді төменгі жақтан тек үш қайық қана көрінді, олар тым етекте тұрған секілденді, тіпті жағадан бері жылжымаған сияқтанды.

«Шығып келе жатқан күн шұғыласы көзіңе шағылысқанда жанарың түйіліп ауырады, мен бұл күйді өмір бойы бастан кешіп келемін, – деп ойлады шал. – Сонда да көзім жақсы көреді. Кешкілікте күн көзіне тұра қарай аламын. Күннің нұры бұл кезде таңертеңгісінен де гөрі өткір, сонда да көзім ауырмайды. Ал, таңертеңгі күн шұғыласы көзімді ауыртады».

«Бұл тұста макрель қаптап жүрген болуы керек, – деп ойлады шал. – Олар шашырай жүзіп жүр, қанатты балықтың олардан аман құтылуы екіталай. Ал, фрегат оны бәрібір ұстай алмайды, өйткені қанатты балық ол үшін ірі соғады, әрі бұл ұшқыр балық, шалдырмайды оған».



Алыс қалған жағалау көзге ұзын жасыл сызық сияқтанып елестеді, оның арғы жағынан көгілдір төбелер қарауытып тұрды, көкжиекпен астасқан бұлттар шұбатылған тау тізбегі секілді. Теңіз беті қаракөкшілденіп, тұңғиықтана берді. Шал су бетіне қарап еді толқынмен бірге тербеле қалқыған балдырға, күннің суға шағылысып мың құбылған сәулесіне көзі түсті. Ол манадан қармағымның баулары тереңге тік бойлады ма деп қадағалап келеді, маңайы толған балдыр болғанына қуанды, мұндай тұстарда балық болары хақ. Көкжиекке ысырылған ақ бұлттар да, күн көзінің биіктеп көтерілген кездегі суда ойнаған ғажайып сәулесі де күн райының жақсы болар қалпын аңғартады.

Балық келесі айналған шақта судан арқасы көрінді, бірақ ол қайықтан әлі де алыстау жүзіп келе жатыр еді. Енді бір айналғанда денесі судан едәуір көтеріліп шықты, бірақ өзі қайыққа әлі жақындай қойған жоқ. Қармақтың бауын енді азырақ тартыңқыраса, балықты қайықтың дәл іргесіне жылжытып әкелуге болатынын шал біліп отыр. Гарпунды мана әзірлеп алған; оған тағылған жіңішке трос жұмыс себеттің ішінде жатыр, оның екінші ұшы қайықтың тұмсығындағы діңгекке байланған.

Балық үлкен айыр құйрығын болар-болмас қимылдатып, баяу айналып, қайыққа жақындай берді, түр-тұлғасы өте сұлу көрінді. Шал балықты қалайда қайыққа жақындата түскісі кеп, қармақбауды бар күшін сап тартып еді, балық бір бүйіріне қарай аударыла беріп, қайтадан түзеліп, тағы да айналып жүзе бастады.



– Орнынан қозғалттым. Бір аударылып түсуге мәжбүр еттім, әйтеуір, – деді шал.

Балық келесі айналғанда, шал оны гарпунмен түйреуге аз-ақ қалып еді, балық қайтадан түзеліп, әрмен жүзіп кетті.

«Сен балық, мені мерт қыласың-ау, сірә, – деп ойлады шал – Әрине, ықтияр өзіңде. Сен секілді орасан зор, әрі әсем, әрі шыдамды балықты ғұмыр бойы көрген емен. Мейлің, өлтіре бер мені. Қайсымызды қайсымыз өлтірсек те, енді маған бәрібір».

«Ақылыңнан тағы да алжаса бастадың, шалым! Ес-ақылың бүтін болуы керек-ті. Есіңді жи да, басқа түскен азапты не адамша көтер... не балықша шыда», – деп ойын жалғастырды.

– Ал, басым, мәңгірме, қане, көрсет қызметіңді. Көрсет деймін! – деді ақырын ғана, өз дауысы өзіне зорға естіліп.

Бір қалыппен жүзіп, балық тағы да екі айналды.

«Не істеуім керек? – деп ойлады шал. Балық жақындай беріп, қайтадан әрі қарай жүзе жөнелген сайын қария бір түрлі ақылынан алжасқан секілденеді. – Не істеуім керек? Ал, тағы да бір байқап көрейін».

Ол тағы да қимылдап көріп еді, көзінің алды бұлдырап кетті, сонда да әйтеуір балықты шалқасынан аударып түсірген еді. Бірақ балық қайта аунап, үлкен айыр құйрығын жайқай қозғап, әрі қарай ақырын жүзе жөнелді.

Шалдың қолы салдырап, көз алды бұлдырап отырса да: «Тағы да бір байқап көрейін», – деді өзіне дем беріп:

Ол тағы да әрекет қып еді, балық бұл жолы да сырғып кетті.

– «Ә, солай ма?» – деді қария, балықтың әлсірей бастағанын іші сезді. – Тағы да бір байқап көрейін сені».

Ол бойындағы қуатын жиып, бар қайратына мініп, айқасқа қайта кіріскенде, балықты бір қырына аударып түсірді. Жайын енді жантайып жүзді, ұзын қайқы тұмсығы қайыққа тие жаздап келеді; ол тіпті қайыққа қатарласып та қалды; бітімі жалпақ келген, түсі күмістей жылтыраған, бүйірінде көгілдір жолағы бар бұл балық шалға ерен үлкен көрінді.

Қария қармақбауды тастай беріп, табанымен басты да, қолына гарпунды ала салып, шалқая беріп, бар пәрменімен балыққа сілтеп қалды; жайынның бауыр қанатының артқы жағынан дәл бүйіріне қадады гарпунды. Үшкір темір балықтың жұмсақ етіне кірш етіп қадалған соң, шал оны енді бар салмағын сала итеріп, бойлата берді.

Балық сонда ғана ышқынып қалды, бүйіріне ажал найзасы қадалып тұрса-дағы өзінің зор тұлғасына, әсемдігі мен қуатына бейне масаттанғандай жоғары ырғыды. Қайық пен шалдың үстінде – ауада бір сәт асылып тұрғандай болды да, теңізге қайта күмп беріп құлағанда шалды да, қайықты да суға көміп кетті.



Шал әлсіреп, есеңгіреп қалды, көзіне түк көрінбеді. Гарпунның бауын босатып, жаралы қолымен абайлап қана ұстады; көзінің алдындағы тұман сейілген шақта ол, бауыры жалтырап, шалқасынан сұлап жатқан балықты көрді. Арқа жағынан гарпунның сабы шошайып көрініп тұр, балықтың жатқан жері қызыл ала қан. Қан әуелі қошқылданып, тереңде қаптай жүзген қалың балық шоғырындай қарауытып көрінді де, бірте-бірте ыдырай жайылып, аспандағы түйдек-түйдек бұлтқа ұқсады. Аппақ күмістей жайын балық толқында ақырын ғана тербетіліп жатты.

Шал қашан көзі бұлдырағанша, одан жанарын тайдырмады. Көзінің алды қайтадан тұмандана бастағанда, ол гарпунның бауын діңгекке екі қайыра орады да, басын қолына сүйеді.

– «Бұ басыма не болды менің? – деді ол, қайықтың тұмсық жақ тақтайына маңдайын тіреп, – қарт адаммын ғой, қатты қалжырап қалдым. Маған туысымнан да қымбат жайын балықты өлтіріп тындым-ау, әйтеуір; енді мұның қара жұмысы ғана қалды.

Балықты тұзақтап, қайыққа тіркеп алу үшін арқанымды әзірлейін. Қасымда серігім болғанда да бәрібір, бұл жайынды қайыққа тимес едік, өйтсек қайықтың ішін су алып кетер еді. Суды бірдеме ғып төгер де едік, бірақ мұншалық ауыр жүкті қайық бәрібір көтере алмайды ғой. Әуелі керек-жарағымды түгел сайлап алайын, сосын жайынды бері қарай тартып, қайыққа мықтап тұрып байлайын да, желкенді көтеріп ап жөнөп берейін».

Ол жіпті жайынның желбезегінен өткізіп, ұшын аузынан шығарып ап, балықтың басын қайықтың тұмсығына тақап байлау үшін оны өзіне қарай тартты.

«Жақсылап тұрып қарап алайыншы, өзі қандай балық екен? – деп ойлады. – Бұ балық – өз қазынам ғой. Бірақ, бұған сондықтан ғана жалтақтап отырғам жоқ. Гарпунды бүйіріне бойлата сүңгіткенімде, темірдің өткір ұшын жүрегіне дарытсам керек. Жә, тарта түс бері қарай, байла бекітіп. Қайыққа жақсырақ жанастыру үшін құйрығына да тұзағыңды іліп, беліне де жібіңді орап алып шандып таста».

– Ал, қартым, қимылда, – деді шал өзіне-өзі, сосын құмырадағы судан аздап қана бір жұтты. – Шайқас тынғанмен, ендігі қалған қара жұмысының өзі де бастан асып жатыр.

Шал аспанға қарады, сосын көзін балыққа аударды. Күннің көзіне де абайлап бір қарап қойды. «Күн түстен ауып бара жатыр. Жел күшейіп келеді. Қармақбаудың үзіктерін дәл қазір жамап-жалғаудан пайда жоқ. Үйге барған соң серік балам екеуміз реттейміз мұны».

– Балығым, жақындай түс бермен қарай! Балық оның сөзіне құлақ аса қоймады. Толқынданған теңіз бетінде тыныш қана тер-



бетіліп жата берді, шал қайығымен өзі жақындады оған.

Қасына тақау барып, қайығының тұмсығы балықтың басына қатарласа бергенде, жайынның ересен үлкендігіне шал тағы да қайран қалды. Ол гарпунның бауын діңгектен шешіп алып, балықтың желбезегінен өткізіп тұмсығына бір орады, соң жіпті желбезектен қайта өткізіп әкеп тұмсығын тағы да бір шандып тасқып түйді де, діңгекке апарып байлады. Енді балықтың құйрығын қайыққа тақап байлау үшін жіптен кесіп алып, қайықтың арт жағына таман барды. Жайынның түсі дәл қазір таза күмістей жалтырап жатты, бүйіріндегі жолақтары құйрығы реуішті көгілдірленіп көрінді. Жолақтарының жалпақтығы – кере қарыс, көздері – шарадай.

– Мұны басқадай тәсілмен өлтіруге лаж болмады, – деді.

Ол құмырасын алып, су ішіп ес жинады. Ақылынан алжаспасын білді енді, ойы сергіп қалды. «Бұл балықтың салмағы жарты тоннадан кем соқпас, мүмкін одан асып та түсер», – деп ойлады. Балықтың салмағы сол жарты тоннаның үштен екі бөлігіндей шыққанның өзінде де, егер еттің қадағын отыз центтен сатса, бұл шал қанша ақша табар еді?

– Қолға қарындаш алмай есептеу мүмкін емес. Ауызша қағып тастауға тың ми керек, – деді шал.

### Сөзмаржан

**Гольфстрим** – Атлант мұхитының солтүстік бөлігіндегі жылы ағыс. Гольфстрим Мексика қойнауынан шығып, Еуропа жағалауына дейін ағады; ұзындығы 10 мың километрге дейін барады.

**Гарпун** – ұшы сүйектен жасалған сүңгі.

**Фрегат** – желкенді кеме немесе қайық.

**Жайын** – жайынтәрізділер отрядына жататын жыртқыш балық.

**Ересен** – орасан, зор, ғаламат деген сөз.

### ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. «Шал мен теңіз» повесінен берілген үзіндіні оқып, ат қойындар.
2. Туынды неге «Шал мен теңіз» деп аталған?
3. Шығарманың астарлы ойы не?
4. Бас кейіпкер ретінде қария алынуының себебі неде?
5. Шал неліктен теңізге балық аулауға жалғыз шықты?
6. Шалдың жанындағы серік баланы ата-анасының басқа қайыққа ауыстыруының себебі неде?
7. Жазушы шалдың портретін қалай берген?
8. Үзіндіде жазушы шалдың жайын балықпен айқасын қалай суреттеген?

### ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

1. 1-топ – шалдың, 2-топ – баланың бейнесіне «FILA толтыру» әдісімен талдау жасаңдар.



**Үлгі:**

- F /Дерек/ – шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын деректер жинау;
- I /Пікір/ – кейіпкер туралы өзінің ой-пікірі;
- L /Сұрақ/ – кейіпкердің образдық тұлғасын ашатын сұрақтар құрастыру;
- A /Іс-әрекет/ – автордың кейіпкерді суреттеудегі қолданған тәсілі.

Деректер	Ойлар	Сұрақтар	Іс-әрекет

2. Автор бейнесі повестің негізгі идеясымен қандай сөздер арқылы байланысады? Автор қандай түйінді ой айтқысы келген? Адам мен табиғат шайқасында кім жеңілді? Автор идеясын білдіреді деген 3 түйінді ойды теріп алып, мағынасын түсіндіріңдер.
3. Үзіндіден көрінетін құндылықтарды кестеге түсіріңдер. Шығарманың құндылығына өзіндік баға беріңдер.

Құндылық	Эпизодтар	Құндылық	Эпизодтар
	1.		1.
	2.		2.

Шығарманың құндылығына өзіндік баға:

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС**

1. Жоғарыдағы үзіндіде шал не себепті өзін теңіз тасбақасына теңегеніне назар аударыңыздар. Табиғат пен адам қарым-қатынасы үзіндіде қандай сөздер арқылы берілген? Теріп жазыңдар.
2. Жұптасып орында. Шалдың теңіздегі айқасын автор уақыт пен кеңістікті байланыстырып бейнелеген бе?

Иә	Жоқ
1–дәлел: .....	1–дәлел: .....
2–дәлел: .....	2–дәлел: .....
Ұстанған позициям: .....	

**ШАЛ МЕН ТЕҢІЗ**

(жалғасы)

**Бұл тақырыпта біз:**

1. Шал теңіздегі ұзақ сапарында қандай ойларды жанына серік еткенімен танысамыз.
2. Шығармада адам мен табиғат арасындағы байланысты танимыз.
3. Көркем шығарманың жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сыни тұрғыдан баға беруді үйренеміз.





...Шал жайынды қайықтың алдыңғы, артқы діңгектеріне және кісі отыратын арқалығына берік бекітіп байлады. Балықтың ғаламат ірілігі соншалық, өз қайығы үлкен бір кемеге тіркелген іспетті көрінді шалға. Қария жіптің шетінен кесіп алды да, жайынның аузы ашылып кетпесін деп, һәм жүзуге жеңіл болсын деп, оның астыңғы иегін сүйір тұмсығына жабыстыра таңып тастады. Содан соң кіндік діңгекті тұрғызып, желкенді көтерді. Желкенді жел көрнеп, қайық алға жылжыды, шал қайықтың артқы жағына жантая жатып, оңтүстік – батысқа қарай жүзе жөнелді.

Оңтүстік – батыстың қай жақта екенін айыру үшін қарияға компастың қажеті жоқ еді. Түстіктен ескен желдің бағытын байқап, желкеннің желге қалай керілгенін көрсе, – осының өзі де жеткілікті оған. «Кішкентай қармағымды, ұшына жылтыраған зат шаншып, суға салып көрсем қайтеді, мүмкін жылтыраққа ұмтылып, кішігірім бір балық қауып қалар, – деп ойлады шал, – сондай бір балық ұстамасам, қорек қылар еш нәрсем жоқ. Бірақ қармақтың ұшына ілер жылтырақты таба алмады, ал, жәшіктегі шабақтар иістеніп кеткен еді. Қалың сары балдырдың тұсынан өте бергенде шал багормен балдырдан іліп алып, қайықтың ішіне сілкіп қалып еді, ұсақ шаяндар домалап түсті. Бүргеше секіріп, жыбырлай қашты. Шал бұлардың бастарын жұлып тастап, аузына салып, асықпай шайнап жей бастады. Бұл шаяндар ұп-ұсақ болса да аса дәмді, әрі өте сіңімді болатынын қария білетін. Құмырада әлі де аздаған су қалып еді, шаяндарды жеп болғаннан кейін, шал сол судан бір жұтты.

Кейбір кедергілер кезіксе де, қайық жақсы жүзіп келе жатты, шал румпельді шынтағымен тіреп, қайықты бағытынан аудармай туралап отырды. Соғып алған балығына көзі қайта-қайта түсе береді; осы түсім емес пе дегендей алақанына қарап, арқасын қайықтың бүйіріне тигізіп байқап, бәрі де өңі екенін сезінді. Алып балықты гарпунмен түйреп, жанын салып айқасқан шағында, әлі құрып, көзі қарауытып кетіп еді, сонда осының бәрі де оған көрген түс сияқтанған. Жайын балық судан ырғып шығып, жоғары көтеріле созылып, серейе құлап бара жатқан мезетте, шал бір ғаламат көргендей, өз көзіне өзі сенбей таңырқап қалған. Рас, онда көзі бұлдыраңқырап кеткен еді, ал қазір жақсы.

Жайынның қанжығаға байланғанына көңілі енді сенді, қолының, арқасының сыздап ауырып тұрғаны да түсі емес екенін анық білді. «Қолдың жарақаты тез жазылады, – деп ойлады қария. – Жарақат түскен жеріне кір қонбасын деп, қолымды суға салып қанын біраз ағыздым, теңіздің ақы суы жараға шипа. Бұдан артық ем жоқ. Тек ойым шатаспаса екен! Екі қолым өз қызметін атқарды, қайық та жақсы жүзіп келе жатыр. Балықтың аузы жү-



мулы, құйрығын бұлғаңдатпай түзу ұстап келеді, екеуміз дәл бір ағайынды сияқтанып қатарласа жүзіп келе жатырмыз».

Шалдың ойы тағы да шатаса бастады. «Үйге қарай балықты мен әкеле жатырмын ба, әлде мені ол сүйреп келе жатыр ма? – деген ой келді басына. – Балықты қайықтың артына байлап алып, сүйретіп келе жатсам, әңгіме басқа. Немесе ол қайығымның ішінде серейіп жатса бір сәрі. Ал қазір бұл екеуміз бірімізге-біріміз мықтап тұрып қосақталып алып, қатарласа жүзіп келеміз. Ә мейлі, өзіне жақсы болса мені осы балық-ақ жетелеп тарта берсін. Мен қулықпен ғана айламды асырдым ғой, ал бұл маған еш қастандық ойлаған жоқ еді».

Қайық жүзе берді, жүзе берді, шал қолын аққы суға малып қойып, ойым енді шатаспаса екен деп тырысып бақты. Түйдек-түйдек ақ бұлт шырқау биікте жөңкіліп, одан әрі алашабыр шарбы бұлт қалқып бара жатты, желдің түні бойы басылмасын шал ішінен сезіп отыр. Осыны ұстағаным шын ба, түсім емес пе дегендей алып балыққа әлсін-әлсін қарап қояды.

Бір сағаттай уақыт өткен шамада мұның балығына келіп бір акула соқтықты.

Бұл акула көлденеңнен киліккен жоқ еді. Жайын балықтың қаны бұрқырап ағып, тереңге жайылған кезде, акула соны көріп, теңіз түбінен жоғары қарай атылған. Еш қауіп ойламай, айдыңды айыра тіліп ағындаған қалпы су бетіне шыға келген. Соң



қайыра сүңгіп еді, қанның исін сезіп, қайық пен жайынның ізіне түсіп, қуа жөнелді.

Ол кей тұстарда ізден адасып та қалып отырды. Бірақ, бұрылып кетпеді, ізді не қайыра тауып, не қанның болар-болмас білінген исін алып, тоқтаусыз қуалай берді. Бұл теңіздегі ең ұшқыр балықтай шапшаң жүзетін, мако тұқымдас өте ірі акула еді; арандай аузынан басқа жері ерекше әсем біткен сұлу жыртқыш. Қыр арқасы қылыш балықтың жонындай көкпеңбек, бауыры күмістей жалтыр, терісі әрі майда, әрі әсем, қазір тас жұмулы аран аузы болмаса, өңге тұла бойы қылыш балықтан еш аумайды. Қыр арқасындағы үлкен қанатымен суды тіліп, теңіздің бетімен шапшаң жүзіп келе жатыр. Тас жұмылған ернінің жан-жағынан ақсия шығып тұрған, сегіз қатар болып қисая біткен сояу тістері бар. Бұл тістер басқа көп акуланың үшкір жұмыр тістеріне ұқсамайды, адамның бүгілген саусақтары секілденіп, аңның тұяғынша имие біткен ұзындығы мына шалдың саусағындай, ал екі қыры ұстараның жүзіндей өткір. Акула – теңіздің қандай балығы болса да жей беретін жыртқыш; қуатты, қарулы балықтардың өзінен де тайсақтамайды ол; теңіздің бар балығына бұдан қатерлі дұшпан жоқ. Қазір сол акула жеміне жетуге жақын қалғанын сезіп, қыр арқасындағы көк қанаты суды айыра тіліп, ағындап келеді.

Шал оны көрген бойда-ақ жақын келуін күтіп, гарпунды қолына оңтайлап ұстап, мұның сабының бауын қайыққа бекітіп байлады. Акуланың еш нәрседен қорықпайтынын, ағындап келген бойында бірден соқтығатынын білетін ол, Жайын балықты қайыққа тақап байлағанда бір шетінен кесіп алғандықтан шалдың гарпунға таққан бауы қысқарақ болды.

Қарт қазір бірден сергіді, онша сенімді болмаса да, айқасқа бел байлады.

«Бәсе, істің беті қалайша тым түзеле қалды деп ойлап едім, бар екен ғой сойқаны», – деді ішінен.

Жақындап келе жатқан акуланы аңдып отырып, жайын балыққа көзін аударып бір қарап қойды. «Түсім болса жарар еді осының бәрі. Бұл акуладан жалтару жоқ енді маған, өзін сеспей қатыра алмас па екем? – деп ойлады ол – Дентусо, тұқымың құрысын!»

Акула қайықтың артқы жағына жақындап келіп, жайынға атылған мезетте, жыртқыштың арандай ашылған аузын, бадырайған көзін шал анық көрді; акула жайынның құйрығының сәл жоғарырақ жерінен келіп қапты, тістері сақ ете түсті. Судан әуелі басы, сосын жоны көрінді. Акуланың азу тістері жайынның терісі мен етін сырылдата сыдырғаны шалдың құлағына анық естілді;

#### Сөзмаржан

**Багор** – ілгек бақан.

**Кере қарыс** – бас бармақ пен шынашақтың кере созылғандығы аралық мөлшері.



жыртқыштың тұмсығынан жоғары қарай созылған жіңішке жолақ, екі көзінің арасын қосып тұрған көлденең жолаққа кеп айқасатын еді, акуланың миы дәл осы тұста болатын. Шал бұл жолақтарды көре алмады, ол тек акуланың ақсифан аран тісті, көкшіл реңді, ауыр, сүйір басын ғана көрді, бірақ қолы мүлт кетпеді, гарпунды акуланың дәл қарақұсынан қадады. Тілім-тілім боп жарақат түскен қолымен гарпунның сабын қысып ұстап, ештеңеден үміт қылмаса да, жыртқышқа қатты өшігіп, бар пәрменімен соғып еді.

Акула аударылып түсті; жыртқыштың көзі ағып түскенін көрген шал акуланың ажалы жеткенін бірден түсінді. Ал акула мойынсұнғысы келмегендей, шалқалап жатқан күйінде құйрығымен суды сабалап, бұрқылдатып, тістерін сақылдата дөңбекшіп айналасын ақ көбіктендіріп жіберді. Акуланың денесі судан жартылай көтерілген мезетте, гарпунның бауы керіле тартылды да, дірілдеп барып үзіліп кетті. Акула су бетінде сәл жатты да, бірте-бірте бата бастады. Шал одан көз алған жоқ.

– Жайынның қырық қадақтай етін ала кетті бұл, – деді сөйлеп.

«Қыруар жібимді һәм гарпунымды әкетті су түбіне, – деді іштей ойын сабақтап. – Жайын балықтың қаны тағы да шұбырып аға бастады, мына акуланың соңынан басқалары да жетеді енді».

Етінің дал-дұлы шығып қалған жайынға шалдың енді қарағысы келмеді. Акула жайынға тап берген мезетте бұл жыртқыш оған дәл өзіне бас салғандай көрініп еді.

«Балығыма соқтыққан акуланы бәрібір өлтірдім ғой, – деп қария көңіліне жұбаныш қылды.

– Бұл акула – өзім көрген акула атаулының ішіндегі ең ірі дентусо. Иә, осы жасқа жеткенше небір ірі акуланы көрдім ғой.

Жағдайым тым жақсара қалып еді, сол күйінен айнамай тұра беру қайдан болсын. Осының бәрі өңім болмай, өзімнің жатағымда, газет төселген кереуетімде ұйықтап жатып көрген түсім болса игі еді. Ешқандай жайын балық ұстамаған-ақ болайын».

– Бірақ, адам күйреу үшін жаралмаған. Адамды құртуға болар, ал, жеңуге болмайды, – деді ол.

«Жайынды бекер-ақ өлтірген екем, – деп ойға қалды – Гарпуннан да айырылып қалдым, халім енді мүшкіл болар. Дентусо – епті, озбыр, әрі күшті, әрі ақылды акула еді. Алайда одан мен ақылдырақ боп шықтым. Мүмкін, одан ақылым артық та емес шығар. Тек жақсы қаруланған болармын».

– Мұны ойлап басыңды қатырма, шалым, – деді үндеп. Арқанды желге беріп тарта бер де, алдыңнан тағы кезігер қырсық болса, күтіп ал.

«Жоқ, ойға шомбай отыра алман, – деді бұл сөзіне қарсылық білдіріп, – содан басқа еш нәрсе қалған жоқ менде. Әлгі айқастың өзі бейсбол сайысына пара-пар болды. Акуланы дәл қа-



рақұстан соққаныма ұлы Ди Маджио сүйсінер ме еді, қайтер еді, ә? Жалпы алғанда, онда тұрған ештеңе де жоқ, бұл әркімнің-ақ қолынан келеді. Ал, мынаған не дер едің, шалым: өкшедегі мүйіз бен қолдағы жарақаттың қайсысы қаттырақ батар еді жаныңа? Оны қайдан білейін! Ғұмыры өкшем ауырып көрген емес, тек бір жолы ғана, суға шомылып жүрген кезімде электр дөңгелекке өкшемді жалатып ап, сонда тіземе дейін аяғымның жаны кетіп қап, қан-қақсап ауырғаны бар еді».

– Онан да көңілді өсіретін ойды ойласаңшы, шалым, – деп сөйледі қария, – Сен қазір минут сайын үйіңе таман жақындап келесің. Жайынның қырық қадақтай етінен айырылған соң жүрісі де едәуір жеңілдеп қалды.

Теңіз ағысының дәл ортасына кеп енген мезетте нендей халге душар боларын шал бек жақсы біліп еді. Бірақ, енді еш қолданар амалы қалмады.

– Жоқ, бар амалы, – деді ол. – Екі ескектің біреуінің сабына пышағыңды бекітіп байлап, енді соны қару қылуыңа болады.

Ол румпельді қолтығымен қысып, желкеннің бауын аяғымен басып тұрып, пышақты бекітіп байлады.

– Жап-жақсы боп шықты, – деді ол – Өзім шал болсам да, әйтеуір енді қару-құралым бар қолымда.

Аңқыған жел есіп, қайықтың жүрісі шапшаңдай түсті. Шал жайынның кеуде жағына ғана қарап отыр еді, көңіліне аздап үміт ұялай бастады.

«Үмітсіздікке салыну ақымақшылық болады. Мұның өзі және күнә секілді, – деп ойлады шал. – Ненің күнә, ненің күнә емес екендігін ойлаудың да қажеті жоқ. Дүниеде ойға алатын нәрсең онсыз да көп. Шынымды айтсам, мен өзім күнә дегеніңе онша түсіне де бермеймін.

Түсінбеген соң, оған сенбейтін де шығармын. Жайынды өлтіргенім күнә болуы мүмкін. Мен бұл балықты аштан өлмеу үшін және бірталай жұртқа талшық болсын деп өлтірсем де, осы ісімді күнә деп ойлаймын. Олай болса, істеген ісіңнің бәрі де күнә боп шығады. Жә, ненің күнә, ненің күнә емес екендігін ойлап бас қатырудың керегі жоқ. Дәл қазір бұған ой бөлетін уақыт емес, күнәні тексергеніне ақы алатындар да бар ғой, солар-ақ шұғылдансын мұнымен. Күнә дегеннің не екенін солар-ақ ойлансын. Балықтың балық боп тіршілік етуге жаралғаны сияқты, сен, шалым, балықшы болу үшін жаралған адамсың.

Петр әулие де ұлы Ди Маджионың әкесі секілді балықшы болған».

### 3

Шал өзіне қатысты бар жайға ылғи ой жіберетін-ді. Не оқитын газеті, не тыңдайтын радиосы болмаған соң, ол қазір көп-көп та-



ныс жайларды есіне түсіріп, ойға шомды, күнә туралы да ойлап өтті. «Жайынды сен жұртқа етін сатып, өзің күн көру үшін ғана өлтірген жоқсың, – деп бір қойды. – Балықшы болғандықтан, оған үстемдігіңді танытқың кеп өлтірдің. Бұл балықты тірі кезінде жақсы көрдің, қазір де жақсы көріп отырсың. Жақсы көргендіктен өлтіргенің күнә емес. Жоқ әлде, бұл – күнәнің ең ауыры болар ма?»

– Ойға тым беріліп кеттің-ау, шалым, – деді ол дауыстап.

«Дентусоны құшырланып өлтірдің ғой, – деп тағы да ойға қалды, – Бұл да сен секілді, басқа балықты өлтіріп күн көреді. Құр өлексені жемейді, басқа акулалар секілді мешкей де емес. Бұл – қауіп-қатер дегеніңді білмейтін, әсем де айбынды жануар».

– Қатерден өз басымды қорғау үшін өлтірдім мұны. Және өте шеберлікпен өлтірдім, – деді шал сөйлеп.

«Кім болса да аң мен құсты да осылай, не басқаша өлтірмек, – деп ойлап өтті. – Балық аулау кәсібі бір күн мені де тап осылай мерт қылар. Қасымдағы серік балам, міне, сол мені ажалдан арашалап қалып жүрген. Жә, жоқтан өзгені ойлай берме, шалым».

Ол қайықтың ернеуінен төмен еңкейіп, жайынның акула тістеген жерінен бір кесек етті жұлып алды да, аузына салып шайнап, дәмін байқады. Жайын етінің түсі қызыл болмаса да, сиыр еті секілді тығыз, әрі дәмді екен. Кей балықтың еті тарам-тарам боп бітеді, мынаның еті ондай емес екен, базарда бұл еттің ең жоғары нарықпен өтетінін шал біліп отыр. Бірақ осы еттің иісі теңіз тарабына тарай берді, шалдың бұған қылар еш амалы болмады. Ол тағы да бір арпалыстарға түсетінін ішінен сезіп отыр.

Жел бәсеңдеген жоқ, теріскей шығысқа қарай сәл ғана ауытқыды, бұл жел енді басылмайды деген сөз. Шал алысқа көз тігіп еді, не бір желкеннің, не бір кеменің қарасы, болмаса будақтаған түтіні де байқалмады. Қайықтың тұмсығынан үркіп, екі жаққа ыршып ұшқан қанатты балықтар мен ойдым-ойдым балдырлар ғана көзге түсе берді. Тіпті құс та көрінбеді.

Шал тезірек әл жиып һәм тынығып алу үшін, балықтың етін ақырын ғана шайнап, қайықтың артқы жағында қисайып екі сағаттай жатты. Бір мезетте жарқ еткен бір акуланы көзі шалып қалды.

– Ай! – деп қалды шал, қолына шеге кіріп кеткенде адамның дәл осылай мағынасыз үн қатары болады.

– Галанос, – деді дауыстап.

Шалдың көзіне осы акуланың артқы жағынан жарқ еткен екінші акула және шалынды; арқасының үш бұрыштанған қоңыр қанатына, құйрықтарының шайқалған қозғалысына қарап, шал бұлардың жалпақ тұмсықты акула екенін бірден таныды. Бұл жыртқыштар жайын балықтың иісін сезіп, аласұрып, иістен бірде адасып қалып, бірде қайта тауып, ашқарақтана ұмтылып келеді. Қайыққа жақындап қалды.



Шал желкенді тас қып байлап, рульдi қозғалмастай етiп бекiтi де, сабына пышақ байлаған ескектi қолына алды. Алақаны удай ашып ауырғандықтан, ескектi қатты қыспай, ақырын ғана көтердi. Икемге келтiру үшiн саусақтарын бiр ашып, бiр жұмып, әрлi-берлi байқап көрдi. Сонан соң қолының ауырғанына қарамай ескектi сығымдай ұстады да, жақындап келе жатқан акуланы бақты. Екi акуланың жалпақ тұмсығын, талпиған басын, көкiрек тұсындағы ақ жиектi қанаттарын көрiп отыр. Галанос – акула атаулының iшiндегi ең обыры; өлексенi де талғамай жұта беретiн сассық жыртқыш; ашыққан кездерiнде қайықтың рулiн де, ескектi де келiп қабады. Теңiз тасбақалары су бетiне шығып ұйықтап жатқан кездерiнде солардың аяқтарын да жұлып әкетедi; әбден ашыққанда бұл акула су iшiнде адамға да тап бередi.

– Ай! – дедi шал. – Келсең кел, бермен қарай, галанос.

Екi акула қайыққа жақын келдi. Бiреуi жарқ етiп қайықтың астына қарай сүңгiп жайынның етiне ауызды салып жұлқып қалғанда, қайықтың дiр ете түскенiн байқады шал. Ал, екiншi акула қиықша бiткен сарғыл көзiмен қарттың қимылын бағып қарай бердi де, аузын арандай ашып атылып кеп, дәл манағы акуланың талқандап кеткен жерiнен қапты. Жыртқыштың қоңырқай төбесiнен арқасына қарай тартылған сызаты шалға анық көрiндi, қарт сол межемен акуланың дәл қарағұсын нысанға алды да, сабына пышақ байланған ескекпен перiп қалды; пышағын қайыра суырып алып, ендi акуланың қиықша көзiне қадады. Акула бұлғаң етiп, балықты тастай берiп, жұлып алған кесек етiн жұтып, төмен қарай сусыды.

Екiншi акула жайынды қайықтың астынан келiп жұлмалап жатыр, қайық қалт-құлт еттi. Акуланы қайықтың астынан шығару үшiн шал желкендi түсiрiп, қайықты бiр жақ қырына қарай қисайта бердi. Акула көрiнген мезетте еңкейiп кеп оны пышақпен түйреп қалып едi. Пышағы акуланың жай денесiне тидi де, жыртқыштың қалың терiсi пышақты терең бойлатпады. Акуланы қатты ұрғандықтан, қарттың қолы да, иығы да қақсап қоя бердi. Бiрақ жыртқыш тайсалған жоқ, судан басын шығарып, жайынға қайта атылды, сол мезетте шал оны жалпақ маңдайының дәл ортасынан қойып жiбердi. Кiрш етiп енген пышағын суырып алды да, сол орнына қайыра сұқты. Акула жайынға тiсiн қадап, әлi жабысып жүр, айырылар емес. Шал пышақты ендi оның сол жақ көзiне шаншып едi, акула сонда да тiстеген жерiнен айырылмады.

– Ә, солай ма? – дедi де, шал пышақты акуланың қарағұсы мен мойын омыртқасының астасқан жiгiнен сұқты.

Қолы мүлт кетпедi, омыртқаның жұлынын үзiп жiбергенiн сездi өзi. Ендi акуланың жағын айыру үшiн, оның аузына ескектiң жалпақ басын тығып жiберiп, қайырып бұрады да, акула жайынан сырғып түсе бергенде:



– Тарт төменге, галанос, – деді шал. – Құлдила, төмен қарай. Серігіңе жолық, сол маңнан. Әлде ол сенің анаң ба еді?

Қария пышағының жүзін сүртті де, ескекті қайықтың ішіне қойды. Содан соң желкенді көтерді де, оны жел кернеген кезде, қайықты әуелгі бағытына қарай бұрды.

– Жайынның жарты етіне жуығын әкетті бұлар және еттің ең жақсы жерін әкетті, – деді шал үн қатып. – Бәрі де өңім болмай түсім болса игі еді, жайынды ұстамаған-ақ болайын. Оның мынадай мылжа-мылжасы шыққанына жаным ашиды.

Қарт үндемей отырып қалды, жайын балыққа қарауға енді дәті бармады. Қаны сорғалаған, суға малшынған жайынның дәл қазіргі түсі айнаны аптайтын амальгама сияқтанып, қара қошқыл тартқан, сонда да бүйіріндегі жолақтары білініп тұрды.

– Теңізді шарлап, тым ұзап кетпегенім мақұл еді, – деді шал. – Мынадай жайсыз жағдайға тап болғаным жанымды қинап отыр. Саған да, маған да жақсы болмады, балығым.

«Жә, налыма! – деді ол өзіне. – Пышақты ескекке таңып байлаған жібің қиылған жоқ па екен, соны тексер. Қолыңды сипап-сылап жанын кіргіз, іс әлі тәмам болған жоқ».

– Пышақты жанып алатын қайрақтың жоғын қарашы, – деді шал ескектің сабына байлаған жібін тексеріп көріп, – қайрақ ала шығуым керек еді.

«Иә, бірталай нәрсені ала шығуың керек еді, қартым, – деп, тағы да ойланып қалды. – Бірақ, алмай шыққансың. Енді жоқ нәрсеңді ойластырып отыратын уақыт емес, қолыңда бармен қарманып, аман-есен құтылудың жайын қарастыр».

– Әй, өзің ақылсып-ақ мазамды алып болдың-ау, – деп сөйледі.

Рульдің тұтқасын қолтығына қысып ұстап, екі қолын бірдей суға малыды. Қайық алға қарай жүзіп келе жатты.

– Соңғы акула қанша етті қылғығанын бір Құдайдың өзі білсін. Жайынның салмағы жеңілдеп қалған екен, – деді шал.

Жайынның іші жарылып, ішек-қарны ақтарылып түскенін ойына алмауға тырысты. Акуланың қайықты әр дір еткізіп қалғаны – бір кесек етті жұлып әкеткені екендігі көңіліне аян отыр; енді жайынның бүкіл акула атаулыны шақырып, су ішінде тас жол секілді жап-жалпақ із қалдырып келе жатқандығын және сезді.

«Мынадай балық бір кісіге қыстай азық болар еді... Мұны ойлап қайтесің, шалым! Тынығып ал, балықтың қалған етін қорғап қалу үшін қолыңды жазып алуға тырыс.

Менің жарақаттанған қолымнан аққан қанның иісі, жайын балықтың суға араласқан қанының иісіне қарағанда түк те емес. Қазір қолым қанап та отырған жоқ. Алақанға түскен тілік онша терең емес. Сол қолымның аздап қанағаны да дұрыс, құрыспайтын болады.





Дәл қазір нені ойласам екен? Еш нәрсені де ойлама, тағы да келіп ақула соқтықпас деймісің, соны күткенің абзал. Шынында да осының бәрі өңім болмай түсім болса игі еді. Дегенмен, кім біледі, әлі де желім оңымнан тұруы ықтимал».

Келесі ақула жалғыз кезікті, бұл да жалпақ тұмсықты ақула еді.

Өзі тұра астауына еңкеңдей ұмтылған шошқа секілді, бірақ адамның басын бір қауып, жұлып аларлық арандай ашылған аузы жоқ қой шошқаның.

Шал бағып тұрып, ақула жақындап кеп балыққа тісін қадай берген мезетте, пышақ таңылған ескегімен дәл басына түйіп жіберіп еді. Ақула шалқалап аударылып түскенде, пышақ омырылып сынып кетті.

Шал рульге кеп отырды. Бірте-бірте суға ақырын батып бара жатқан ақулаға көзінің қырын салған да жоқ. Бұрын мұндайға қызыға қарайтын еді. Ал қазір қарағысы келмеді.

– Қолымда енді багор ғана қалды, – деді ол. – Бірақ одан не пайда? Бұдан басқа екі ескек, бір румпель және тоқпағым бар.

«Иә, енді мені ақулалар жеңуге айналды, – деген ой келді басына, – Ақуланы тоқпақпен ұрып өлтіруге халім жоқ, тым кәрімін. Сонда да қайрат қылып, ескегімнің, румпель мен тоқпағымның қашан талқаны шыққанша шайқасармын».

Ол тұзды суға қолын тағы да малыды.

Күн кешкіріп қалды, көзге тек аспанмен астасқан телегей теңіз ғана көрінеді. Жел қатая түсті, көп кешікпей жердің де қарасы көрінер деп дәмеленді қария.

– Шалым, сен қалжырадың. Жан дүниең де қажыды, – деді ол

Күннің көзі ұясына батар алдыңда ақулалар тағы да тиісті бұған.

Жайын балықтың жосылған қанының ізімен келе жатқан ақуланың шоқтығындағы үшкіл қоңыр қанаты шалдың көзіне бірден шалынды. Ақула екеу еді, қайыққа қатарласып кеп қалды.

Шал рульді румпельмен тіреп, желкенді бекітіп байлады да, қайықтың артқы жағында жатқан тоқпақты қолына алды. Бұл – сынған ескектен кесіп алынған, ұзындығы жарты құлаштай кеспелтек ағаш еді. Шал тоқпақты тұтқасынан оң қолына нығарлай ұстап, алақанының сыртынан жіппен орап таңды да, ағындап келе жатқан екі ақуланың жақындай түсуін күтті. Екі ақуланың екеуі де – галанос еді.

«Асықпайын, әуелі біреуі келіп балыққа тісін мықтап тұрып қадасын, нақ сол кезде қақ тұмсықтан, не дәл қарағұстан соғып жіберейін», – деп ойлады шал.

Екі ақула қатар жүзіп келді де, бергі жағындағысы аузын арандай ашып, жайынның жарқылдаған бүйіріне тісті салып қалған мезетте, шал тоқпақпен ақуланы желке тұстан құлаштай соғып жіберді. Қолына қатты дүмпу сезілсе де, сүйегі берік мығым қол



### Сөзмаржан

**Дентусо** – акуланың түрі.  
**Амальгама** – (франц. amalgame – қорытпа) – сынап араласқан металлдардың қорытпасы. Амальгама сұйық және қатты болуы мүмкін. Бұл сынап пен басқа металлдардың арасалмағанына байланысты.

**Румпель** – жүргізу тұтқасының (руль) үстіңгі бөлігіне кигізілген мүйізшелер.

талықсымады, шал тоқпақпен акуланы дәл тұмсықтан тағы да қойып қалды. Балыққа жабысқан акула сылқ түсті.

Екінші акула балықтың етінен жұлып алып, кейін кетті де, аузын арсита ашып, қайта бұрылды. Оның ақсиған тісіне қыстырылған аппақ талшық етті шал айқын көрді. Тоқпағын құлаштай сілтеп еді, бірақ акуланың қарағұсына дөп тигізе алмай, тек төбесінен соқты. Акула қартқа көзін бір аударып қалды да, еттен аузын толтыра жұлып алды. Сол кесегін жұту үшін сәл шегіншектей бергенде, шал оны тағы да соғып жіберіп еді, бұл жолы да тоқпағы акуланың төбесіне дүңк етіп тиді.

– Қане, галанос, жақындашы бермен қарай. Тағы да бір жақындап көрші, – деді шал.

– Қане, галанос, жақындашы бермен қарай. Тағы да бір жақындап көрші, – деді шал.

Акула қайыра ұмтылып, жайынға оқша атылып кеп, тісін сақ еткізіп сап қалғанда, шал оны тағы да періп жіберді. Тоқпақты құлаштай көтеріп, бар пәрменімен соғып еді. Бұл жолы қарағұсқа дәл тигізді де, тоқпағын шапшаң көтеріп ап, дәл сол тұстан тағы да бір соғып қалды. Балыққа жабысқан акула, тістеген жерінің етін собалаңдай жұлып, төмен суси берді.

Шал бұларды су бетіне тағы да шыға келер деп ойлап еді, бірақ, акуланың екеуі де қайтып көрінбеді. Біраздан соң біреуінің қайықтың қасында үйіріліп жүргенін қарт байқап қалды. Ал екінші акула көзге түспеді, ол біржола ғайып болды.

«Мен бұларды шоқпармен ұрып өлтіремін ғой деп ойлаған да жоқпын. Бұрын өлтіре беретінмін, – деді қария ішінен, – әйткенмен екеуін де қансыратып жібердім, жағдайлары онша тәуір бола қоймас. Тоқпақ сәл ұзынырақ боп, қос қолдап соққанымда алдыңғы акуланы сеспей қатыратыным анық еді. Қартайсамдағы, осы қазіргі күйімде-ақ серейтіп салатын едім».

Жайынға қарауға енді мүлде дәті бармады шалдың. Оның жарты етінің ада болғанын іші сезіп отыр. Бұл екі акуламен айқасып жүргенде, күн батып кеткен.

– Қазір қараңғы түседі. Сол кезде Гавананың жылтылдаған оттарын көрермін, – деді ол. – Ал, шығысқа қарай тым ауытыңқырап кеткен болсам, онда со жақтағы жаңа курорттардың біреуінің жарығы көрінер.

«Жағалаудан тым жырақта қала алмаспын. Жұрт мені қайда жоғалып кетті деп алаңдап отырған шығар, – деген ой келді басына, – әсіресе, серік балам қатты алабұртып отырған болар. Бірақ, ол менің аман-сау екендігіме күмәнданбаса керек! Егде



балықшылардың тықыршуы мүмкін. Жастар жағы да алаңдар. Мен сол жақсы адамдар арасында күнелтіп жүрген қартпын ғой».

Акулалар жайынның дал-дұлын шығарып кеткендіктен, шал оған қарауға дәті де бармай, оған арнап тіл де қата алмай отыр еді. Кенет басына бір тың ой келді.

– Жарты балық! – деп үн қатты ол жайынға. – Бұрынғы бүтін балық! Қиырға сонша ұзап кеткенім бекер-ақ болды – ау. Сені де, өзімді де сорлаттым. Дегенмен, екеуіміз бірталай акуланы өлтірдік, біразын қансыратып жібердік. Сен қарт балық, өзіңнің осы ғұмырыңда бұлардың талайының көзін құртқан шығарсың, ә? Тұмсығының найзадай сүп-сүйір боп бітуі тегін емес.

Шал толғанып, егер осы жайын теңізде емін-еркін жүзіп жүрген болса, акуланы қалай жайқар еді деген бір ойға кетті.

«Акулалармен шайқасу үшін мен мұның сүйір мүйіз тұмсығын кесіп алайын» – деп ұйғарды ол. Бірақ жанында балтасы жоқ еді, пышағы да сынып қалды.

«Жайынның мүйіз тұмсығын кесіп алсам, ескектің сабына бекітіп байлар едім де, мұным тамаша қару болып шығар еді. Міне, нақ сонда бұл балық екеуіміз қол ұстаса қимылдаған болар ек! Акулалар түнде тап келсе қайтпексің, шалым? Қолыңнан келер не қайрат бар?»

– Айқасамын. Кеудемнен жаным шыққанша айқасамын, – деді ол.

### ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. Шал теңізде немен қоректенеді?
2. Шал акуламен айқасын неліктен бейсбол сайысына теңеп, өзінің сүйікті спортшысы Ди Маджиноны есіне алады?
3. Үзіндіде балықшы шалдың психологиялық жай-күйі қалай бейнеленген?
4. Шал теңіздегі ұзақ сапарында қандай ойларды жанына серік етеді? Шал күнә туралы неге ойланып кетті? Өзін қалай жұбатты?
5. Сантьягоның мұхит пен теңізді мекендейтін жыртқыштарды жақсы білетінін үзіндіден мысалдар келтіре отырып дәлелдеңдер.
6. Ол су жыртқыштарымен неге арпалысады?
7. Шалдың акулалармен айқасы кезіндегі іс-әрекеттерін жазушы қалай сипаттаған?

### ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

1. Үзіндіні негізге ала отырып, кестені топпен бірге толтырыңдар.

Қандай оқиға болды?	Оқиға қалайша болды?	Оқиға кімдердің басында болды?	Оқиға қалай баяндалған?	Болған оқиғаға автордың көзқарасы



2. Шал акулалармен неше рет айқасқа түсуге мәжбүр болады? Үзіндіден мысалдар келтіріңдер.
3. Кейіпкердің болмысы мен табиғатын ашу үшін топпен бірге «Блум түймедағы» стратегиясына сай анықтауыш сұрақ, тәжірибелік сұрақ, бағалау сұрағы, интерпретациялық сұрақ, қарапайым сұрақтар құрастырыңдар.

### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. Повестің идеясы мен тақырыбын ашып, жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстырып, сыни баға беріңдер. «ҚҚҚ кестесі».

Маған үзіндіден қызық болған 2 нәрсе	Маған үзіндіден қиын болған 2 нәрсе	Маған үзіндіден құнды болған 2 нәрсе
1.	1.	1.
2.	2.	2.

2. Шығармадағы Сантьяго бейнесін оның қандай қасиеттері даралап тұр? Ойларыңды түйіндеп, сыни баға беріңдер. «Табыс сатысы» әдісі.
  - 1-баспалдақ. **Мен ... білемін.**
  - 2-баспалдақ. **Мен ... түсінемін.**
  - 3-баспалдақ. **Мен ... жасай аламын.**

## ШАЛ МЕН ТЕҢІЗ

(жалғасы)

4

Қараңғыда алыстан жылтыраған не от, не шапақ көрінбеді; уілдеген жел үні ғана, жел кернеген желкеннің тысырлағаны ғана кеудесіне қойып еді, қолдарының жаны кеткен жоқ екен, саусақтарын бір ашып, бір жұмғанда, сыздап ауырғаны сезілді, бұл – тіршіліктің белгісі. Шал қайықтың артқы жақтауына сүйеніп еді, тақтай иығына батты, өзінің тірі екендігіне қарттың сонда ғана көңілі сенді.

«Жайын балықты соғып алар болсам, оқырмын деп серт қылған дұғаның бәрін оқуым керек, – деп ойлады шал. – Бірақ қазір дәрменім жоқ, тым қалжырап қалдым. Қапшықты алып иығыма жамылайыншы».

Ол қисайып жатып, қайықты тұралап жүздіре берді; Гавана шамдарының аспанға түскен шапағы қашан көрінер екен деп, қадағалап отырды. «Қолымда жайынның әлі жарты еті қалды, – деп ойлады, – жолым оңғарылып, тым құрығанда осыны үйге аман-есен жеткізермін. Жолымның бір оңғарылар кезі болды ғой!.. Жоқ, – деді шал өзіне, – жазығың бар, қайығың тым алысқа



ұзап кеткен кезде, осы балық қармағыма қайдан ілініп еді деп ренжіген болатынсың».

– Жоқтан өзгені көкіме, шалым! – деді ол өз ойын өзі бөліп. – Ұйықтап қалма, рульдi бақ. Сенің де басыңа бақ қонар.

– Егер бір жерде сатылатын болса, өзіме аздап бақыт сатып алар едім, – деді шал.

«Неменеңе сатып алар ең? – деп, өзіне және сауал берді – Жоғалтқан гарпуныңа ма, не сынған пышағыңа ма, әлде қырық тілім болған қолыңа ма? Кім білген! Теңізден балық аулауға шыққан сексен төрт күн бойында іздегенің бақыт болды, соны сатып алғың келді. Саған сол бақытты сата да жаздады ғой...

Жә, жоқтан өзгені ойлаудың керегі не. Адамға бақыт түрліше түрде келмек, оны танымай қалармын деймісің? Бақыттың қандай түрі болса да, таңдамай-ақ, аздап сатып алар едім, сұрағанын төлер ем. Гавана шамдарының аспанға түскен шапағы көрінсе екен көзіме, – деп те ойға берілді шал. – Қартым, сен өзің бар жақсылық басыма бірден орнай қалса дейсің-ау. Жоқ, дәл қазір тек Гавананың жарқыраған оттарын көрсем екен, өзге тілек тілемен».

Ол рульдің қасына жөнделіңкіреп отырғысы кеп қозғалып көріп еді, тұла бойы қақсап қоя берді, өзінің шынында да тірі екендігіне шалдың көзі енді ғана анық жетті.

Қала оттарының аспанға түскен шапағы оған түнгі сағат онның шамасында көрінді. Ай туып келе жатқан кездегідей, әуелі бозалаң сәуле білінді де, бірте-бірте айқындала берді. Шал осы көрінген жарықты бетке алып жүзіп келеді, енді Гольфстримге ілігуге аз-ақ қалдым деп ойлады.

«Әйтеуір жердің қарасы көрінді-ау, – деді ішінен. – Әрине, акулалар маған тағы да келіп соқтығар. Бірақ құр қол адам қараңғыда оларға не қайрат қыла алмақ».

Шалдың тұла бойы сырқырап шанышты, тілім-тілім қол-аяғының жарасына түнгі салқын жайсыз тиіп, ауырта түсті. «Мүмкін, енді акула кезіге де қоймас, айқасқа түспеспін, – деп те ойлады. – Тек айқасқа түспесем екен енді».

Бірақ, түн ортасы шамасында акулалармен тағы да айқасты ол; бұл жолғы айқастан түк өнбесін білді де. Акулалар үйірімен кеп тиісіп еді, шал олардың қыр арқасындағы қанаттарының суды тілген ізін ғана, жыртқыштардың жайынға атылған кездегі қылаң еткен елесін ғана көрді. Акулалар қайықтың астыңғы жағынан кеп тістерін сақ еткізіп салып жіберіп жайынды жұлқылағанда, қайық қалт-құлт етті. Шал дыбыс білінген тұсты жобалап, тоқпақпен төпелей берді, бір кезде қолынан тоқпағы да ұшып кетті.

Ол енді румпельді шығырынан жұлып алып, қос қолдап ұстап, жыртқыштарды оңды-солды соққылады. Акулалар қайықтың тұмсық жағына үймелесіп қалған екен; жайынға бірінен соң бірі



ұмтылып, оның етін дал-дұл ғып жұлып жеп жатыр. Кейін қарай шегіне беріп, жеміне қайыра атылады.

Ақыр соңында бір аула жайынның дәл басына ұмтылып жүзіп барды, балықтың қауқиған басынан өзге дымы қалмағанын шал сонда білді. Жайынның тастай бас сүйегіне акуланың тісі кірш етіп қадалған мезетте шал оны дәл тұмсықтан румпельмен періп қалды.

Құлашты кере сермеп, тағы да екі-үш қайыра соғып жіберіп еді. Румпель сатыр-сұтыр етіп жарылып, омырылып сынып кетті де, шалдың қолында оның тек шолтиған сабы ғана қалды. Қарт енді сол саппен түйіп қалып еді, ағаш акуланың денесіне кірш ете қалды. Сап ағаштың сынық жағы үшкір екенін сезіп, акуланы тағы бір түйіп жіберді шал. Аула балықты тастай беріп, әрі қарай жылысып кетті. Үйірімен келіп тиіскен акуланың бұл – ең соңғысы еді. Бұл да тайды, өйткені, балықтың енді құр сүйегінен басқа, жейтіндей ештеңесі қалған жоқ еді.

Шал демін әрең алып отырды, аузына өзгеше бір дәм білінді. Балға ұқсас тәтті дәм. Шал бір сәт қорқып қалып еді, бірақ көңілі орнына тез түсті. Ол мұхитқа түкіріп тастады да:

– Галанос, асаңдар, жапырыла ұмтылыңдар! Адамды өлтірдік деп масайраңдар, – деді.

Қарт енді өзінің оңалмастай боп әбден жеңілгенін білді де, қайықтың арт жағындағы орнына жылжып барды; румпельдің қолындағы тұқылын рульдің кертесіне сұғып көріп еді, тұра келді, енді осыны ілдәла ғып, рульді ептеп басқаруға болатын секілді.

Шал иығына қапшығын жамылды да, қайықтың бағытын түзеді. Қайық енді жеңіл жүзді, шал да енді ештеңені сезбеді де. Оған енді бәрібір еді, тек қайығын жағаға тезірек жеткізсе, жақсы жеткізсе болғаны.

Түнде акулалар, бейне үстел үстінде қалған сарқытқа қомағайлана бас салған ашқарақша, балықтың қаңқасына таптап берді. Шал бұларға назар салған жоқ. Өзінің қайығынан басқа еш нәрседе жұмысы болмады оның.

Жайынның құр қаңқасы қалғаннан кейін қайықтың жеңілденіп, жүрісі шапшаңдай түскенін ғана сезіп келе жатты.

«Қайығым жап-жақсы, – деп ойлады, – тек румпельдің сынғаны болмаса, еш жеріне зақым түскен жоқ, бүтін. Ал румпельдің жаңасын орнатып алудың қиындығы жоқ».

Шал қайықтың жағаға таяп қалғанын сезді, теңіз жағалауындағы поселкелердің жылтыраған оттары көрінді. Қарт өзінің қай жерде келе жатқанын да білді, енді үйге жетудің еш қиындығы жоқ.

«Жел жарықтық дос қой бізге, – деді ішінен. – Дегенмен, үнемі дос та емес-ау, – деп бір қойды. – Шалқар теңізде қастарымыз, достарымыз баршылық. Ал, төсек бар ғой, соны айтамын. Төсекте жату деген – ғажап нәрсе! Жеңіліске ұшырасаң, көңілің жай таба-



ды екен. Бұлай болатынын білмейтін ем... – деп ойланып қалды қарт. – Шалым, сені жеңген кім осы? – деді өзіне сауал беріп. – Ешкім де емес, – деп жауап қайырды. – Шығандап тым ұзап кеткенімнің кесірі».

Ол қайығымен кішкентай қойнауға кеп кіргенде, Террасаның маңы қараңғы еді, шамдар сөнген; жұрттың бәрі ұйықтап қалған. Жел уілдеп, бұрынғысынан да күшейе түсті. Гавань төңірегі тып-тыныш; шал жартастың ығына таман таяла бергенде, қайығы қайырға тиіп, қайраңдап қалды. Оған жәрдемдесіп жіберетін ешкім жоқ, шал өзі тырбанып қайығын ілгері жылжытыңқырады да, сосын жерге түсіп, қайықтың бауын жартасқа іліктіріп байлады.

Кіндік діңгекті суырып алып, оған желкенді домалатып орады да, сыртынан жіппен буды. Содан соң діңгекті иығына салып, өрге қарай аяңдап еді, өзінің әбден қалжырап біткенін ол сонда ғана сезді. Бір сәт аялдап, жан-жағына қаранып еді, қайығының артқы жағында бұлғандаған жайынның алып құйрығына көзі түсті, жарқабақтанған ірі толқын балықтың құйрығын жоғары серпіп, көтеріп-көтеріп тастайды; қайық жаққа көшедегі қолшам жарығы түсіп тұрғандықтан, балықтың тізілген омыртқасының ағараңдаған желісі де шалға көрінді, сүйір мүйіз тұмсығы қаңқиған жайынның басы да қарауытып көзге шалынды.

Шал өрге қарай қайтадан қадам басты. Қырқаға шыға бере құлай кетіп, кіндік діңгекті иығына салған күйінде біраз жатты.





Содан соң, түрегелмек болып еді, қол-аяғынан әл кетіп, бойын жаза алмай қалды. Жолға көз жіберіп, осы қалпы едәуір отырды. Бір мысық жолды кесіп жүгіріп өтті, шал оның кеткен жағына біраз қарап отырды да, енді көзін сұлық жатқан жолға аударды.

Бір кезде ол иығындағы кіндік діңгекті жерге тастай беріп, орнынан түрегелді. Сонсоң діңгекті көтеріп иығына қайтадан салды да, жолмен жоғары өрлей берді. Өзінің лашығына жеткенше бес рет аялдап, дем алды.

Үйге кірген соң кіндік діңгекті қабырғаға сүйеп қойды. Су құйылған құмыраны қараңғыда қармалап тауып алып, қанып ішті де, кереуетіне келіп жатты. Көрпешеммен иығын бүркеп, арқасын, аяғын қымтады да, төсеніш ретінде жайылған газетке бетін басып, алақанын жайған күйі екі қолын созып жіберіп, ұйықтап кетті.

Ертеңіне шалдың серік баласы лашыққа кеп кіргенде, қарт ұйықтап жатыр еді. Жел өте күшейіп кеткендіктен балықшылар бүгін теңізге шықпаған еді, ешкім оятпаған соң бала ұйықтап қалған-ды, ұйқысы қанған соң өзі оянып тұрып, күндегі дағдысынша таңертең шалдың лашығына соққан. Бала қарттың ақырын ғана дем алып жатқанын көрген соң көңілі тыншып еді, бірақ, шалдың тілім-тілім қолдарын көргенде жылап жіберді. Қарияға кофе алып келу үшін лашықтан ептеп қана шықты да, асханаға бет алды, жеткенше жылап барды.

Шалдың қайығының маңына балықшылар жиылып қалған еді, қайыққа қосақталған ғаламат нәрсеге бәрі таңдана қарасанды; біреуі шалбарының балағын түріп алып, су ішінде жайынның қаңқасын жіппен өлшеп жатыр.

Бала бұлардың қасына барған жоқ, өзі әлгінде ғана көріп кеткен болатын, қайықты мен қарайлай тұрайын деп бір балықшы оған уәде еткен-ді.

– Қарттың халі қалай екен? – деп дауыстады балаға бір балықшы.

– Ұйықтап жатыр, мазалауға болмайды, – деп жауап қатты бала. Өзінің ағыл-тегіл жылап келе жатқанын балықшылар көрсе көре берсін дегендей, көзінің жасын сүрткен де жоқ.

– Мынаның тұмсығынан құйрығына дейінгі ұзындығы он сегіз фут шықты, – деп дауыстады жайынды өлшеп жатқан балықшы. – Бірде кем емес, – деді бала.

Ол Террасаға енді де, бір құты кофе сұрады.

– Ыстық кофе беріңізші маған, сүті мен қанты молырақ болсын, – деді.

– Тағы да бірдеме алсаңшы.

– Керегі жоқ. Әуелі кофені ішсін, сосын не керек боларын өзім байқармын.

– Ой-пой, бұ не деген нән балық! – деді қожайын. – Мұндай нән балықты көрген емен. Айтпақшы, сен де кеше екі ірі балық ұстадың ғой.





– Адыра қалсын ол балықтар! – деп, бала тағы да жылап жіберді.

– Бірдеңе жұтқың келе ме? – деп сұрады қожайын.

– Жоқ, – деді бала. – Ана балықшыларға айт, Сантьягоның мазасын алмасын. Мен қазір қайтып келем.

– Шалға қатты жаны ашып тұр дегейсің мені.

– Рахмет, – деді бала.

Ол бір құты ыстық кофені әкеліп, шалдың қасына барып отырды да, қария қашан оянғанша орнынан тапжылмады. Балаға қарт бір мезет ояна берген секілді көрініп еді, бірақ шал сәл ғана қозғалып, қалың ұйқыға қайта енді. Бала кофені ысыту үшін жолдың арғы бетіндегі көршілерге барып, қарызға біразырақ отын сұрап әкелді.

Бір кезде шал да оянды.

– Тұрма, жата бер, – деді оған бала. – Мә, іш мынаны! – Ол стаканға кофе құйып, шалға ұсынды.

– Акулалар маған бой бермеді, Маналин. Олар жеңді мені, – деді қарт.

– Дегенмен саған жайынның шамасы келген жоқ қой! Ол сені жеңе алмады ғой!

– Оны айтып қайтесің, болары болды.

– Сенің қайығыңды, құрал-сайманыңды мен қарайлай тұрайын, – деді Педрико. Анау жайынның басын қайтесің?

– Оны Педрико алсын да, паршалап бұзып ау құрғанда балыққа жем қылсын.

– Ал жайынның мүйіз тұмсығын не істейсің?

– Оны ескерткіш ретінде өзің ал, қаласаң.

– Мақұл, – деді бала. – Ал енді алдағы уақытта не істейтінімізді ақылдасалық.

– Мені іздеді ме?

– Әрине. Жағадағы күзетшілер де, ұшақтар да іздеді.

– Мұхит – ұлан-ғайыр да, қайық болса – құрттай ғана, көзге қайдан шалынсын, – деді шал.

Кешеден бергі сырласы теңіз ғана еді, енді қазір қасында ақылдасар адамы отырғаны жанын жадыратып жіберді. Сені сағынып қалыппын, – деді қарт. – Өзің ештеңе ұстап алдың ба?

– Әуелгі күні бір балық, келесі күні және бір балық, үшінші күні екі балық ұстадым.

– Бәрекелді!

– Енді бұдан былай балықты екеуіміз қайтадан бірігіп аулаймыз.

– Жоқ. Мен – бақытсыз адаммын. Енді жолым болмайды.

– Жолым болмайды дегенді қой, – деді бала. – Мен сенің қолыңа бақыт құсын қондырамын.

– Менің қасыма ергеніңе ата-анаң не дер екен?



– Не десе, о десін. Кеше екі балық ұстадым. Мен әлі көп нәрсені үйренуім керек, сол үшін бұдан былай балықты сенімен бірігіп аулаймын, қасыңда боламын.

– Жақсы бір қарымды найза тауып алып қолымнан тастамай алып жүруім керек екен. Оның үшкір ұшын «фордтың» рессорынан жасауға болады. Қайрақшыға апарып, қырын қылпытып қайрап аламыз. Ұшы үшкір, қыры өткір болуы керек, суарып шындаудың қажеті жоқ, морт сынбауына жақсы болады. Пышағым екі бөлініп сынып қалды.

– Мен саған жақсы пышақ тауып берем, рессорды да қырлап, ұштау қолымнан келеді. Мына азынаған жел неше күн соғар екен?

– Үш күн соғады. Бұдан да көпке созылып кетуі мүмкін.

– Ендеше оған дейін бүкіл істі реттеймін. Ал сен қолыңды емдей бер әзірше, – деді бала.

Қолымды қалай емдеуді білемін ғой. Түнде аузыма бір түрлі бір жылымшы жаман дәм келген соң, түкіріп тастап ем, қолқам үзілгендей болды.

– Қолқанды да емде, – деді бала. – Төсегіңнен тұрма, жата бер, ата, саған қазір таза жейде әкеп берейін. Жейтін бірдеңе және ала келейін.

– Мен жоқ кезде шыққан газеттердің біреуін ала келші, – деп өтінді шал.

– Сенің тезірек сауығыуың керек, өйткені мен сенен бір нәрсені үйренуге тиістімін. Сен маған талай нәрсені үйрете аласың да. Жарақатың жаныңа қатты батты ма?

– Қатты батты, – деді шал.

– Мен тамақ алып келейін, газетті де ала келейін. Сен дем ал, ата. Дәріханаға соғып, қолыңа жағатын бір дәрі де ала қайтайын.

– Педрикоға айт, жайынның басын өзі алсын, ұмытып кетпе.

– Ұмытпаймын.

Бала лашықтан шығып, ескі тастақ жолмен төмен ылдилап түсіп келе жатып, тағы да жылап алды...

– Сол күні Террассаға бір топ туристер келіп еді. Шығыстан соққан желдің екпінінен ақжалдана дөңбекшіген биік толқындарға қарап тұрған турист әйелдің бір нәрсеге көзі түсті; бұл – теңіздің қолтығына толқын айдап келген қоқыстың, босаған қалбырлар мен өлген медузалардың арасында бірге қалқып, су бетінде ағараңдап, тербетіліп жатқан алып жайынның қаңқасы еді.

– Бұл не нәрсе? – деп сұрады даяшыдан турист әйел, толқын ысырып

### Сөзмаржан

**Лашық** – уақытша тұруға арналған шағын баспана.

**Цент** – (ағылш. cent; лат. centum – жүз) – АҚШ-тың, Австралияның, Канаданың, Жаңа Зеландияның т.б. елдердің ұсақ монетасы, есеп ақша өлшемі.



бара жатқан қоқыстың арасында қалқыған алып балықтың шұ-  
балған омыртқа сүйегін нұсқап.

– Tiburon, – акула, – деді даяшы. Ол болған жайды турист  
әйелге түгел айтып беруге оқталды.

– Акуланың сәнді иіле біткен мұндай сұлу құйрығы болаты-  
нын білмейтін ем, – деді турист әйел.

– Мен де білмейтін ем, – деді қасындағы серігі.

Жоғарыда, өзінің лашығында, шал қайтадан ұйықтап кеткен  
еді. Тағы да етпетінен жатыр, серік баласы қасында қарауылдап  
отыр. Шал түсінде арыстандарды көріп жатты.

*Аударған Нығмет Ғабдуллин*

### ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. Үзіндіні оқып, мазмұнына сай тақырып қойыңдар.
2. Үзіндіні бөліктерге бөліп, әр бөлікте не айтылғанын қысқаша жеткізің-  
дер.
3. Үзіндідегі негізгі ойды танытатын тірек сөздерді белгілеңдер. Негізгі ой  
қай бөлікте деп ойлайсыздар?
4. Жазушының осы повесть арқылы жеткізгісі келген ойын анықтаңдар.
5. Шығармаға композициялық талдау жасаңдар.
6. Өзіне онша сенімді болмаса да, акулалармен айқасқа бел байлағанынан  
шалдың қандай қасиеттері байқалды?
7. Үзіндіде серік баласы шалға қалай қамқорлық көрсетеді?
8. Егде Сантьяго мен жасөспірім Маналин арасындағы достық туралы  
пікірлерің қандай?
9. Автор қарт балықшының алып күшті бағындырғанын қандай деталь  
арқылы танытқан деп ойлайсың?

### ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Үш топқа бөлініп, балықшы кәсібі туралы жұмыс орындаңдар.

I, II топ: Шығарманы оқи отырып, балықшы кәсібінің қызығы мен қиын-  
дығы туралы қандай ой түйдіңдер? Кестені толтырыңдар. Түйінді ойларыңды  
мақал-мәтел, нақыл сөздермен тұжырымдаңдар.

I топ	II топ
Балықшы кәсібінің қызығы неде? .....	Балықшы кәсібінің қиындығы неде? .....

III топ: Балықшы болу үшін адамда қандай қасиеттер болуы қажет деп  
ойлайсыңдар? «Ой картасын» сызып, дәлелдеңдер.

### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. «Шал мен теңіз» повесіндегі оқиға шешімі оқырман ретінде сендерге  
қалай әсер етті? Ойларыңды талдап жазыңдар.



2. 1-жұп – Сантьягоға, 2-жұп Маналинге кесте толтырыңдар.

Үзінді атауы	Үзінді кейіпкерлері	Үзінді кейіпкерлері қандай?	Қандай жағымды қасиеттері ұнады?	Кейіпкерге ұқсағың келе ме?

3. Кестені пайдаланып, үзінділердегі жазушының айтар ойы мен өз ойыңды жеткіз.

Бөлімдер	Жазушының айтар ойы	Менің ойым	Тұжырым
1-бөлім			
2-бөлім			
3-бөлім			
4-бөлім			

4. Топпен бірге «Шал мен теңіз» повесі бойынша «Жазушы тілінің сөздігін» құрастырыңдар.

Тілдік ерекшеліктер	Үзіндіден мысалдар
Балықшы құрал – жабдықтарының атауы	
Балық атаулары	
Жергілікті тілдік ерекшеліктер	
Фразеологиялық-идиомалық тіркестер	



## ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ

### Портрет туралы түсінік

**Портрет** – (француздың «бейнелеу», «бейнеленген» деген сөзінен алынған) өмірдегі немесе өмірде болған бір адамды немесе адамдар тобын бейнелеу немесе суреттеп жазу. Портрет – әдеби кейіпкерлердің сырт көрінісін, кескін-кейіпін, бой-тұлғасын суреттеу.

Портрет бейнелеу өнерінде кескіндеме, мүсін, графика, фото өнерінің басты жанрының бірі болып табылады. Нақты адамның түр-сипатын бейнелеу портреттің негізгі белгісі саналады.

Көркем әдебиеттегі портрет адамды сыртқы тараптан сипаттаумен ғана шектелмей, оның рухани ішкі әлемін ашумен қатар, сол тарихи дәуірдің, ұлттың, әлеуметтік ортаның қайталанбас өкілі екендігін шынайылықпен бейнелейді.



## II ТАРАУ

### ТУҒАН ЖЕР – АЛТЫН БЕСІГІМ

#### МАҒЖАН ЖҰМБАЕВ: «БАТЫР БАЯН»

##### Бұл тақырыпта біз:

1. Мағжан Жұмбаевтың өмірі мен шығармашлығынан мәлімет аламыз;
2. «Батыр Баян» поэмасының мазмұнымен танысамыз;
3. «Батыр Баян» поэмасына әдеби талдау жасап, тарихи мәліметтерге ие боламыз.
4. Поэманың мазмұнын меңгере отырып, өзіндік тұжырым жасауға, жалпы болжам жасап, ой қорыта білуге үйренеміз.

### ЖАЗУШЫМЕН ТАНЫСАМЫЗ

#### Мағжан Жұмбаев

(1893–1938)

Қазақ әдебиетінің ХХ ғасыр басындағы жарық жұлдызы, ақын, ағартушы, педагог, қоғам қайраткері, аудармашы Мағжан Бекенұлы Жұмбаев 1893 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, М. Жұмбаев ауданының Мағжан ауылында дүниеге келген.

Алғашқы білімді Аханов Ахметдин атты ұстаздан алған соң, Мағжан 1905 жылы Қызылжардағы медресеге оқуға түседі. Мағжан медресеге келген алғашқы күннен бастап әдебиет пен шұғылданған. Қазақ, татар әдебиеті мен қатар араб, парсы әдебиетін де өте жақсы білген.

Мағжан Жұмбаев 1910 жылы Міржақып Дулатовпен кездесіп, ақыннан орысшы сауатын ашады. 1911-1912 жылдары Уфадағы «Ғалия» медресесінде білім алған Мағжан сол жерде татар жазушысы Ғалымжан Ибра-





гимовпен танысып, ақындыққа бір жола ден қояды. 1912 жылы М.Жұмабаевтың «Шолпан» атты өлеңдер жинағы жарық көреді.

1913–1916 жылдары Омбыдағы мұғалімдер семинариясында білім алады. 1923–1927 жылдары Мәскеудегі Жоғары әдеби-көркемөнер институтында оқып жүріп орыс және Батыс Еуропа әдебиеттерімен терең танысады.

Ақын өзінің «Мен жастарға сенемін», «Балалық шақ», «Жазғы таң», «Қазағым», «Түркістан», «Бостандық» және т.б сияқты түрлі тақырыптарға арналған өлеңдерінде өзінің ақындық қуатының өте жоғары екенін танытты. «Батыр Баян», «Ертегі», «Қорқыт», «Жүсіпхан» атты поэмаларында халықтың тарихы мен жеке тұлғалардың іс-әрекеттері суреттеледі.

М. Жұмабаевтың педогогика саласында «Педагогика», «Бастауыш мектептегі ана тілін оқыту жайы», «Сауатты бол!», «Оқу жазуға үйрету», «Ересектерге оқу кітабы» т.б. әңгімелерін қазақ тіліне аударды.

М. Жұмабаев аударма саласында да өнімді еңбек етіп, И. Гете, Г. Гейне, М. Лермонтов, А. Фет, А. Блок және т.б. ақындардың өлеңдерін, М. Горький, В. Иванов, Д. Мамин-Сибиряк және т.б. әңгімелерін қазақ тіліне аударды.

Қазақ әдебиетіне тың жаңалық әкелген «Шолпанның күнәсі» атты әңгімесі 1923 жылы «Шолпан» журналында басылған.

М. Жұмабаев 1929 жылы «Алқа» атты жасырын ұйым құрғаны үшін Мәскеудегі Бутырка түрмесіне қамалып, 10 жыл айдауға кесіледі. 1936 жылы М. Горький мен Е. Пешкованың араласуымен бостандық алып, Қазақстанға қайтады. 1938 жылы қайтадан қамауға алынып, ату жазасына кесілді.

## ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

### Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасын оқимыз

Бұл поэмада Баян Батыр туралы айтылады. Аламандықта Батыр Баян бір сұлу қалмақ қызды тұтқынға алады. Баян қалмақ қызына ғашық болып, бірақ қыз жақтан батырдың көңілінен шығатындай жауап болмайды. Қалмақ қыздың есімі – Құралай. Бұл қыз Баянды емес, оның інісі Ноянды сүйіп, екеуі қыздың отанына қашпақшы болады. Батыр Баян бұл істі туған жерді сату деп есептеп, оларды артынан қуып, Құралай мен Ноянды өз қолымен өлтіреді. Қызбалықпен жасалған істен кейін Баян өз ісіне өкініп, екеуін бірге жерлейді. Осыдан кейін, Батыр Баян Абылай ханның рұқсатын алмай, қасына 100 жігітті ілестіріп қалмақтарға аттанады. Сол соғыста Баян Батыр қайтыс болады.



Оқушылар, туған жерге, елге деген шынайы сүйіспеншілік дегенде нені түсінесіңдер?

### «БАТЫР БАЯН» ПОЭМАСЫ

*...бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бойұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжан сөзі.*

М. Әуезов



Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,  
Сұм өмір абақты ғой саналыға.  
Қызыл тіл, қолым емес кісендеулі,  
Сондықтан жаным күйіп, жанады да...

Қиын күн туған алаш баласына,  
Шұбырып жапанның сары даласында.  
Кез болған жаудан үркіп Ақтабанға  
Дұшпанның қалғандай боп табасына...  
Күндерде сонау – қара, тапсырған ел  
Тағдырын Абылайдай данасына.



Сол күнде ел қорғаған Абылайдың  
Қылсаң да аз қанша тәуеп моласына.

Алыстан орыс, қытай – ауыр салмақ,  
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.  
Артында – ор, алдында – көр, жан-жағы жау,  
Дағдарған алаш енді қайда бармақ?  
Сол кезде елге қорған болған Абылай,  
Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап.  
Күндердің бір күнінде хан Абылай  
Қалмаққа ойына алды ойран салмақ.  
Ханынан «Аттан!» деген сөз шыққан соң,  
Ордаға батыр, билер келді аңдап...  
Жиналған өңшең бәрі Бұрабайға,  
Алаштың кебесіндеі ізгі жайға.  
Батырлар бұғаудағы арыстандай,  
Абылай тұңғыық бір терең ойда.  
Бәрі де ел қорғаны – батыр, билер,  
Аттанбай тек жатудан таппай пайда:  
«Жүрелік, жау басынар!» деген сөзбен  
Салады Қанай биді Абылайға.







«Би Қанай бұл қалай!» деп бастағанда,  
Абылай сұрайды одан: «Баян қайда?»  
«Қанайым, ойың удай, тілің шаян,  
Амал не, келген жоққой батыр Баян».  
Көп жаудың албастысы ел еркесі  
Баянның батырлығы алашқа аян.  
Баянның аруақты құр атынан  
Көп қалмақ болмаушы ма ед қорқақ қоян?  
Наркескен, өрттей ескен, қайтпас болат  
Баянсыз қанатымда қалай жаям?!.

Батырлар десті жалғыз «Баян бала-ай!»  
Көкшенің бауырында өңшең көкжал  
Күңіреніп күтіп жатты күндер талай.  
«Жау!» десе жатпайтұғын батыр Баян,  
Апырым-ай, келмеуінің мәні қалай?

Жас Баян жауды талай көрмеп пе еді,  
Сорғалап сұңқардайын төнбеп пе еді.  
Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап,  
Сан қолға аш бөрідей кірмеп пе еді?!  
Жебесі көбе бұзып, жүректі үзбей  
Найзасын, сірә, жалған сермеп пе еді?  
Бірін айт, бәрін айт та, басқа батыр  
Баяндай «Алашым!» деп еңіреп пе еді?  
Бұл жолы кешігуі жай емес қой,  
Тұлпарым кез болды ма орға, тегі!..

Ол күнде аз қазақ пен қалың қалмақ  
Қыран мен қарақұстай алысқан шақ.  
Баласы алты алаштың Абылайдың  
Астында ақ туының табысқан шақ.  
Қазақтың батырлары бәрі қыран,  
Сонда да бір батыр жоқ Баяндай тап.  
Жауының бір жорықта бір сұлуын  
Ер Баян алып қайтқан артына сап.  
Баянның алып қайтқан сол сұлуы –  
Балдырған бөбек дерлік, он төрт жаста-ақ.

Сол сұлу сұлу екен атқан таңдай,  
Бір соған бар сұлулық жиылғандай.  
Торғын ет, шапақтай бет, тісі меруерт,  
Сөздері су сылдырлап құйылғандай.  
Бір улап көзқарасы, бір айнытқан,  
Жұлдыздай еркелеген сөнбей-жанбай.

### Сөзмаржан

**Наркескен** – көне сөз. Болаттан соғылған екі жүзді алмас қылыш.

**Шапақ** – күннің шығар немесе батыр кезіндегі қызыл арай сәулеті.



Лебізі – жібек, лебі-жұмақ желі,  
Кәусардай татқан адам қалар қанбай.  
Шын ер ғой батыр Баян алып қайтқан  
Еліне сол сұлуды естен танбай...

Баянның інісі бар он бес жаста –  
Бөрінің бөлтірігі – бала Ноян.  
Ноянның бар ақылы білегінде,  
Билеген асау жүрек, қайнаған қан.  
Келгенде-ақ сұлудың бір қарауынан  
Ноянның жүрегінде ұшқын туған...

Жас Ноян қызды көріп от боп кетті,  
Көздері қызыл жалын шоқ боп кетті,  
Жер мен көк, ай, жұлдызды тұман басып,  
Бір қыздан басқа нәрсе жоқ боп кетті.  
Келді де, қызға жалын сөздермен  
Шығарды жан ұшырып іштегі өртті...

#### Сөзмаржан

**Кәусар** – бұл жерде: тұнық, мөлдір, таза деген.

**Пақыр** – халі мүшкіл байғұс, сорлы. Бұл жерде: тұтқындамын, бас бостандығым жоқ дегенді білдіреді.

Қыз сонда: «Ноян бауырым – кебем! – деді,  
Мен сенің сүйгеніңе сенем, – деді.  
Сүйемін мен де сені, тәңірі куә,  
Тән түгіл, жаным саған берем! – деді.  
Нояным, бірақ сенен қалауым бар», –  
Деді де, сұлу ойға тереңдеді.  
Сұлудың сырға толы торғын беті-ай,  
Бетінде ешбір толқын көрінбеді.  
Біраздан көздеріне жас мөлдіреп,  
Жас сұлу жылап тұрып күлімдеді.

Қыз сонда: «Қалауым бар, Ноян батыр,  
Адасқан аққу құстай мен бір пақыр.  
Арқаның аруы болып жүрсем дағы,  
Алыста туған өскен жерім жатыр.  
Өткізген балаусадай бөбек күнім,  
Барқыттай белес-белес белім жатыр.  
Айбынды арыстандай құмда кезген,  
Күңіреніп қалың қалмақ елім жатыр.  
Барқыт бел, қашқан қалмақ қалсын адыра,  
Ата-анам – айымменен күнім жатыр.  
Ер Баян біздің елге барған еді,  
Көп қойға көкжал ойран салған еді.  
Бөбегін шырылдатып апкеткенде  
Ата-анам жылап-зарлап қалған еді.



Сорлы анам көкірегін көкке сауып,  
Қан жылап менен бір ант алған еді.  
Ол анты: «Елдің шетін, анаң бетін  
Бір көрмей, қозым, ерге барма!» – деді.  
Анама сөзім-анау, өзім-мынау,  
Жас Ноян, жүгінемін ер деп сені...

Екеуміз Сарыарқадан сапар қылсақ,  
Қатерсіз қосылуымыз берік болмай ма?  
Қаны бір ел едіғой қазақ, калмақ,  
О да бір саған туған жұрт болмай ма?!»  
Деп сұлу сыбырлады сиқыр сөзін,  
Толтырып меруерттей жасқа көзін...

Жас Ноян жас қанына тұншыққан соң,  
Ұмытпай тұрсын қалай өзі-өзін!  
«Жарайды, даярмын!» деп айтып салды,  
Ойланып бір минут та қылмай төзім...

Сол уақыт мезгіл екен дәл таң алды,  
Төзім қып албырт Ноян күтпей таңды.  
Жүгіріп жан ұшырып, жаяу барып,  
Жылқыдан екі жүйрік таңдап алды.  
Азырақ азық алып, қару-жарақ,  
Жүйрікке әсем әбзел тұрман салды.  
Сөйтті де Сарыарқамен есендесіп,  
Екеуі ескен желдей кетіп қалды.  
Кетті олар сәске болды, ауыл тұрды,  
Алдымен ер Баянға хабар барды.

Боз үйде жатыр екен Баян жалғыз –  
Керілген күнге еркелеп жас жолбарыс.  
Ауылдың ақсақалы сөзді әкелген  
Деп бастап: «Баян – айым, бір масқара іс  
Өткен түн болып қапты...» деп шұбыртып,  
Жаудырды екі жасқа нәлет-қарғыс.  
Алайда жас Ноянды ақтай сөйлеп,  
Дей берді: «Қылды-ау бізге қалмақ қар қыз!»  
Ер Баян сұп-сұр болып деді жалғыз:  
«Жарайды... Бар, ақсақал. Ойланармыз».

Боз үйде жалғыз қалып Баян енді,  
Жаралы жолбарыстай күңіренді.  
Қорғасын миын, ойын төмен басып,  
Ақылға алғыр құстай ашу төнді.



Бір көк сұр түс енгізіп бар денеге,  
 Сүм жүрек қанды өзіне жинай берді.  
 Ақыры ашу ерді билеп кетіп,  
 Жалп етіп сөнген шамдай ақыл өлді.  
 Өлді ақыл. Атып тұрып батыр Баян,  
 Боз үйден оқ жыландай шыға келді...  
 Алыстан екі қара көрді Баян,  
 Кілегей қара бұлттай төнді Баян.  
 Ой жоқ боп, жүрек шоқ боп, құр екпін боп,  
 Сұңқардай сорғалаған келді Баян.  
 Қыз түгіл қаны бірге өз бауырын  
 Танымай қалғандай да болды Баян.  
 Байланған белде сала садағына  
 Қалшылдап қалды салып қолды Баян.  
 Ашуын арыстанның байқаған соң,  
 Майысып тұра қалды жап-жас Ноян...

Бір күлді балдырғандай Ноян бала,  
 Ашылған шешек жарып гүлдей жаңа.  
 Еріксіз сотқарлығын кешіретін  
 Еркелеп ерке ұландай күліп қана.  
 Көрсен де дауыл гүлді – басылмады,  
 Ер Баян арыстандай жаны жара.  
 Қалшылдап, көзі қан боп қолын алмай  
 Байланған садағына белде сала.  
 Жас Ноян: «Жан көке!» деп сөз қатқанша,  
 Сұлу да жетіп келіп: «Баян аға!»  
 Дегенше, қалды тартып батыр Баян,  
 Баянның батырлығы алашқа аян.  
 Оқ тиіп жүрегінен құлап түсті  
 Атынан бүктетіліп бөбек Ноян.  
 Жын шуы басқандай боп естімеді  
 «Жан көке, аға!» деген сөзді Баян.  
 Садағын сол секундта тартты тағы  
 Бір ашып, бір жұмбай да көзді Баян.  
 Үстіне інісінің денесінің  
 Түсірді тағы ұшырып қызды Баян.  
 Екі жас аттарынан ұшып түсті,  
 Түскенде бірін-бірі құшып түсті.

Жүректен атып ыршып шыққан қанмен  
 Жалғыз-ақ «Аһ» десті де, «Жаным» десті.  
 Қомағай қара топырақ бүлкіл қағып,  
 Асығып екі жастың қанын ішті.  
 Күлдей қу, тұнжыраған түндей болып,



Жия алмай, құр теңселіп ақыл-есті.  
Тұрды да біраздан соң батыр Баян,  
Атынан есі ауғандай құлап түсті...

Бірталай талғандай боп жансыз жатып,  
Тұңғиық көмескі көп ойға батып,  
Ер Баян есін жиып екі жасқа  
Бір қарап қаратастай қалды қатып.  
Сол кезде сар дала да күңгірт тартты,  
Еңкейіп бара жатты күн де батып.  
Құшақтап ақселеуді жылады жел  
Өзінің қасірет жырын қоңырлатып.  
Құшақтап екі жасты күңіренді ер  
Көзінен ыстық жасты сорғалатып.

Қайғыдан жарылғандай қайран жүрек,  
«Уһ-уһ!» деп үзілгендей есіл өзек.  
Қасіреті қара түндей Ер Баянның  
Алдында бүлдіргендей екі бөбек.  
Аузынан уыз шыққан екі жасты  
Ер Баян сүйді құшып кезек-кезек.  
Жапанда жапа-жалғыз еңіретті ерді  
Әлгіде ойды улаған ашу кезеп.  
Ашудан бұғып қалған қорқақ ақыл  
Күбірлей бастады енді мұның не деп...



«...Жорыққа қу қалмаққа жүрдім неге?  
Тобына көк бөрідей кірдім неге?  
Тәтті бал, балауса тал жас сұлуды  
Көр болғыр, екі көзім, көрдің неге?..  
Ойламай, белді бекем будым неге?  
Қозымды қас дұшпандай құдым неге?  
Майысып Ноян қалқам, еркем арқам,  
Қас қиып қарсы алдымда тұрдың неге?  
Бауырына тас жүрегім жібімеді-ау,  
Бір ата, бір анадан тудым неге?  
Салдырап шіріп қалғыр саусақтарым,  
Қанымен өз қозымның жудың неге?  
Күнәсіз екі жасты өлтіргенше,  
Өлмедім ішіп уын удың неге?!»

### Сөзмаржан

**Кебе** – бұл жерде: Қағба мағынасында.

**Бұғау** – қапас, қамау, қоршау.

**Сәске** – күн арқан бойы көтерілген кез, яғни түс мезгілі.

**Әбзел** – 1) ер-тұрман, қайыс, нөқта сияқты бұйымдардың жиынтық атауы; 2) құрал-сайман, яғни қажетті жабдық.

**Көбе** – мағынасы көп. Бұл жерде: батырлар киетін сауыттың бір түрі.

Күй, жүрек! Көл бол, жасым! Өртен, ішім!  
Алдымда айнам жатыр бөбек пішін.  
Сұм садақ кетсе де үзіп жас жүрегің,  
Жойған жоқ құлыншағым ерке түсін.  
Сорлы ағаң атып жығып өз інісін,  
Иіскейді енді зарлап аппақ төсін.  
Тартқанда сынбадың-ау, сұм садағым!  
Қайтейін, арымадың, арда күшім!  
Жоқ әлде, жоқ... жоқ... Әлде... Өлтірдім бе,  
Інімді алты алаштың намысы үшін?!»

Алдымда «Көкежан!» деп күліп тұрған  
Садаға кетпедім ғой, қозым, сенен.  
Ел беті енді маған болсын арам,  
Алашым, аттанамын, жауыңда өлем!»  
Деп зарлап, күңіренді жаралы ер,  
Айырылған екі жаннан қаралы ер.  
Зарланып көзінен қан тамшылатты,  
Тұңғиық жанды жеген қап-қара шер...

Аздан соң мінді атына батыр Баян,  
Сиынып бір жаратқан Алласына.  
Жолбарыс жортып кетті бетін түзеп,  
Шаңдатып Абылайдың ордасына.

Жас Баян жауды талай көрген еді,  
Сорғалап сұңқардайын төнген еді.  
Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап,  
Сан қолға аш бөрідей кірген еді.  
Жебесі көбе бұзып, жүректі үзіп,  
Найзасын ылғи дәлдеп сермеп еді.



Бірін айт, бәрін айт та – батыр Баян  
Туғаннан «Алашым!» деп еңіреп еді.  
Көкжалдың осы жолы кешіккені,  
Осындай тұлпар орға кез кеп еді...

**ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ**

1. «Батыр Баян» поэмасының кейіпкерлері кімдер?
2. Поэмада қазақ тарихының қай кезеңі суреттеледі?
3. Баян батыр поэмада қалай сипатталған?
4. Қалмақ қызы қандай жағдайда қолға түседі?
5. Ноян туралы не білдіңдер?
6. Неліктен Батыр Баян екі жасты өлімге қияды?
7. Баянның орнында болсаңдар, қандай шешім қабылдай едіңдер?
8. Ноянның қалмақ қызымен кетуін сатқындық деуге бола ма? Пікірлеріңді білдіріңдер.

**ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ**

1. Баян батырға мінездеме беріңдер. Оның бойынан қандай жақсы қасиеттерді байқадыңдар? Баянның тұлғалық болмысына талдау жасаңдар.

<b>Батыр Баян</b>	<b>Жырдан мінез ерекшелігін білдіретін жолдарды теріп жазыңдар</b>	<b>Батырдың портретін беретін жолдарды жазыңдар</b>

2. Баянның іс-әрекетіне баға бере отырып, кестені толтырыңдар?

<b>Жырдан үзінді</b>	<b>Троп түрлері</b>	<b>Мағынасын өз сөзіңмен түсіндір</b>
Жорыққа қу қалмаққа жүрдім неге? Тобына көк бөрідей кірдім неге? Тәтті бал, балауса тал жас сұлуды Көр болғыр, екі көзім, көрдің неге?..		
Сол сұлу сұлу екен атқан таңдай, Бір соған бар сұлулық жиылғандай, Торғын ет, шапақтай бет, тісі – меруерт, Сөздері – су сылдырлап құйылғандай.		
Сөскеде сағымменен көрді Баян Көп қалмақ Іле бойын жатқан жайлап. Жүз бөрі аз дамылдан алысты да, Ат қойды қалың жауға «Абылайлап».		



3. Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығына байланысты қосымша дереккөздерді пайдалана отырып, топтық жұмыс орындау үшін 6 сұрақ дайындаңдар. Өз топтарыңмен сұрақтарды талқылап, жауаптарыңды кестеге толтырыңдар.

1-оқушының сұрақтары	Жауаптар	2-оқушының сұрақтары	Жауаптар	Сәйкес сұрақтар мен жауаптар саны
1. 2. 3. 4. 5. 6.		1. 2. 3. 4. 5. 6.		

4. Екі топқа бөлініп, Баян мен Ноян туралы көзқарасымызды төмендегі үлгі бойынша білдірейік.



### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. Берілген үзіндіден теңеу, метафора, риторикалық сұрақ т.б. көріктеу-айшықтау құралдарын табыңдар.

Жырдан үзінді	Менің ойымша...
Дегенше, қалды тартып батыр Баян, Баянның батырлығы алашқа аян. Оқ тиіп жүрегінен құлап түсті, Атынан бүктетіліп бәбек Ноян.	
Тартқанда сынбадың-ау, сұм садағым! Қайтейін, арымадың, арда күшім! Жоқ, әлде, жоқ... жоқ... Әлде... Өлтірдім бе, Інімді алты алаштың намысы үшін!?	
Інісі Ер Баянның жасық Ноян Атадан азып туған дер бола ма? Құл болса бір қыз үшін балдырғаны Алашқа бұдан да ауыр шер бола ма?!	






Әдебиет 7

2. Берілген үзіндідегі асты сызылған сөздердің мағынасын түсіндіріп, көріктеу құралдарының қолданысына талдау жасаңдар.

<p>Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,  <u>Сұм өмір</u> абақты ғой саналыға.  <u>Қызыл тіл</u>, қолым емес, кісендеулі,                  Сондықтан жаным күйіп, жанады да.  <u>Қу өмір</u> қызығы жоқ қажытқан соң,                  Толғанып қарауым сол баяғыға.                  Түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар  <u>Әдемі ертегідей</u> баяғыда.                  Әдемі өткенді ойлап айнымаса,                  Сұм өмір <u>күшті уың</u> аяды ма?</p>	<p>Жорыққа қу қалмаққа журдім неге?                  Тобына <u>көк бөрідей</u> кірдім неге?  <u>Тәтті бал</u>, <u>балауса тал</u> жас сұлуды                  Көр болғыр, екі көзім, көрдің неге?                  Садақпен жүрегінен тартып кетпей,  <u>Жыландай</u> бауырыма сап келдім                  неге?                  Әйелдей баса алмайтын жүрек жы-                  нын  <u>Есалаң жүрекке</u> ерік бердім неге?                  Буынып сол боз үйден шықпай өлмей?                  Атылып <u>оқ жыландай</u> тұрдым неге?!                  Ойламай, белді бекем будым неге?</p>
---	--

3. «Венн диаграммасы» арқылы Батыр Баян образын Қобыланды батыр, Төлеген образдарымен салыстырыңдар.



4. Концептуалдық кесте толтырыңдар;

Кейіпкерлер	Өмірге қызығушылығы	Адамгершілік қасиеті	Кейіпкерге берілетін баға

5. Поэма кейіпкерлері туралы кестені толтырыңдар.

Абылай хан	Баян батыр	Ноян	Қалмақ қызы
Қандай?			

**ҚАБДЕШ ЖҰМАДИЛОВ: «ҚАЗДАР ҚАЙТЫП БАРАДЫ»**

**Бұл тақырыпта біз:**

1. «Қаздар қайтып барады» әңгімесінің мазмұнымен танысамыз;
2. «Қаздар қайтып барады» әңгімесіне әдеби талдау жасаймыз.



## ЖАЗУШЫМЕН ТАНЫСАМЫЗ

### Қабдеш Жұмаділов

(1936–2021)



Қазақстанның Халық жазушысы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті қаламгер Қабдеш Жұмаділов 1936 жылы 24-сәуірде Шыңжаң өлкесінің Тарбағатай аймағы, Малдыбай ауылында дүниеге келген.

Болашақ жазушы өзінің кіндік қаны тамған ауылында бастауыш білім алып, кейін Шәуешек гимназиясын бітіреді. Алғашқы өлеңдері «Шыңжаң» газетінде, ал тырнақалды әңгімесі «Шұғыла» журналында жарияланған. 1956 жылы Қытай үкіметінің жолдамасымен Алматыға келіп, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түсті. Саяси жағдайға байланысты оқудан кері шақырылып, 1958–1962 жылдар аралығында қуғын-сүргінге ұшырайды. 1962 жылы империя шекарасы шырғалаңын көктей өткен қазақ көшімен бірге атажұртқа оралып, оқуын аяқтайды.

Қаламгердің осындай күреспен басталған өмірі атамекенінің асқақ армандары, ел үміті мен мүддесі, тәуелсіздіктің арайлы таңы атқаннан кейін жас мемлекеттің қалыптасуы және қайта өрлеуі, ұлттық құндылықтар мен жас ұрпаққа рухани тәрбие беру жолындағы ізденістер мен талпыныстарға ұласты. Сол талпыныстар оның қаламынан туған әрбір шығармасынан анық көрінді.

Жазушыны қаламы шырқау биікке – даңқ пен беделдің шығанына ғана емес, туған елінің махаббаты мен құрметінің, оқырманның шынайы бағасының биігіне көтерді.

«Жас дәурен», «Қаздар қайтып барады», «Көкейкесті», «Соңғы көш», «Бақыт жолында», «Саржайлау», «Шарайна», «Сәйгүліктер», «Атамекен», «Тағдыр», «Дарабоз» секілді повестері мен романдары ел тарихы мен тағдырының ең бір күрделі кезеңдері жайлы ой толғаған, оның жарқын болашағына сенген шығармалар болды. «Соңғы көш» дилогиясы үшін М. Әуезов атындағы әдеби сыйлықты алса, «Тағдыр» романы үшін Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болды.

### ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

#### Қабдеш Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесін оқимыз



Қалай ойлайсындар, адам баласы туған жерін ұмыта алады ма? Туған жерін тек адамдар ғана сағынады ма?



Бұл әңгімеде ХХ ғасырдың бірінші жартысында болған ашаршылық жылдарында қытай асып кеткен қазақтардың туған жеріне оралу жолындағы азабы мен қасіреті суреттеледі. Шығармада 1962 жылдарда туған жеріне аттанған Байтас есімді қарттың шытырманға толы сапары баяндалады.



Оқушылар, қаздар қайда қайтып барады деп ойлайсыңдар?  
Құстар мен адамдар өмірінде ұқсастық болуы мүмкін бе?

## ҚАЗДАР ҚАЙТЫП БАРАДЫ

(Әңгіме)

Тау іші. Иен жайлау. Ұшқан құс, жүрген аңнан өзге тіршілік белгісі білінбейді. Жаз жәрмеңкесі тарқап, таулы өлкеге қоңыр күз қонақтаған. Аспан да, жер де сұп-сұрғылт. Жапырақтар сарғайып, өсімдік атаулы күзгі ызғырық желге елбеңдей бас ұрып, тәубеге келген сопыдай күбірлейді. Тек қия жартастарды жарып шыққан қайсар қарағайлар ғана өңін бермей, тәкаппар басын тік ұстап, көкке шаншыла қарап тұр. Сай-саладан құлай ағып жатқан көк қасқа бұлақтар жаздағыдай шу салып, асып-таспай, салқын сабырмен жуасып қана сырғиды.

Малшы ауылдар бұл өңірден әлдеқашан арылып, етекке түсіп кеткен. Тегіс-тепсең жерлерде, бұлақ бойларында жараның орнындай болып киіз үйлердің көшкен жұрттары көрінеді.

Кеш батысымен иен жұртқа аш қасқырлар келіп, емін-еркін тіміскілейді. Көш жолдарына, айдалған мал ізіне түсіп, тұмсықтарын көтеріп, ұзақ-ұзақ қарап тұрады. Сүйек қажалап, тері-терсек, жүн-жұрқаны жұлмалайды. Бұтаның арасында қалып қойған тоқты-торымды іздеп сандалады. Жердегі жемтікес досына қарайлап, көкте құзғын айналады...

Жаздың шілінгір ыстығында басынан бұлт кетпейтін, Етікші шыңы бұл күнде бозғылт мұнарға оранған. Бұл – Тарбағатай сілемдерінің бір-бірімен ұшарласа келіп, күрт көтерілген тұсы. Нардың жалғыз өркешіндей болып, көзге алыстан шалынады.

Арғы бетке өтетін жолаушы қиын да болса, көбінше, осы шыңның желкесімен асатын. Өйткені, өркеш-өркеш тауларға, терең

### Сөзмаржан

**Сілем** – ұзыннан ұзын созылып жатқан тау жоталарының аласарып бітер, таусылар жері, жалғасы.

**Төте** – айналыс, бұрылысы жоқ, тура, тіке.

**Қапсағай** – алпамсадай, алпауыт.



### Сөзмаржан

**Ыратөмен** – таудың құлама етегі.

**Ылди** – өрдің, жотаның түсе берісі, еңіс.

**Сұлық** – қимылсыз, әрекетсіз күй.

**Торсық** – сусын құю үшін ысталған теріден жасалған шағын ыдыс.

құздар мен тентек өзендерге соқпай өтетін ең төте жол осы. Биік жалдың басында жыртқыш аңдар да аз жүреді. Етікшінің жотасына шықсаң, таудың күнгейі мен теріскейі табаныңның астында жатады.

Жолға шыққанына төртінші күн дегенде ұзын бойлы, қапсағай қара шал осы Етікші асуының бір орқаш биігіне көтерілді. Бар салмағын таяғына салып, тізесі дірілдеп зорға жылжып келеді. Кеудесі сырылдап, өкпесі аузына тығылып, әлсін-әлі тоқтап дем алады.

Бірақ, алдында көлденең сұлап жатып алған қырсық асудың төбесіне бір шықсам-ау деген арман қолтығынан демегендей, өрге қарай өшіге, өршелене қайта ұмтылады.

Күн тас төбеге көтеріліп, есі кетіп, жан шыққанда асудың ұшар басына да жетті-ау. Қыр жалдың үстіне шыға келгенде, гуілдеп соққан қара боран жолаушыны ұшырып әкете жаздады. Таяғына сүйеніп, төрт тағандап әзер қалды. Күн бойы жеткізбей, діңкесін құртқан шыңға ерегісті ме, болмаса «мұндай биікке үнемі көтеріле бермеспін» деді ме, әйтеуір осы арада біраз аялдағысы келді. Аппақ шоқша сақалы желге желпілдеп, сығырайған кәрі көзімен айналаны шолып, қарт жалдың басында бірталай тұрып қалды.

Салқын ызғар қамсауы жоқ, көне шекпеннен лезде өте шықты. Терлеп, жіпсіп келе жатыр еді, тұла бойын суық қармап сірестіре бастады. Ол шырқау биіктен жан-жағына соңғы рет көз тастады да, ілгері жүріп кетті.

Бір тәуірі, ендігі беталысы ыратөмен, еңіс екен. Ылдиға қарай құлдырап, тез төмендеді. Көк жалап, жылтырланып алған сірі шоқайы киіздей ұйысып жатып қалған бетегеден тайғанап, тоқтамаған соң, жан дәрмен отыра қап құйрығымен сырғанады.

Жалаңаш жотадан көп төмен түсіп, қалың жынысты қойнауға жеткенде, жел басылып, күн жылынайын деді. Титығы құрып, әбден қалжыраған қарттың бұдан әрі жүруге халі келмей, тәлтіректеп барды да, шоқ қайыңның түбіне қисая кетті. Арқасындағы қоржынын басына жастап, бір сәт сұлық жатты. «Әйтеуір, қиын асудан өттім ғой, – деді талмаусырап жатып, – жолдың көбі кетіп, азы қалды. Құдай енді екі күндік ғұмыр берсе, көздеген жеріме де жетіп жығылармын».



Жолаушы қарттың «Құдай енді екі күндік ғұмыр берсе, көздеген жеріме де жетіп жығылармын» деген тілегі сенде қандай ой туғызды?



Бір заматта басын көтерді. Күн төбеден ауып барады екен. Жаңағыдай емес, сергіп, тыңайып қалыпты. Тек тілі аузына сыймай, шөл әкетіп барады. Өлдене есіне түскендей, жалма-жан қоржынға қол созды. Қоржынның бір басынан кішкентай қатқан торсықты алып, шайқап көріп еді, бірдеме шылдырағандай болды.

#### Сөзмаржан

**Қозы көш жер** – шамамен алты-жеті шақырымдай қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.

Құйып алып шыққан айраны бұдан екі күн бұрын таусылған. Сонан бері таңдайын жібітіп, талшық қып келе жатқаны – бір уыс малта. Қалтасында жүрген бес-алты құртты торсықтың ішіне салып, үстіне кеше су құйып алған-ды. Онысы да бітуге айналыпты. Қоржынның екінші басынан саптаяғын алып, торсықты төңкеріп еді, кішкентай ғана ақ малта құйылды. Шал оны бір-ақ сіміріп алды. Маңдайынан тер бұрқ ете түсті. Көзі шарадай жанып, біраз әл жинағандай болды.

«Не де болса, осы арада біржола тамақтанып алайын, – деді ол, қоржынынан бір уыстай ірімшік пен екі-үш жапырақ қатқан нанды алып жатып, – торсығымды суға енді бір толтырып алсам, ел шетіне жеткізеді ғой...»

Тастай боп қатып қалған қара нанның бір түйірін қажалап отырып, зорға жеді. Кебірленіп, өңешінен өтер емес, «Шіркін, дүние-ай, осындайда бір шәйнек шай, не болмаса бір аяқ қымыз болар ма еді, – деп аңсады қарт, – кеңшілік кезде сол тамақтарды тойып ішіп көрдім бе екем? Әй, тоймаған шығармын, сірә».

Қарт «жеуге жарайтын ештеңе табылмас па екен» дегендей айналасына көз жіберді. Кенет дәл бас жағында ғана өсіп тұрған бір түп долананы көрді. Бұл өңірде ең жәй пісетін жеміс – осы долананың басы. Өзге жемістер әлдеқашан ағып кеткен. Қып-қызыл боп, уылжып тұрған долананың жидегі шалдың көзіне оттай басылды. Жалма-жан орнынан тұрып, үзіп жей бастады. Бірекеуін таңдайына салып көріп еді, мұндай дәмді болар ма. Қау-жандап, шөпектей сорып бірталайын жеп қойды. Қалтасына да толтырып алды. Шөлі қанып, қунап қалды өзі. «Өлмегенге өлі балық жолығады» деген осы-ау, – деді ішінен, – құдайдың өзі көмектесіп тұр ғой. Су ішерім бар шығар әлі де».

Шал шүкірлік етіп, мол дастарқан басынан тұрғандай көңілденіп кетті. Бата жасап, бетін сипады. Қалтасынан шақшасын алып қарап еді, насыбай да таусылуға айналыпты. «Қап! – деді қарт, – бәрінен де мынау қиын болмаса игі еді». Алақанына насыбайдың соңғы атымын салып алып, қимағандай біраз отырды да, атып салды. Көңілі жайланып, алдағы жолдың жоспарын жасады.

«Шекараға дейін енді не бәрі қозы көш жер қалды, – деді ол қарсы алдында жатқан аласа адырларға көз жіберіп. – Көз бар-



да, мына Күргейтастан өтіп, сызықтың бойына жақындап алайын. Сонан соң, құдай бұйырса, бүгін сәрсенбінің сәтіне, қараңғы түсе арғы бетке өте шығармын».

Бұл ойды ол тақ бір көрші ауылға қыдырып бара жатқандай жеп-жеңіл ойлап өтті. Бәрі де заңды, осылай болуға тиісті тәрізді. Қарт кесімі айнитын емес. Иә, шынында да ойланып-толғанып жататын не бар? Бұл сапарға ол бақандай қырық жыл бойы дайындалмады ма? Мұның өзі – дөңбекшіп өткізген талай ұйқысыз түндердің, санамен сарғайып, сарқыла толғанған бүкіл өмірінің айнымас қорытындысы емес пе? Көп жыл бойы қозданып, іштей тұтанып келген өрттің алаулап жанған бір шағы, жанар таудың лақ етіп бір атылғаны. Қарт сезімі бұрауы жеткен домбырадай тырсылдап, шертіп тұр. Қол тигізсең болды, үзіледі.



Қарт жолаушының іс-әрекеттері саған қалай әсер етті?

Қарттың бойындағы қай қасиетін айрықша атап өтер едің?

Ол орнынан тұрып, тағы да ілгері жылжыды. Денесі суығандікі ме, өне бойы ағаштай сіресіп қалыпты. Сегізкөзі, жұлын тұтасы, қара саны қозғалтпай, қан қақсап ауырып кетті. Екі табаны удай ашып, жер бастырмай тұр. Тұла бойы зіл батпан боп, қылжиып жата кетуді ғана тілегендей.

Ұйқы да қысып барады. Қарттың соңғы тәуліктерде ұйқысы шала болатын. Аңғал-саңғал, үңірейген мен таудың арасында әлденеге елегізіп ұйықтай алмаған. Көзі ілініп бара жатып, әлсін-әлі шошып ояна берген. Ол көбінше артымнан қуғыншы келеді деп емес, ұйықтап жатқан жерімде жыртқыш аңдардың бірі бассала ма деп қауіптенді.

Оның бұл сақтығы тегін емес-ті. Кешегі түні мүлде ауыр айқаспен өтті. Түс кезінде бұған бір көкжал қасқыр кезігіп, соңынан қалмай қойды. Біресе алдына, біресе артына шығып торуылдады да жүрді. Қарт бірнеше рет таяғын сермеп, айқайлап, тап-тап беріп көріп еді, онысынан көкжал сескене қоймады, турадан-тура шабуыл жасауға бата алмай, аңысын аңдып, қапыда бас салар сәтті күтіп жүрген сыңайы бар.

«Бір абұйыры, жалғыз екен, – деді шал іштей бір есеппен. – Бұған тағы біреуі қосылып, екі жақтамаса болғаны. Біреуіне алдыра қоймаспын» деп кісесінен үлкен қара кездігін алып, қолына оңтайлап ұстап жүрді.

«Бұл сұмырай менің түнде жатар жерімді аңдып келеді-ау, – деді қарт тағы да, – көзім ілінсе-ақ жарып тастайды. Сондықтан айдалаға қона кетпей, бір мықты бекініс тауып, сонда түнегенім



жөн шығар... Апырай, – деді қарт бармағын шайнап, – осындайда мылтығым болар ма еді! Мылтығым барда менен күншілік жерден қашатын еді-ау, бұл иттер! Құр қол жүргенімді сезіп, басынуын қарашы».

Күн батып, қас қарайып барады. Сай-сала үңірейіп, жұтып қоятындай төніп тұр. Артына қарап еді, көкжал тіпті жақындап қалған екен. Қарт сасқалақтап, манадан мөлшерлеп келе жатқан оң жағындағы жалама тасқа қарай өрмеледі. Үстіңгі жағы асқақтап біткен құз жартас. Өрмелеп барып соның бір қуысына паналады. Өзі шыққан жалғыз өзектен басқа аяқ ілінер жер жоқ. Енді сол бір ғана өзекті аңдып отырса болғаны.

Сол маңайда жатқан бірнеше үлкен тасты қасына әкеп алды. Сонан соң «келсең кел» дегендей тәуекелмен тас түйіліп, қас дұшпанын күтті де отырды.

Қарсыдағы шоқпар тастың үстіне келіп, көкжал да шөкесінен жатып алды. Ымырт қараңғылығында, өзіне таяқ-тастам жерде қып-қызыл боп жанып тұрған екі ноқатты шал анық көрді.

Осы бетінде қанша отырғаны белгісіз, бір заматта қалғып кетіпті. Үш күндік суыт жүріс оны әбден қалжыратқан-ды. Әйтеуір, бір кезде дәл аяқ жағынан шыққан тысырдан шошып оянды. Жалма-жан көзін ашып алып, төменге қарап еді, жаңағы екі от едәуір жақындап қапты. Әккі көкжал дыбысын білдірмей, жербауырлап, жылжып келе жатыр екен.

Ол жан дәрмен орнынан атып тұрды да, қасында жатқан келідей тасты төмен қарай домалатып жіберді. Сол-ақ екен, «қаңқ» еткен бір дыбыс шықты да, салдыр-гүлдір домалаған таспен бірге құзға құлдырап жоқ болды.

Қарт қуаныштан жылап жіберді. «Я, жасаған, – деп тіледі ол, көктегі айға қалтыраған қолын жайып тұрып, – маған енді үш күндік ғұмырыңды қия көр! Онан арғысын сұрамаймын да... Арғанатының аңғарына жеткесін, аманат жаныңды ала бер!»

«Мүмкін, құдай сол тілегімді қабыл көрген болар, – деп ойлады ол бүгін жолда келе жатып, – өйткені, бұл – менің ең ақырғы тілегім ғой...»



Қалай ойлайсыңдар, қарт не үшін қуанды?  
Ол «бұл – менің ең ақырғы тілегім ғой...» деп қай тілегін айтты?

### Сөзмаржан

**Торуылдады** – аңдыды, бақылады.

**Абұйыр** – абырой.

**Кісе** – белбеуге шытыра қадап бекіткен былғары қалта.

**Күншілік жер** – атпен жүргендегі 50–60 шақырымдай қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.

**Ымырт** – күн батқаннан оның қызылы таранғанға дейінгі аралық, ақшам мезгілі.



### Сөзмаржан

**Әсілі** – негізінде деген мағынада.

**Шапақ** – күннің шығар немесе батар кезіндегі қызыл арай сәулесі.

**Байырқалады** – тұрақтады, аялдады.

**Зәтте** – қуғын көріп, ығыр болмағаны деген мағынада.

Міне, ол қазір де тұла бойының қан қақсап ауырғанына қарамай, ілгері аяңдап келеді. Біраз жүргесін, денесі қайта қызып, сырқырап ауырғаны басылайын деді. Биік жотаның батыс жағын қабақтап әлдеқашан шөп басып кеткен көне бір жолдың тағанымен сайға қарай түсіп келеді. Енді аз жүрсе, алдында үлкен өзен бар. Өкіріп-бақырып Тентек-Халдай ағып жатыр. Сол өзеннен өтіп, Күргейтастың ту сыртына шықса болғаны, айтулы кезең иек астында тиіп тұр.

Өзенге түсе берістегі алаңқайда демалып отырып, ол анадай жерде жатқан адамның қу басын көрді. Жүрегі дір етіп тіксініп қалды. Сәлден соң өзін-өзі тоқтатып, бастың қасына барды. Сол маңда ақ сеңке болып, әр жерде шашылып жатқан басқа да сүйектерді көзі шалды. Қарт тұрған бойы бірдеңені күбірледі де: «Аллаху акбар!» деп бетін сипады.

«Мынау кемінде қырық-отыз жыл болған сүйектер ғой, – деді қарт таяғының ұшымен бас сүйекті әрі-бері аунатып. – Бір бақытсыз сорлы ғой, кім болса да. Баяғы ашаршылықта жел аударған қаңбақтай қашып келе жатып, осы араға келгенде, дәм-тұзы таусылған болар... Айдалада көмусіз қалғаннан өткен қасірет бар ма екен дүниеде?»

Қарт көзіне келіп қалған жасты сұқ саусағымен ыршытып жіберді. Жол-жөнекей әр жерде кезігіп қалатын тастан жия салған молаларды, ит-құс ашып тастаған адам сүйектерін ол бұрын да көріп келе жатқан. Мына жолы қамығып, біртүрлі мойып қалды өзі. Жазатайым бірдемеге ұшыраса, өзінің де тап осы халге түсетінін ойлап, шошиын деді. «Я, құдай, егер бар болатын болсаң, сүйегімді жат өлкеде қалдырма, ең соңғы тілегім ғой, маған енді екі-ақ күндік ғұмыр бер!» деп жалбарынды тағы да.

«Бұл қанды асу кімдердің басын жұтпаған? – деді өзенге қарай түсіп келе жатып. – Аштықтан бұрлығып, боранда қалып, талай боздақ жан тапсырды ғой. Рас болса, мына «Етікшінің» аты да боранда ұшып келген белгісіз бір етікшіге байланысты қойылыпты. Қалып-сайманы, бізі мен тістеуігі қасында шашылып жатқан көрінеді... Қу тіршілік қой, кәсіп қып, күн көремін деп шыққан болу керек».



Қалай ойлайсыңдар, қырық-отыз жыл бұрын болған ашаршылық пен жолаушы қарттың арасында қандай байланыс болуы мүмкін?





Күн бата, қарт өзеннің бойына түсті. Қаталап, тілі аузына сыймай келіп еді, саптаяғымен су іліп алып, сіміре жұтты. Торсығын да толтырып алды. Сонан соң аяғындағы шоқайын шешіп, балағын тізесіне дейін түрді де, кешіп өтпек болды.

Өзен ағысы қатты екен. Әлде тау басына жаңбыр жауды ма, түсі бұзылып, тастан-тасқа соғып, жыртқыш аңдай өкіріп, долдана ағып жатыр. Өзеннің ортасына келгенде, қарт тәлтіректеп сенделіп кетті. Тізесі бүгіліп жығылуға айналды. «Әлген жерім осы болар» деп зәресі қалмады. Жан ұшырып, қолындағы киім-кешегі мен қоржынын арғы жағаға лақтырып жіберді де, үлкен қой тастың бірін құшақтай алды.

«Құдай бұл жолы да көмектесті, – деді ол өзеннен өтіп алғасын. – Бұл, сірә, менің жолымдағы ең соңғы қатер болар».

Күн батып кетті. Таулы өлкеде күн, әсілі, ерте батады. Тек етікші шыңының ұшар басында ғана соңғы шапақ бөріктей болып киіліп тұр. Сай-салада көлеңке қоюланып, тағы бір тынышсыз түн қанатын жайып келе жатты.

«Не де болса, әлгі сызығының бойына жақындап барып жаттайын» деген оймен қарт киініп алып, тағы аяңдады. Аңдардың суатқа түсетін жалғыз аяқ қабырға жолымен кенерелеп, Күргейтастың желкесіне шықты. Кезеңнің астындағы иек артпада бір топ арқар жайылып жүр екен. Өкпе тұсынан шыға келген жалғыз жаяуға «бұл екі аяқты пәле қайдан пайда болды» дегендей одырайыса қарап тұрды да, орғып, үрке қашып барып, сонау бір қойнауға байырқалады. Қуғын көріп, зәтте болмағаны байқалып-ақ тұр.

«Е, шалым, сенен аң екеш аң да сескенуді қойған екен, – деді қарт өзін-өзі кекеткендей мырс етіп. – Құралайды көзге атқан мерген екеніңді қайдан білсін?! Қайран көзім, қапы жібермеуші едің-ау, қайтейін». Сөйтіп ол бейқам жайылып жатқан арқарға амалы құрыған аңшының өкінішті көзімен құмарта қарап тұрды.

Сонан соң ол тағы біраз жүріп барып, қалың ұшқан мойын өскен қойнауға жетті де, осы арада әбден ымырт үйіріліп, қараңғы түскенше жата тұруды ұйғарды. Қоржынын басына жастап, үй орнындай ұшқаттың түбіне қисая кетті. «Ойпырым-ау, шынымен-ақ жақын қалды, ә? – деді ол, өзінің осыншалық жер түбіне қалай жеткеніне қайран боп. – Жол, жүрсең ғана қысқарады. Тек амал қанша, бұл сапарға әлдеқашан шығу керек еді-ау».

Өзінің бұл сапарға жалғыз шыққанын ойлағанда, жігері құм болып, ет жүрегі езіліп кетті. Тағдыр бұл жолы да оның алдын кес-кестеп, аяқтан шалды. «Қапыда қалдым ғой... Қайтейін, қайтейін, – деп күбірлей берді. – Төлеутайымды қалай ғана сақтай алмадым екен? Неге ертерек қамданбадым? Өрттен қалған қу томардан сорайып жалғыз қалған түрім мынау. Мен өлсем, Тұяқбайдан тұқым жоқ. Орны өшеді... Шіркін, жалған-ай, дәл қазір



**Сөзмаржан**

**Мұқым** – бүкіл, күллі, барлық, түгел.

**Сүзек** – қатты сандырақтап ауыратын жұқпалы ауру.

**Түз** – үйден сырт жер, дала.

қасымда томпаңдап Төлеутайым еріп келе жатса, арманым болмас еді-ау. Қайран құлыным, сенен қалай ғана тірі айырылдым екен? Мен сорлыны жер соқтырып кеттің-ау сен мүлде... Тірі болсам, туған жерді бір көрсетем деуші едім. Ол күнге құдай жеткізбеді ғой. Қайтейін!..»

Қарттың иегі кемсеңдеп, бет әлпеті бұзылып кетті. Тынысы тарылғандай, тамағының түймесін ағытты. Сонан

соң оқ тиген аңдай ыңыранып, етпетінен аунап түсті де, өзегі өртеніп бара жатқандай жанталасып, қолына ілінген шөпті жұла берді...

Төлеутай деп отырғаны – қарттың жалғыз немересі. Осыдан он шақты жыл бұрын мұқым елді жайлаған қалың сүзекте ұлы мен қызы, кемпірі мен келіні қабатынан қайтыс болғанда, қу бұтаққа ілінген жалғыз жапырақтай осы Төлеутайы қалып еді қасында. Мұны осынау жарық дүниемен жалғастырып тұрған жалғыз дәнекер де сол немересі болатын. Жасқа жетпей жетім қалған сәбиді қолынан түсірмей, жалаңаш қойнына салып жүріп баққан-ды. Қарттың бағына қарай түлкінің күшігіндей сүйкімді боп өсіп еді өзі де.

Бұл жаққа келгелі, қарттың кәсібі аңшылық болатын. Көнелеу бердеңке мылтығы бар-ды. Мынау Тарбағатайдың күнге жағын ол аттылы-жаяу талай рет шарлаған. Қанжығасы майланып, табысы тәуір болған жылдары өзінен асып, көрші жарлы-жақыбайларға да қайырымы тиіп жүрді. Үнемі болмаса да ауылдастарының тырнағын жібітіп, сорпа-судан кенде қылмаған.



Қалай ойлайсыңдар, қайырымдылық, жомарттық, ашық қолдылық қасиеттерін өз бойыңда қалыптастыра аласың ба?

Кейін немересімен екеуі қалған кезінде де, аңшылықтан қол үзген жоқ. Рас, соңғы жылдары жасы ұлғайып, қайғы қажытты ма, мылтық ұстағанда қолы сәл қалтырап, көзі жасаурайтынды шығарды. Сілтегені тие бермей, мүлт кететін де боп жүрді. Бірақ, Төлеутайын тарықтырған емес. Түз несібесі – тәңірден. Ертемен мылтығын асынып кетеді де, кешке жақын талшық етер бірдеңе алып қайтады. Сөйтіп, ол қоғам өмірінен, саясаттан тысқары, табиғат аясында оқшау жүріп жатты. Түзге шықса қара мылтығын, үйге келсе қара домбырасы мен немересін ермек етті.

Төлеутайы жетіге толып, мектепке барғаны бұл үшін үлкен мереке болып еді. Екі арқардың етін қазанға бір-ақ салып, маңай-



ын шақырып той жасады. Иленген тау ешкінің терісінен немересіне әп-әдемі сумка жасап берді. Қашан үйреніскенше, мектепке өзі ертіп апарып жүрді.

Немересінің тілі қандай қызық. Зерек, әр нәрсені білуге құмар-ды. Қарттың есіне мына бір оқиға түсті. Бір жолы Төлеутайды таяу жердегі қарасуға үйрек атуға ертіп барған. Көктемгі құс келетін уақыт. Сол маңдағы шұқанақ көлдер мен Қарасуда шүрегей үйректер жыртылып айырылады. Шал бара салып екі үйрек атып алды.

Бір заматта қанаттары сартылдап, су жағасына жіпке тізген моншақтай бір топ қаз келіп қонды. Жол бастаушы көсемі қамшы салым бәрінің алдында жүр.

– Ата, мына қазды атайықшы, – деді Төлеутай қуанып. – Атшы анау алдында жүрген үлкенін.

– Жоқ, балам, бұл қаздарды атуға болмайды, – деді қарт басын шайқап. – Бұлар да жолаушы ғой, алысқа кетіп барады. Жолынан қалдырмайық.

– Алысқа дейсің бе? Қайда барады сонда? – деді Төлеутай таңырқап.

– Туған жеріне кетіп барады...

– Туған жері қайда?

– Алыста, сонау таудың ар жағында, – деп қарт, қазір өзі жатқан асуды нұсқап еді сонда.

Бала «түсіндім, онда атуға болмайды екен» дегендей, өзіне жараспайтын бір есжиярлықпен ойланып қалған. Ақылы көп, зерек еді-ау, айналайын.



Қалай ойлайсыңдар, қарт неліктен «бұл қаздарды атуға болмайды» деді?

Төлеутай атасының сөзінен не «түсінді» деп ойлайсыңдар?

Өлгі қаздар бой жазып, суға қанып алды да, кешікпей аспанға көтерілді. Айналып ұшып, шарықтап көп жүрді.

– Әбден шарықтап, ана таудың деңгейіне көтеріліп алмақ, – деді қарт немересіне түсіндіріп, – аспандап алғасын терістікке қарай бір-ақ заулайды. Зайсан көлге, Қара Ертіске жеткенше қалай тоқтасын-ау, байғұстар! – Шал күрсінді.

Айтқанындай-ақ, қайтқан қаздар бұлардың төбесінен тағы бір айналды да, солтүстік қайдасың деп тартып берді. Қарт немересімен екеуі қаздар тобы көзден ғайып болып, аспан тұңғиығына сіңіп кеткенше кірпік қақпай қарап тұрды...



Сол немересінен қарт қапыда айырылды. Соңғы бірнеше жыл ұдайымен бұл өлкені жыландай жайлаған ашаршылық бұлардың қара лашығына ене алмай-ақ келіп еді. Маңайдағы ел аштықтан ісініп, көнек ауруына шалдығып, жаппай қирап жатқанда, бұлардың өзегі тала қоймаған. Қарт кәрі сүйегін сүйретіп, аң, құс атып әкеліп, аузыменен жем тасыған қарлығаштай немересін сақтап қалуға бар жанын салған. Көлденең кеселге килікпесе, Төлеутайын апаттан аман алып та қалатын еді. Бірақ амал қанша, құдай оған жеткізбеді ғой.

Бір күні атып алған қояны мен кекілігін арқалап үйіне келгені сол еді, мұны екі полицей тосып отыр екен. Ай-шайға қаратпай, шалдың қол-аяғын байлады да, арбаға отырғызып қалаға алып кетті. Мектепке кеткен немересіне де мойын бұрғызған жоқ. Тергеусіз, сұраусыз апарып түрмеге қамап тастады.

Бір айдай жауапсыз жатып қалды. Өзіне қандай айып тағылғанын да білмеді. Тек тергеуге әкелгенде ғана ұқты мән-жайды.

Бұған екі түрлі қылмыс таңылған көрінеді.

Біріншісі – «Аң аулағанды сылтау қылып, үнемі тау арасында жүреді екенсің. Бірнеше рет шекара бойына да жақын барып қайтыпсың. Сондағы мақсатың не?»

Екіншісі – «Сенде тығулы жатқан мылтық бар. Соны өкіметке тапсыруың керек».

Қандауырдай қадалған осы екі сұраққа жауап таба алмай, қарт түрмеде бір жыл жатты. Тек қыс өтіп, келесі көктемде ғана мұны қапастан босатты. Мылтығын тартып алып, аң аулауға тыйым салды да, бақылау астында ауыр жұмыс істеуге жіберді.

Алдында қандай қасірет күтіп тұрғанын бұл ауылға келгенде бір-ақ білді. Өткен қыста да ақ сүйек жұт болып, малдан тігерге тұяқ қалмаған. Адам шығыны да аз емес. Тірілердің қатары селдіреп, жотадағы зираттың қарасы молая түсіпті.

Қарт сол зираттың шет жағындағы кішкентай жас топырақты құшақтап, бір тәулік ессіз жатты. Өзі жоқта жалғыз жұбанышы – Төлеутайы аштыққа төзбей қыршынынан қиылыпты.



Қалай ойлайсыңдар, Төлеутайдың өліміне кім кінәлі? Оны аштықтан аман алып қалуға болар ма еді?

Жасы жетпіске келсе де, қайраты қайтпаған қарт сол күннен бастап күрт төмендеп кетті. Сақал-шашы бурыл ғана еді. Бір айдың ішінде аппақ болып тегіс ағарды. Ешкіммен сөйлеспей, мылқау кісіше жүрді де қойды. Қолқа-жүрегін біреу суырып әкетіп, құр қаңқасы ғана қалған сияқты. Мына жарық дүниенің бұл үшін пәлендей қызығы, мән-мағынасы қалмаған еді.



Жатса-тұрса көзіне өлім елестеді. Есіне сонау алыста қалған туған жері түсе берді. Түсінде сол ғажайып өлкенің құшағында жүретін болды. Бірте-бірте түсі мен өңі шатасып, сандырақтап, бас-аяғы түсініксіз бір сөздерді айтып қалатынды шығарды. Жұрт мұны алжығанға, есі ауысқанға жорыды.

#### Сөзмаржан

**Тобылғы** – сабағы өте берік, қатты, ұзу, жапырағы қауырсын тәрізденіп тілімделген бұта.

Осындай үмітсіз шақта қалың мұнар арасынан бір жарық сәуле жылтылдап, бір өшіп, бір жанып, мұны өзіне шақырғандай болып еді. Қалтасындағы соңғы жармағын картаға салған құмаршыдай, шал ендігі қалған аз өмірін бір игілікті іске жұмсауға бел байлады. Ол – қырық жыл бойы көкірек түпкірінде жатқан осынау сапар болатын.

Түн ортасы жақындап, ай батып кеткен кезде қарт орнынан тұрды. Шекпенінің етегін түрініп, белін шарт буып алды. Сонан соң қоржынды иыққа салды да, адымдап басып алға жүріп кетті.

Мөлшерлі жерге жарты шақырымдай қалғанда, тың тыңдап, біраз бұғып отырды. Ешқандай дыбыс байқалмайды. Тек таяу жерде көкек пе, тау құдірет пе, бір құс анда-санда үн салып қояды. Дәл аяғының астынан тарақ құйрық сары тышқан жүгіріп өтті.

Түн түнегін жамылып, шал тағы да ілгері жылжыды. Қалың бүрген мен итмұрын аралас өскен өзекшені өрлеп жарты сағаттай жүргенде, қарсы алдынан жалаңаш қоңыр бел көрінді.

«Өлгі мықтының өзіне жақындадым білем» деді жүрегі аузына тығылып. Атасының аруағына сыйынып, бірдеме деп күбірледі. Сонан соң сәл еңкейіңкіреп алды да, аяғының ұшымен жүгіре жөнелді.

Кезеңге шыға келгенде, өкпе тұсында тұрған ала балағанды анық көрді ол. Дәл сызықтың үстіне келдім-ау деген кезде, өз еркінен тыс бір минуттай тұрып қалды. Бейне жалғыз қылдың үстінде тұрғандай, көзі қарауытып, құлағы шыңылдап кетті... Жан дәрмен есін жинап алып, сайға қарай бүкеңдей жөнелді.

Қарт ескіше аздап хат танығанымен, географиядан хабары жоқ еді. Дүние жүзінің саяси картасын да қолына алып көрген кісі емес. Әйтеуір, ел мен елдің арасына осындай бір сызық бары көңіліне аян. Сол қаһарлы да, қатал сызықты оқымаған надан шаруа тағы да таптап өте шықты. Мұның ақыры неге соғарын ойлап, бас қатырып жатпады.

Ол сызықтан өте салысымен бүкеңдеп жүгіріп отырып, екі-үш шақырымдай ұзап кетті. Тобылғылы құр сайға жеткенде,



«уһ» деп демін бір-ақ алды. Тұла бойын тер басып кеткен екен, дереу омырауын ағытып, терістіктен аңқылдай соққан самалға тосты. Өлдекімге мұңын шаққандай, еңкілдеп жылап жіберді. Сақалынан пара-пара жас ақты. Жер-ананы құшақтап сүйе берді. Біресе жылап, біресе күледі. «Айналайын, туған жер, сені де көретін күн болады екен-ау» деп тұншыға күбірлейді. Қалтыраған қолымен көңірсіген дымқыл топырақтың бір уысын алып, бетіне басады, танауына апарып қайта-қайта иіскей береді...

Ентігін басып, тынығып алған соң, тағы да ілгері жылжыды. Темірқазықты бетке алып, суыт жүріп келеді. Қанша жүргені белгісіз, әйтеуір бірнеше қырқаны асып түсті.

Жер бедері бірте-бірте жылы ұшырап, таныс мекендер көзіне оттай басылды. Қарсы алдынан жанға жайлы алтын күрек самал жел есіп қоя берді. Бұл көптен сезінбеген жұпардай жағымды бір иіс келіп, танауын жарып жібергендей болды.

Етекке таман жақындап, Саршоқының мойнағына шыға келгенде, табанының астында жапырлап жанған отты көрді. Өкпе тұсынан жылқы кісінеді. «Жеттім-ау ақыры, – деді ол көкірегі қарс айрылып, – мынау дәуде болса, «Көкөзек» ұжымшарының орталығы болар. Шамдары түнде де сөнбейді екен-ау бұлардың... Жұлдыздай самсап тұр».

Шығыс жақ құланиектеніп, таң атуға айналды. Қарт тұла бойының қан қақсап ауырғанына қарамай, тістеніп, бар қайратын жинап, тағы да алға жылжыды.

Саршоқының түбіндегі Айнабұлаққа қарай бет түзеді. Дәл осы арада оның ата мекен – қыстауы бар. Сонда барып демін бір-ақ алуға бекіді.

Таң аппақ болып атты. Неткен сұлу, неткен ғажап таң еді бұл?! Сүт теңізіндей ақ сәуле тау басында бір сәт толқып тұрды да, лықсып төгіліп кетті. Торғын шымылдықтай таңғы мұнар лезде айығып, айнала ап-айқын көрінді. Қарттың көзі шарасына көкжиекпен астасқан шетсіз-шексіз кең дала еркін сыйып тұрды.

Анау көлбеп жатқан – қос Арғанаты. Мынау – Көкшілік, Нұра. Сол жағында кемер белбеудей созылып Қарғыба өзені ағып жатыр. Қарт қатар жарысқан қос өзенге қарап тұрып: «Қарғыба – Базарым, қалың ел – Назарым», – деді күбірлеп. Көкірегін қарс айыра, терең дем алды.

Жалғыз аяқ жол арқандай шұбатылып келіп, Айнабұлаққа құлады. Етекке түсіп, жарқыраған тас бастауды көргенде, қарттың жүрегі сыздап қоя берді. Қырық жыл бойы күндіз ойынан, түнде түсінен шықпайтын Айнабұлақ қой бұл. Анау төбедегі құлаған зираттың ішінде мұның ата-анасының сүйегі жатыр. Шыр етіп жерге түскенде, арқасы осы топыраққа тиген. Кіндік қаны осында



тамған. Осы арада жалаң аяқ шаң бұрқатып шапқылаған. Тұңғыш рет тайға мінген. Ат жаратып, көкпар тартқан. Құрбы қыз-келіншектермен ақ сүйек ойнап, талай таңды ұйқысыз аттырған. Осының бәрі оның санасынан жарқ-жұрқ етіп өте шықты.

Осынау өлкеге келіп тұрғаным шын ба, өтірік пе дегендей айна-тасына тағы бір рет көз жіберді де, бастаудың басына келді. Қоржынын жерге қойып, қайың безінен шауып жасаған сапта-яғымен толтырып іліп алды да, тістен өте шығатын тастай суық суды дем алмастан бір-ақ сімірді. Шіркін, бұл Айнабұлақтың суындай дүниеде су бар ма екен?! Таңдайына уыз татыған бір тұщы дәм келгендей болды.

«Алдымен зират жаққа барып, аруақтарға құран бағыштайын» деген ой келді қартқа. Аяғын әрең басып төбенің басына қарай аяңдады. Бірақ ескі қыстаудың тұсына келгенде, дымы құрып, әрі қарай жүруге халі келмеді. Екі аяғы өзіне бойсұнбай, әлсін-әлсін бүгіле берді. «Аятты осы арадан-ақ бағыштайын» деп, жол ортаға отыра кетті де, өзі білетін қысқа бір сүрені үш қайырып оқыды. Осы зиратта жатқан бүкіл үрім-бұтақ, зәуазаттарын тегіс атап, солардың рухына бағыштап бетін сипады.

Сонан кейін таяғына сүйеніп орнынан тұрды да, сүйретіле басып ескі қыстауға кірді. Үйлердің құлаған орны ғана тұр. Шөп басып, жермен-жексен болған. Ол бала кезінде өзі жататын бөлменің орнын көңіл көзімен әрең іздеп тапты.

Қарт шекпенін асықпай шешіп, бір бұрышқа қойды. Онан соң көйлегінің түймесін ағытып, жалаңаш етіне асып қойған бойтұмарын алды. Барқыттан тігілген кәдімгі үш бұрыш тұмар. Қарт тұмарды ерніне жақындатып, тәубе етті. Сонан кейін қалтасынан бәкісін алып, тұмарды сөкті де, төңкеріп сілікті. Тұмардың ішінен термен байланып қалған бір уыс қиыршық топырақ түсті жерге. Бұл – осыдан қырық жыл бұрын, жат өлкеге аттанарда, туған жерден түйіп алған топырақ еді.

Қарт ойына алған жұмысын түгел орындап тынды да, шекпенінің үстіне «уһ» деп жантая кетті. Бүкіл тұла бойының талып шаршағаны соншалық, ештеңені ойлауға да зауқы соқпады. Қыбыр етерге халі жоқ. Неше күннен бері оққа сүйенген аңдай ет қызумен түкті де байқамап еді. Әлдеқандай бір сиқырлы күш қолтығынан демеп, құстай ұшырып отырған. Ал, енді көздеген жеріне жетіп, арқасы кеңіген соң, сүйектері сырқырап қоя берді. Бейне бұрауы таусылған ойыншықтай буын-буыны босап, өне бойы салдырап бос қалды. Жаны мен тәні қалаған бір ғана тілек бар. Ол – тек жату, демалу.

Мамық төсегендей туған топырақ жамбасына біртүрлі жайлы тиді. Қарттың ақыл-ойы балға қонған шыбындай біраз малтығып жатты да, ұйықтап кетті.



Тәтті ұйқыда жатып, түс көрді ол. Баяғы жас кезі екен дейді. Осы Айнабұлақтағы ауылдан шығып, бұл бір жаққа кетіп бара жатқандай. Астында ақжал жирен аты бар. Тай күнінен тақымына басқан өзінің Ақжалы... Көңілі өскен жігіт ойнақы бір ән айтып келеді. Кенет қарсы алдынан атайы қызыл түлкі бұлаң ете түсті. Жігіт Ақжалға қамшы басты. Қызыл түлкі көшпелі алтындай анда-санда қылпын бір көрсетіп, заулап барады. Жігіт те тақылдап қалар емес. Сол бетімен қанша қуғаны белгісіз, бір заматта түлкі қалың жынысқа енді де, көз жаздырып кетті. Жігіт «қап» деп санын соғып қалды...

Онан әрі түс шатасып тұманға айналды. Кенет сол тұман арасынан мұның көз алдына «Етікші» шыңы келіп тұра қалды. Енді бірде әлгі ақ бас шын адам бейнесіне көшіп, ақсақалды шалға айналды. Бірден тани кетті. Кәдімгі өзінің әкесі – Тұяқбай... Мұны ымдап өзіне шақырғандай. Бұл кінәлі адамдай қипақтап қасына жақындады. Құлағына әкесінің күмбірлеген дауысы келгендей болды: «Байтас, бұл сенбісің? – деді ап-анық, – көптен көрінбей кеттің ғой, қайда болдың? Адасып кеттің-ау, жаман неме... Мейлі, қамықпа, есің барда еліңді тапсаң болғаны... Айтпақшы, әлгі Ақжал қайда? – деді тағы да әлгі дауыс. Сен бұл жақтан сол ат үшін кетпеп пе едің?.. Іші – боқ, сырты – түк бір тайды қимағаның бекер болған. Жалға мініп кетіп ең, ақ таяққа сүйеніп қайта оралған екенсің... Жарайды, қамықпа, келе ғой қасыма – деп әкесі бұған қолын созды.



Қалай ойлайсыңдар, Байтастың туған жерін тастап, жат елге кетуінің қандай себептері болған?  
Тұяқбай жат елге кеткен Байтасты кінәлайды ма?

Қарт шошына басын көтеріп алды. Басында өзінің қайда жатқанын білмей аңырып қалды да, біраздан соң есін жинады. Таңғы салқында денесі ызғар тартып, тоңазып қалыпты. Әйтсе де, бойының сергіп, жеңілденгенін сезінді. Кенет жаңа көрген түсі есіне түсіп кетті де: «О, туған жер! О, қасиетті атамекен! Торқадай топырағыңды қия гөр адасқан ұлыңа... Ел шетіне бір жеткізсең, екі дүниеде арманым жоқ деген сертім бар еді. О, Алла, аманат жаныңды бүгін алсаң да разымын!» – деді тәңірге жалбарынып.

Күн арқан бойы көтерілген. Сонау шырқау биікте, ақ шарбы бұлттардың арасында, аспанды күңгір-күңгір үнге толтырып, түйелі көштей тізбектелген тырналар қайтып барады.

Дәл осы кезде тайыншадай овчарканы алдарына салып, екі шекарашы Айнабұлаққа қарай түсіп келе жатты. Ізшіл ит шынжырын жұлқа ентелеп, ескі қыстауға қарай тартады.





**ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ**

1. «Қаздар қайтып барады» әңгімесінің негізгі тақырыбы не деп ойлайсың?
2. Жазушы әңгіме мазмұнына қандай тарихи оқиғаларды арқау еткен?
3. Байтастың туған жерін тастап шетелге кетуіне кім кінәлі деп ойлайсыңдар? Жағдайды өзгерту үшін сендер қандай шешім ұсынар едіңдер?
4. Әңгіменің «Қаздар қайтып барады» деп аталу себебі туралы ойларыңды бөлісіңдер.
5. Мұғалімнің көмегімен 1921–1922 және 1931–1933 жылдардағы ашаршылық туралы мәліметке ие болыңдар.

**ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ**

1. Әңгіменің басты кейіпкері Байтас қарт арманына жетті деп ойлайсыңдар ма? Дәлелдендер.

Арманына жетті	Арманына жеткен жоқ

2. Әңгіме сюжетіне композициялық талдау жасаңдар.

Композициясы	Мысал
1. Басталуы 2. Дамуы 3. Шиеленісуі 4. Шарықтау шегі 5. Шешімі	

3. «Қаздар қайтып барады» әңгімесіндегі жазушы тілінің сөздігін жасаңдар.

Жазушы тілі	Мысал
Мақал-мәтел	
Шешендік сөздер	
Басқа тілден енген сөздер	
Тұрақты тіркес	
Көнерген сөздер	
Жазушы жиі қолданатын сөздер	

4. Әңгімеде көрінетін тартысты табыңдар

Тартыстар	Дәлелдеме пікір
Жауыздық – махаббат Қасиет – қасірет Үміт – өкініш Қайғы – қуаныш Өмір – өлім	



**5. Өңгімеден полифониялық тәсілді анықтаңдар**

1. Диалог	
2. Монолог	
3. Баяндау	
4. Пейзаж	
5. Суреттеу	

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС**

Өңгімені өз сөздеріңмен баяндап, мазмұндама жазыңдар.

**ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ:  
«ТУҒАН ЖЕР», «АТАМЕКЕН» ӨЛЕҢІ**

**Бұл тақырыпта біз:**

1. «Туған жер» мен «Атамекен» өлеңдерін оқып, туған жерге, туған елге деген отансүйгіштік сезімдерімізді арттырамыз.
2. Лирикалық шығармаларды «Синквейн» тәсілі арқылы талдауды үйренеміз.

**ЖАЗУШЫМЕН ТАНЫСАМЫЗ**

**Қасым Аманжолов**

(1911–1955)



Қазақ поэзиясының асқар биіктерінің бірі – Қасым Аманжолов. Ол 1911 жылы Қарағанды облысының Қарқаралы ауданына қарасты «Қызыл» деген елді мекенде дүниеге келіп, 1955 жылы 44 жасында өмірден өтеді. Өкесі Рахымжаннан жастай жетім қалады.

Ол алғаш ауылда аздап хат таниды. Ағасы Ахметжан оны 1924–1926 жылдары Семейдегі интернатқа оқуға береді. 1927–1930 жылдары сол қаладағы, «Мал дәрігерлік» техникумында оқиды.

1930 жылы Алматыға келеді де, ондағы қазіргі «Жас алаш» газетінде жұмыс істейді. 1931 жылы Ленинградтағы Орман шаруашылығы институтына оқуға түседі. Бірақ денсаулығының нашарлануына орай, онда бір-ақ жыл оқиды. Соң Орал қаласына келіп, ондағы «Екпінді



құрылыс» газеті редакциясында тілші болып қызмет атқарса, 1935–1936 жылдары Орал театрында жұмыс істеді.

Табиғатына да сыршыл да, шыншыл ақын Қасым Аманжолов, тамаша өнер иесі болған. Ол домбыра, скрипка, қобыз сияқты т.б. аспаптарды нақышына келтіре тартқанда, тыңдаушыларын еріксіз емірендіре елітіткенге түседі екен.

Әрі ол шебер әнші, тамаша күйші де болған. Оның «Дариға», «Туған ел» сияқты т.б. әндері күні бүгінге дейін, қазақ халқының мәдени байлығы ретінде орындалады.

Ақын жастық шағынан-ақ өлеңге құмарта түседі. Әр алуан тақырыпта өлең жазып, ақындық талантын жан-жақты таныта түседі. Мәселен: оның ең алғашқы өлеңдер жинағы, 1938 жылы «Өмір сиқы» деген атпен басылып шығады. Ақынның «Балалық шақта», «Құпия қыз», «Қытай қызы», «Достар, қайда жүрсіндер?», «Сен едің мені айырған», «Орамал», «Сақыпжамал», «Дариға», «Сол қыз», «Өркендей бер», «Отаным», «Испания ұрпағына», «Толғау» сияқты т.б. өлеңдерінде өмірлік мәні бар мәселелерді көтереді.

Ақынның «Жамбыл тойында», «Көкшетау», «Құпия қыз», «Бурабай толқындары» сияқты өлең-поэмалары, оның нағыз талант иесі екендігін жан-жақты таныта түседі.

Ол нағыз ақын болып жетілген шағында да, Абай Құнанбаев, Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин сияқты поэзия алыптарының шығармаларынан рухани нәр алды. Әрі, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, В. Маяковский сияқты орыс поэзиясы жұлдыздарының өлеңдерін сүйіп оқыды.

Қорыта айтқанда, Қасым Аманжолов, үнемі іздену жолында жүріп, ХХ ғасырдың 30–50 жылдардағы қазақ поэзиясын ерен еңбегімен биікке көтеріп, шын мәніндегі талантты, жаңашыл ақын дәрежесіне көтерілді.

## ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

### Біз Қасым Аманжоловтың «Туған жер» атты өлеңін оқимыз



Қалай ойлайсындар, туған жерге деген махаббатты қандай жолдармен жеткізуге болады?

«Туған жер» өлеңінде автор Отанға, туған жерге деген ыстық ықыласын нағыз ақындық шабытпен жырлайды.



Туған жерлеріңнің басқа елді-мекендерден қандай ерекшеліктері бар?



## Туған жер

Шықшы тауға, қарашы кең далаға,  
Мәз боласың, ұқсайсың жас балаға.  
Ол шеті мен бұл шетіне жүгірсең,  
Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма?

Уа, дариға, алтын бесік туған жер,  
Қадіріңді келсем білмей кеше гөр.  
Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей,  
Ақын болмай, тасың болсам мен егер.

Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің,  
Нендей күйге жүрегімді бөледің,  
Сенде тудым, сенде өстім, сенде өлсем,  
«Арманым жоқ бұл дүниеде» дер едім.

Мен де өзіндей байтақ едім, кең едім,  
Қызығыңды көріп еркін келемін.  
Сен де аямай бердің маған барыңды,  
Мен де аямай барым саған беремін.

Болдым ғашық, туған дала, мен саған,  
Алыс жүрсем, арманым – сен аңсаған.  
Жақын жүрсем, мен төрінде рахаттың,  
Өз Отаным – өзім туған босағам.

### ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. Адам қандай жағдайларда жас бала сияқты қуанады?
2. Кез келген тауға шығып қуана беруге бола ма?
3. «Алтын бесік туған жер» деген тіркесте бесік пен туған жер деген сөздерінің қандай байланысы болуы мүмкін?

### ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

- 1-топ:** Туған жердің кеңдігі, байлығы туралы ақын не деп тебіренді?  
**2-топ:** «Қызығыңды көріп келемін» деген өлең жолымен ақын не айтқысы келді?  
**3-топ:** «Сен де аямай бердің маған барыңды, мен де аямай барым саған беремін» деген өлең жолдар арқылы ақын не айтпақшы?

### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. Туған жер тақырыбында сурет салыңдар.
2. Туған жер туралы мақал-мәтелдерді жаттаңдар.



## ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

Біз Қасым Аманжоловтың «Атамекен» өлеңін оқимыз.



Атамекен деген сөзді есіткенде ең алғаш рет қай мекен көз алдыларыңа келеді?

Атамекеннен алыста болған кездерің болған ба? Сондай сәттерде қандай сезімді бастан кешкенсіңдер?

«Атамекен» өлеңінде туған елге деген отансүйгіштік сезімдер шеберлікпен жырланады. Өлеңде тарихи тұлғалар да тілге тиек етіледі.

### Атамекен

Сүйем сені туған ел – атамекен,  
Абзал анам сенсің ғой құшағың кең.  
Жер мен көктің жаннаты бір өзіңсің,  
Сенен артық не табам, қайда кетем.

Іздеймін деп «Жерұйық», желдей желген  
Асанқайғы емеспін, Қасыммын мен.  
Қорқыт та емен елсізде, көр басында  
Қобызымен сырласып күңіренген.

Ерке жанмын, өмірде өстім еркін,  
«Еркелеме, ей, жігіт, еспе» дер кім?!  
Өз елімде өзендей гүрілдеймін,  
Тасып, шалқып өтемін – осы сертім.

### Бағалы дерек

**Қорқыт ата** – (IX ғасыр) түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы.

**Асан қайғы Сәбитұлы** (XIV ғасырдың соңы – XV ғасырдың басы) – мемлекет қайраткері, ақын, жырау, би, философ. Өз Жәнібек ханның ақылшысы болған.

Қорқыт ата да, Асан қайғы да желмаяға мініп, жиһан кезіп, «Жерұйық» дейтін ну орманды, көкорай шалғынды, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын жайлы қоныс іздейді. Жүрген жерінде жақсы-жаман қонысқа баға беріп отырады.

### ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. Атамекенге деген перзенттік парызды қалай өтеуге болады?
2. Өлеңде қолданылған теңеулерді табыңдар. «Абзал анам сенсің ғой құшағың кең» деген өлең жолына мән беріңдер. Ақын неліктен «атамекенін», «абзал анасына» теңеп жатыр деп ойлайсыңдар?

### ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

1. Мұғалімнің көмегімен Қорқыт ата және Асан қайғы туралы мәліметке ие болыңдар. Екі тұлғаның «Атамекен» өлеңінде аттары аталуының мәнін ашыңдар.
2. «Туған жер» және «Атамекен» өлеңдерін салыстырыңдар. Екі өлеңнің өзіне тән ерекшеліктерін табыңдар.



## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

«Синквейн» тәсілі. Мұны бес жолдан тұратын өлең деп те атайды. Синквейн жазу ережесі:

- 1) Бірінші қатарға бір сөзбен тақырып жазылады (зат есім түрінде).
- 2) Екінші қатарға тақырыпты екі сөзбен келтіру (екі сын есім түрінде).
- 3) Үшінші қатарға үш сөзбен осы тақырып бойынша іс – әрекет жазылады (етістік, көсемше).
- 4) Төртінші қатарға төрт сөзден тұратын осы тақырыпқа қатысты сөйлем немесе сөз тіркесі.
- 5) Соңғы қатарға тақырып мәнін сипаттайтын бір сөзден тұратын синоним (метафора) жазылады.



## ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ

**Эпитет** (қосымша) – заттың, құбылыстың ерекшелігін, сыр-сипатын бейнелі түрде танытатын поэтикалық және стилистикалық ұғым, экспрессивті айқындаушы сөз. Мысалы, қазақ поэзиясында «алтын» сөзі эпитет ретінде көп қолданылады. Оның мағынасы да сан алуан:

түсті (алтын күз)

әдемілікті (алтын қасықтай); Бұл эпитет-теңеу құтты мекенді (алтын бесік – туған жер, алтын аймақ) т.б.

Эпитет көбінесе сын есім, үстеу, зат есім, етістіктен жасалады. Көркем әдебиетте тұрақты эпитет жиі қолданылады.

## СИРОЖИДДИН САЙИД: «ОТАН ДЕСЕМ», «БҰЛ – БІЗДІҢ ҮЙІМІЗ»

### Бұл тақырыпта біз:

1. Сирожиддин Сайид өмірі мен шығармашылығын оқимыз.
2. Ақынның «Отан десем», «Бұл – біздің үйіміз» атты өлеңдерін оқимыз.

## ЖАЗУШЫМЕН ТАНЫСАМЫЗ

### Сирожиддин Сайид

(1958 жылы туған)

Сирожиддин Сайид 1958 жыл 30-қазанда Сұрхандария облысы, Сарыосиё ауданына қарасты Кундежуаз қыстағында дүниеге келген. Өзбекстан халық жазушысы.



Ол 1979 жылы Ташкент мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген, соң алғаш (Ташкент ақшамы» (1980– 1989), «Өзбекстан әдебиеті мен өнері» («Ўзбекистон адабиёти ва саънати», 1989–1990, 1991–1996) газеттермен бірге, «Жұдырық» («Муштум», 1990–1991) журналында тілші, бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарады.



Сондай-ақ, 2001–2003 жылдар аралығында Өзбекстан Жазушылар Одағы басқарма төрағасының орынбасары, 2003 жылдан бірінші орынбасар болып бір жөн жұмыс атқарған болса, 2018 жылдан күні бүгінге дейін, Өзбекстан Жазушылар Одағының төрағасы болып өнімді еңбек етуде.

Ақынның ең алғашқы өлеңдер жинағы (1985) жылы «Рухим харитаси» деген атпен жарық көрген болса, онан соң «Салқин харсанглар кафтада», (1987), «Севги мамлақати», (1989), «Асрагил, Меҳр қолур, муҳаббат қолур, Куйдим», (1994), «Ватанни ўрганиш», (1996), «Ватан абадий», (2011), «Буғдойбўй Ватан», (2011) сияқты т.б. жыр жинақтарында, Отанға, ел-жұртына, халқына деген ыстық сезіммен, шынайы сүйіспеншілік лебі өзінің шынайы шешімдерін таба түскен.

Аса талантты ақын, орыс халқының белгілі жыр дүлдүлі А. Вознесенскийдің «Мангу ризқ» деген өлеңдер жинағын өзбек тіліне аударған болса, ал оның өлеңдері Ресей, Өзербайжан, Түркия, Корея, Тәжікстан және Түрікменстан мемлекеттерінде баспа бетін көрген.

## ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

Сирожиддин Сайидтің «Отан десем» өлеңін оқимыз



Сен қай ақынның «Отан», «Туған жер» тақырыбындағы өлеңдерінен үзінді келтіре аласың?  
Сен өз туып-өскен Отаның үшін не тілер едің?  
«Отан», «Туған жер» туралы бірнеше мақалдар айт.

### ОТАН ДЕСЕМ

Бұл аймақтың асқарлары нұрға ғашық!  
Күні, айы, жұлдыздары жырға ғашық.



Анам жапқан күлшесінде отан исі,  
Қастерлеймін ұсағында көзге басып.

Отан – ана,  
Отан – жер, тағдыр – отан,  
Өмірін елге арнаған жанды ұнатам.  
Отан деген не өзі деп сұрама,  
Өмір – отан, нан – отан, тандыр – отан.

Отан үшін жеңдік көп сынақтарды,  
Жаңалыққа толтырдық парақтарды.  
Жаратқанның жарлығымен жасап жүрміз,  
Ғасырлардан ғажайып сағаттарды.

Тағы да бір батыр туар Бабыр ма екен,  
Қират па екен, Үндістан ба Күнө ма екен?  
Әлем көрді, көрсін тағы патшаларын,  
Сұлтандарын хандарын дүниеге тең!

Бұл аймақтың асқарлары нұрға ғашық!  
Күні, айы, жұлдыздары жырға ғашық.  
Анам жапқан күлшесінде отан исі,  
Қастерлеймін ұсағында көзге басып.





## БҰЛ – БІЗДІҢ ҮЙІМІЗ

Кейде ойларымды тұсайды уайым,  
Кейде таулардан да ауырдай қайғым.  
Әлемде аспан біреу, жер шары жалғыз.  
Бұл – біздің үйіміз,  
Бұл – менің үйім.

Сар далам сарылтып шертсе егер күйін,  
Жазылар жарамыз, шешілер түйін.  
Көңіліңде дақ болса бөліп бер маған,  
Бұл – біздің үйіміз,  
Бұл – менің үйім.

Сен отан дегенде жарқ етер көзің,  
Ел десе менің де жайнайды жүзім,  
Бір өмір дос болар ұрпақтарымыз,  
Бұл – біздің үйіміз,  
Бұл – менің үйім.

Сендік көк тіреген сарайдай зәулім,  
Менің шынарларым да созады бойын.  
Шытынап тұр әттең Мұнараларым,  
Бұл – біздің үйіміз,  
Бұл – менің үйім.

Сенің ұл – қыздарың жасаса тойын,  
Менің баламның да, сыйлығы дайын.  
Барша ұлт туысқан, бауырым менің,  
Бұл – біздің үйіміз,  
Бұл – менің үйім.

Тарихтан білеміз тыныштық сыйын,  
Жер шары жаралы жағдайы қиын.  
Бірігіп айтайық барша ел – халық:  
Бұл – біздің үйіміз,  
Бұл – менің үйім.

Біз не көрмедік бұл күнге дейін?  
Кейде батырлар да оралмас кейін,  
Аналар жол қарап жүрген заман бұл...  
Бұл – біздің үйіміз,  
Бұл – менің үйім.

*Аударған Мейрамбек Абдіқалиев*



### ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. «Отан десем» өлеңінде не туралы айтылған?
2. Сирожддин Сайидтің Отан туралы қандай өлеңдері бар?
3. Тәуелсіздік дегенде нені түсінесің?
4. Патриоттық сезім дегенде нені түсінесің?
5. Отан десек ең алдымен көз алдыңа не келеді?

### ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

1. «Кім жылдам?» ойыны. Өр топ «Отан», «Туған жер» туралы өзінің мақал-мәтелдерін дайындайды және жалғастырады. Үш топ бір-біріне тапқан мақалдарын айтады.

№	Даналар тобы	Ғалымдар тобы	Білгірлер тобы
1	Отан оттан да .....	Отансыз адам – .....	Туған жердей жер болмас, .....
2	Туған жердің қадірін ... ..	Отан үшін отқа түс ... ..	Туған жердің күні де ыстық, .....
3	Кісі елінде сұлтан болғанша, .....	Ел іші .....	..... Ормансыз бұлбұл.

2. Оқушылар бүгінгі сабақтан алған әсерлерін және де өз ойларын жазады.
  - 1-топ – Отанға деген сүйіспеншілікті қалай таныта аласыңдар?
  - 2-топ – Адамға Отаны, атамекені, туған жері неліктен ерекше әсер етеді?
  - 3-топ – Туған, өскен, тұрған жерің туралы не айта аласыңдар?

### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. Суретке қарап «Менің – гүлденген Отаным» тақырыбында шағын ессе жаз.





2. Берілген сұрақтарға жауап жазыңдар.
  1. Өзбекстанның астанасы қай қала?
  2. Өзбекстанның тұңғыш президенті кім?
  3. Өзбекстанның рәміздерін атаңдар?
  4. Өзбекстанның қандай қалаларын білесіңдер?
  5. Өзбекстан Республикасының мемлекеттік тілі қай тіл?

### РАСУЛ ҒАМЗАТОВ: «МЕНИҢ ДАҒЫСТАНЫМ» ПОВЕСИ

#### Бұл тақырыпта біз:

1. Расул Ғамзатов өмірі мен шығармашылығын үйренеміз;
2. «Менің Дағыстаным» повесінің мазмұнымен танысамыз.

### ЖАЗУШЫМЕН ТАНЫСАМЫЗ

#### Расул Ғамзатов (1923–2003)

**Расул Ғамзатов** – белгілі авар ақыны, Дағыстанның халық ақыны. Ол 1923 жылы 8-қыркүйекте Дағыстанның Хунзак ауданы, Цада селосында дүниеге келген. 1939 жылы Авар педагогикалық училищесін бітірген. 1941 жылға дейін орта мектептің мұғалімі, театр режиссерінің көмекшісі, газеттерде, радиода журналист қызметтерін атқарған. 1951 жылдан өмірінің соңына дейін, Дағыстан жазушылар ұйымында жетекшілік еткен.



Р. Ғамзатов алғашқы өлеңін он бір жасында жазған. Ақынның тұңғыш өлеңдер жинағы «Пламенная любовь и жгучая нена-



висть» 1943 жылы жарық көрген. Ақынның барлық шығармаларының желісі – халыққа қызмет ету үлгісі, үлкен жауапкершілік пен ерлікке бағытталған.

Расул Ғамзатовтың жырлары қазақ жұртшылығына да жақсы таныс. «Жарық жұлдыздар», «Менің Дағыстаным» кітаптары қазақ оқырманына таныс. «Тау қызы» театр сахнасында қойылды. «Менің атам» бүлдіршіндердің сүйікті шығармасы болды. 1937 жылдан жариялана бастаған «Біздің таулар», «Атамекен», «Туған жылым», «Ағаға арнау», «Дағыстан көктемі», «Жарық жұлдыздар», «Соңғы баға», жыр жинақтарында, «Әкемен тілдесу», «Тау қызы», «Ананы аялаңдар» поэмаларында туған жердің сұлулығын, халық даналығын, ұлттық дәстүр ерекшелігін сүйіспеншілікпен жырлаған. «Жарық жұлдыздар», «Менің атам», «Тырнарлар» атты поэмалар мен өлеңдер жинағы, «Менің Дағыстаным» повесі қазақ тілінде жарық көрген.

Әдебиеттегі үздік жетістіктері үшін Р. Ғамзатов Дағыстан, Ресей және әлемдік деңгейдегі көптеген мемлекеттік сыйлықтар мен атақтарға ие болған.

## ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

### Расул Ғамзатовтың «Менің Дағыстаным» повесін оқимыз



Қалай ойлайсыңдар, мемлекеттік тілді қалай дамытуға болады?

Ана тілі туралы даналық сөздер мен мақал-мәтелдер айтыңдар.

Өзбекстан Республикасының мемлекеттік тілі туралы қандай мәліметке иесіңдер?

«Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді» деген нақыл сөзге өз пікіріңді білдір.

## МЕНИҚ ДАҒЫСТАНЫМ

(повестен үзінді)

### СӨЗ

Авар тіліндегі «миләт» сөзінің екі мағынасы бар: «ұлт» және «қам».

– Ұлтының қамын ойламаған адам дүние қамын ойлап жарытпас, – дейтін әкем.

– Ұлтының қамын ойламаған адамның қамын ұлты да ойла-мас болар, – деп, қостар еді Әбуталып.



– Тауық та, қаз да, қаптесер де ұлт бола қоймас, бірақ адамдардың ұлты болуы керек қой, – дейтін менің шешем.

Өзі бір ұлт, бірақ екі республика болады, біздің көрші осетиндер солай. Бір республика, бірақ қырық ұлт та болады. «Халықтың да, тілдің де үйілген бір тауы екен», – депті Дағыстан жайында бір жолаушы.

«Мың басты айдаһар», – дейді Дағыстанның жаулары.

«Алуан бұтақтары бар бәйтерек», – дейді Дағыстанды достары.

«Дүниенің жүзінен қолыңа күндіздің өзінде шырақ алып іздесең, мұнша адамы аз, бірақ халқы көп жерді таппассың», – дейді екен келушілер.

...Менің білетінім сол – біздің жерде бір арбада келе жатқандар бес тілде сөйлесуі мүмкін де, егер жол айрығына бес арба келіп тоқтаса, онда отыз тілде сөйлесіп кете береді.

...Тағы бір әңгіме бар, Хунзахтың ханы Гидатлиге тыңшы жібереді, оған годеканда, базарда сол жерліктердің әңгімесін тыңдап, не пікірі бар екенін біліп кел деп тапсырады. Тыңшы барғанымен, тез оралады.

- Иә, білдің бе бәрін?
- Түк те білгем жоқ.
- Ол қалай?
- Әркім өз тілінде сөйлейді. Олардың тілі бізге мүлде түсініксіз.



...Дағыстанда тоғыз тілде кітап шығады. Ал қаншама тілде ән шырқалады десеңші. Әр кілемнің өзінше өрнегі бар. Әр қылыштың өз жазуы бар. Бір қолда соншама саусақ қалай пайда болған? Бір Дағыстанда соншама тіл қалай пайда болғанын ғалымдар өзінше дәлелдей берсін. Ал менің әкем былай деп айтатын:

«Алланың елшісі қашырға мініп ап, жер бетін аралап келе жатып, өзінің үлкен қоржынынан әр халыққа тіл үлестіріп жүріпті. Қытайлықтарға барып қытай тілін берген. Арабтарға барып араб тілін берген. Гректерге грек, орыстарға орыс, французға француз тілін берген. Тілдің неше түрі болса керек: бірі әуенді, бірі сазды, бірі қатқыл, үшіншісі сырлы, өрнекті, төртіншісі нәзік, әсем дегендей. Мынадай олжаға қарық болған халықтар кәдімгі адамша сөйлеп, өз тілінде шүйіркелесіп қалады. Тілдің арқасында біреуді біреу танып, бір халық екінші көрші халықты біліседі.

Сонымен, қойшы, әлгі қашыр мінген кісі біздің Дағыстанға жетеді. Жаңа ғана грузиндерге, кейін Шота Руставели өзінің поэмасын жазған грузин тілін беріп, кейін Коста Хетагуров өз сонеттерін жазатын осетин тілімен аралап шыққаны сол екен. Кезек бізге келіп жетіпті.

Алайда, сол күні Дағыстанның тауларында қарлы құйын соғып-кетпесі бар ма! Аңғардың қары алай-түлей бұрқырап аспанға шығып, түкті көрсетпей, жолды да, мекенді де жауып тастапты. Қара түнекте тек желдің ысқырғаны, жартастың гүрсілі. Қойсудың төрт саласының күркіреп тасығаны ғана естілсе керек.

– Қой, болмас, – дейді тілді үлестіруші мұртына мұзы қата бастаған соң, мына алай-түлейде мына жартастарға өрмелеп жүре ме сол.

Сөйтеді де, ол қоржынның түбінде әлі үлестірілмей қалған қос уыс тіл бар екен, соны біздің тауларға шаша-шаша салады.

– Таңдағандарыңды алыңдар, – дейді және.

Шашылған тілдерді боран алып қашып, тастан-тасқа, шатқалдан-шатқалға жеткізсе керек.

Сол кезде бүкіл дағыстандықтар үйлерінен шыға-шыға келіседі. Мың жылдар бойына күткен мына ырысқа, алтын нөсерге бірін-бірі итермелей ұмтылып, тұра-тұра жүгіреді. Бас салып, жармасып, қымбат дәнді тиген-тигенінше үлесіп алады.

Сонда әрқайсысы өз тілін тауып алады.

Үлестіріп алып, саклясына паналап, боранның басылуын тосады.

Таңертең тұрса, күн жарқырап, кешегі қардан түк қалмаған. Қараса – тау! Енді ол – «тау». Енді оны атымен атауға болып қапты. Қараса – теңіз! Ол енді – «теңіз». Оның да аты бар. Ендік өзге көрінгеннің бәрін атауға болады. Не деген рақат! Мынау – нан, міне – мама, мынау – сакля, бұл – ошақ, мынау – ұл, мынау – көрші, өне, адамдар.



Жұрт далаға жүгіре шығып, бәрі үн қосып: «Тау», – деп айқай салған екен. Бақса, әрқайның әртүрлі шығады. «Теңіз!» – деп айқайлайды. Тағы да әр басқа. Содан былай авар, лезгин, даргин, құмық, тат, лак болып кете барады. Содан былай соның бәрі Дағыстан болып аталады. Адамдар қойдан, қасқырдан, жылқыдан, шегірткеден ажырап, жіктеліп шығады. «Жылқы адам болуға бірдеңесі сәл-пәл жетпей қапты», – деседі. Ей, Алланың елшісі-ай! Сонда сен боран мен биік құздан қорқамысың! Көрмей, дәнеме етпей, бізге төге салармысың, соншама тілді? Бүйткенің не қылғаның? Жүрекпен, мінезбен, әдетпен, салтпен, бар тұрмыс күйімен қанша бауыр, жақын адамдарды бөліп, бөлек тіл бітірермісің.

Жә. Жарайды, соған да рақмет. Тілдің жаманы жоқ. Қалғаныны өзіміз көріп алармыз. Бір-бірімізге жол тауып, ақтығына келгенде ортақ тіл жасап, бір-бірімізді ажыратпайтын болармыз.

Одан соң, бізге Ақсақ Темір, арабтар, Иранның шахы келді, өз тілдерін бізге теліп баққысы келді. Алайда қолымызды қанша тартқылағанымен, саусақтарымыз жұлынған жоқ, біздің ағашымызды қанша теңселткенімен бұтақтарымыз сынған жоқ.

Ана тілім менің! Сен маған ризасың ба, білмеймін, бірақ менің тірлігім – сенсің, мен сені мақтан етем. Сонау тұңғиық терең жер түбінен жарыққа, күнге, жасыл шөпке асыққан бұлақ суындай ана тілімнің сөздері жүрегімнен қайнап шығып, алқымыма тіреледі. Ернім күбірлейді. Өз күбіріме өзім құлақ тігем, ана тілім, саған құлақ тігем, сонда маған бейне тұңғиықтан шымырлап шыққан таудың асау өзені елестейді. Мен судың бүкіл қаққан дыбысын сүйем. Мен болаттың сыңғырын ұнатам, қынабынан суырылған екі қанжардың бір-біріне соғылған дыбысын сүйем. Осының бәрі менің тілімде бар. Сондай-ақ махаббат сыбырын да жақсы көреді.

Уа, менің ана тілім, сені де жұртқа білгізу маған өте қиын, сенің алуан түрлі үнің неткен әсем еді, авар боп тумаған кісіге үйрену де қиын оларды, о, егер біле қалсаң, оларды айту дүниенің рақаты емес пе, шіркін!

Халық көп, әр халықтың өз әдет-салты бар. Бар жерде солай. Адам дүниеге туады. Бір халықта баланы шоқындырады. Бір халықта сүндетке отырғызады, үшіншісінде туғаны туралы куәлік жасатады. Енді адам кәмелетке келген кезде өзге тәртіп, өзге салт. Оған қыз айттырады. Қыз айттыру деген, шынында да, салт. Ал үйленген соң, өзге салт тағы басталады. Дағыстанның үйлену салты мен кәде-жорасын айтуға ұзақты күн жетпейді. «Дағыстан халықтарының салттары» деген кітапты қалағандарыңызға сыйлауға болады, үйге барған соң оқисыздар.

Жоқ, Дағыстан, ол тек географиялық ұғым емес. Оның өз кескіні, өз мақсаты, өз арманы бар. Ортақ тарихы, ортақ тағдыры, ортақ қасіреті, ортақ қуанышы бар.



Сонау тіл үлестіруші жолаушым, сен тауларымызды, ауылдарымызды, жүректерімізді аттап кетпей, шапағатыңнан құр қалдырмағаныңа рақмет!

Өз тілдеріңде өлең айтып, ой ойлаған барлық жан, сендерге де рақмет!

### **Менің ұлым авар анасы үйреткен тілді ұмытуға тиіс емес**

Тау ішінде өз тілін қастерлемейтін адам сый-құрметтен жұрдай болады. Шұбар тілмен жазылған жырын да ешқашан тау-ана оқымайды.

Күндердің күнінде Парижде бір дағыстандық суретшіні кездестірдім. Революциядан кейін іле-шала Италияға оқуға кетіпті де, итальян қызына үйленіп, еліне қайта оралмапты. Тау ішіндегі дәстүрге үйреніп қалған әлгі дағыстандық жігіт, көпке дейін өзінің жаңа отанына үйрене алмай жүріпті. Жер жүзін талай шарлап, алыстағы бөтен елдердің жарқ-жұрқ еткен астаналарында да болыпты. Бірақ, қайда барса да, туған елін аңсап, зарыққан сезім соңынан қалмай-ақ қойыпты. Осындай сезімнің бояу арқылы бейнеге қалай айналдырылғанын көргім келді де, «өзің салған суреттерді көрсетші» деп өтіндім.

Бір суреттің аты «Елді аңсау» екен. Суретте байырғы авар киімін киген итальянка (суретшінің әйелі) бейнеленген. Ол тау ішіндегі бұлақтың басында тұр, қолында атақты гоцатлин шеберлері нақыштап жасаған күміс құмыра. Тау баурайында қайғырып, тұнжырап тұрған авардың тас ауылы. Ауыл үстіне төніп тұрған таулар бұдан да бетер қайғырып, тұнжыраулы. Тау төбесін туманбасқан.

– Туман, – деді суретші. Таудың баурайын туман басқанда, тастың тілім-тілім әжімін бойлап, мөлдір тамшы ағады ғой. Туман – бұл мен.

Екінші суреттен тікенек бұтаның басында отырған құсты көрдім. Ал бұта болса, жалаңаш тасты қақ жарып шығып, өсіп тұр. Құс сайрап тұр да, оған өз үйінің терезесінен қайғылы бір тау қызы қарап тұр. Менің суретке назар аударғанымды байқап қалды да:

– Бұл аварлардың көне аңызының желісі бойынша салынған сурет, – деп түсіндірді суретші.

– Қандай аңыз бойынша?

Құсты ұстап ап, торға қамап қойыпты. Торға түскен құс күні-түні бірдей: «Елім, елім, елім, елім, елім», – деп қақсай беріпті... Соңғы жылдар бойы тап осылай қақсап жүрген мен сияқты... Құс иесі ойлапты: «Мұның елі қандай екен, ол қайда болды





екен? Мүмкін, мұның елі жұмақтағы ағаш өсіп, жұмақтағы құс мекендейтін гүл жайнаған тамаша бақ секілді шығар? Мен осы құсты далаға қоя берейін де, оның қай жаққа ұшып кеткенін көрейінші. Сонау алыстағы ғажап елдің жолын көрсетсін маған» деп ойлап, тордың қақпағын ашып, құсты босатып жіберіпті. Құс он қадам ұшып барыпты да, жалаңаш тасты қақ жарып, өсіп тұрған тікенек бұтаға қоныпты. Осы бұтаның жапырағының арасында оның ұясы бар екен. Мен де өз еліме, өзімді-өзім қамаған тордың терезесінен қарап жүрмін ғой, – деп аяқтады әңгімесін суретші.

– Елге неге қайтқыңыз келмейді?

– Кеш қой. Кезінде туған жерімнен жанып тұрған жас жүрегімді алып кетіп едім. Енді еліме қаудыраған қу сүйегімді қайтаруға хақым бар ма менің?

Парижден оралысымен, әлгі суретшінің туған-туысқандарын іздеп, тауып алдым. Таңғалғаным сонша, оның шешесі әлі тірі екен. Суретшінің туған-туысқандары жиналып, өздерінің елденбезіп кеткен, туған жерін жат жерге айырбастап жіберген ұлы жайындағы әңгімемді күңіреніп, қайғы-қасіретпен тыңдады. Бірақ маған ұлына кешірім еткен секілді болып көрінді. Олар оның тірі жүргеніне қуанды ма, қалай, әйтеуір, кенеттен шешесі:

– Сендер аварша сөйлестіңдер ғой? – деп сұрады менен.

– Жоқ. Біз тілмаш арқылы сөйлестік. Мен – орысша, ал сенің балаң – французша.

Ұлының өлгенін жаңа ғана естігендей боп, суретшінің шешесі бетін қара орамалмен жауып ала қойды. Үйдің шатырын тырсылдатып, далада жаңбыр жауып тұр. Біз Аварда тұрмыз. Ал жердің екінші жағында, Парижде Дағыстанның адасқан ұлы да, мүмкін дәл осы сәтте жаңбырға құлақ салып отырған шығар... Біраз үндемей отырғаннан кейін, суретшінің шешесі айтты: – Сен қателестің, Расул, менің ұлым баяғыда өліп қалған. Сенің көргенің – менің ұлым емес. Менің ұлым өзім үйреткен, авар анасы үйреткен тілді ұмытуға тиіс емес.

*Аударған Кенжеболат Шалабаев*

### ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. «Менің Дағыстаным» әңгімесінің негізгі тақырыбы не деп ойлайсың?
2. Дағыстанда «сөз» дегенге қандай мағына бересің?
3. Суретші не себептен тұманды салды? Ол туған жеріне деген сағынышын қалай білдірді?
4. Суретшінің анасы неге оны өлдіге шығарды?
5. Егер сен суретшінің орнында болсаң еліңе қайта қайтар ма едің?
6. Суретші неліктен еліне қайтқысы келмеді?



**ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ**

«Тіл құдіреті» тақырыбында үш топқа бөлініп сұхбат жасаңдар.

I топ	II топ	III топ
Ана тілі	Отан, туған жер	Ата-ана

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС**

Автордың «Туған тіл» туралы айтқан ойларын дәптерлеріңе теріп жа-зыңдар.



## III ТАРАУ

### ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

#### ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ: «ЕСПЕНБЕТ» ДАСТАНЫ

##### Бұл тақырыпта біз:

1. «Еспенбет» дастанының тақырыбы мен идеясын ашамыз;
2. Еспенбет батыр бейнесіне, іс-әрекеттеріне баға береміз;
3. Шығармаға арқау болған тарихи оқиға туралы мәліметке ие боламыз.

#### ЖАЗУШЫМЕН ТАНЫСАМЫЗ


##### Дулат Бабатайұлы

(1802–1874)

Қазақ әдебиеті тарихындағы көрнекті тұлғалардың бірі Дулат Бабатайұлы 1802 жылы Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданында дүниеге келген. Дулат өз буынының алды, аса зерделі адамы болған. Ауыл молдасынан оқып, мұсылманша сауат ашқан Дулат ақындық өнерді ерекше қастерлеген аймақта өмір сүрген.

Бұқар мен Ақтанберді жырауларды ұстаз тұтқан, көне түркі поэзиясынан тағылым алған, өлеңді суырып та, жазып та шығарған Дулат қазақ поэзиясын мазмұн, тақырып жағынан барынша байыта түсті. Түр, көркемдік тәсілдер тұрғысынан жаңа сатыға көтерді. Өмірі туралы деректер көп зерттелмегенмен, өлеңдері ел ішінде ауыздан-ауызға және қолжазба түрінде тараған.

Ақынның кейбір өлеңдері 1880 жылы Қазан қаласында «Өсиет-нама» деген атпен жеке кітап болып басылып шыққан. Дулат Бабатайұлының шығармаларын барынша зерттеп, өлеңдерін жинақтаған Қ. Өмірәлиев болды. 1991 жылы ақынның өлеңдер жинағы «Замана сазы» деген атпен жарық көрді.





Дулат Бабатайұлы өз шығармаларында мейірімділік пен зұлымдық, мырзалық пен сараңдық, білім мен надандық мәселелерін философиялық тұрғыдан талдап, өз өлеңдерінің арқауы етеді. Ақын шығармашылығындағы негізгі философия – сол замандағы әлеуметтік мәселелерге байланысты туындаған наразылықтар. Дулат Бабатайұлы отарлау саясатының қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, болмысына, өмір сүру салтына кері әсер еткендігіне қынжылады. Халықтың ауыр тұрмысын көре тұра, патша үкіметіне отарлау саясатын жүргізуге көмектескен ел ішіндегі арамза басшыларды өз өлеңдерінде қатты сынға алады.

## ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

### Біз Дулат Бабатайұлының «Еспенбет» дастанын оқимыз



Қалай ойлайсындар, тарихта ата-бабаларымыз сыртқы жауларға қарсы не үшін күрескен?


Дастандағы оқиғалар XVIII ғасырда қазақ хандығы тұсында болған. Шығармада туған жерін шапқыншы жаудан қорғаған батыр туралы баяндалады.



Туған жер дегенде көз алдыңа не келеді?  
Отанды не үшін сүю керек?  
Туған жерді тек басқыншы жаулардан қорғау керек пе?

### «ЕСПЕНБЕТ»

*(ықшамдалып алынды)*



Ер Еспенбет кешегі  
Ерекше ер деседі,  
Тіл біткеннің шешені  
Топта бермес есені.  
Үлгі айтса көшелі,  
Жауға шапса – көсемі.  
Бәйбішесі сыбанның  
Жарасқұл деген атадан,  
Өзі болған жігіттен  
Сұрама кім деп ата-анаң.  
Ел тілегін тілеген



*«Ел тілегін тілеген  
Ер азбайды батадан»*

деген пікірге сенің көзқарасың қандай?

Ер азбайды батадан.  
Нағашысы уақта  
Ер Қосайдай ер өткен;  
Жетім қалып Еспенбет  
Қолында соның ер жеткен.  
Он төрт жасқа келгенде,  
Еспенбеттей еріңнің  
Туған ел ойын тербеткен.  
Туған елді көксей ме,  
Кежеге туған, кер кеткен.  
Еспенбеттің шешесі,  
Ер Қосайға немере,  
Қиық жоқ қыздан туғанда,  
Оны бөтен көрер ме.  
Тоқсан жаста Ер Қосай  
Тұғырдан әбден түскен ер;  
Елім десе елеріп,  
Жаннан мүлде күскен ер;  
Бел шешпей жортып ел үшін,  
Алты малта ас қылып,  
Арпа суын ішкен ер.  
Еспенбеттей ұрпағын  
Өте жақсы көретін,  
Маңдайынан иіскеп,  
Батасын ұдай беретін.  
Жатса, тұрса Еспенбет  
Тұлпар мінсем деуші еді.  
Қару, сайман асынып,  
Шепті бұзсам деуші еді.  
Іш құса болып асығып.  
Туған елін ойласа,



Қалай ойлайсыңдар, туған жер туралы жиі ойлана-мыз ба?

Еспенбеттің іс-әрекеттері сенде қандай ой туғызды?  
Еспенбет туралы алғашқы көзқарасың қандай?



Қалатын жасып, басылып.  
 Күндерде бір күн Еспенбет  
 Желінің келді басына,  
 Бие ағытып жатқанда,  
 Биешінің қасына:  
 Ақбөрте құлын ойнап тұр.  
 Ақ қулыққа асыла.  
 Еспенбетке ұнады  
 Ақбөртеңің келімі,  
 Құйрығын шаншып алды да,  
 Үш айналды желіні.  
 Селеу жерге бас ұрды  
 Омырауының желімен,  
 Құйындатып келді де,  
 Ытқып түсті Ақбөрте  
 Енесінің белінен.  
 Үш мәртебе ытады,  
 Еспенбет ерден ес кетіп,  
 Есі-дерті болып Ақбөрте,  
 Басқаны мүлде ұмытады.  
 Күзді күнгі ұзақ таң  
 Еспенбет кірпік қақпайды.  
 Күндіз ойнап күлмейді,  
 Ішкен асы батпайды.  
 Өзіл айтқан құрбыға  
 Түнеріп жауап қатпайды.  
 Қылышына қайрап,  
 Сүңгісін безеп саптайды.  
 Ертеменен отырап  
 Желінің келіп басына.  
 Көзін алмай қадалып,  
 Ақбөртеңің қасына.  
 Ақбөрте мініп астына,  
 Айқара тоқым салсам деп.  
 Алмас қылыш асынып,  
 Ақ найза қолға алсам деп.  
 Тоғыз түрлі топшылы  
 Жеңсіз берен кисем деп.  
 Сары садақ іліп беліме,  
 Айғайлап жауға тисем деп.  
 Бәрін айт та, бірін айт,  
 Туған елге кетсем деп.  
 Өнерім болса, еліме  
 Адал еңбек етсем деп,  
 Болмаса өнер бойымда,

#### Сөзмаржан

**Малта** – қатты құртты ыстық суға салып жібіткеннен кейінгі кішірейген қалдығы, ұлттық тағам.

**Желі** – ірі қара малды сауған кезде төлдерді байлау үшін екі қазыққа кере тартып байланған арқан.

**Қулық** – алғаш құлындаған байтал.

**Селеу** – өсімдік атауы, шөл далада өсетін шөп.

**Ытқып түсті** – мұнда малдың үркіп ала қашуы, атып, ыршып кетуі мағынасында.



Қалай ойлайсыңдар, әрбір адамның арманы болу керек пе?

Алға қойған арманыңа жету үшін не істеуің керек?

Қораш құл болып өтсем деп.  
 Жегідей ерді ой жеңіп,  
 Түн асқан сайын жүдетті.  
 Қайратын қайрап, қажырын,  
 Жүдеген сайын үдетті.  
 Ұйқысыз ұзақ түн өтті,  
 Күлкісіз талай күн өтті,  
 Ақырында айтқандай  
 Арманына ер жетті  
 Ер Қосайдай қарт білді  
 Шөбересі жүргенін  
 Әлденеге қамығып.  
 Шақырып қарт алды да,  
 Сөз сөйлейді ағылып:  
 – Шөберем, неге мұңайдың?  
 Көп шөбере ішінде  
 Ерекше тілеп тілеуің,  
 Құдайға күнде жылаймын.  
 Өңімде емес, түсімде  
 Көрсеткені құдайдың.  
 Сөз сөйлер деп тілеуші ем  
 Шаршы топта, алдында  
 Ыңай менен сығайдың!  
 Шепті бұзар деуші едім,  
 Жаудың туын құлатып;  
 Тұлпар мінер деуші едім,  
 Жалын желмен сылатып;  
 Найза ұстар деуші едім,  
 Жас шыбықтай бүгілтіп,  
 Садақ иер деуші едім.  
 Бунағы алтын беліне  
 Семсер ілер деуші едім.  
 Сырыңды айт маған, шөберем,  
 Айдынды ала ту алып,  
 Жауға тигің келе ме?  
 Менменсіген дұшпанның  
 Көңілін басқың келе ме?  
 Майданда шаңды боратып,  
 Өрттен шыққан ұшқындай



Оқты шашқың келе ме?  
 Туған елді сағынып,  
 «Жүрмін, – деп, мұнда неғылып?» –  
 Өкпелеген көтенге  
 Құлдарша қашқың келе ме?  
 Сонда Еспенбет сөйледі:  
 – Сен – атам, мен – шөберең,  
 Алдымда талай асу бар,  
 Бақыт па, сор ма, не көрем?  
 Еркін өсіп ержеткен,  
 Ерекше туған көбеңмін,  
 Ен дәулеттің ішінде  
 Еркін жүріп тел емдім.  
 «Ер – туыс, ит – тамаққа», –  
 Деген жоқ па бұрынғы?  
 Туған ел, туған жерім бар,  
 Сөйлесем, атам, сырымды:  
 Туған елді көкседім,  
 Жат елде арман өскенім.  
 Ылайық па, жан ата,  
 Іргелі елім тұрғанда,  
 Жат елде өмір кешкенім?  
 Көзіме емес, сыртымнан  
 Сан есітті құлағым  
 «Сыбан бала» дескенін.  
 Жігерім болса жетемде,  
 Еліме барып ұл болсам,  
 Жігерсіз болсам жетесіз,  
 Қойын бағып құл болсам.  
 Жат елде жадап жүргенше,  
 Жалтаң көз боп тірі боп,  
 Кім ермейді соңымнан,  
 Көрнекке шықсам ірі боп.  
 Кесілер жетті мезгілі  
 Жетімдіктің арқаны.  
 Ел мен жерді ойласам,  
 Шерім үстеп тартады.  
 Туған ел, туған жерімнің  
 Бұйдалы тайлақ секілді

**Сөздің көркі – мақал**

- *Ел үмітін ер ақтар,  
Ер атағын ел сақтар.*
- *Ер жігіт елі үшін туады,  
Елі үшін өледі.*
- *Аққу көлін аңсайды,  
Адам туған жерін аңсайды.*



Қалай ойлайсыңдар, еспенбет нағашы жұртынан не үшін кетті?  
 Сеніңше, Еспенбеттің шешімі дұрыс па?





Дәм мен тұзы тартады.  
 Батаңды бер, жан ата,  
 Шөберең сырын сарқады.  
 Егер бата бермесең,  
 Шөберең шердің құлы боп,  
 Күн санап дерті артады, –  
 Дегенде қолын жаяды:  
 «Ийлаһи» деп атасы.  
 Ықласымен берген соң,  
 Қабыл болды батасы.  
 – Бірақ, балам, айтайын:  
 Еліңе де барарсың,  
 Тірі болсаң еліңнің  
 Керегіне жарарсың.  
 Дос та елден, жау да елден  
 Алды-артыңа қарарсың.  
 Күндестік те еліңнен,  
 Міндестік те еліңнен,  
 Қамалау да еліңнен,  
 Табалау да еліңнен,  
 Абалау да еліңнен,  
 Өсіру де еліңнен,  
 Көшіру де еліңнен,  
 Бақыт та елден қонады,  
 Дәулет те елден болады,  
 Еліменен ер жетіп,  
 Емендей өсіп толады.  
 «Елсізде өскен» демесін,  
 Елден таңдап сұлу ал,  
 Ақ отау тігіп басыңа,  
 Төрт түлік малдан еншіңді ал.  
 Топтан таңдап тұлпар мін  
 Күлтелі құйрық, сұйық жал.  
 «Жолын қыл, – деп, – баламның», –  
 Қарт атаң жасын төкпей ме?  
 Қарт тілеуі қабыл боп,  
 Қанына ұрық екпей ме?  
 Сопайып барсаң, қу басың,  
 Ақтанберді, Қабанбай

### Сөзмаржан

**Тел емді** – бұл жерде таршылық көрмеді деген мағынада айтылып тұр.

**Жадап жүру** – жаны қиналу.

**Сарқады** – түбіне дейін, түк қалдырмай.

**Ийлаһи** – құдай деген мағынада қолданылған.

**Абалау** – жер-жебіріне жеткізіп кемшілігін бетіне айту.



Туған ел қадір-қасиеті туралы айтылған ойларға қосыласың ба?

Сен туған елдің тағы қандай ерекшеліктерін айта аласың?



**Бағалы дерек**

**Ақтанберді Сарыұлы** – 1662–1752 жылдарда өмір сүрген жырау. Қол бастаған батыр.

**Қабанбай (Ерасыл) Қожағұлұлы** – 1692–1770 жылдарда өмір сүрген тарихи тұлға, қолбасшы батыр.

Өкпелеп мені сөкпей ме? –  
 – Қаламайын, жан ата,  
 Сұлуды да, малды да,  
 Маңдайыма жазған бар,  
 Бақытым менің алдымда.  
 Тірі болсам айдармын  
 Өлі-ақ мың мен санды да.  
 Тірі болсам құшармын  
 Аққудайын таранған,  
 Өкшесіне қаранған,  
 Ай маңдай, аппақ жаңды да.  
 Тірі жүрсем мінермін,  
 Арқар таң күпшек санды да.  
 Барар құсы басы ілгері,  
 Кім шығып кепті алды ма?  
 Қалауым сенен, жан ата,  
 Қаруымды сай алам,  
 Тобыңнан таңдап және де  
 Ат алмаймын, тай алам.  
 Ертеңінде ертемен  
 Қару-сайман сай болды,  
 Топтан таңдап алғаны  
 Ақбөртедей тай болды.  
 – Танылар тұлпар желіден,  
 Ер танылар бесіктен,  
 Таңдап алған тайыңды  
 Көрсет, – деді атасы, –  
 Көлденең тартып есіктен. –  
 Таңдап алған Ақбөрте  
 Ұнап кетті қартыңа.  
 Үш мәртебе шықты да,  
 Бөртеңің алды-артына:  
 – «Жарайсың, – деп, – шөберем!», –  
 Батасын берді сарқыла.  
 Күншілдер тұр күлісіп,  
 Жете алмайтын парқына.  
 – Шын тілеуім, шөберем,  
 Сапарыңды оңдасын,  
 Ғайып ирен қырық шілтен



Еспенбеттің нағашы атасы ұсынған мал-дүниелерден бас тартуына қандай баға бересің?  
 Ол дұрыс істеді ме?  
 Сен қанағатшыл адам болуға ұмтыласың ба?



Әулие жар боп қолдасын.  
 Танып апсың, қарағым,  
 Өмірлік бөртең жолдасың.  
 Атасына қош айтып  
 Еспенбет ердің кеткені,  
 Туған ел, туған жеріне  
 Өксіп келіп жеткені.  
 «Елсізден шыққан кісідей  
 Тайға мініп келді, – деп,  
 Ұялмай көрді елді, – деп,  
 Ұялмай қала берді...», – деп,  
 Құлағына кірмеді.  
 Ағайынның сөккені.  
 Мұны айтқанның бәріне –  
 Жасы менен кәріге  
 Ішінен жиды өкпені.  
 Құрмет алмай кем тұтты  
 Ағайын, туған жақындар  
 Он қайырып бір сөзін.  
 Өсіресе қатындар.  
 Туыс қадірін білмейтін:  
 «Жақында да жақын бар,  
 Туыс та тілер бағыңды,  
 Жақыннан артық жатың бар».  
 Үш жыл болды келгені,  
 Ақбөрте бесті шығады,  
 Өрен ер мен тұлпарды  
 Кім жасырып тығады?  
 Сәтімқұл биге ас берді  
 Көксаланың бойында.  
 Ақбөртеңі сол асқа  
 Қосам деген ойында.  
 Сауыны айтып жиылған  
 Төрт арыстың баласы,  
 Бақанас пен Көксала  
 Халыққа толды арасы.  
 Ас шығынын көтерді  
 Құрманбет пен Жанғұлы.  
 Асты билеп меңгерген  
 Екі елдің жүйрік даңғылы.  
 Қозы орнына тай сойып,  
 Асықтай атты жамбыны.  
 Дариға, онда қазағың  
 Бұзылмаған қаймағы,  
 Тасы өрге домалап,

#### Сөздің көркі – мақал

- *Тай атқа, ат мұратқа жеткізер*
- *Жақсы ат – жанға серік*
- *Ер қанаты тұлпар*

#### Сөзмаржан

**Сауын айтып** – сауын сөзі үлкен ас, ұлы той сияқты жиындар туралы ел-елге жариялап хабар беруді білдіреді.

**Бақанас пен Көксала** – жер-су атаулары.

**Жамбы** – күмістен құйылған түрліше салмақтағы, пішіндегі кесек ақша.



Қалай ойлайсыңдар, жазушы өзі суреттеп отырған дәуірге қандай баға берген?

Адамның өткен өмірді аңсауына, өзі жасап жатқан заманға көңілі толмауына не себеп болуы мүмкін?

Өзі келген қайдағы.  
 Бас бәйгесі жүз тайлақ  
 Солқылдаған өркеші,  
 Маңдай алды келеді  
 Еспенбеттің Бөртесі.  
 Шақырып алып Еспенбет  
 Ақтамберді қолбасын,  
 Бес сыбанның ұлына  
 Ортаға салды олжасын.  
 Жүз тайлақтан есептеп  
 Біреуін де алмады.  
 «Ердің сыйы» деседі  
 Ортаға олжа салғаны,  
 Бір шағым от барлығын  
 Елі сонда аңдады.  
 Еспенбеттен Бөртеңің  
 Бұрын шықты атағы.  
 Ақбөртеге қызығып,  
 Біреу қойын қосақтап,  
 Біреу қысырақ матады.  
 Жан серігі Бөртеңі  
 Дүниеге неге сатады?  
 Тірі болса Еспенбет  
 Алыстан тілеп тоятты,  
 Түзден дәмді татады.  
 Ерге күрең ел қайда,  
 Наймандай жайған қанатын?  
 Тарбағатай, Алатау,  
 Екі таудың бөктерін,  
 Қанатын жайып алатын?  
 Ауызбен айтып жеткізбес  
 Сәні менен санатын.  
 Тұнық көлдей толқыған  
 Тоқсан мың жүзіп, қанатын.  
 Ол шеті мен бұл шетіне  
 Тұяғы тозып, ат жүрсе.  
 Құс қанаты талатын.

#### Сөзмаржан

**Қысырақ матады** – үйірге қосылмаған жас биені арнады, сыйлады деген мағынада.

**Тоят** – мұнда құмарланды, ләззат алуды мағынасында.



Көз алдыңа Қабанбай, Ақтанберді батырлар бейнесін елестете алдың ба?

Найманның ту басшысы  
 Байжігіт ер Қабанбай  
 Беті қайтпай жасынан  
 Талай бұзған қамалды-ай.  
 Қабанбайдың тұсында  
 Жүгендеусіз жылқысы,  
 Қосақтап қойы саналмай.  
 Қарт батыры сыбанның  
 Ақтамберді, Саббастай,  
 Айласы мен әдісін  
 Адам ойлап таппастай.  
 Алты малта ас қылып  
 Белін шешіп жатпастай.  
 Айбарын оның сұрасаң,  
 Сырт дұшпаны батпастай.  
 Беріктігін сұрасаң,  
 Елін жауға сатпастай.  
 Қабанбай елге жар салды.  
 Аттанбаққа қалмаққа.  
 Өксікті кеткен қалмақтан  
 Елдің кегін алмаққа.  
 Қара керей, матайдан  
 Өңшең саңлақ жиылды,  
 Қашырдай қатып тұлпарлар,  
 Ерлер тастай түйінді.  
 Ер жүректі Еспенбет  
 Ақбөртеңі баптады.  
 Сары ырғай садаққа  
 Терісінен бұғының  
 Адырнаны таққаны.  
 Алмас қылыш асынып,  
 Еменге найза саптады.  
 Басталар қашан соғыс деп,  
 Асығып тыным таппады.  
 Белін шешіп жатпады,  
 Түнде кірпік қақпады,  
 Ерлік қысқан кеудеге  
 Ішкен асы батпады.  
 Қамын жеген қазақтың  
 Батырдың сарқыт ақыры,

**Сөзмаржан**

**Қара керей** – Орта жүз руы.

**Матай** – Орта жүз руы.

**Адырна** – садақ ағашының екі басын иіп ұстап тұратын, жебені тіреп алатын керме қайысы.



**Сөзмаржан**

**Қалмақ** – ойрат тобына жататын моңғол тілдес халық. XVII–XVIII ғасырларда Орталық Азия елдеріне соғыс жүргізген Жоңғар хандығының халқы.

Туын тікті сыбанның  
 Ақтамберді батыры.  
 Ауылдан шығып ат қойып,  
 Ардақтап ұран шақырды.  
 Жөңкерілген қалың қол  
 Жүйткіген желге ұқсайды,  
 Көрінісі қай кезде  
 Толқыған көлге ұқсайды,  
 Мұнар түнеп, бұлт кешкен  
 Асқар белге ұқсайды.  
 Кенетінен ду етсе,  
 Тас қопарып, тау бұзған  
 Аққан селге ұқсайды.  
 Ақтамберді, Қабанбай –  
 Алдындағы көсемі,  
 Келелі сөзге Сасан бар –  
 Жібермейтін есені.  
 Еспенбеттей ер жүрек  
 Қолмен бірге келеді,  
 Топ «шу!» десе, Ақбөрте  
 Артынан шаңды боратып,  
 Алдынан құйын оратып,  
 Бөкендей орғып желеді.  
 Еспенбет ер сұңқардай  
 Алыстан тоят тіледі.  
 Орынсыз сөз сөйлемес,  
 Батагөй қарттай саналы.  
 Міндетінен бас тартпас,  
 Айтқызбай-ақ біледі,  
 Сыр бермейді сырттансып  
 Кежегесі тартып тұр,  
 Бейне арыстан түлегі.  
 Толқынды топ кездесті  
 Шebін құрған қалмаққа.  
 Тебінгілес тең жауды  
 Тегіндікпен алмақ па?  
 Айла-әдісі тең жауы,  
 Бір салыспай қалмақ па?  
 Қарсыласып екі топ,  
 Іріктеді батырды,  
 Қалмақ соғып барабан,



Еспенбеттің қай қасиетін айрықша атап өткің келеді?



Қазақ ұран шақырды.  
 Айбаты өсіп ерлердің  
 Арыстандай ақырды,  
 Иығы түсіп ездердің  
 Қоярға жанын жер таппай,  
 Арман көріп аһ ұрды.  
 Қалмақ шықты майданға  
 Шамасы елу жастағы.  
 Астына мінген әлемдеп,  
 Мақпалдай қара қасқаны.  
 Ерлігі елең қылмайды  
 Бір өзінен басқаны.  
 Кір басқан құлаш айдары.  
 Аждаһадан кем емес,  
 Аузын ашқан айбары,  
 Алты жүз кірген соғысқа  
 Алпыс алты айлалы.  
 Алты қару асынған,  
 Айласының айғағы.  
 Жекпе-жекте өлтірді  
 Жүремете сегізді.  
 Қазақты қамап қамалға  
 «Кім шығар бұған» дегізді.  
 Тоғызыншы ер шықпақ,  
 Ақтамберді, Саббастай.  
 Ол болмаса әдісін  
 Басқа қазақ таппастай.  
 Жетіп келіп Еспенбет:  
 – «Ақтанберді ер, – деді, –  
 Мен барамын сен үшін  
 Кезегіңді бер», – деді.  
 Ақтамберді қарт батыр  
 Қол жайып бата бергені.  
 Топтан шығып жөнелді  
 Найзаға таққан шоқтай боп.  
 Ақбөрте келіп құнтиып,  
 Садақтан тартқан оқтай боп.  
 Қанға сусап қалмақ тұр,  
 Обатуғын оптай боп.  
 Еспенбет келе сөйледі:  
 Ерлікке сай қайраты,  
 Қаруға сай амалы,  
 – Сен – қалмақтың қабаны,  
 Қарсыңа қалай жіберді  
 Қазақ саған баланы?

### Сөзмаржан

**Әлем** – мұнда жүйрік атқа қасиеттеп, қадірлеу үшін тағылатын шүберек мағынасында.

**Жүремете** – қатарынан.



Қазақ сені қорлады,  
 Қазақтан төмен санады.  
 Жігерің болса қайраттан,  
 Баланы саған балады.  
 Ағаштан жұлған алмадай  
 Басыңды бала алады.  
 Ашуланып қалмақтың  
 Түгі шықты сыртына.  
 Тістегенде тісінің  
 Қаны толды ұртына.  
 Көз шыдап қарап тұрмастай  
 Қарағанда сұрқына.  
 Қамшы тиді тұлпарға,  
 Қылыштары жарқ етті.  
 Қабағыңды қаққанша  
 Жарқ етті де, сарт етті,  
 Бірінің жанды еңбегі,  
 Бірі күшін сарп етті.  
 Дене қанға боялды,  
 Қан құмар қылыш қарш етті.  
 Қас қаққанша майданда  
 Айқасқан екі ер де жоқ,  
 Қара жер жатыр қайыспас  
 Жұтса тоймас қанға оп.  
 Дене жатыр майданда  
 Қылышпен басы кесілген.  
 Өлімге мойнын сұнғандай  
 Аяқ-қолы кесілген.  
 Тіршілік пен өлімнің  
 Ұзақ дауы шешілген.  
 Елеуреген екі топ  
 Майданға тіккен көздерін,  
 Жүз қайтара қайталап,  
 Бір айтып кеткен сөздерін.  
 Қандары шапшып қайнады,  
 Өздері де білмейді  
 Не билеп тұр өздерін.  
 Ел үшін туған ерім деп,  
 Бір топ келіп жыласты.  
 Еліме қатер жауым деп,  
 Өлгенін бір топ ұнасты.  
 Күні туып бір топтың  
 Қуанышы шың асты.  
 Түні туып бір топтың –  
 Үстін кейіс, мұң басты.

#### Сөзмаржан

**Кейіс** – реніш, қапа, кейігендік.

**Ит ырғын** – мол олжа, кел-көсір молшылық.





Қалай ойлайсыңдар, жазушы не үшін XVIII ғасырда болған оқиғаны жазды екен?

Жазушы Еспенбеттің ерлігін баяндау арқылы не айтпақшы болды?

Қарақасқа қосарда,  
 Қалмақтың басы белінде,  
 Бақ құсы қонып басына,  
 Еспенбет келді еліне.  
 Ер Қабанбай ту байлап,  
 Арқар таң атты борбайлап,  
 Ақтамберді айғайлап,  
 Қалмаққа кірді желіге.  
 Қарқ олжаға батысты  
 Қалмақты жеңіп қалың қол.  
 Ит ырғын да көл-көсір  
 Бақыршы тоқ, олжа мол.  
 Еспенбеттей ер ұлын  
 Елі сонда таныған.  
 Бет бұрып тізгін тартқан жоқ,  
 Жаудың мың қол санынан.  
 Өле-өлгенше ел болды  
 Еспенбеттің арманы,  
 Өзімен бірге жасады  
 Астындағы тарланы.

Бәрін айт та, бірін айт,  
 Еспенбеттей ер қайда?  
 Еспенбеттей ер туса,  
 Ер күтетін ел қайда?

**ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ**

1. Мұғалімнің көмегімен дастанда баяндалған дәуірмен (XVIII ғасырдағы тарихи жағдай) Дулат Бабатайұлы өмір сүрген дәуірді (XIX ғасырдың бірінші жартысындағы тарихи жағдай) салыстырып үйренеміз.

XVIII ғасырдағы тарихи жағдай	XIX ғасырдың бірінші жартысындағы тарихи жағдай



2. Қалай ойлайсыңдар? Батырлық табиғаттың сыйы ма? Адам батыр болып туа ма, әлде батыр болып қалыптаса ма? Екі пікірдің бірін таңдап оны дәлелдендер.

Батырлық – табиғаттың сыйы, батыр болып туылады	Батырлық – табиғаттың сыйы емес, батыр болып қалыптасады

3. Шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.  
 4. *Бәрін айт та, бірін айт,  
 Еспенбеттей ер қайда?  
 Еспенбеттей ер туса,  
 Ер күтетін ел қайда?* – деген жолдарда ақын нені аңсайды?

### ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Қосай (Еспенбеттің нағашы атасы) мен Еспенбет образдарын талдап үйренеміз.

1-топ: Ер Қосай


Ер Қосай образы	Шығармада қалай баяндалды?
Шығармада диалогқа түскендегі сөзі	
Портреті	
Іс-әрекеттері	
Характері	

2-топ: Еспенбет

Еспенбет образы	Шығармада қалай баяндалды?
Шығармада диалогқа түскендегі сөзі	
Портреті	
Іс-әрекеттері	
Характері	

### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. «Ел үмітін ер ақтар» тақырыбында 150 сөзден тұратын шығарма жазыңдар.  
 2. Төмендегі кестені дәптерге сызып, Еспенбеттің қандай қасиеттерін өз бойыңда көргің келетінін жаз. Атап көрсеткен қасиеттеріңнің артықшылықтарын жаз.





## ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫ: «ЗАР ЗАМАН» ТОЛҒАУЫ

### Бұл тақырыпта біз:

1. «Зар заман» толғауының тақырыбы мен идеясын ашамыз.
2. Шығармаға арқау болған тарихи оқиға туралы мәліметке ие боламыз.

## ЖАЗУШЫМЕН ТАНЫСАМЫЗ

### Шортанбай Қанайұлы

(1818–1881)

**Шортанбай** – айтыскер, ақын, әдебиетіміздегі «Зар заман» деп аталатын кезеңнің ірі өкілдерінің бірі. Қолда бар деректерге қарағанда, ақын 1818 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданының Қаратау бойында дүниеге келген.

Сәбит Мұқанов ақын поэзиясын зерттей келе: «Шортанбайдың үш зары бар. Олар: «Зар заман», «Бала зар», «Өлер зар». Осы үш зарда да халықтың басына түскен зарды, заманның зарын айтқан», – дейді.

Шортанбайдың «Зар заман», «Заман қайтіп оңаласын?», «Опасыз жалған», «Ақырғы сөз», «Өзі туралы» т.б. көптеген елең-толғауларында өз заманының сипатын ашық байқатады. Шортанбай өмір сүрген кезең, халық тарылып, түрлі бекіністер салынған, қазақтың көптеген қалаларының Ресейге бағына бастаған кезі болатын. Осыларды көрген ақын халықтың көзін ашып, санасын оятуға тырысты. Елді бірлікке, елін-жерін, тілін, салт-дәстүрін сақтап қалуға шақырды. Жердің талан-таражға түсуі себепті халық дәстүрінен айырыла бастады, ата-ананы, үлкенді сыйлау азайып барады деп шошынды.

Ақынның жыр-толғауларымен қатар тарихи оқиғаға құрылған «Ақжолтай батыр» атты дастаны бар. Дастанда ақын Ағыбай батыр мен оларды соңына ерткен Кене ханның әрекеттерін баяндайды.

Сондай-ақ, Шортанбай – айтыс ақыны. Оның Орынбаймен, Шөжемен айтыстары сақталған. Шөже ақын Шортанбайды өте





жоғары бағалап: «Басқа ақын тап өзіңдей ірі ме еді, ел сыйлаған пірім едің», – деген екен.

Ақынның 1890 жылы, кейін 1911 жылы Қазан қаласында «Бала зары» атты өлеңдер жинағы басылып шықты. Ақынның өлең-толғаулары «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (1932), «Айтыс» (1966), «Бес ғасыр жырлайды» (1989), «Ай, заман-ай, заман-ай» (1991), «Жеті ғасыр жырлайды» (2007) және т.б. көптеген жинақтарға енген.

## ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМИЗ

### Біз Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» толғауын оқимыз



Қалай ойлайсыңдар, тарихта ата-бабаларымыз қандай замандарды бастан өткізген?

Ақын сол заманның ауырталықтары туралы «Зар заман» атты зарлы толғау шығарып, ол ел ішінде кең тарады. Толғауда отарлау саясатының салдарынан, Қазақ хандығындағы бұрынғы ел басқару жүйесінің жойылып, халықтың саяси, экономикалық және рухани езгіге ұшырағандығын тарихи уақытта сипаттайды.



Қазақ хандығы дегенде көз алдыңа не келеді?  
Оқушылар, қалай ойлайсыңдар, біз қазір қандай заманда өмір сүріп жатырмыз?

### «ЗАР ЗАМАН»

*(Ықшамдалып алынды)*

Елді еркіне қоймады  
Буыршындай тақымдап,  
Дуанбасы, болыс тұр  
Көпірдің сөзін мақұлдап...

Мына заман қай заман?  
Азулыға бар заман,  
Азусызға тар заман.  
Тарлығының белгісі:  
Жақсы – жаннан түңілген,  
Жаман – малдан түңілген,  
Мұның өзі – зар заман.



Зар деген сөздің мағынасын ашып, осы сөзге үш синоним табайық. Бұл сөзді басқа қандай ұғымдармен байланыстырып, қолдануға болатындығы туралы пікірлесейік.

Зарлығының белгісі:  
 Бір-бірлерін күндеген,  
 Жай-жайына жүрмеген,  
 Мұның өзі – тар заман...  
 Тарлығының белгісі:  
 Мұсылманнан хәл кетті,  
 Тәңірім болғай деместен.

Анты жұқпас бойына,  
 Әрне түсер ойына.  
 Жалмауыз болды үлкенің,  
 Қазақ, сенің сорыңа.

Арқадан дәурен кеткен соң,  
 Қуғындап орыс жеткен соң,  
 Тіпті амал жоқ, қазақтар,  
 Енді сенің торыңа,  
 Орыс – бүркіт, біз – тулкі,  
 Аламын деп талпынды,  
 Орыстан қорлық көрген соң,  
 Отырып билер алқынды...

Патша жұртын қанады,  
 Байлар жөргем санады.  
 Жарлының жаны берік екен,  
 Мал үшін он екі ай қой бағып,  
 Жалғыз тоқты алады...

Кетейін десе, алды тар,  
 Тұрайын десе, кәпір бар,  
 Қайсыбірін айтайын,  
 Қазақты ұлы қамалды.  
 Қамалмай енді неғып тұр,  
 Тәубесінен қазақ жаңылды.



Жоғарыда берілген шумақтағы буыршын, тақымдау, дуанбасы, болыс сөздерінің мағынасын түсініп, өлең мазмұнына қаншалықты әсері барын анықтайық.



### Сөзмаржан

**Қоңсы** – 1) кедей ауыл, кірме; 2) бірге отырған ауыл – үй, көрші-қолаң.

**Шекпен** – жүннен тоқылған немесе қалыңдау матадан тігілген сырткиім.

**Жөргем** – бұл жерде: 1) пайда, олжа; 2) будақтап өрілген ішек; 3) жермен-жексен болып шұбатылып өсетін шөп; 4) бір кесек шикі ет.

**Пір** – діни сөз. Бұл жерде: қолдап-қорғаушы рух деген. Ауыспалы мағынада демеуші, қолдаушы, сүйеуші деп те айтылады.

**Дуан** – белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірлестік, бекініс, аймақ.

**Дуанбасы** – бір дуанға басшылық ететін адам.

Тұс-тұсынан жау шығып,  
Дұшпанға жаман табынды.  
Көдесі қалың Арқаңыз  
Ақ шөбін қимай бағынды.  
Бағынғанның белгісі:  
Билік кетті басыңнан,  
Қорлық көрдің жасыңнан.  
Ұл-қызыңнан үміт кетті,  
Айырылдың құда, досыңнан.  
Мұнан қатты не болсын,  
Өмір менен осыдан...

Бұ дүниеге не деп айтайын,  
Көңілінде иман бар адам.  
Бір пара жанды малды қып,  
Бір пара жанды малсыз қып,  
Бір пара жанды ғалым қып,  
Бір пара жанды залым қып,  
Бір пара жанды дінді қып,  
Бір пара жанды дінсіз қып,  
Шерне үшін жанды жаратты...  
Мал бермеймін дегеннің  
Үстіне шекпен кигізіп,  
Иініне қоржын ілгізіп,  
Ақ таяғын ат қылып,  
Айуаннан жат қылып,  
Елден тамақ сұратты...

Зар заманның аяғы  
Заманың кетті баяғы,  
Ықылас-ниет қалмады,  
Үлкенге билік салмады,  
Жарлының жалғыз сүйеніш  
Мал болыпты таяғы...  
Айырылмайтұғын дерт болды  
Кедейге қылған қорлығың.  
Кәпірді көрдің піріңдей,  
Тілмәшті көрдің жеңгендей,  
Дуанды көрдің үйіңдей,  
Абақты тұр қасында  
Қазылған қара көріңдей!..

### ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. Өлеңді толығымен мәнерлеп оқып, «Зар заман» ұғымына өз тарапымыздан анықтама ұсынайық.



2. Өлеңнен төмендегі көркемдеу құралдарын тауып, мысал арқылы дәлелдейік:  
а) эпифора; б) ассонанс;  
ә) анафора; в) метафора.
3. Шортанбай ақын өлеңдерін «Зар заман» ақындарының басқа ірі өкілдерінің шығармашылығымен салыстырып көрейік.
4. Төменде берілген шумақтағы қорлар, зорлар, барлар, жоқтар дегендердің кім екенін анықтап, осы сөздердің баламасын табайық.

Өуелгі қорлар зор болды,  
Сондай зорлар қор болды.  
Өуелгі барлар жоқ болды,  
Сондай жоқтар тоқ болды...

### ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

1. Достар, тарихшылар, тілшілер, журналистер тобына бөлініп, «Авторға сұрақ» әдісі бойынша Шортанбай Қанайұлымен сұхбат жасайық. Сұрақтарымыздың өлең мазмұнынан алшақ кетпеуіне назар аударайық.
2. «Зар заман» өлеңінің негізінде өлең авторының көңіл күйін анықтайық.
3. Бүгінгі заманымыз туралы алмасқан идеяларымыз бен жинақтаған ойларымыздың қорытындысы ретінде бірнеше топтарға бөлініп, шығармашылық шығарылым (аудиопоэзия немесе бейнепоэзия) жасайық.
4. «Венн диаграммасы» арқылы Шортанбай жырлаған заман мен бүгінгі заманды қатар қойып салыстырайық.

Зар заман	Бүгінгі заман

### Өзің тұрған жерді сыз



### ЖЕТІСТІК АҒАШЫ



## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. «Фонтастикалық саяхат» әдісін пайдаланып, XIX ғасырға саяхат жасайық. Егер сендер сол заманда қолдарыңда билік күші бар адам болсаңдар не істер едіңдер? Өлең мазмұнын негізге ала отырып, өз жоспарымызды жасайық.
2. Сол заманның адамы ретінде өз заманымызға баға беріп, шағын сыни шолу жазайық.
3. Шортанбай Қанайұлы «Зар заман» толғауы тақырыбы бойынша алған біліміміз бен іс-әрекетімізді қалай бағалаймыз? Жетістік ағашынан езімізді тауып, бояп, қорытынды тұжырымдарымызды жазайық.



## ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ

### Толғау және эпифора туралы түсінік

**Толғау** – көне дәуірлерде туып, қалыптасқан поэзиялық шығарманың бір түрі, философиялық ой қорытудың ұлттық үлгісі, табан астында суырып салып айтуға құралған лиро эпикалық жыр. Толғау күрделі, көлемді лирикалық туынды, сюжетсіз поэма.

Толғау қазақтың «жыр толғау», «толғап айту» деген сөзінен алынып, жеке термин ретінде әдебиетімізде кейінгі дәуірде ғана қалыптасты. Толғау – өзінің табиғи сипатымен жүйелі оқиғасы бар жырға жақын, үндес жанр. Бізге жеткен толғаулардың халық өмірінің аса бір жауапты, күрделі де қиын тұсында айтылып, таралғанын аңғарамыз. Мұнда ел, жер, халық тағдыры, болашағы жүйелі сөз болады. Осы ерекшелік мұны эпикалық жырларға көп ұқсатады.

Толғау мазмұны адамның көңіл күйімен, тарихи оқиғаларды философиялық тұрғыдан пайымдауымен байланысты. Толғау белгілі бір мақаммен, музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен айтылады.

**Эпифора** – өлең тармақтарының соңында бір сөздің тіркесінің бірнеше қайталанып келуі. Бұл қажетті бір ойға, құбылысқа ерекше назар аударып, сөз әсерін арттыру үшін қолданылады. Қазақ өлеңінде эпифора сөздің кезекті қайталау үлгісіне жатады. Мысалы, Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» толғауынан эпифораны айқын көреміз.

«Мына заман қай заман?  
Азулыға бар заман,  
Азусызға тар заман...»

деген сөз тіркесін қайталау, термелеп бірнеше нәрсені тізбектеу үшін қажет болған.





## МҰХТАР ШАХАНОВ: «НАРЫНҚҰМ ЗАУАЛЫ» ПОЭМАСЫ

### Бұл тақырыпта біз:

1. Жаужүрек ақын Махамбет Өтемісұлының бейнесін сомдайтын көркем шығарма оқимыз;
2. «Нарынқұм зауалы» поэмасының тақырыбы мен идеясын ашамыз.

### ЖАЗУШЫМЕН ТАНЫСАМЫЗ

#### Мұхтар Шаханов

(1942 жылы туған)

Мұхтар Шаханов – ақын. Ол 1942 жылдың 2-шілдесінде Оңтүстік Қазақстан облысының Қасқасу ауылында дүниеге келген.

Ол – Қазақстан Республикасының халық жазушысы.

М. Шахановтың алғашқы өлеңі 1959 жылы «Сырдария» деген атпен жарияланып, 1966 жылы «Бақыт» атты тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көрді.

Ақынның «Балладалар», «Ай туып келеді», «Қырандар төбеге қонбайды», «Ғашықтық», «Махаббатты қорғау», «Ғасырларды безбендеу», «Уақыт бедерлері», «Зерде» атты өлеңдер, балладалар, поэмалар жинақтары жарық көрді.

«Танакөз», «Сейхундария», «Күретамырды іздеу», «Сенім патшалығы», «Махаббатты қорғау», «Нарынқұм зауалы» мен «Жеңілген жеңімпаз хақындағы Отырар дастаны немесе Шыңғысханның қателігі» атты поэмалары оқырмандардың сүйіспеншілігіне бөленді.

«Өркениеттің адасуы» атты жинағы Мұхтар Шахановты әлемдік әдебиеттегі белестерге көтерді. Шығармалары бірнеше тілге аударылып, шетелдерде жарық көрді.



### ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

#### Біз Мұхтар Шахановтың

#### «Нарынқұм зауалы» поэмасын оқимыз



Ізгілік, парасат, дала заңы, ата дәстүр, туған жердің топырағы ұғымдарының мәнін өз көзқарасымыз тұрғысынан түсіндіріп көрейік.



### 1. Махамбеттің соңғы сөзі

Баз бір адамдарда болашағын елден ерек сезіну, түйсіну күші болатынын ғылым жоққа шығармайды... Махамбет ақын өлерінен екі күн бұрын айналасындағыларға өзінің жан шошынарлық сұмдық түс көргенін, түсінде иығынан үзіліп түскен өз басы өзіне қоштасу айтып тұрғанын әңгімелеген.

Мен түсімде зорлық көрдім, қорлық көрдім ғаламат,  
 Бір таныс қол соғып өтті әлдекімді паналап,  
 Зұлымдықтың жасырынып келетіні жаман-ақ.  
 Иығымнан ұшқан басым көкірегімнен домалап,  
 Бара жатты атамекен Ақжайықты жағалап,  
 Жүрегімнен аққан қанға боялыпты бар алап.

Жә, бұл түсім тегін емес, мына сойқан заманда  
 Тіршілікпен қоштасар сәт жетті-ау деймін маған да,  
 Қоштасар сәт жетті-ау деймін, туған елім, еңселім,  
 Бостандыққа шақырып ем,  
 Сенің заңғар ақылың ем,  
 Едім әрі өлшемің.  
 Жан ашырың, жақының ем,  
 Және қайсар ақының ем мен сенің.



Жұлдыздай боп жанар алдан  
Ақындықта елден ерек басқа заң.  
Батырлығы жоқ адамнан  
Үлкен ақын шыққан емес ешқашан.

Туған елім – арман, мұңым,  
Енді сені жетелейді жол қалай?  
Менің бассыз қалғандығым  
Сенің бассыз қалғандығың болмағай!

Иә, шындықтың ащы даңқы,  
Шындық үшін жалғыз түстім егеске.  
Ақындықтың басты шарты –  
Басты алса да, шындықты айту емес пе?

Өлімге сан жақын бардым,  
Қорғансыз боп көрінсем де жай көзге.  
Шындықты айтқан ақындардың  
Бірақ жолы болып еді қай кезде?

Көрде де енді сен жайлы ойға батамын  
Бұл іңкәрлік соғылады қаншаға?  
Кім қаншама шексіз сүйсе Отанын,  
Оның тартар азабы да соншама.

Мен сенемін, күні ертең  
Нұрлы үмітпен оянар деп ұлы өлкем.  
Күллі жайсаң күн ғажайып  
Ел наласы тарқар деп.  
Ақымақтар күрт азайып,  
Сұмдар қорқақ тартар деп.

Мен сенемін, күні ертең  
Пенделіктен тазарар деп ұлы өлкем.  
Жә, қашанғы баққа зорлық мінгеспек?  
Сенем, ертең оттыға отсыз күлмес деп.  
Тек тұлпарлар ғана алатын бас бәйгі  
Есектердің мойынында жүрмес деп.

Мен сенемін, күні ертең  
Ақыл-ойды пір тұтар деп ұлы өлкем,  
Мына дәурен бұрқан-тарқан  
Ертең қайта өзгерер.  
Ақындарын сұлтандардан  
Артық сыйлар кез келер.

#### Сөзмаржан

**Шомбал** – ірі, шымыр, тұтас, кесек, зор, алпамса, ет-жеңді.

**Жүзіқара** – оңбаған, қарабет.

**Шатқал** – жіңішке, жартасты терең сай.

**Әдіп** – киімнің етек-жеңіне салынған көмкерме.



Қадір тұтам қиялдауды  
Ертең талғам өзгерер.  
Шындап құлай сүйе алмауды  
Қылмыс санар кез келер.

Туған елім,  
Құдіретіңсің аңсаған.  
Алдан жарқын күн шыққанша,  
Кескініңді көрмейінші шаршаған.  
Пасық ойлар тұншыққанша,  
Дулығаны қақ жарып гүл шыққанша,  
Жер астынан қарап жатам мен саған.

### Әке үкімі

Шомбал жігіт кіріп келді ентелеп:  
– Әке, – деді ол кірген бойда,  
– Әке, – деді еркелеп, –  
Жүруші едің маған ылғи өкпелі,  
Кеюші едің  
Мал болмайсың деп мені.  
Сол сөзіңді, сірә, қайтып аласың-ау шамасы.  
Аты шулы Баймағанбет сұлтанның  
Маған берген сыйлығына қарашы!  
Төрде отырған әкесінің алдына,  
Маң-маң басып барды да,  
Алтын жіппен әдіптелген жағасы  
Сұр ішікті тастай салды баласы.  
– Иә, сөйле, – деді әкесі, –  
Қандай ерлік көрсеттің,  
Екі ай бойы, қане, қайда жол шектің?  
Баласы айтты:  
– Топ бастадық төрт адам.  
Махамбеттің жақыны  
Ықыласты үгіттеп,  
Мақтап, қағып ардаға  
Қосып алдық ортаға.  
Бұл – түгелдей мына ұлыңның ақылы.  
Еркін жетер әңгіме ол бір таңға.  
Қапысызда қармақ салып,  
Махамбетті алдап соғып,  
Басын кесіп, сыйға тарттық сұлтанға.  
– Ой, залым-ай,  
Жүзі қара залым-ай,  
Мұнша залым екеніңді қалай келгем танымай.



Бұдан өткен зор қасірет болар ма, –  
 Бұдан өткен зор қасірет болар ма, –  
 Деп әкесі жас үйірді жанарға.  
 – Қабағыңды жаба қалды неге мұң,  
 Өке, сенің қай сөзіңе сенемін,  
 Есіңде ме,  
 Менің бала күнімде  
 Махамбетті жек көремін дегенің?  
 – Рас, ұлым, айтылған сөз оқпен тең,  
 Бір кезде мен Махамбетті жек көргем.  
 Әлде, кемшіл шағым ба еді ол ақылға?!  
 Пенделік қой салған мені тақымға.  
 Оған себеп –  
 Сенің анаң жасынан –  
 Ғашық болған сол Махамбет ақынға.  
 Азаппенен атса да асау таңдарым,  
 Қайрағам жоқ қызғаныштың қанжарын.  
 Іштен тынып жүре бердім төзген боп,  
 Өзін шексіз құлай сүйген жан барын  
 Қайран ақын сезген жоқ.  
 Анаң марқұм ол дегенде от жалындап көзінен,  
 Тамсанатын  
 Нақ бір бақыт табардай әр сөзінен,  
 Ұлы ақынға деген іңкәр сезімін  
 Көрге бірге ала кетті ол өзімен.  
 Өттең, біздің сор маңдайлы Жайықта  
 Ерлер аз ғой бара алатын байыпқа.  
 Тым кеш ұқтым,  
 Махамбеттей батырға  
 Бүкіл қазақ ғашық болса айып па?!  
 Құдіретті шындығынан танбаған,  
 Парасатын ізгілікке жалғаған  
 Ақын деген киелі аққу самғаған.  
 Ал, ендеше, аққуды атқан пендені  
 Қай атаңнан көріп едің, оңбаған?  
 Бұл салада сен бірінші адамсың,  
 Адам емес, Ең бірінші надансың,  
 Ел дәстүрін, Ер дәстүрін қорлаған.  
 Нақ мынадай қасиетсіз оқиға  
 Бұрын қазақ топырағында болмаған.  
 Қандай қиын кезеңде де Туған ел  
 Ақындарын жанын салып қорғаған.  
 Түсінбедім,  
 Армандап ең нені, ұлым?  
 Ертең сені қойып желдің өтіне,



Ыззлы ұрпақ түкіреді бетіңе.  
 Сол қорлықтан құтқарайын сені, ұлым!  
 Және ол зар оңайлықпен тыйылмас,  
 Қанымыз бір,  
 Жолымыз да шиырлас.  
 Енді сенің кесіріңнен Маған да  
 Туған жердің топырағы бұйырмас.  
 Жә, не қайыр, налы мейлі, налыма,  
 Сорлы балам, Туыпсың-ау сорыма.  
 Өзің түстің өзің қазған орыңа.  
 Кеттік кәне, Ішігінді ал қолыңа!  
 Ұясына күн тұр еді батқалы.  
 Түксиеді меңіреу құм шатқалы.  
 Олар үлкен қара жолға түсіп ап  
 Бір төбенің басына кеп тоқтады.  
 – Мынау төбе саған соңғы шығар шың  
 Болатынын ұғарсың.  
 Сен, әрине, құралайды көзге атқан,  
 Атқан оғын маздатқан  
 Менің мерген екенімді ұмытпаған шығасың?  
 Деді әкесі құлазып нар көңілі. Дір-дір етіп:  
 – Ұмытқам жоқ, – деді ұлы.  
 – Балам, үміт-қызығымның өлшемі  
 Өзің едің,  
 Қайғым болдың еңселі.  
 Басына шық, кәне, мына төбенің,  
 Осы арада қалдырамын мен сені.  
 Қараладың қасиетті мекенді,  
 Жараладың тұрмастай ғып әкенді,  
 Мына жолмен өткен жұрттың аузынан  
 Махамбеттің жырын тыңдап жат енді.  
 Мүмкін, сонда ұғынарсың қатенді.  
 Кім аяққа басса заңын даланың –  
 Ұмытқаны қатал тарих сабағын.  
 Кешір мені,  
 Таусылды бар амалым.  
 Дала заңы – баба заңы, қарағым, –  
 Деп әкесі қолына алды садағын...

### ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ


1. Махамбет монологінің негізгі ойы қандай? Ақын неге сенеді? Сөйлем түрінде санамалап жазайық.
2. Ақын қандай сезімдерді бастан кешірген? Мысал келтіре отырып айқындайық.



3. Қалай ойлайсыңдар?  
«Мен сенемін, күні ертең  
Нұрлы үмітпен оянар деп ұлы өлкем...» –  
деп ақын армандаған күн туды ма? Пікірімізбен бөлісейік.
4. Берілген жолдарды қалай түсінеміз?
  - а) Бір таныс қол соғып өтті әлдекімді паналап,  
Зұлымдықтың жасырынып келетіні жаман-ақ;
  - ә) Батырлығы жоқ адамнан  
үлкен адам шыққан емес ешқашан;
  - б) Кім қанша шексіз сүйсе Отанын,  
Оның тартар азабы да соншама.

### ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

1. Поэманың композициялық жоспарын құрастырайық.



2. Құрастырған жоспар негізінде поэманың мазмұнын сақтай отырып әңгімелейік.
3. «Әке үкімі» бөлімінің негізгі идеясы қандай?
4. Поэма неліктен «Нарынқұм зауалы» деп аталады? Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып, туындыдағы оқиғаны тарихи деректермен салыстырайық.
5. Әке, ұлы, автор болып поэманы рөлдерге бөліп, көрініс көрсетейік.
6. Поэмадағы көзқарастар мен ұстанымдардың қайшылығына назар аударып, автордың, Махамбеттің, әкесінің және ұлының көзқарастарын айқындайық.



7. Жұбымызбен бірлесе отырып, поэманың көркемдік қуаты мен әсерлілігін арттыруға көмектесетін тілдік бірліктерді табылық. Не үшін қолданылғанын түсіндіріп берейік.

**Үлгі:** Ақын деген киелі аққу самғаған. Бұл – метафора. Автор метафораны ақынның таланты мен қаламы, жазылған жырының қасиетін биіктету үшін киелі аққуға балап қолданып отыр.



## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. Поэмаға талдау жасайық: авторы – тақырыбы – жанры – негізгі идеясы – құрылысы (шумақ, бунақ, тармақ, буын, ұйқас).
2. «Махамбеттің есімі – өмірдегі қасиреттің синонимі, қасиеттің символы», – дейді академик Зейнолла Қабдолов. Осы сөзді пайдаланып, Махамбеттің қазақ халқының тарихы мен әдебиетіндегі орны туралы әдеби эссе жазайық.
3. «Дала заңы – баба заңы, қарағым...»  
Поэмада ұлттық құндылықтар мен қазақ халқына тән қасиеттер қалай көрінген? Осы тақырыпта сыни шолу жасайық.

## ПІРІМҚҰЛ ҚАДЫРОВ: «ЖҰЛДЫЗДЫ ТҮНДЕР» РОМАН

### Бұл тақырыпта біз:

1. Ақын, жазушы, мемлекет қайраткері Захириддин Мұхаммед Бабырдың өмір жолына арналған көркем шығармамен танысамыз;
2. Роман туралы түсінікке ие боламыз.

## ЖАЗУШЫМЕН ТАНЫСАМЫЗ

### Пірімқұл Қадыров

(1928–2010)



**Пірімқұл Қадыров** – тарихшы, жазушы және ғалым. Пірімқұл Қадыров 1928 жылы 25-қазанда Тәжікстанның Түркістан тау жотасының түбіндегі Ура Тубин ауданының Кеңқұл ауылында дүниеге келген. Әкесі өмірінің көп бөлігін тауда бақташы ретінде өткізді, ал болашақ жазушы шыршалы ормандарда, өзен құздары мен тік беткейлерде бақташының ауыр жұмысын көріп өседі – осының бәрі кейінірек оның «Қара көздер» романында бейнеленген.

П. Қадыровтың жастық шағы сұрапыл соғыс жылдарымен тұспа-тұс келді. Оның оқуы сегізінші сыныпта тоқтатылып, майданға аттанған ересектердің орнына П. Қадыров өзінің туған ауылындағы колхозда жүргізуші, орақшы және малшы болып жұмыс істеді.

Соғыс аяқталғаннан кейін ғана ол Ташкенттегі дайындық бөлімінде оқуын жалғастыра алды, содан кейін Ташкент мемлекеттік университетінің шығыстану факультетінде оқыды.





Университетте бiлiм алған тарихшы П. Қадыров Өзбекстанның көркем және тарихи өткелiн қайта қалпына келтiруге көп уақыт пен күш жұмсайды. Ол 1969–1978 жылдары көптеген дау тудырған «Жұлдызды түндер» романын жазды. Мейiрiмдi сынды ескере отырып, автор романды қайта қарады. Жұлдызды түндер Мәскеуде және Ташкентте бiрнеше рет жарық көрдi және роман «Халықтар достығы» жазылым журналында да жарияланды. Роман хинди және урду тiлдерiне аударылған. Ол сондай-ақ қазақ, қырғыз және қарақалпақ тiлдерiнде жарық көредi. 1981 жылы П. Қадыровқа «Жұлдызды түндер» романы үшiн Хамза атындағы Мемлекеттiк сыйлық берiлдi.

Пiрiмқұл Қадыровтың өзбек әдебиетi мен мәдениетiн дамытуға қосқан үлесiн мемлекетiмiз лайықты бағалады. Ол «Өзбекстан Республикасының Еңбек сiңiрген Мәдениет қайраткерi» және «Өзбекстанның Халық жазушысы» құрметтi атақтарына ие болды, бiрнеше рет Өзбекстан Республикасының Мемлекеттiк сыйлықтарымен марапатталды.

2010 жылдың 21-желтоқсанында Өзбекстанның халық жазушысы Пiрiмқұл Қадыров 82 жасында қайтыс болды.

## ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

### Пiрiмқұл Қадыровтың «Жұлдызды түндер» романының «Әндiжан» бөлiмiн оқимыз



Қалай ойлайсындар, Әндiжан қаласында қандай тарихи тұлғалар өмiр сүрген?

Әндiжанда болып өткен тарихи оқиғаларды бiлемiз бе?

Бұл үзiндiде ақын, жазушы, мемлекет қайраткерi Захириддин Мұхаммед Бабырдың Әндiжан қаласындағы өмiрi суреттеледi.

### ӘНДІЖАН ГҮЛ ЖӘНЕ ҚҰЙЫН

#### 1

Жаушылар әлi жолда. Соғыс топалаңы әзiрше Әндiжанға жете қойған жоқ. Қаланың солтүстiгiндегi сәулеттi шарбақтың айналасы биiк дуалмен қоршалған, дарбазалар алдында әдеттегiдей күзет қойылған. Шарбақ iшiнде он екi жасар Бабыр мырза соғыс өнерiне машықтануда. Ол шарбақтың бiр шетiндегi алаңнан боз атпен шауып шықты да, тiзгiнiн қоя бердi. Көз iлеспес жылдам-



дықпен садаққа жебе салды да, құйындатып бара жатқан ат үстінен нысананы көз деп атып қалды. Жайдың оғы нысана ағашына «тақ» етіп тигені анық естілді.



Қалай ойлайсыңдар, он екі жасар баланың соғыс өнерін үйренуіне не түрткі болған?

### Сөзмаржан

**Атаке** – өз атасына немесе жасы сол тұстас қарт адамға (ер) қарата құрметтеу нышанымен айтылатын қаратпа атауыш.

Бір топ атты кісілер мұны шынар ағашы көлеңкесінде тұрып қадағалап тұр. Қара атты.

Мазидбек нысанаға бірінші болып жетті. Ол Бабырдың бек атакесі еді. Бабыр атының басын бері қарай бұрып келе жатқан, Мазидбек оған:

– Нысанадан сәл жоғары кетіпті, – деді. – Бірақ жебені жақсы-ақ тарттыңыз.

Мазидбек тақтайға қадалған жебені

суырып алды да, оқтың қаншалықты терең бойлағанын бармағымен өлшеп көрді:

– Білегіңізде күш көп, әмірзадам! Арыстан қолдысыз. Мәртебелі патшам сізді Бабыр деп атауының өзі тегін емес. Бабыр арабша арыстан деген сөз ғой.

Бабыр мырзаның нөкерлері, ат қосшылары, құрдастары, барлық өрен-жарандары нысана тұрған жерге жиналды. Олар Бабырдың әлі жас өспірім екенін, қолындағы садақты да оның аласа бойына лайықтап жасағанын білетін. Соны ойлап, Бабыр мақтау сөздерді артық деп білді.

– Қолында арыстанның күші бар деп әкемді айтса болады. Мен көргенмін, атқан жебесі менің оғымнан он есе күштірек тиеді. Жұдырығы шоқпардай, тиген жерін ойып түседі.

– Басы байлы құлыңыздың сізге айтпақ ойы да сол, әмірзадам. Арыстан қолды болуыңыз – патша әкеңізге тартып туғаныңыздың айқын нышаны емес пе!

Мазидбек әңгімені ептілікпен басқа жаққа бұрып жібергенін сезіп қалған Бабыр сәл езу тартып күлімсірегендей болды. Күнге күйген кең маңдайынан тер моншақтары жылтырап көрінеді.

– Күн әбден ысыды, әмірзадам. Жазғы ораза адамды дінкелетіп тастайды ғой. Ауыз ашарға дейін шаршап қалмасаңыз екен. Енді барып, салқын жерде тынығып алғаныңыз жөн. Сізге бас июші құлыңыз, Әндіжан қамалын қорғанысқа әзірлеу ісімен айналысады.

Бабыр соңына ерген бала-нөкерлерімен жаттығу алаңынан шығып бара жатқанда, көңілінде бір ой ұшқыны жылт ете қалғандай болды. Оқыстан туған ойдан өзінен-өзі сергіп сала берді.



Көзі жайнап кетті. Ол атын тоқтатып, артына бұрылды да, жирен қасқа ат мінген нөкерін жанына шақырды. Нөкер өзімен қабаттаса бергенде қолын созып, аттың ерін сілкілеп көрді. Ердің тартпасын мықтап тартқан екен. Бабыр нөкерге елу қадамдай алға шық, сосын атыңнан түс те, шылбырынан жетектеп жүре бер деп бұйырды.

Мулозимдер ішінде ең беделдісі, Бабырдың әпкесімен бірге бір анадан еміп өскен, он алты жасар Ноян Көкілташ еді. Мазидбек жоқ кезде Бабырды қарайлап жүру Ноянға тапсырылған болатын. Ноян Бабырдың не істейін деп тұрғанын сезіп калды да, зәресі ұшып бебеу қақты:

– Әмірзадам, сіз қазір ғана бір машықтан шықтыңыз ғой. Басқа қиын жаттығуларды ертеңге қалдырыңыз. Жақсы, қиыны ертеңге қалсын, қазір жеңілін-ақ жасай берейік, – деді Бабыр күліп.

Нөкер меңзеген жерге барып атынан түсті де, жирен қасқаны жетегіне алып кете барды. Бабыр ақбоз атын құйындатып келіп, жирен қасқаны жетелеген нөкерге жете бере аяғын үзеңгіден босатты да, қамшыны тістеп алды. Екі ат бір-біріне тақап, қабаттаса берген сәтте Бабыр бой созып, жирен қасқаның ерінен екі қолдап ұстады да, бар күшімен аттан-атқа қарғыды.

Бірақ нөкердің аты үркіп, тулап кетті. Қас қағымдай бір сәтке Бабырдың талдырмаш денесі ауада салбырап тұрып қалды да, артынша төмен түсіп кетті. Аяғы жерге «тап» етіп соғылды. Әйтсе де, ол қолын ерден босатқан жоқ. Қолын босатып жіберсе майып боларын сезіп, ерге тастүйін боп жабысып қапты. Бабырдың білектері шынында да қарулы екен, сонша салмақ түссе де былқ еткен жоқ. Тек нөкер өзіне мөңкіп бұлқынған атын тоқтатып алғанша Бабырдың екі аяғы жерде сүйретіліп барды да, мұнтаздай жібек сәлдесі басынан ұшып түсті.

Ноян Көкілташ зәресі ұшып, алқынып жетіп келгенде Бабыр түк болмағандай-ақ тік тұр еді. Бірақ бетінде қан-сәлі қалмай, өңі қашып кетіпті. Ноян лып етіп аттан секіріп түсті де, Бабырға сәлдесін әпермекші болды. Бірақ Бабыр шаңға түскен сәлдесіне бұрлыпта қараған жоқ. Қамшы әлі де тістеген күйінде аузында тұр екен. Оны қолына алды да, нөкер жетектеп келген ақ боз атқа үн-түнсіз мінді. Сосын аттың сауырына қамшыны үсті-үстіне шықпырта басып, қалың бау ағаштары арасынан құйындата жөнелді.

Ноян оның соңынан үрейлене қараған күйінде тап жылмай сілейіп тұрып қалды. Бақшаның іші ну ағаш, арық-атыз. Аттылар жүретін үлкен жол, шарбақтың желдей ұшып арғы шетінен өтеді. Бабыр болса, төтелей тартып, тар соқпақпен, қалың ағаштар арасымен барады. Ат арықтан орғып өте бергенде Бабырдың басы өрік ағашының жуан бір бұтағына сарт етіп соғылатын еді. Бірақ ол, көз ілеспес жылдамдықпен аттың мойнын қапсыра құ-



шақтап жатып қалды. Өрік бұтағы оның арқа жауырынын сипап қана өтті. Піскен өріктер арықтағы суға шолп-шолп» етіп түсті.

– Әй, аузың ашылып, сен неге ат тізгінін мықтап ұстамадың, боз күйік борбас неме! – деп, Ноян нөкерге қарай ұмтылды. – Қараптан-қарап жүріп бәріміз де әмірзаданың қаһарына ұшырадық қой. Бізге ренжіп кетті ол!

Бабыр бақтың ортасындағы сән-салтанатты сарайға жете бере ат тізгінін тартты. Дәйекшілердің бірі асығыс келіп ат шылауын ұстады да, Бабырдың жалғыз өзі, әрі жалаңбас қайтқанын көргенде сасқалақтап, абыржып қалды. Сарай алдындағы айванда Бабырдың әжесі Есен Дәулет бегім оны күтіп отырса керек. Егер қазір ол Бабырдың қандай күйде қайтқанын көрсе, яки не боп, не қойғанын білсе, онда күллі сарай қызметшілері де, нөкерлер де жаза алуы хақ. Өйткені патшаның тікелей өзі Бабырды көздің қарашығындай етіп, бәле-жаладан сақтауды Есен Дәулет бегімге тапсырған. Сол үшін осы айналасы ат шаптырым бау-бақша мен бір топ сарай мулозимдерін сол кісінің ықтиярына беріп қойған.

Бабырдың үрейі ұшқан сенімді серіктері мен өрен-жарандары қорқа-қорқа айванға жақындағанда мәр-мәр әуіздің жанындағы айва бұтағына қаңтарып байланған ақ боз атқа көздері түсті. Бабыр бойындағы алтын өрнектермен безендірілген жазғы мекен жайға кіргенін сезіп, бәрі де жапа-тармағай аттарынан түсе бастады. Ноян Көкілташ Бабырдың сәлдесін шаңнан тазалап, оны қос қолдап ұстаған күйінде жер ойылып кететіндей аяғының ұшымен басып келе жатыр. Сол сәтте, мекен-жай ішінен басына бөрік киген Бабыр шықты. Аты үркіп кеткен нөкер Бабырдың аяғына жығылып, кешірім сұрауға оңтайлана берді.

Ноян Көкілташ сәлдені аса қымбат асыл бұйымды тартуға әкеле жатқандай соншама қастерлеп ұстағанын көргенде Бабыр еріксіз күліп жіберді. Әмірзада бұрқан-талқан ашуланып, тәзірімді тартқызатын шығар деп, бағанадан бері жанын шүберекке түйіп, сөлбіреп тұрғандар оқыстан оның күлгенін естігенде бұған сенерін де, сенбесін де білмей елеңдеп қалды. Бабыр жас балаша ешбір қалтқысыз қарқылдап күліп тұр. Ноян Көкілташ та қолындағы сәлдеге енді басқаша көзбен карады да, мырс етіп күліп жіберді. Басқалар да арқаларынан ауыр жүк түскендей жеңілдеп, жүздері жайраңдап, жадырап кетті. Бабыр аты үріккен нөкерге қарап сөйледі:

– Сіз айыпты емессіз...

Нөкер одан үлкен бір сыйлық алғандай аса зор ризалық сезіммен тағзым етті. Бабыр Ноянға бұйыра сөйледі:

– Әжем біліп қоймасын.

– Біздің де тілегіміз сол, – деп күлді Ноян. Сөйтті де қасындағы мулозимдерге сырлас адамдарша көз қысып қойды.



Осы бір сәтте Көкілташ та, құрдастары да өздерін тақ мұрагеріне қызмет етіп жүрген жас мулозимдер деп емес, әмірзаданың сырына серік болған ең жақын жан достары деп сезінді. Сол сезіммен көңілдері көтеріліп, Бабырға деген ықылас-ілтипаты арта түсті.



Қалай ойлайсындар, Бабыр қандай мінезді адам? Ол неліктен атын үркіткен нөкерді жазаламады?

Сарайдан шыға келген дәйекші Бабырға қол қусырып тағзым етті де, іште оны мударрис күтіп отырғанын айтты. Бүгін шарифат ілімінен дәріс алуы керектігі Бабырдың есіне сап ете түсті. Құрдастарынан айырылғысы келмесе де еріксіз сарайға кірді.

Есіктері әсем өрнектермен нақышталған, ішіндегі алтын-күміс бұйымдары көздің жауын алатын үлкен сарай ішінде Бабырды қатты қызықтыратын тек жалғыз ғана бөлме бар. Ұстазының күтіп отырғанына карамай, Бабыр өзі сүйіп оқитын кітаптар қойылған осы бөлмеге кірді. Тысы барқыт және былғары мұқабалар мен қапталған, әрбір беті алтын жазулармен өрнектелген осы кітаптарды ашқанда Бабыр ұлы ақындардың тынысын сезгендей болады. Ол Сағдидің мыңдаған бәйіттерін жатқа біледі. Қазір ол Фирдоусидің, кітаптар арасынан «Хамсаны» қолына алды да, алыстағы Гератта тұратын Әлішер Науаиды қиял көзімен көріп тұрғандай сезінді. Гератта оқып келген Әндіжандық сәулетші Фазлиддин осы сарай мен мәрмәр әуізді, алтын ою-өрнектермен нақышталған жазғы мекен-жайды салған кезде жас Бабырға Науаи туралы өте көп ғажайып әңгімелер айтып берген еді. Сәулетші Гераттан Әлішер Науаиның атақты суретші Бехзад салған суретінен жақсы бір көшірмесін әкелген екен. Ұлы шайырға жас Бабырдың зор ықыласпен қатты құлағанын сезген сәулетші оған осы суретті сыйға тартқан. Бабыр «Фарқат пен Шырын» дастаны арасынан сол суретті алды да, шарифат іліміне арнаған дәптерінің ішіне салып қойды. Сосын ол отырған бөлмеге кірді.

Басына үлкен ақ сәлде ораған, аппақ қаба сақалы омырауын жапқан, қастары өсік қарт мударрис дәрісхана төрінде, жібек көрпеше үстінде отырып, құраннан мақаммен сүрелер оқып, парсы тілінде фиких ілімінің қағидаларын түсіндіруге кірісті. Бабыр араб-парсы тілдерін жақсы үйренген, құран сүрелерінің, көбін жатқа біледі, оның мағынасын да түсінеді. Ол фиких ілімінің кейбір ережелеріне де қызығатын. Бірақ қазір оның көз алдынан Сухраб пен Фарқат секілді баһадурлардың ерлік істері тізбектеліп өтіп жатты.

#### Сөзмаржан

**Фиких** – мұсылман дінінің заң жинағы.



Жаңа ғана шарбақ ішінде әскери іске машықтану кезінде тұла бойына сыймай өршеленіп кеткен бір сиқырлы күш әлі де дегбірін қашырып алып ұшып тұр.

Мударрис мақамға салып құран оқып отыр. Бірақ Бабыр құран сөздерін емес, өзі бұрыннан жатқа білетін сүйікті бәйіт шумақтарын біресе түркі, біресе парсы тілдерінде естігендей ләззаттанып отыр.

*Батырлықты – қорқақтан емес, батырдан  
Ақындықты – шорқақтан емес, ақыннан үйрен...*

Өзінен-өзі жатталып қалған осы өлең жолдары ойға оралған сәтте Бабыр дәптерінің ішіне салып қойған суретті мударриске байқатпай суырып алды. Көзінен шабыт пен мейір ұшқыны шашырап тұрған Науаи ұзын қара шекпен киіп, қылдырықтай жіңішке таяққа сүйеніп тұр. Оның бүкіл бейнесі жақсылық іздеп келген әрбір адамға үлкен жақсылықтар жасауға әзір екенін дәлелдеп тұрғандай еді. Бабыр суретке телміре қарап тұрып одан іштей сұрады: Ұлы әмір, нәсіп болса, өзіңізге барсам, сізге барар жолда аждаһар ұшыраса Фарқаттай ерлік жасап, оны жеңіп шықсам. Сонда сіз маған... Өлең-жыр құпиясын ашушы кілт берер ме едіңіз?»

Молда өзінің алдында отырған баланың есіл-дерті басқа жақта екенін бірден сезіп қалды да, ақырын орнынан тұрып, Бабырдың жанына келді. Бабыр суретті жасырып үлгірмеді.

– Адамның суреті ме?! – деп мударрис зілдене сөйледі. – Сіз касиетті құран сөздерін тындаудың орнына, шарифат қатал тыйым салған қайдағы бір суретшілік өнерімен айналысқаныңыз қалай, мырзам?

– Мәртебелі ұстаз, бұл суретті мен салғам жоқ. Мұны маған Гераттан әкеліп берді. Бұл ұлы адам – Мир Әлішер ғой.

Молда Науаины шайыр деп есіткен, бірақ шығармаларын әлі оқымаған еді.

– Адамның суретін салып, оны тарату құдайдың қарғысына ұшыраған жын-шайтанның ісі! Қане, қолыңыздағы суретті маған беріңізші, әмірзадам! Беріңіз!

Мударрис мына түрімен ашу үстінде суретті быт-шыт етіп паршалап тастаудан да тайынбас еді. Соны сезген Бабыр суретті бермей қасарысып тұрып алды. Молданың бойын ашу-ыза кернеп кетті. Бірақ тақ мұрагеріне қаттырақ сөйлеуге жүрегі дауаламады. Бабырға өкпелеп, Есен Дәулет бегімге шағым айтуға кетті.



Қалай ойлайсыңдар, молданың іс-әрекеттері дұрыс па?  
Бабыр неліктен Әлішер Науаины құрметтейді?



Елу бес жасар шамасындағы салиқалы кемпір ақ атлас көйлегін судыратып дәрісханаға кіріп келгенде Бабыр ытқып орнынан тұрып әжесіне сәлем берді. Есен Дәулет бегім суретті қолына алды да Науаи бейнесіне еріксіз қызығып:

– Жүзінде періштесі бар қасиетті адам екен, деп койды. Сосын бетін жапқан жұп-жұқа жібек орамалының бір шетін сәл ғана ашып, молдаға жартылай бұрылған күйінде:

– Мәртебелі мударрис, бұл сурет Гератта шарифат қызметшілерінің рұқсатымен салынған ғой.

– Ғафу етіңіз, қазірет-ханым, – деді есік алдында бағаналы бері түнеріп тұрған мударрис, – бірақ Гератта шарифат заңын көрер көзге бұзып жүр. Сондағы шейіттердің әсерімен салынған бұл сурет біздің судай таза сүнниттер ғұрпына мүлдем қайшы келеді. Мен тақ мұрагеріне мынаны ескерткім келеді. Мұхаммед пайғамбар өсиет етіп қалдырған шын мұсылмандық жолы Қорасанда емес, осы Мәуереннахрді өзінде сақталған.

Есен Дәулет бегім мударриспен тәжікелесіп отырғысы келмеді. Ол Бабырға қарап сөйледі:

– Мәртебелі мударристің айтқандары бір жағынан ақиқат. Дін сабағында суретті тамашалап отыру орынсыз, қымбаттым. Құдай қаласа, күндердің күнінде таққа отырып ел билейтін боласыз. Сол үшін фиких заңдарын бастан-аяқ біліп алғаныңыз жөн. Ал, мына суретті мен алып кетемін.

Бабыр суретті әжесінен бір сәтке сұрап алды да, кітап арасына салып берді.

– Абайлаңыз, сізге асыл арманымды тапсырдым – деді.

Есен Дәулет бегім немересінің бұл сөзін ұнатып қалды.

– Мүмкін Әлішербекті Әндіжанға қонаққа шақырарсыз.

– Келер ме екен? – деп Бабырдың көзі жарқ ете қалғандай болды.

– Самарқантқа келген ғой. Ал, Ферғана аңғарының даңқы бүкіл әлемге мәшһүр. Лажын тапса, әрине келеді. Менің естуімше Әлішербек құдай алдында да, адам алдында да ары таза, әулие, киелі адам. Егер өзі келсе, бұл сөзімнің шындығына мәртебелі мударристің де көзі жетері сөзсіз.

Енді мударрис те райынан қайтып, жылы шырай білдірді. Есік алдында мойны салбырап тұрған мударрис бойын тік ұстап, маңғаздана сөйледі.

– Жаратқан жар бола көрсін!

Есен Дәулет бегім ұстаз бен шәкіртті ебін тауып жарастырғанына іштей риза болып, дәрісханадан шығып кетті.

### ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. Захириддин Мұхаммед Бабыр туралы не білдіңдер?
2. Үзіндідегі оқиғалар Бабыр өмірінің қай кезеңін суреттейді?



### ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

1. Захириддин Мұхаммед Бабыр өмір сүрген дәуірдің негізгі мәселелерін табыңдар.
2. Шығарманы оқып жұп болып төмендегі кестені толтырыңдар.

Шығарма кейіпкері	Мінез-құлықтары, іс-әрекеттері	Менің пікірім

### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. Захириддин Мұхаммед Бабырдың өмірі мен шығармашылығына арналған хронологиялық кестені толтырыңдар

Жылдар	Оқиғалар	Шығармашылығынан үлгілер	Қорытынды ой-пікір
1. 1483 жыл	1. Захириддин Мұхаммед Бабыр дүниеге келді.		

2. Әлішер Науаи және Бабыр тақырыбында 120 сөзден тұратын шығарма жазыңдар.



## ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ

**Роман** – көлемі үлкен, мазмұны қат-қабат, сюжеті мен композициясы күрделі эпикалық жанр түрі. Романның түрлері: тарихи роман, авантюралық роман, ғажайып оқиғалы роман, детективті роман, психологиялық роман, тұрмыстық роман, педагогикалық роман, сатиралық роман, т.б.

**Тарихи роман** – белгілі бір тарихи оқиғаға байланысты туған шығарма. Бұл жанрда жалпыхалықтық мемлекеттік мүдделер басты сипат алады. Тарихи роман негізін тарихта болған оқиға желісі құрайды. Кейіпкерлері де өмірде болған адамдар.

**Авантюралық роман** – бұл роман кейіпкерлері қауіп-қатерлі аса қорқынышты халдерді басынан өткізеді және ол қиыншылықты жеңіп шығады.

**Ғажайып оқиғалы роман** – бұл романдардың оқиғасы тез дамып, қиыннан шарықтап кетіп, барған сайын оқиға шиеленісе береді. Бұл роман жұртты тез қызықтыру үшін, көңілін аулау үшін жазылғандықтан, ондағы оқиғалар көпшілігінде тек қызықты ету мақсатымен құрылады.





**Детективті роман** – тыңшылық істер жөніндегі роман.  
**Тұрмыстық роман** – мұндай романдарда негізінен үй тұрмысы, заманның салты, әдеті көрсетіледі.

**Педагогикалық роман.** Бұл романда негізгі оқиға желісі педагогикалық тәрбие беру мақсатында құрылады.

«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы

Әр роман түріне мысалдар тауып көріңдер.

Пірімқұл Қадыровтың «Жұлдызды түндер» романы роман жанрының тарихи роман түріне жатады. Себебі, «Жұлдызды түндер» романында XV ғасырдың екінші жартысындағы және XVI ғасырдың бірінші жартысындағы тарихи оқиғалар баяндалады. Шығарманың кейіпкерлері де өмірде болған тарихи тұлғалар.



## IV ТАРАУ

### МИНЕЗ – АДАМ АЙНАСЫ

**АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ: «ӨЛСЕМ ОРНЫМ ҚАРА ЖЕР СЫЗ БОЛМАЙ МА?», «ЖІГІТТЕР, ОЙЫН АРЗАН, КҮЛКІ ҚЫМБАТ», «ОН ЖЕТІНШІ», «ОТЫЗ ТОҒЫЗЫНШЫ» ҚАРА СӨЗДЕРІ**

**Бұл тақырыпта біз:**

1. Қазақ халқының бас ақыны Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын оқимыз.
2. «Өлсем орным қара жер, сиз болмай ма?», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңдерін оқып мазмұнымен танысамыз.
3. Абай Құнанбаевтың «Он жетінші, оттыз тоғызыншы қара сөздерін оқып, қара сөздердің тәрбиелік мәнін ашамыз.

### ЖАЗУШЫМЕН ТАНЫСАМЫЗ

**Абай Құнанбайұлы**

**(1845–1904)**



**Абай Құнанбайұлы** – қазақтың ұлы ақыны, данышпаны, композиторы, ағартушысы. Ол 1845 жылы 10-тамызда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында дүниеге келген. Ол әуелі ауылдағы Ғабитхан молдадан сауатын ашқан. Он жасқа толған соң, үш жыл Семейдегі Ахмет Риза медресесінде оқыды. Бұл медреседе дін сабақтары, негізінен, араб, парсы тілдерінде жүргізілген. Осы тілдерді білгенінің арқасында Абай Құнанбайұлы шығыс ақындарының ертегі, қиссаларын сол тілдерде оқи алатын болды. Шығыстың атақты ақындары Низами, Науаи, Сағди, Хафиз, т.б. шығармаларын ынта-



мен оқыды. Кейін Абай Семейдегі «Приходская школада» қосымша оқып, орысша сауатын ашқан. Бірақ оқуын бұдан ары қарай жалғастыра алмады. Өйткені, әкесі Құнанбай оны өзінің қасына ертіп, әкімшілік жұмысқа үйреткісі келді. Бірақ, Абай өмір бойы өз қызығушылығымен көп оқыды.

**Абай Құнанбайұлының еңбектері.** Абайдың алғашқы өлеңі он жасында ауызша шыққан. Бұл 1855 жыл болатын. Ол өлең «Кім екен деп келіп ем түйе қуған...» деп аталады.

Абай Құнанбайұлының мұралары әдеби және музыкалық деп жіктеліп, әр сала бойынша зерттеледі. Әдеби мұраларының өзі бірнеше салаға бөлінеді. Оны өлеңдер, қарасөздер, аудармалар деп, жеке-жеке қарастыруға болады. Поэзияның өзі өлеңдер және поэмалар деп, арнайы, зерттеледі. Өйткені, бұлардың өз ерекшеліктері бар. Ақынның «Ескендір», «Масғұт» поэмалары белгілі.

Ал, «Өзімнің әңгімесі» атты поэмасы аяқталмаған. Бұл поэмалардың бәрінде де ғибратты оқиғалар жазылған. Шығармалардың сюжеттерін зерттей отырып, бірнеше маңызды жағдай анықталады. Оның бірі – Абай Құнанбайұлының әлем әдебиетімен жақсы таныс болғанын айғақтайды. Оның поэмаларын шығыс сюжеттерін табуға болады. Ол, сондай-ақ, орыс әдебиетінің ұлы ақындары Александр Пушкин, Михаил Лермонтов, неміс халқының ақыны Гётенің поэзиясын қазақ тіліне аударған. Абай Құнанбайұлы А. Пушкиннің «Евгений Онегин» атты романын білген, алайда оны толық аударуға үлгермеді. Тек кейбір бөлімдерін ғана аударып үлгерген. Атап айтқанда, «Онегин сипаты», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты», т.б. аударған.

Өмірдегі жағдайларды бейнелі тілмен жеткізу үшін мысал жанры маңызды. Абай ақын осыны жақсы түсініп, Иван Крыловтың «Есек пен бұлбұл», «Қарға мен бүркіт», «Шегіртке мен құмырсқа», «Піл мен қанден», «Түлкі мен қара», т.б. мысалдарын аударған. Осы мысалдарда аңдарды кейіпкер етіп алып, адамдар арасында кездесетін жат қылықтарды әсерлі сынаған. Дана Абай басқа елдің ақындарынан оқыған шығармаларды дәлме-дәл қайталамайды, оған өзінің авторлық идеяларын қосып, жаңа туынды сапасында ұсынған. Оның жаңа туынды ұстануы Абай Құнанбайұлының ақындық даралығын танытады.

Дана ақын туған халқының фольклорын терең білген. Ол Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы мақал-мәтелдердің қолданысынан, т.б. жағдайлардан анық байқалады. Осылайша ұлы ақынның азамат ретінде қалыптасуына және терең мағыналы шығармаларды жазуына осы үш бастау, қайнаркөз ықпал еткен.

Абай – қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаған ақын. Бұл – қазақ әдебиетінің тарихы үшін ерекше белес.



Абай Құнанбайұлының музыкалық мұралары да айрықша. «Айттым сәлем, Қаламқас», «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы», т.б. әндері белгілі.

Абай Құнанбайұлының айналасында шәкірттері көп болған. Атап айтқанда, Шәкәрім Қдайбердіұлы, Кәкітай, өзінің ұлдары – Ақылбек, Мағауия, т.б. Ұлы ақын оларды халыққа қызмет етуге бағыттап отырған. Осылайша Абай өзінің шығармалары арқылы да, шәкірттерімен де халқына қызмет етті. Оның шығармалары – ұрпақтарға үлгі, өнеге көрсететін көркем мұра.

✓ **АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ**

- **Низами (1141–1209)** – өзербайжан ақыны. Шығармаларын парсы тілінде жазған. Абай Низамидің (Ескендірнаме) атты поэмасын оқыған, ол туралы жақсы білген.
- **Сағди (1203/10 ж.ш. – 1292)** – парсы-тәжік әдебиетінің классигі. Абай оны өзіне ұстаз санаған.
- **Науаи (1441–1501)** – түркі халқының ақыны, ойшылы, мемлекет қайраткері. Шығармаларын түркі және парсы тілдерінде жазған. Ақын адамзатты ынтымаққа, бірлікке, адал еңбек пен абзал қасиетке үндейді.
- **Хафиз (1306–1371)** – парсының лирик ақыны. Өз шығармаларында адамды ардақтауға, сұлулықты бағалауға, болашаққа құрметпен қарауға үйретеді.
- **Иван Крылов (1769–1844)** – орыс жазушысы, көрнекті мысалшы ақын. Абай Құнанбайұлы И. Крыловты өзі ғана біліп қойған жоқ, өз халқына да таныстырған. Оның мысалдары арқылы надандықты, зорлықшылардың әрекеттерін сынаған.

**ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ**

**«Өлсем, орным қара жер, сиз болмай ма?..»  
Өлеңі туралы**

«Өлсем, орным қара жер, сиз болмай ма?..» – Абайдың 1898 ж. жазған өлеңі. 4 тармақ 3 шумақтан тұрады. Бұл жыр да өлім жайын толғайды. Бұдан бұрын да, басқа классик ақындарша, Абай да өлім жөнін ауызға оқта-текте ала жүретін. Бірақ анық өзінің шындығымен, ерекше жол жағдайымен байланысты өзгеше бір ойлы мұңнан туған саналы сырдың жыры осы өлең. Жалпы алғанда, бұл жырдың тақырыбы – ойшыл адамның, әсіресе сыршыл ақындардың анық тоқтайтын тақырыбы. Өмірдің өріне жетіп, оның ішінде талай қиыр кезең жолдарын басып өтіп, енді тірлік сапарын таусарманға келгенде айтатын шерлі сыр болады.



Өлең 11 буынды қара өлең үлгісімен жазылған, ал композициялық құрылымы жағынан бір-бірімен үндес екі бөліктен тұрады. Алғаш рет 1909 ж. Санкт-Петербуркте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Туынды басылымдарында аздаған текстологиялық өзгерістер кездеседі. 1939, 1945 жылғы жинақтарда 3-шумақтың 3-жолы «Екі күймек бір жанға ғаделет пе?» делінсе, 1954, 1957, 1977 жылғы басылымдарда бұл жол «Екі күймек бір жанға әділет пе?» деп алынған. Абай осы өлеңді жазғаннан кейін ғана өлеңдерін жидырып көшіртуді қолға алған. Өлең ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, ұйғыр тілдеріне аударылған.

### ӨЛСЕМ ОРНЫМ ҚАРА ЖЕР, СЫЗ БОЛМАЙ МА?..

Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?  
Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?  
Махаббат, ғадауат пен майдандасқан,  
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?

Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма?  
Біреуге жай, біреуге тез болмай ма?  
Асау жүрек аяғын шалыс басқан  
Жерін тауып артқыға сөз болмай ма?

Сонда жауап бере алман мен бишара,  
Сіздерге еркін тиер, байқап қара.  
Екі күймек бір жанға әділет пе?  
Қаны қара бір жанмын, жаны жара.

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.  
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,  
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ,  
Айлаға, ашуға да жақтым шырақ.  
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,  
Етекбасты көп көрдім елден бірақ.

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,  
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме.  
Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті,  
Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме!

#### Сөзмаржан

**Ғадауат (арабша)** – дұшпандық, ашу, жек көру.



Ишим толған у мен өрт, сыртым дүрдей,  
 Мен келмеске кетермін түк өндірмей.  
 Өлең шіркін – өсекші, жұртқа жаяр,  
 Сырымды тоқтатайын айта бермей.

Өлеңдерінің тақырыптары	Өлеңдерінің аттары
Табиғат лирикасы бойынша	«Қыс», «Күз», «Жазғытұры», «Жаз», «Желсіз түнде жарық ай», «Қараша» «Желтоқсан мен сол бір екі ай», «Көлеңке басын ұзартып» т.б.
Махаббат лирикасы бойынша	«Жарқ етпес көңілім не қылса да», «Қақатаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Айттым сәлем, Қаламқас» т.б.
Білім-ғылым бойынша	«Білімдіден шыққан сөз», «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма әрнеге», «Интернатта оқып жүр», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» т.б.
Мінез бойынша	«Сабырсыз, арыс, еріншек», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол», «Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да», «Адасқанның алды жөн арты соқпақ», «Мәз болады боласың», «Болыс болдым мінекей» т.б.
Өнер бойынша	«Өнді сүйсең, менше сүй», «Құлақтан кіріп бойды алар», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» т.б.
Халық мұңы бойынша	«Қалың елім, қазағым», «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат», «Малға достың мұңы жоқ», «Өлсем, орным қара жер, сиз болмай ма»

### ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. Абай нәр алған үш рухани арнаны атайық.
2. Абайдың музыкалық мұрасы туралы не білеміз?
3. Алғаш өлеңдерін Абай кімнің атынан жариялап отырды?
4. Абайдың шәкірттері кімдер?






5. Абайдың әжесі Зере мен анасы Ұлжан жайлы естігендерің бар ма?
6. Абайды зерттеушілер кімдер?
7. Абай кімдердің шығармаларын аударды?
8. Берілген үлгіні пайдаланып, жоғарыда келтірілген деректерді қолданып менталды карта жасайық.

### ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

1. Шарты: (Брейн-ринг) әдісі. Мұғалім оқушыларды үш топқа бөліп үш түрлі сұрақтар қояды.



2. Әр топқа Абай өлеңдері беріледі.

- 1-ші топқа «Әсемпаз болма әрнеге»
- 2-ші топқа «Құлақтан кіріп бойды алар»
- 3-ші топқа «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ»

1. Өз орындарыңда отырып, өлеңдердің негізгі идеясын ашу.
2. Бір-біріне түсіндіру.
3. Екінші топқа алмасып, түсіндіру
4. Өз топтарына қайтып келіп, түсінгендері бойынша сурет салу
5. Сурет бойынша әр топ өз оқығандарын жеткізу.

### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

Толықтыру тесті

1. Абай Құнанбайұлы 1845 жылы қазіргі \_\_\_\_\_ облысының \_\_\_\_\_ өлкесінде дүниеге келген.
2. Абайдың әкесі \_\_\_\_\_ руының басшысы, округтің аға сұлтаны қызметтерін атқарған.
3. Абайдың зерек болып өсуіне әжесі \_\_\_\_\_ мен шешесі \_\_\_\_\_ ның әсері мол болған.
4. Абай Семейдегі \_\_\_\_\_ медресесінде оқып, шығыс халықтарынан \_\_\_\_\_ және \_\_\_\_\_ тілдерін меңгерді.



## ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

Біз Абай Құнанбайұлының  
«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» атты өлеңін оқимыз



Адам бойындағы «арзан» мінез-құлықтар мен «қымбат» қасиеттер дегенде қай қасиеттерді атап көрсетер едің?

Бұл өлеңде Абай Құнанбайұлының қазақ жастарына айтқан ақыл-өсиеттері сөз болады. Оқырманға адам бойындағы асыл қасиеттер үгіттеледі.

### ЖІГІТТЕР, ОЙЫН АРЗАН, КҮЛКІ ҚЫМБАТ

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,  
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.  
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік  
Ер табылса жарайды, қылса сұхбат.

Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,  
Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша.  
Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,  
Абайлар әрбір сөзді өз халынша.

Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе,  
Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе.  
Қырмызы, қызыл жібек бозбалалар,  
Оңғақ пұлдай былғайды, бір дым тисе.

Керек іс бозбалаға – талаптылық,  
Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық.  
Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп,  
Сыртқа пысық келеді, сөзге сынық.

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,  
Жетпесе, біріндікін бірің жеткіз!  
Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен,  
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!

Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,  
Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып.  
Біріңді бірің ғиззәт, құрмет етіс,  
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.





Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс,  
Оның қадірін жетесіз адам білмес.  
Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,  
Артыңнан бір ауыз сөз айтып күлмес.

Кей құрбы бүгін тату, ертең бату,  
Тілеуі, жақындығы – бәрі сату.  
Көкірегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ,  
Қажымас, қайта айнымас қайран тату!

Пайда деп, мал деп туар ендігі жас,  
Еңбекпен терін сатып түзден жимас.  
Меліш сауда сықылды күлкі сатып,  
Алса қоймас, араны тағы тоймас.

Асық ұтыс секілді алыс-беріс –  
Тірі жанның қылғаны бүгін тегіс.  
Бірі көйтке таласып, бірі арам қып,  
Төбелескен, дауласқан жанжал-керіс.

Жас бала әуел тату бола қалар,  
Ата-анадан жақын боп, ертіп алар,  
Бірін бірі құшақтап, шуылдасып,  
Ойын тарқар кезінде ұрыс салар.

Біреуі жылап барса үйге таман,  
Ата-анасы бұрқылдар онан жаман.  
Татулығы құрысын ойыны мен,  
Дәл соларға ұқсайды мына заман.

Жаман тату қазады өзіңе ор,  
Оған сенсең, бір күні боларсың қор.  
Ары бар, ұяты бар үлкенге сен,  
Өзі зордың болады иығы да зор.

Қазақтың қайсысының бар санасы?  
Қылт етерде дап-дайын бір жаласы.  
Пысықтықтың белгісі – арыз беру,  
Жоқ тұрса бес бересі, алты аласы.



### ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. Өлеңде жігіттерге айтылған ақыл-кеңес, үлгі-өнегелердің маңызы қандай?
2. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде сипатталған мінез-құлықтар бүгінгі күн жігіттерінің бойында да кездесе ме?
3. Қалай ойлайсыңдар, неліктен «ойын арзан, күлкі қымбат»? Пікірлеріңе өмірден дәлел келтіріңдер.
4. Өлең тек жігіттерге арналған ба?

### ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

1. Өлеңнің әрбір шумағында адам мінез-құлығына байланысты көтерілген мәселелерді анықтаңдар.
2. Ақын неліктен «Керек іс бозбалаға – талаптылық» және «Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып» дейді? Екі топқа бөлініп жауап беріңдер.
3. «Талдап білу» әдісі. Оқушылар өлең жолдарын кезекпен бірінен соң бірі дауыстап оқиды және бір-бірінің оқылымдарына қысқаша сипаттама береді.

Талқылаушы	Өлеңнің тақырыбын, идеясын, мағынасын айтады.
Белгілеуші	Өлең мазмұны бойынша сұрақ дайындайды.
Байланыстырушы	Өлеңнің мағынасын өмірмен байланыстырады.
Топ шешені	Өлең мазмұнына сәйкес мақал-мәтелдерді айтады.
Қорытындылаушы	Өлеңнің құндылығын айтып, баға береді.

### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

- Өлеңді оқып, «Төрт сөйлем» тәсілі бойынша негізгі идеясын түйіндеп жаз.
1. Пікір. Нақыл сөздер бойынша туындаған өзіндік пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.
  2. Дәлел. Келтірілген өзіндік пікірді тағы бір сөйлеммен дәлелде.
  3. Мысал. Енді өзіндік пікірді тағы да бір негіздеп кетуің үшін бір сөйлеммен мысал келтір. Мысалды өмірден алуың қажет.
  4. Қорытынды. Өзіндік пікірді тағы да бір рет пысықтап, қорытынды шешімді бір сөйлеммен келтір.


### ОТЫЗ ТОҒЫЗЫНШЫ ҚАРА СӨЗ

Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған. Бірақ



бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастап келеміз, әлгі екі ғана тәуір ісін біржола жоғалтып алдық. Осы күнгілер өзге мінезге осы өрмелеп, ілгері бара жатқанына қарай сол аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік. Сол екі мінез жоқ болған соң, әлгі үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа ұқсамайды, шайтандыққа тартып барады. Жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың бір үлкен себебі сол көрінеді.

Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көш-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы мен топ басылары калай қылса, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден бірге жүргізбек болмайды екен. «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой», «Бас-басыңа би болса, манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің» деп мақал айтып, тілеу қылып, екі тізгін, бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегеніңді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді?





Екінші мінезі – намысқорлық екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен. «Өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады» деп, «Аз араздықты қуған көп пайдасын кетіреді» деп, «Ағайынның азары болса да, безері болмайды», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» десіп, «Жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған пәлеге жолығар» десіп. Кәнеки, енді осы екі мінез қайда бар? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айырылды. Ендігілердің достығы – пейіл емес, алдау, дұшпандығы – кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық.

### «ОН ЖЕТІНШІ» ҚАРА СӨЗ

Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: «Ей, ғылым, өзің де білесің ғой, дүниеде ешнәрсе менсіз кәмелетке жетпейтұғынын; әуелі, өзіңді білуге ерінбей-жалықпай үйрену керек, ол – менің ісім. Құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей-жалықпай орнына келтірмек те – менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті.

Ақыл айтыпты: «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын – мен, сенің сөзіңді ұғатұғын – мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?» – депті.

Онан соң жүрек айтыпты: «Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жанманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, ынсапсап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті.



Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты:

– Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз ешнәр-сенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, – депті.

– Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені – сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, – депті. – Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім, – депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады.

– Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшіңді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісінде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, – депті.

### ✓ АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

#### Қарасөз дегеніміз не?

Ғылым туралы, философия туралы, дін туралы қарасөзбен жазылған еңбек. Абай Құнанбаевтың 1890–1898 жылдар арасында жазылған 45 қарасөзі бар. «Ғақлия» деген өсиеттері.

Қарасөз – арабтың «ғақлия» деген сөзімен мәндес. Ғақлия – көркем сөз, дана сөз, асыл сөз деген мағынаны береді. Абайдың қарасөздері адамзат баласына ортақ сөз. Кейіпкері адам, толық адам (кемел адам). Қарасөздері алғаш рет Семей қаласында 1948 жылы «Абай» журналында жарық көрді. Орыс, қытай, француз т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды. Абай қарасөзін 45 жасында жазған.



### ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. Абайдың қазақ әдебиетіндегі орны туралы ғалымдардың қандай пікірін білесіңдер?
2. Абайдың неше қарасөзі бар?
3. Абайдың қарасөз жазудағы мақсаты не?
4. Абай қарасөздерінен қандай ерекшеліктерді байқадың?
5. Абай қарасөздерінің тақырыптары қандай?
6. Жоғарыдағы Абайдың қарасөздерінен қандай тәлімдік ой түйдің?

### ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Үш топқа бөлініп, әр топ «Абайды біз кім деп тануымыз?» топтастыру стратегиясы бойынша жұмыс жасаймыз.

#### «Топтастыру» стратегиясы



### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. Абай шығармашылығынан «Жылдар жырлайды» айдарымен Абай атамызға қатысты айтулы оқиғаларды еске түсірейік.



№	Жылдар	Айтулы оқиғалар
1	1845	
2	1904	
3	1886–1889	
4	1888–1890	
5	1891	
6	1895	
7	1897–1898	

2. Абайдың он жетінші қара сөзіне талдау.  
Үш топқа жеке мәтіннің сөздерін бөліп беріп, аялдамамен оқыту әдісі арқылы қара сөзді талқылау.
  1. топ Ақыл
  2. топ Қайрат
  3. топ Жүрек
3. Тақтамен жұмыс. Жақсыдан үйрен.
  - Адам бойындағы жақсы қасиеттер.  
Адам: → Қайырымды, парасатты, терең ойлы, еңбекқор, адал, білімді, ізденгіш, инабатты, талапты
  - Адам бойындағы жағымсыз қасиеттер.  
Адам: → Мақтаншақ, ұятсыз, қанағатсыз, білімсіз, рақымсыз, күншіл, надан, залым
4. «Ойлан, тап!»  
Халық арасында мақал, нақыл сөз болып қалған Абай сөздерінің жалғасын тап.
  1. Жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық .....
  2. Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті .....
  3. Талап, еңбек, терең ой .....
  4. Білімдіден шыққан сөз .....
  5. Еңбек етсең ерінбей, .....
  6. Ұстаздық еткен жалықпас, .....
  7. Пайда ойлама, ар ойла, .....
  8. Атымды адам қойған соң, .....
  9. Досы жоқпен сырлас, .....
  10. Сен де бір кірпіш дүниеге, .....

### МҰХТАР МАҒАУИН: «ЕҢ ҮЗДІК ОҚУШЫ» ӘҢГІМЕСІ

#### Бұл тақырыпта біз:

1. «Ең үздік оқушы» әңгімесіндегі алуан мінезді образдармен танысамыз;
2. Әңгіме кейіпкерлерінің мінез-құлықтарына, іс-әрекеттеріне баға береміз;
3. Көркем шығармадағы мінездеу туралы мәліметке ие боламыз.



## ЖАЗУШЫМЕН ТАНЫСАМЫЗ

**Мұхтар Мағауин**

(1940 жылы туған)



«Ата көрген оқ жонар», – дейді халық. Мұхтар Мағауиннің әкесі – халық ағарту саласында ұзақ жылдар еңбек еткен, көне шежірені, әдебиетті жақсы білетін, ескі тарихи әңгімелерді жадында мол сақтаған, ана тілін қадірлей білген мұғалім. Әке тәрбиесін көрген, баяғы заман әңгімелеріне тереңрек қаныққан Мұхтар жастайынан халық тарихы мен өнерін, әдебиетін зерттейді. «Қобыз сарыны» деген ғылыми еңбегі – Мұхтардың есімін қалың жұртшылыққа талантты ғалым ретінде танытты. Ол ғылыми-зерттеу ісімен қатар, көркем шығармаларды да көп жазды. «Аласапыран», «Көк мұнар» романдары, «Бір атаның балалары», «Жыланды жаз», «Тазының өлімі», «Шақан-Шері», «Жүйріктің тағдыры», «Көкбалақ», «Өмір жыры» хикаяттарын жазды. Осылай әрі ғалым, әрі жазушы Мұхтар Мағауин – екі қиын өнердің тізгінін қатар ұстап, өнімді еңбек етіп келе жатқан қаламгер.

*Н. Ғабдуллин.*

## ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

**Біз Мұхтар Мағауинның «Ең үздік оқушы» әңгімесін оқимыз**



Қалай ойлайсыңдар, ең үздік оқушының бойында қандай қасиеттер болуы керек?  
Сенде сондай қасиеттер бар ма?

Әңгіме мазмұны ата мен немеренің сұхбатына құрылған. Шығармада адам мінезінің алуан қырлары сөз болады. Шығармадағы басты кейіпкердің іс-әрекеттері өткір сынға алынады.



Қалай ойлайсыңдар, өтірік, айла-тәсіл, құлықпен жүріп жеткен жетістікке қуануға бола ма?  
Шын еңбегіңнің, біліміңнің арқасында жеткен жетістіктерің болған ба?  
Сонда қандай сезімге бөленгесіңдер?





## ЕҢ ҮЗДІК ОҚУШЫ

Бұрын да жазғам, Мүслима деген немерем бар. Вундеркинд. Бір жасында тілі шықты, екі жасында Абай атасының алты шұмақ өлеңін жатқа айтты, үш жасында хат таныды. Бес жасында мектепке апарып еді, партаға бойы жетпейді деп қабылдамапты. Алты жасында ілінді. Арада бір апта өткенде екінші сыныпқа көшірді. Келер жылы – жеті жас, үшінші сынып, тағы да кезектен тыс секіртейін деп еді, мен рұқсат бермедім. Бұл бетімен кете берсе, тақаудағы жылдарда тағы бірнеше баспалдақтан аттап өтеді, асса он екі-он үш жасында орта мектепті бітіреді – не шықты? Қайда асығады дегем. Өзі үнемі алға ұмтылып тұрады, ылғи үлкен балалардың ортасы, мінез-болмысына, кері әсері тиюі мүмкін. Одан да кітап оқысын дедім. Шетінен оқи бастады. Әуелі «Робинзон Крузо». Содан соң «Қазына аралы», «Абай жолының» төрт кітабын бітіріпті. Бұдан кейін Тургенев, Чехов әңгімелері. Атасынан бір жыл озды дегем. Мен мұның бәрін сегіз жасымда оқып едім. «Абайдың» әуелгі екі кітабын, Тургенев пен Чеховты. Бірақ мына қарқынына қарағанда Мүслима атасынан бір емес, талай жылға озатын тәрізді. Оқу үстіне компьютер. Біздің түске кірмеген нәрсе. Тек көбірек қызықтап кететін тәрізді. Өртүрлі шыж-быж, тарс-тұрс ойындар. Азайтқаны жөн. Бәріне үлгереді дейді көкесі, біздің үлкен ұл. Сонымен, амалдамай, аттамай, келесі сыныпқа өтті. Төртінші – сегіз жас. Құрдастары біріншіні жаңа аяқтаған.

### Сөзмаржан

**Вундеркинд** – [неміс тілінде Wunderkind] өз жасына сәйкес емес ерекше дарынды, қабілетті, зерек бала.



Қалай ойлайсыңдар, көп кітап оқыған бала мен кітап оқымаған баланың қандай айырмашылығы болады?  
Көп кітап оқитын достарың бар ма?  
Оның қандай ерекше қасиеттерін байқағансың?

Жаз бойы не істегенін білмеймін, күзде... Мүслима жазушы болғалы жатыр деген дақпырт жетті. Жазуға кіріспек. Кірісті. Анау-мынау емес, роман. Несі бар, деп ойладым. Батыста алты-жеті жаста алғашқы романдарын жазады. Жан-Поль Сартр... Франсуаза Саган... Тағы қаншама, бізге белгісіз мықтылар. Таң қаларлық ештеңе де жоқ. Әрине, баланың ермегі. Бірақ ақыр түбі жазушы болып шықса ғажап емес. Атасына тартып. Өне, Ресейде Үшінші Толстойдың немересі дабыраға шығып жатыр. Ол да қыз. Татьяна Толстая. Мүслима Мағауина. Мейірлене



**Сөзмаржан**

**Дақпырт** – шулы, хабар, әңгіме.

**Дабыра** – кең тараған, елге шулы.

күлдім. Ертеңіне ұмыттым. Келер аптада, жексенбі күні түстен кейін өзі келді. Өзі болғанда, екі бауырымен, әке шешесімен. Жай ғана қыдырып емес. Маған әуелгі шығармасын көрсетпек. Басқа жұрт абыр-сабыр, дабыр-дубыр, мәре-сәре. Шай ішпек, тағы басқа қызықтар. Бір қалада тұрсақ та, бірталайдан көріспеген. Біз

Мүслима екеуіміз менің жұмыс кабинетіме оңашаландық.

– Ата, мына кітаптарды түгел оқыдың ба? – деп сұрады, қатар-қатар, қабат-қабат сөрелерде сықалған айбарлы, қалың-қалың томдарға қарап.

– Түгелге жуық. Кейбірін үш-төрт реттен.

– Неге? Бір оқығанда ұқпайсың ба?

– Қалай жазғанын білу үшін.

– Қалай жазады? Әрқилы әдіс-тәсілмен.

– Бәрін білдің бе? Көбін білдім.

– Ал сенің... олар білмейтін... әдіс-тәсілдерің бар ма?

– Бар, – дедім.

– Ә-ә... жақсы... – деді немерем қанағаттанған сыңаймен. –

Күні бойы жазасың ба?

– Бұрын түске дейін жазатынмын. Қазір түске дейін ұйықтаймын. Түнде жазам.

– Мен кешке қарай жазам, – деді Мүслима. – Түске дейін сабақ. Түстен кейін үй тапсырмасы. Ал түнде ұйықтау керек. Уақыт жетпейді. Тез жазайын десем де.

– Асықпаған жөн, – дедім мен. – Не нәрсені де асықпай, ойла-нып жасау қажет. Сонда нәтиже сапалы болады. Бірақ асықпаймын деп, созып алуға да болмайды.

– Мен созғам жоқ, – деді Мүслима. – Екі күн ойландым, үш күн жаздым.

– Бұдан бұрын жазып көрдің бе? Аз-маз... – деді Мүслима.

– Ойын үшін. Ал мынау – шын!

– Жақсы, – дедім мен. – Кел, отырайық.

Төр алдындағы кілемге, әдетте мен кітап оқып жататын құрақ көрпе үстіне отырдық. Мүслима манадан бері жұмарлай шиыршықтап, артына жасырып ұстап тұрған дәптерін тізесіне алды. – Екі рет жазып, үшінші рет көшіргесін... – деді дәптердің бүктеуін кері шиырып.

– Мен де сөйтем, – дедім. – Үш рет көшірем. Екі ретінде қолмен, үшіншіде – мәшіңке.

– Білем айтқансың, – деді.

– Ал енді... өзің оқисың ба?

– Өзім оқимын, – деді Мүслима. – Тек... сен күлме...



- Неге күлем? Күлкілі болмаса...
- Күлкілі емес, қайғылы... Қайғылы да емес, масқара...
- Ал, оқи ғой, – дедім. – Көрейік, қандай... масқара екенін.



Қалай ойлайсыңдар, Мүслима жазған шығармасына неліктен «Күлкілі емес, қайғылы... Қайғылы да емес, масқара...» деп баға берді? «қайғылы», «масқара» – бұл сөздер оқушыда қандай көңіл күй тудырады?

Мүслима суретті, көк тысты, қиғаш жол дәптерінің әуелгі бетін ашты. Сірә, сабақ айтқандағы әдетімен, кеудесін керіп, иегін көтеріп, нық дауыспен оқи бастады:

**Тапқыр торай роман**

– Оho!.. – дедім мен.

«Бірінші кітап...» – деді Мүслима аз-маз бөгеліп барып. – Ары қарай оқиын ба?

– Оқы, оқы. Романның аты да жақсы, құрылымы да қызық екен.

– Аты онша сәтті емес, – деді Мүслима. – Неге бұлай қойғанымды соңынан көресің.

Ары қарай кеттік.

– «Құлын, қозы, лақ, бұзау, бота, қодық, қонжық, күшік, бөлтірік және торай – барлығы мектепте оқитын. Бір сыныпта. Құлын – үздік оқушы. Бөлтірік те үздік. Бота мен қонжық – екпінді. Қодық пен торай – орташа. Қалғандары әрқилы, аралас...» Дұрыс па, ата?

– Әзірше... дұрыс сияқты... Оқи бер, бөгелме. Соңынан айтамын.

– «Тоқсан аяғы жақындап қалды. Қорытынды бағалар шығуы керек. Бөлтірік пен құлын – «бес». Бота мен қонжық – «төрт». Қодық түгел «үш». Торайдың бір «төрті», бір «екісі» бар. Бұрын ала-құла оқыған лақ «төртке» шықты. «Мен неге төртке шықпаймын? – деп ойлады торай. – Мен неге екпінді болмаймын!» Өзінің жалғыз төрті бар. Және бір екі...»

– «Төрт» қай сабақтан? – деп сұрадым мен.

– Дене шынықтыру. Ал «екі» – қазақ тілінен.

– Солай деп жаздың ба?

– Бәрін жаза берсе, қоқсып кетеді, – деді немерем түйеден түскендей.

– Иә, иә... – дедім амалсыз.

– «Мен неге екпінді болмаймын? Екпінді болам деді. Ең алдымен ма-

**Сөзмаржан**

**Екпінді** – алдыңғы қатарлы, озат, озық.



тематика апайға барды. Апай, – деді. – Мен осы тоқсанда екпінді болатын едім. Сіздің сабақтан «үш...» «Басқа сабақ қалай?» – деді апай. «Сіз «төрт» қойсаңыз екпінді болам» – деді. Апай математикадан төрт қойды. Содан соң тарих апайға барды...»

– Сендерде тарих жүре ме?

– Тарих – бесінші сыныпта, – деді немерем. – Мен өзімізді жазып отырғам жоқ қой...



Қалай ойлайсыңдар, Торайдың «екпінді» болуға ұмтылуын қалай бағалайсыңдар?

«Екпінді оқушы» атану үшін Торайға қандай ұсыныс айтар едіңдер?

– Ө-ә... – дедім тағы да тосылып.

– «... тарих апайға барды. «Апай, – деді. – Мен екпінді болатын едім. Сіздің сабақтан «төрт» қойылса... «Төрт» қойып берді. Содан соң әдебиет. Содан соң география. Және басқа сабақтар. Түгел «төрт» қойғызып алды. Ең соңында ылғи екі алатын қазақ тіліне барды. «Апай, деді. – Менің барлық сабағым жақсы. Тек сізден ғана». «Жарайды, «үш» қояйын, – деді апай. – Келесі тоқсанда ылғи орысша шүлдірлемей, қазақша жақсылап үйрен». «Үйренем, апай, – деді. – Менің барлық сабағым «төрт». Сіз де «төрт» қойсаңыз, тоқсандық қорытындыда екпіндіге шығар едім». Апай риза болды. «Бұрын орташа оқушы едің, жақсылап дайындалған екенсің ғой». «Жақсылап дайындалдым», – деді. «Жарайды, «төрт», – деді. Сөйтіп, торай тоқсандық қорытындыда екпінді болды». Мүслима демін ішіне тарта жымыып, бөгеліп қалды.

– Қалай, осымен бітті ме?

– Бірінші кітап бітті, – деді. – Енді... – Қайтадан дәптерін ашты.



Қалай ойлайсыңдар, жазушы Торай мен қазақ тілі мұғалімінің сұхбаты арқылы қандай мәселені көтеріп отыр?

Өз ана тілін меңгере алмаған адам өзге тілдерді қай дәрежеде меңгереді деп ойлайсыңдар?

**«Екінші кітап...»**

Оқи бер, – дедім.

«Келесі тоқсанда сол бұрынғы әдетімен жағалай қайыршылап жүріп, түгел беске шықты».



– Өте күшті екен, – дедім. – Торайды айтпаймын, сенің мына сөздерің. «Қайыршылап» деген... қаттылау емес пе? «Өтініп жүріп...» тым құрса «жалынып сұрап...»

– Басқаша болса, әсері кеміп қалады, – деді немерем. – Жазғанда – өтірік айтуға болмайды.

– Ол рас, – дедім еріксіз мойындап. – Жазғанда өтірік айтуға болмайды. Жазбаған кезде де. Барлық уақытта. Өтіріктің аяғы жақсылыққа апармайды.

– Ал торай өтірік айтты, – деді немерем. – Өтірік айтты, үздік оқушы атанды. Бөлтірік пен құлынның қатарына қосылды.

– Бәрібір қатарында қала алмайды. Оны қазір көресің, – деді немерем қатқыл үнмен.

#### «Үшінші кітап...»

– Екінші... бітті ме? – дедім мен еріксіз аңырып.

– Бітті. Романның тұтас бір кітабы. Жалғыз-ақ сөйлем.

Қалай болар екен?..

– Көбейткеннен не шығады? – деді романист немерем. – Ал, түгел қайталап жазайын. Математика апайға барды... Тарих апайға барды... Апай, сіз «бес» қойсаңыз, мен үздік оқушы болғалы тұрмын, деді. Жаппай... жалынып жүріп түгел «бес» қойғызып алды. Соның бәрін қайта жазсам, мылжың болып кетпей ме?!

– Рас, – дедім еріксіз, немеремнің темір логикасына жығылып. – Бәрін тізе берсе, мылжың болып кетеді. Сенікі дұрыс. Ал, ары қарай оқы...

– «Оқу жылының аяғы. Әдебиеттен шығарма. Кім «беске» жазса, сол мақтау қағаз алады. «Төрт» алғандар – екпінді. «Үш» алғандар келесі сыныпқа көшеді. «Екі» алса, орнында қалады. Торай «екі» алады деп ойлады. Шығарма жазу қайда. Екі сөздің басын құрай алмайды. Білем деген орысшасының өзі шалағай. «Екі» алады деп ойлады. Балалардың бәрі жазып жатыр, жазып жатыр...» Шығарманың аты не? – деп сұрадым мен.

– Ата, сен көп сұрайсың, – деді Мүслима кейіп. – Өне, Толстой. – Менің төбемде, яғни жазу столының сыртында, биікте тұрған Толстойдың қатар-қатар томдарына нұсқады. – Бірдеңесін оқығанда, шақырып алып сұрамайсың ғой... Жарайды, – деді оқыс жұмсарып. – Шығарма аты «Кім болам?»

– Сен кім боласың? Мен?.. Өлі ойлап тапқам жоқ. Мүмкін... журналдың бас редакторы. Сен сияқты. Әйтпесе, Қазақстан президенті. Қайсысы дұрыс?

– Қайсысы? Сірә... журналдың редакторы... Жатасың да жазасын. Жазасың да жатасын.

Мүслима күлді.

– Мен сен сияқты жата бергім келмейді.



**Сөзмаржан**

**Кеден** – шетелге апара жатқан немесе шетелден алып келе жатқан заттарды, тауарларды тексеретін, байқап өткізетін орын, мекеме.

– Онда – республика президенті. Бірақ рақат екен деп ойлама. Бейнет шаш етектен. Басыңды тауға соғасың, тасқа соғасың... Қиын!..

– Оны көреміз, – деді Мүслима. – Торай соның бәрі оп-оңай деп жүр. Жұртты жинап алып, ұрсасың, шет елдерді аралап, қыдырасың да жүресің, рақат дейді. Бірақ ол президент емес, кеден бастығы болғысы келеді. Солай деп жазыпты.

– Әлгі шығармасында ма?

– Иә. Өзі жазбаған. Жаздырып алған ғой.

– Қалай?

– Міне, былай. Тыңда. «Балалар жазып жатыр. Торай да жазғысы келді. Әйтпесе, осымен екінші рет сыныптан көшпей қалады...»

– Мұны бұрын айтқан жоқсың, – дедім.

– Бәрін бірден айтуға болмайды, – деді Мүслима. Қажет уағында айту керек... көшпей қалады. Сасқалақтап Қодыққа барды. Үш тенге ақша берді. Қодық шығарманың басын жазып берді. Қонжыққа барды. Сен мықтысың, сен ақылдысың деді. Ортасын жазып берді. Лаққа барды. Сен нашарсың, сен ақымақсың деді. Мына доғал тұмсығыммен тура бүйіріңнен сүзем деді. Лақ қорықты. Шығарманың аяғын жазып берді. Өлеңмен...»

– Өлеңмен, Қандай өлең? Оны да жаздың ба?

– Мен жазғам жоқ, Торай жазды. Әуелде қосқам, артынан алып тастадым. Міне, былай. Лақ ұйқастырған ғой. Торайдың өзі айтып тұрған. «Мен – Торай! – Мен солай. – Кеденші болам, – Бәрінен де ақша алам! Осындай шатқан-бұтқан бірдеңе.



Қалай ойлайсыңдар, Торайдың кеденші болудан көздеген мақсаты не?

Сендер оған шығарма жазуға көмектескен болар ма едіңдер?

– Ойпырай, мына сөзді қайдан үйрендің? – дедім айран-асыр болып.

– Сенен, – деді немерем маған тіке қарап.

– Анау кезде «Жұлдызда» шыққан мақалаңнан оқыдым. «Жайдақ жауырға мінген шаласауат шақарбай...» Тағы басқа күшті сөздер көп.

– Енді ол... үлкен кісілердің әңгімесі... – дедім мысым құрып.

– Мен де үлкенмін, – деді немерем. – Міне, төртінші сыныпты бітірем...



– Жарайды, романыңды ары қарай оқиық, – дедім. Өлеңді келтіргем жоқ, – деді Мүслима. – Жазсам, былғанып қалатын болды. Сондай... жиренішті...

– Қыз бала сыпайы сөйлеу керек, – дедім.

– Жарайды, – деді сөздік қоры соншама мол, әрі сегіз жасында жазушылыққа талап етіп отырған немерем илігіп.

– Енді көп қалған жоқ. Оқын ба?

– Бастаған соң аяғына жетейік, – дедім.

– «Енді Торай кайтадан жұрты жағалады. Мұғалімдерді емес, балаларды. Қозыға келді. Мен екі алып қалам деді. Сен жазып берші, шығармасы жақсы деп. Сынныптан тағы да көшпей қалам ғой деді. Қозының жаны ашып кетті. Жазып берді. Торайдың шығармасы жақсы деді. Ботаға келді. Сенің көзің үлкен, өзің әйбатсың деді. Жазып берші деді. Әйтпесе көшпей қалам. Бота жазып берді. Әйбат деді. Қонжыққа барды. Сен күштісің деді. Жазып берді. Күшті деді. Күшікке барды. Сүйек берді. Тамаша деді. Бұзауға жапырақ берді. Керемет деді. Түгел жаздырып алды. Торайдың шығармасы өте жақсы, әйбат, күшті, тамаша, керемет деп. Бөлтірік қана жазбады. Шығармаң жаман деді. Құлың да жазған жоқ. Сауаты төмен деді. Басқа балалар да шығарма жазған. Өркім өзінше. Мұғалима түгел жиып алды. Тексерді. Қарады. Қодыққа «үш» қойды. Қонжыққа «төрт». Бөлтірік пен құлынға «бес». Ал Торайға – «бес» плюс. Қатесі көп деді. Мазмұны жоқ деді. Бірақ жұрттың бәріне ұнапты, сондықтан «бес». «Алты» деген баға жоқ. Сондықтан плюс. «Бес» және плюс. Сөйтіп, жылдық қорытындыда Торай мектептегі ең үздік оқушы болып шықты!»

### Бағалы дерек

«Жұлдыз» – Қазақстан Жазушылар одағының әдеби-әлеуметтік журналы. Алғашқы саны 1928 жылы жарық көрді. Журналдың алғашқы редакторы, жазушы Сәкен Сейфуллин болды. Өр жылдары «Жаңа әдебиет» (1928–1932), «Жыл құсы», «Әдебиет майданы» (1932–1939), «Майдан» (1941–1945), «Әдебиет және искусство» (1939–1941; 1945–1957) атауымен шығып тұрған. 1957 жылдан «Жұлдыз» деген атпен шығады.



«Әйбат», «күшті», «тамаша», «керемет» деген сөздер адамда қандай көңіл күй туғызады?

Торайдың шығармасының жетістіктері бар ма?

Басты кемшілігі не? Шығармаға өз бағаңды қой.



### Білгенге маржан

Иван Андреевич Крылов (13 ақпан, 1769, Мәскеу – 21 қараша, 1844, Санкт-Петербург) – орыс жазушысы, драматург, көрнекті мысалшы ақын.

Немерем сәл-пәл ентігіп, маған сынап қарап бөгеліп қалды.

– Қиын болған екен! – дедім. – Шынымен солай болды ма?

– Мен өтірік айтпаймын! – деді немерем.

– Құлын сенсің. Бөлтірік...

– Исатай! – деді Мүслима күліп.

Исатай – немере бауыры. Туғанына төрт-ақ ай. Өзірше біздің әулеттің ең кішісі. Сондықтан да ең сүйкімдісі.

– Исатай әлі кішкентай ғой. Туғанына төрт-ақ ай...

– Ой, ата!.. Білмейсің бе? Бұл не ғой, мысал. Әдебиет апай айтқан, Крыловты оқығанда.

– Ә, солай екен ғой, мен байқамай қалыппын. Мүслима – құлын. Исатай – бөлтірік! Ал қалғандары кім?

– Бота деген – сол Бота. Өзінің аты. Қонжық – Қамбар. Сондай қорбиған. Лақ – Ләйла. Кіп-кішкентай. Ал Торай... білесің бе? Айтпаймын. Көрсен бірден танысың. Түрі тура торай сияқты. Быртыған, сап-сары. Тұмсығын тықпайтын жері жоқ...

– Бірге оқитын балаларды олай... кемсітуге болмайды, – дедім.

– Мен кеміткем жоқ, – деді Мүслима. – Өзінің түрі солай. Бағаны да осылай сұрап алды. Шығарманы да осылай жазды.

– Жарайды, – дедім. – Бала емес, торай. Әр түрлі жануардың әрқилы мінезі болады. Дегенмен өзі... тым пысық екен. Тағы қандай қызықтары бар? Сен жазған торайды айтам.

– Көп, – деді Мүслима. – Мен бәрін бірдей айтқам жоқ. Әуелде «Әнші торай» деп жазғым келді. Ән салуға құмар. Дауысы жоқ. Хрю-хрю... Сонда да сахнаға ұмтылып тұрады. Мектептегі көркемөнерпаздар үйірмесінде жүр...

– Талаптанған жақсы, – дедім. – Мүмкін әнші болып кетер.

– Болмайды, – деді. – Сонда да мақтаншақ. Мақтаншақ емес, өтірікші. Мен Мобиль сыйлығының лауреаты болдым деп жүр.

– Мобиль? Нобель шығар.

– Жоқ, Мобиль. Телефон бар ғой, кәдімгі. Мына сенің қалта телефоның. Соның сыйлығы. Лотереядан ұттым дейді. Омырауына тағып алды. Қарасам... баяғыда жастар одағы деген болыпты ғой, соның значоғы. Көкеммен бірге зоопаркке барғанда көргем. Шыға берісте. Бір... қарны ашқан, кәрі кісілер. Қатарлап жайып қойған, үлкен жаймаға түйреп. Орден, медаль, значок... Бәрі бұрыңғы, Орден қымбат, значок арзан. Жаңағы, Мобиль медалі деген отыз тенге тұрады екен. Мен де ала салайын





деп едім, қызық үшін, көкем ұят болады деді. Ал Торай тағып алған.

– Мейлі, – дедім, – ұнаса таға берсін. Ұяты өзіне. Осының бәрін жаздың ба? Әлде жазайын деп жүрсің бе? Татымайды, – дедім.

– Айттым ғой саған. Бәрін жазғам жоқ дедім. Сен сұраған соң...

– Онда жөн, – дедім. – Ал әлгі шығармаң... роман... бітті ме?

– Үшінші кітабы сонымен бітті, – деді. – Енді... эпилогы бар. Шалқамнан түсе жаздадым.

– Эпилог? Оны кім айтты саған?

– Сен. Анау бір романыңның аяғында «Эпилог» деп бітіресің ғой...

– Жарайды, жарайды... оқи ғой, – дедім тағы да жеңіліп.

– Екінші кітап сияқты, бұл да қысқа, – деді.

### **Эпилог**

«Сөйтіп, Торай әркімге бір жаздырып, құрау-сұрау шығарма жасап алды. Сұрамсақтанып жүріп, оған пікір жинады. Ақыры, «бес» плюс деген баға алып, мектептегі ең үздік оқушы атанды.

– Бұл – бар. Үшінші кітапта айтқансын, – дедім.

– Қайталап айтпаса, эпилог түсініксіз болып қалады, – деді өзінің алғашқы романын сегіз жасында жазып үлгерген немерем сегіз роман жазған, алпыстан асқан атасымен тайталасып. – Болады мұндай эпилог!

– Дұрыс екен, – дедім шынымен мойындап.

– Болды. Бітті! – деді немерем.

– Қалай? Сонда... ар жағында ештеңе жоқ па?

– Жоқ! – деді немерем. – Естіген, көргеннің бәрін жаза беруге болмайды дедің ғой жаңа ғана. Мен де жазғам жоқ. Әуелде жазғам. Артынан сызып тастадым.

– Білуге бола ма, әуелгі жазғаныңды?

– Болады, – деді немерем. – Міне: «...ең үздік оқушы атанды. Содан соң әдебиет апай айтты: «Балалар, – деді. Қазір еркіндік. Қазір нарық. Мына торайдан үлгі алыңдар! Сонда бәрің де үлкен табысқа жетесіңдер!» – деді. Балалар түгел қол соқты».


– Құлын мен бөлтірік те қол соқты ма?

– Жоқ, олар далада ойнап жүрген. Жиналысқа қатыспаған.

Ал енді, осының бәрін жазу керек пе?

– Керек емес, – дедім. – Керек емес.

– Бірақ табысқа жететіні рас қой?



### **Сөзмаржан**

**Эпилог** – [грекше *epilogos*] көркем шығармадағы кейіпкерлер тағдырының немен біткенін баяндайтын қорытынды бөлім.



– Уақытша ғана, – дедім. – Торай тыпырлайды, ішеді, жейді, домаланып семіреді, ақыры бір күні... бырс етіп жарылады! Бітті шаруасы! Бар арамы ақтарылады да қалады!

– Жоқ! – деді немерем басын шайқап. – Торай жарылмайды. Үлкен, семіз шошқа болады. Мобиль болатын шошқа деп, көрмеге қояды... Осыны сен жаз! – деді сосын маған саусағын тірей, сақылдап күліп.



Қалай ойлайсындар, Торайдың болашағы қандай болады?  
«Жарылады» ма, әлде, «Үлкен, семіз шошқа болады ма?»

Осы кезде есіктен қараған әжесі бізді шайға шақырып еді. Немеремнің алғашқы романын жан-жақты талқылау кейінге қалды.

### ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. «Ең үздік» оқушы туралы алғашқы пікірің қандай еді? Шығарманы оқып болған соң сенде қандай пікір туды? Неліктен олай болды?
2. Шығарма кім туралы жазылған? Мүслима мен атасының әңгімесі туралы ма, Тапқыр Торай туралы ма?
3. Әңгімеде көтерілген негізгі мәселе не еді?
4. Шығарманы оқығанда сендерге қай кейіпкер әсер етті?
5. Шығармада адам тәрбиесіне байланысты қандай мәселелер сөз болған? Теріп жазып, өз пікірлеріңді білдіріңдер.
6. Оқиға шешімі сендерді қандай ойларға жетелейді?

### ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

1. Әңгіме эпизодтары бойынша «Үш қадам» кестесін толтырыңдар.

1-қадам Әңгіме эпизодтарында көтерілген мәселелерді анықтаңдар	2-қадам Кейіпкерлер қарым-қатынасы қандай?	3-қадам Қазіргі өмірде бұл мәселелер өзекті ме? Неліктен?

2. Әңгіме кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.



Кейіпкер	Мінезі	Іс-әрекеті
Мүслима		
Торай		
Белтірік		
Құлын		
Қодық		
Қонжық		
Лақ		

### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

- «Дербес пікір жазу» тәсілін қолданып, әңгіме мазмұны бойынша тапсырмаларды орындаңдар:
  - өзіндік ой-пікірді бір сөйлеммен білдіріңдер;
  - екі сөйлемнен тұратын дәлел келтіріңдер;
  - өз пікірлеріңді айғақтайтын мысалды екі сөйлеммен көрсетіңдер;
  - өз пікірлеріңе қарсы бір сөйлемнен тұратын дәлел келтіріңдер;
  - бір сөйлеммен қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал келтіріңдер;
  - екі сөйлемнен тұратын қорытынды шығарыңдар.



### ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ

**Мінездеу** – әдеби кейіпкерді таным-түсінігі мен мінез-құлқын таныта даралай суреттеу. Түрлі тәсілдер арқылы жасалады. Тура мінездеу кейіпкердің мінез-құлқын айнытпай, сол қалпында баяндаса, жанама мінездеу оған қатысты құбылыстар мен заттарды суреттеу арқылы қаһарман бейнесін ашып көрсетеді. Адамның сезімдік көңіл-күйін, күйініш-сүйінішін, қимыл-әрекеті мен кескін-кейпін бейнелеу үшін оның өз сөзі мен өзгемен арадағы әңгімесін келтіру, сондай-ақ түрлі табиғат құбылыстарын суреттеу – осының бәрі әдебиеттегі адамның ішкі әлемін тануға, сырт пішінін анықтауға аса қажетті тәсілдер. Бұл әдістер бірінбірі толықтырып, айқындай түседі, мінездеу үшін маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты портреттік, психологиялық, сөйлесудегі мінездеу деген топтарға жіктеледі.

Мысалы, Мұхтар Мағауин «Ең үздік оқушы» әңгімесінде Торай образын былайша мінездейді: «... тарих апайға барды. «Апай, – деді. – Мен екпінді болатын едім.



*Сіздің сабақтан «төрт» қойылса... «Төрт» қойып берді. Содан соң әдебиет. Содан соң география. Және басқа сабақтар. Түгел «төрт» қойғызып алды. Ең соңында ылғи екі алатын қазақ тіліне барды. «Апай, деді. – Менің барлық сабағым жақсы. Тек сізден ғана». «Жарайды, «үш» қояйын, – деді апай. – Келесі тоқсанда ылғи орысша шүлдірлемей, қазақша жақсылап үйрен». «Үйренем, апай, – деді. – Менің барлық сабағым «төрт». Сіз де «төрт» қойсаңыз, тоқсандық қорытындыда екпіндіге шығар едім». Апай риза болды. «Бұрын орташа оқушы едің, жақсылап дайындалған екенсің ғой». «Жақсылап дайындалдым», – деді. «Жарайды, «төрт», – деді. Сөйтіп, торай тоқсандық қорытындыда екпінді болды».*

Бұл үзіндіден Торайдың қу, айлакер, өтірікші адам екенін білуге болады.

2. «Ең үздік оқушы» тақырыбында эссе жазыңдар.

## ТӨЛЕН ӘБДІКОВ: «ҚОНАҚТАР» ӘҢГІМЕСІ

**Бұл тақырыпта біз:**

«Қонақтар» әңгімесінің тақырыбы мен идеясын ашамыз.

### ЖАЗУШЫМЕН ТАНЫСАМЫЗ

**Төлен Әбдіков**

**1942 жылы туған**



Қаламгер Төлен Әбдіков 1942 жылдың 4-қыркүйегінде Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Еңбек ауылында туған. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. 1965 жылы Қазақ ұлттық университетін бітірген.

Шығармалары 1964 жылдан жариялана бастады. «Көкжиек» (1969), «Күзгі жапырақ» (1971), «Ақиқат» (1974), «Айтылмаған ақиқат» (1979) әңгіме, повестер жинақтарын, «Өліара» (1985), «Ақшоқыда қыс қатты» (1987), «Парасат майданы» (2002) романдарын жариялады. Әңгіме, повестері орыс тілінде «Истина» (1980, 1981) деген



атпен шықты. Грек аңыздары – «Эллада ерлерін» (1977) қазақ тіліне аударған.

Халықаралық Кавка және Қазақстандағы ПЕН-клуб сыйлықтарының лауреаты (2003). Қаламгер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

## ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

### Біз Төлен Әбдіковтің «Қонақтар» әңгімесін оқимыз



#### Оқушылар өзара ой бөлісеміз

– Қонақ, қонақжай сөздерінің мағынасын түсініп өз ойларымызды ортаға салайық.

Төменде берілген мақал-мәтелдердің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсініп алайық.

1. Қонақ келсе – құт.
2. Құтты қонақ қонса, қой егіз табады.
3. Қонақ қойдан жуас.
4. Қонақ келсе есікке, жүгіріп шық, кешікпе.

### Т. Әбдіковтің «Қонақтар» әңгімесінен үзінді оқиық

#### Ерғабыл қарттың ойы

Курорттан қайтып бара жатқан сапарларында жолай үйге соқпақ болған балаларын күтіп, Ерғабыл шал түн ортасы ауғанда жатса да, ертеңіне күн шықпай оянды. Алагеуімде үндемей жүріп киініп алды. Мәсісін де, шұлғауын да ешкімнен сұраған жоқ. Кенет әжептәуір қатқыл дауыспен:

– ...Кеше ноқтаның сағағын байламапсың ғой, кер құлын ағытылып кетті.

– Иа, бұған бірдеңе айтсаң, бұл бірдеңе айтады.

– Е, неғыл дейсің маған. Бала ...ыһ... тартып жіберші мына шетін, көтерсейші басыңды... мықтап ұста... ешқайда кетпес, оралар... Туып-өскен жері, елі... Ұста деймін, қаттырақ ұста. Қарайған малды тастап қайда барасың.

#### Сөзмаржан

**Алагеуім** – таң жарығы әлсіз, күңгірт шақ, елең-алаң мезгіл.

**Шақша** – сиыр, серке, тау ешкілердің мүйізінен жасалған құты.

**Сағақ** – жылқының сағалдырық тұратын тамағының астыңғы жағы.

**Сөре** – үстіне құрт, ірімшік жаятын төрт аяқты биік қондырғы.

**Түндік** – киіз үйдің шаңырағын жауып тұратын, жаңбыр өткізбейтін төрт бұрышты шағын киіз.



– Сен, шал, алжыйсың. Осы ғой, міне, алжыған деген осы шығар. Екі бие сенің басыңа көктас қойама, а-а-а?..

Ерекең ыңырана әндетіп, таяғына сүйенді.

– Ойпыр-ау, белім шойырылып қалғаны несі?! Осы мен таң намазын оқыдым-ба?

– Намазды оқитын болсаң, оқы да, оқымайтын болсаң, қой, не ол, бір күн тастап, бір күн оқып.

– Құдайдың өзі кешірер, мен бір әдейі істейді деймісің соны. Жүрегім басында жел тұрғанын қарашы... Қой, сен кемпір мылжыңдай бересің. Намазымды оқып, биеге кетейін.

Ерекең сыртқа шықты. Күншығыс аппақ. Ауа сәл-пәл дымқыл екен. Қолын көлегейлеп, маңайына қарады. Көкжиік шыңылтыр ашық болатын. Бірақ шалға тұманытып көрінді. «Кеше кер құлынды бастау қосақтап едім, оралып қалмады ма екен, – деп ойлады ол.

– Анау Қарабидайықтың табанында жүрген солар шығар. Тұсауы мен сонша жерге кетеді. Бұл иттерді байлап қойамын ба, нестимін?»

Бір қолымен белін ұстап, шық басқан көк шөптерді таяғы мен анда-санда қағып қойып, шабылған бидайықтың жиегімен келе жатты. Лезде белі ұйып, шаршап қалды. Таяғына сүйеніп аз тұрды да, буындары сытырлап, сүрлеу жиегіндегі төмпешекке келіп отырды.

– Кәрілік! Е-е, жарықтық-ай! Уһ! – орамалын алып, терін сүртті.

– Күн жылыған шығар, – деп жұққа барқыт пешпентін шешіп қолына алды. Ұқаланған өңірін жазып жатып: «Ертең сүйегіме шапан жетпей қалса, – деді ішінен, – Бектемірден қалған жалғыз Ерғабылдың асында түк болмады деген атаққа қалармын...»

Шал күлімсіреп таяғын ұстады. «Айдалада өлген кәрі қасқырға ұқсамай, ел-жұрттың алдында абырой мен өту-осыдан артықтың енді керегі жоқ». Орнынан тұра беріп:

– Сапабекжандар кеше келмегені несі? – деді күшене сөйлеп.  
– Телеграмда кеше еді ғой...

Ерекең енді байқады, күн шығыпты. Бірен-сараң қарайған малдар болмаса, төңіректе қыбыр еткен пенде жоқ. Өлі ұйқыдан оянбаған секілді. Кер бие дымқыл көк шөпті анда-санда бір шалып, күрт-күрт шайнап, біресе пысқырып, біресе «дұрыс қой, дұрыс қой» дегендей басын шұлғып қояды. Кер құлын шапқылап озып кетті де, ойнақтап қайта оралып қайта шапты...

Кер бие үйреншікті желінің басына тоқтады.

– Немене, ұзап кетіп пе? – деді кемпірі құлынды байлап жатып. – Қажыған шығарсың, шай қойайын ба, мызғып аласың ба?



Шөлдедік. Шайыңды қой. Ерекең есік алдындағы бөгетке шықты. Әлдебір мұңды әнді ыңылдай айтып, таяғына сүйеніп біраз тұрды. Өзен жиегіндегі қыстауын көріп, бағанағы кемпірінің сөзін есіне алды. «Осы Қаратүбек басында жұмақ тұрғандай екі елі қия баспайсың. Балаларға еріп өзім кетем...»



Қалай ойлайсыңдар?

- Қазақ халқы қонақ деп қандай адамды айтқан?
- «Қыз – қонақ» деген ұғым бар. Ал, ұл бала өз үйіне қонақ бола ала ма?

### Көптен күткен қауышу

Ерекең шай үстінде көп сөйлемейтін. Сол әдетімен үнсіз тұқшыып, қолдарының білеуленген тамырларын ұстап, ақ селеу сақалын сипап ойланып отыр. Бас жағында сүйеулі тұрған ескі домбыраға шұқшыып қарады, қолына алған жоқ.

– Бір құй, – деді тершіген ақшыл білегімен кесесін нұсқап, – шөл қанатын емес...

– Сапашжандар неге кешікті екен? Кеше емес пе келем дегені?

– Келетін шығар бүгін.

– Сен шал осы жөніңді айтшы дұрыстап. Осы келгенде Жеңістайды алып қаламын деп тұрсың ба? Жоқ әлде еріп өзіміз кетеміз бе?

– Бос сөз сөйлеме...

– Ойбай, бала келіп қалды! – деп кемпір үйге жүгіріп кірді.

– Әй, біліп ем ғой бүгін келерін.

Заматта гүріл үй сыртына келді. Бір-екі рет үстемелете арылдап, өшіп қалды. Машинадан улап-шулап түсіп жатыр. Бала дауысы, әйел дауысы... Ерекең қапелімде тұра алмай қалды. Тырбыңдап қолымен жер тіреп жатқанда:

– Ассаломуғалейкум, деген бірнеше дауыс қатарынан шықты. Ауыл жігіттерінің бірі болу керек:

– Ұйбай-ұйбай, шалды қара, тұра алмай жатыр, – деп шиқылдап күліп жіберді. – Қуаныш қой, қуаныш. Қуанған мен қорыққан бірдей дейді ғой.

– Қуаныш құтты болсын! Ерекең жаңа қаз тұрған балаша тәлтіректей көтеріліп, ат жақты, қапсағай сары жігітті құшағына қысты. Одан соң омырау, жеңдері ашық, шұбар көйлек киген, шашын қидырған, топ-толық ақ сары, ажарлы келіншекті шіміркеніңкіреп маңдайынан сүйген болды.



- Өлігі жаман қайда? Өкеліп пе едіңдер?
- Өкелдік қой. Әй, Жеңіс қайда? Жеңіс!
- Жеңіс!

Жаюлы сөреден құрт алып үлгерген аяқ-қолы шидей, алтылар шамасындағы ұл бала табалдырықты кесіп тұра қалды.

Бар, бар, атаңа бар.

Шал өзіне зорға келген немересін бауырына басып, бетінен сүйді. «Ой, тентек, атаны сағынбайсың-ау», – деп жаулықтай үлкен ақ орамалының шетімен көзін сүртті.

– Кел, келе ғой, әй, – деді есік жақтан көрші кемпірлердің бірі қолын созып. – Шалдың баласысың ғой, кел.

– Ұл енді ешкімге бармады. Тіпті шақырған ерекеңнің өзіне де жолаған жоқ.

– Келсеңші, ей, жаман неме. Өзі қазақша білетін бе еді, Сапабекжан? – деп әлгі кемпір қапсағай сары жігітке қарады.

Сапабек алдына келген баланың қысқа кекіліне қолын тигізіп:

– Ептеп түсінеді, – деді.

– Қой, қазақша үйретіңдер.

– Алдымен анау отырған шешесі қазақша білмейді, қайта бұған кінә жоқ, – деп Сапабек қазақша білмейтініне риза болғандай күлімсіреп, ақ сары келіншегіне қарады.

– Тома, мынаның бет-аузы кір, жуындыршы, – деді орысша лап.

### Дастарқан басында

Көп ұзамай ауыл қонақтары да жиналып қалды. Ерекең сыртқа шығып қой-ешкілерін жинап, бір семіз тоқтысын ұстап бауыздап, «қолыңның қаруы бар ғой» деп кепкесін теріс киген бір жігітке терісін іреттіріп, мүше-мүшеге бөлдіріп, қалғандарын әйелдерге тапсырып, үйге кіргенде бағанағыдай емес, әңгіме қыза түсіпті. Көрші ауылдан шалдар келген. Сөйлеп отырған – Сапабек.

– Жалпы геология халық тіршілігінің ең басты қажеттілігіне айналды, – деді ол. – Мұны тыңдап алыңдар, бұл өте қажет жері, – деді балаларды өзіне қаратқан мұғалімдей жастар жағын көзімен шолып. – Мынау тұрған жердің асты – тұнған байлық. Біздің Қазақстанда өте сирек кездесетін элементтер бар. Асыл тастар қаншама! Меруерт, маржан, інжу, жақұт, гауһар – не керек, бәрі бар. Гранитке байланысты пайда болатын мөлдір, қызыл, көк түсті слюда, ашық қызыл микроклин, мөлдір көк флюорит, қою жасыл турмалин, қан қызыл граниттердің өзі неге тұрады. Бұл жөнінен бар ғой, тағы бұл жөнінен біздің Қазақстан бүкіл дүниежүзіне әйгілі.





– Шырағым-ау, – деді қатар отырған қоңқақ мұрынды Абыл қарт. – Сол тасыңнан өзі пайда бар ма? Маған біреуін әкеп берсеңші.

Тілі ащы шалдың қиқар сөзіне бұрын күліп үйреніп қалағандар қарқылдап күлісіп алды.

– Оның пайдасы деген, пайда шаш етектен, ақсақал. Мәселен, сонау Украйына гранитты бізден алады. Оны өңдеу тәсілін шығарған да біздің ғалым. Жалпы мұның маңызы деген, маңызы тіптен керемет.

– Қайдам, – деді Ерекең. Осының маңызына онша түсінгісі келмей, – осы бір тастардың соңында кеттің ғой өзіңмен-өзің болып. Тым болмаса жылына үйге бір апта да түнеп кетпейсіңдер.

– Сапабек әлденеге қынжыла күлді. №2 фирманың санитары, жуан қара Ерментай шалдың надандығын бетіне басты.

– Шалдар бар ғой, әйтеуір кері тартасыңдар да отырасыңдар. Ал сенің қасыңда қалды, бала бақты, сені бақты. Ал сонда не бітірмек? Осынша оқып, мына колхоздың жұмысын істемек пе? Мейлі, бағы алда. Ғылым қуды... Абай айтқан емес пе «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деп. Сол айтқандай, осы сендер мен біз құр қалған қалпымызда қала берейік. Балаларға тыйым салуға болмайды. Солай емес пе, Бәке?

– Әрине, әрине, – десті біреулер.

Бұдан соң Сапабек дүйім жұртты аузына қаратып, өзінің Лондонға, Будапештке, Мороккоға, Италияға барған сапарларын әңгімеледі. Бөтен, жат халықтардың дәстүрін, мәдениетін, адамдарын мақтады. Италиядағы кедейлердің ауыр тұрмысына аяныш білдірді. Шалдарға бұл әңгімені түсіну тым қыйын еді. Сондықтан олар жастарға араласпай, өздеріне түсінікті басқа әңгімеге ауысты. Босағада отырған Тома мүлде жалғыз қалды. Қала қыздарына тән епсіздікпен кішкентай қыйықша көрпенің үстінде қалай отырарын білмей, біресе қолымен жер тіреп, бір жанбастап, жұрттың сөздеріне толық түсіне қоймай, әр кімге бір қарап үнсіз отырды. Кенет енесінің самауыр көтеріп келе жатқанын көріп жүгіріп барып:

– Аже, бер, дайте мне, дайте, – деді елпектеп...

Даладан жүгіріп келген ұл Томаның жанына тізерілеп отыра қалды:

– Мама, мама, ребята идут к озеру...

– Ты что с ума сошел! – деді Тома әрі сөйлетпей. Дауысы шаңқ ете қалғандай болды, өйткені осы кезде шалдар оқыс жалт қараған еді. Тома ұялғандай болып, баласын құлағына зерін төгіп сыбырлады.



– Біздің мынау да геолог боламын деп жүр, – деді Сапабек иегімен ұлын көрсетіп.

– Әке жолын қуалайын деген ғой.

– Бос сөз сөйлемендер! – Ерекең жастар жағына зекіп қалды. – Әке жолын қуса, мына менің жолымды қусын! Ие болсын мына қу шаңыраққа!

Жұрттың бәрі тым-тырыс.

– Жастардың бәрі сол, Ереке, – деді Абыл күрсініп. – Менің әлігі кішкентайым, Құдай-ау немене дейді... бірдеңе боламын дейді. Мені бақпайсың ба десем, хе-хе-хе... бақпаймын дейді. Хе-хе-хе.

– Eh-eh-eh... сол-сол.

Ерекең күлген жоқ.

– Сонда бұлар кім үшін туған? – деді кейіп. – Кімге керек сонда бұлар? Сапабек осы сөздердің тура өзіне айтылып отырғанын мойындағандай, маңайындағыларға көзін қысып, жымыып қойды.

Жұрттың бәрі шай ішіп болып, Ерекең бәле-жаланың бәрін жатқа жіберіп, бақ пен ырыс, несібені отбасы, ошақ қасына қалдырып, шаңырақтың амандығын тілеп, бата қайырды...

### Аспандиярдың әні

Ерекең еттен соң ұзын, сүйір аршасымен тісін шұқып отырғанда, Сапабек қайдағы бір қар адамы жайында, Америкадағы ұлттардың теңсіздігі жайында, қазіргі жетілген техника жайында қызық бір әңгімелерді соғып отыр екен.

– Әй, доғаршы енді, – деді Ерекең шыдай алмай. – Анау өзіміздің Аспандиярға домбыра берші, ән салсын.

– Ал ән тыңдайық, – деп қисайып жатқан жұрт бастарын көтеріп алды.

Иегі шығыңқы, ірі, қапсағай жігіт кішкене ескі домбыраның ішектерін арбиған саусақтарымен еріне шертіп, құлағын бұрады. Біраз даңылдатып отырып, сен үшін айтып отырмын дегендей Сапабекке қарап, жуан қоңыр дауыспен жеңіл бір әнді былқылдатып бастап кетті. Әнді толық айтпай, ортасынан үзіп тастап, домбырасын қайта бұрады.

Ерекең ашық түндіктен жұлдыздарға қарап жатқан. Әлдеқалай көңілі онша көтерілмей, немересінің шақырғанға келмегеніне, келінінің аяқ-қолының жалаңаш отырғанына, Сапабектің таусылып бітпейтін мылжың әңгімесіне қырыстанып отырған.



– Әй, айтатын болсаң, айтсаңшы, – деді ақырып. – Кешегі әкең Дүйсенбі домбыра саусағына тиер-тиместе айғайлайтын. Неден мұнша жаман болып тудыңдар.

Аспандияр бағанадан осы сөзді күтіп отырғандай, домбыраны тырнақырап қағып-қағып жіберіп, тамағын кенеп алды. Кенет соншалықты зор, биік дауыспен шырқай көтеріп, тынып қалып, домбыраны қайта сөйлетті. Одан соң алғашқы ащы айқайға түк қатысы жоқ жоғарғы ішектен күмпілдеп бір әнге ілесіп кетті...

– Е, осылай термеңе бас, – деді.

Балалы арқар баурайды,  
Баласыз арқар зарлайды.  
Атасы жаман қандай-ды,  
Бас білмейтін нардай-ды...  
О, шіркін, сөз-ақ қой!

Аспандияр термені аяқтап, домбырасын қайта тыңқылдатып аз-кем отырды. Сырттан ән тыңдауға келген қыз-келіншектерге есік жақтан орын болмай, қайсыбіреулері үйге кірмей, даладан сығалап тұр...

Ән бітті... Сапабек қайран қалып басын шайқады.

Тамаша, тамаша! Не істейсің қазір, Аспандияр?

Тракторшы, – деді басқа біреу ол үшін.

Тракториспін, – деді содан кейін Аспандиярдың өзі.

Мынау дауысты құртуға болмайды. Мынау деген нағыз оперный баритон ғой. Так же, Тома? Тебе как, нравится?

– Мощный голос, – деді Тома басын шайқап.

### Ақталмаған үміт

Біраздан соң қонақтардың бәрі тарқап, үй іші өздерімен-өздері қалды. Өз төсегінде малдасын құрып отырған Ерекең:

– Тағы бір қонып кетесіңдер ме? Жоқ, боласындар ма біраз? – деді баласына тура қарап.

– Ертең жүруіміз керек. Отпускамыз бітті, көке-ау, онсыз да кешігетін болдық. Курорттан қайтарда сіздерге соға алмай кетеміз бе деп әбден састым өзім. Жол бойында ұшаққа отырудың өзі құдайдың бір азабы, халық көп...

– Баланы ше? Жеңісті тастап кетпейсіңдер ме? Екеуден-екеу қашанғы отырамыз сойдиып.

– Оны өздерің білесіңдер, мазаларыңды алады демесеңдер...

Ерекең үндеген жоқ. Төсегін салдырып жатып қалды. Бірақ ұйықтамады...



Ертеңіне тұрысымен Сапабек қайтуға жиналды. Әке-шешесіне алған базарлықтарын, біраз жинаған ақшаларын қалдырды...

– Ал енді мына балаларың, – деді Жеңісті көрсетіп, – бір түйір қазақша білмейді. Шабаданның аузын жаба алмаған болып біраз қиналды. – Таттанып қалған ба немене?.. Ал енді оқу басталып қалды. Бұл арада орыс мектебі жоқ. Мұны қалай оқытамыз деп отырсыңдар? Биыл жетіге келеді.

Ерекең төмен қарап, үн-түнсіз ұзақ отырды.

– Алып кет, өзіңмен бірге, – деді бір кезде даусы қарлығып. – Оқыт, өзіңдей қаңғыбас етіп шығар.

Сапабек тағы да қынжыла күлді.

– Ой, көке-ай, мені бір баласырап барады деп ойлайсың ба? Орыс мектебінің жоқ екенін айтып отырмын ғой. Әйтпесе...

– Бар, бар, алып кет, – деді Ерекең. – Жолдарың болсын!

Түстен кейін жалдап алған машина кабинасына Жеңіс пен Томаны отырғызып, сыртқа Сапабектің өзі отырып, әке-шешелерімен тура өткен жылғыдай сүйісіп қоштасып, «ренжімендер» деп ақыл айтып, ауылдан шығып кетті. Машина қарасы үзілген кезде ғана кемпір үн-түнсіз жаулығының шетімен көзінің жасын сұртті...

### ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. Ерғабыл қарттың арманы не?
2. Неліктен қарт балаларына еріп қалаға кетпейді? Себептерін анықтайық.
3. Осы үзіндіден қазақ танымындағы қандай киелі ұғымдарды аңғартуға болады?

### ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

1. Өңгіменің композициялық жоспарын жасап, сюжетін он сөйлеммен баяндайық.
2. Төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып, өз тұжырымымызды жазайық.
  - а) Өңгіменің «Қонақтар» аталуының мәні неде? Басқаша қалай атауға болады?
  - ә) Автордың бұл туындыны жазудағы мақсаты не?
  - б) Өңгімені оқу арқылы мен қандай қорытындыға келдім?
3. Шығармада қолданылған көркемдеу құралдарын тауып, мысалдар келтірейік.
4. Тобымыздағы оқушылармен бірге FILA формуласын пайдаланып, өңгіме кейіпкерлеріне талдау жасайық.
 

F /Дерек/ – шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын деректер жинау  
 I /Пікір/ – кейіпкер туралы өзіндік пікір мен бағасы  
 L /Сұрақ/ – кейіпкердің образдық тұлғасын ашатын сұрақтар қою  
 A /Іс-әрекет/ – автордың кейіпкерді суреттеуде қолданған тәсілі



Кейіпкер	Дерек	Пікір	Сұрақ	Іс-әрекет

5. Ауылдағы Ерғабыл қарт пен қалалық болып кеткен баласы Сапабектің әңгімелерінен олардың мақсаттары мен көзқарастарының қайшылығы қалай көрінеді? Пікір қайшылықтарының болуы олардың ауылда немесе қалада тұратындығына байланысты ма? Ойымызды әңгімеден үзінді келтіре отырып дәлелдейік.

Әке көзқарасы	Бала көзқарасы

6. Әңгімедегі Ерғабыл қарттың келіні мен қазақ келіндерін салыстырайық. Берілген үлгі кестені негіз ете отырып, олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтайық. «Қазақ келіндері қандай болуы керек?» деген тақырып төңірегінде сұхбаттасайық.

Қазақ келіндері	Ерғабыл қарттың келіні
Салт-дәстүрді құрметтейді	Қала өміріне бейімделген

7. Ерғабыл қарт пен Сапабектің іс-әрекетіне өзіндік баға бере отырып, пікірталас ұйымдастырайық.

**Жақтаушы топ:** Сапабектердің ісі – заман талабы.

**Даттаушы топ:** Ерғабыл қарттың ойы – ұрпаққа үлгі.

### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. Кейіпкердің (Ерғабыл қарттың, Сапабектің) атынан монолог жазайық.
2. Әңгіме мазмұнын қатыстыра отырып, «Ата-анамыздың алдындағы перзенттік парызымызды өтей аламыз ба?» тақырыбында сыни шолу жазайық.

### АНТОН ЧЕХОВ: «ХАМЕЛЕОН» ӘҢГІМЕСІ

#### Бұл тақырыпта біз:

1. «Хамелеон» әңгімесіндегі кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне баға береміз;
2. Образдың түрлері туралы түсінікке ие боламыз;
3. Көркем шығармадағы деталь туралы мәліметке ие боламыз.



## ЖАЗУШЫМЕН ТАНЫСАМЫЗ

**Антон Павлович Чехов**

(1860–1904)



Әлем әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі, орыс жазушысы, драматург Антон Павлович Чехов 1860 жыл Ресейдің Таганрог қаласында дүниеге келді. Гимназияда оқып жүрген кезінен әдебиет пен өнерге ықылас қоя бастады. Антон қала театрына жиі-жиі барушы еді. Гимназиядағы досы Андрейдің үйінде ұйымдастырылатын спектаклдерге қатысады.

Антон гимназияда әдеби журналдар шығарады. Шағын әңгімелер мен пьесалар жазды. Кейіннен Москва университетінің медицина факультетінде оқып жүрген шағында шығармалары баспасөз

беттерінде басыла бастады. Газет-журналдар Чеховқа белгілен сөз мөлшерінен аспайтын шығарма жазуды талап етеді. Бұл Чеховты әрбір сөзден үнемді пайдалануға үйретті. Жазушының әңгімелері аз сөзбен үлкен мазмұнды суреттеуімен ерекшеленеді.

## ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

**Біз Антон Чеховтың «Хамелеон» атты әңгімесін оқимыз**



Хамелеон не екенін білеміз бе? Ол қандай жануар?

**Хамелеон** құбылғы – кесірткелер отряд тармағының тұқымдасы. Хамелеондар негізінен Африкада және Мадагаскар аралында, кейбір түрлері Азияның оңтүстік пен батыс аумақтарында, 1 түрі Батыс Еуропаның оңтүстігінде кездеседі. 4 туысы, 90-ға жуық түрі белгілі. Дене тұрқы 60 сантиметрдей, араларында ұзындығы 3–5 сантиметрдей ұсақ түрлері де кездеседі. Денесі екі бүйірінен қысыңқы, жон арқасында ұзына бойы орналасқан, үшкірленіп келген қыры бар. Хамелеондардың денесінің көлемі ұлғайып, ісінуі олардың өкпелеріндегі тұйық өскіндер түріндегі ауа қапшықтарына байланысты. Көздері бір-біріне тәуелсіз, әр түрлі бағытта қозғала алады. Бұл ерекшелігі олардың көру аймағын кеңейтуге мүмкіндік береді. Хамелеондардың терісіндегі өте көп пигментті клеткалар жарықтың температураның кеттен болған тітіргендіргіштердің әсерінен өзгеріп, терісі түрлі



түске боялады. Осы қасиетіне байланысты қазақтар құбылғы деп атайды. Хамелеон негізінен қоршаған түсіне сәйкес түсін өзгертумен, ғажайып қабілеті арқасында белгілі. Бұл бүкіл денеңізге теріде арнайы пигменттік жасушаларының кеңейгенінен немесе қысқарғанынан туады. Мұндай бейімделу және қорғаныс механизмі жыртқыштар шабуылдарынан хамелеонді тамаша қорғайды. Хамелеон түсі қоршаған ортаның температурасы өзгергенде, үрей билегенде өзгереді. Екінші белгісі хамелеон көздері бір-бірінен тәуелсіз 180° бұрыла алады.



Сендерді Хамелеонның қай ерекшелігі таңдандырды?

Әңгімеге арқау болған оқиға ХІХ ғасырдың екінші жартысында Ресей қалаларының бірінде болған. Шығарманың негізгі кейіпкері – полиция бақылаушысы, құқық бұзушылықтарды тергеуші маман Очумелов.



Қалай ойлайсындар, әңгіме неліктен Хамелеон деп аталған?  
Шығармада қандай оқиға баяндалады?



## ХАМЕЛЕОН

Үстіне су жаңа шинель киіп, қолына түйіншек ұстаған полиция надзирателі Очумелов базар алаңын кесіп өтіп жатты. Оған ілесе аяндап жирен қалабасы келеді, қолында кәмпескеленген тошалағы толы елегі бар. Айнала тым-тырыс... – Алаңда қыбыр еткен жан жоқ... Дүкендер мен кабактардың есіктері жарық дүниеге аранын ашқандай шалқасынан ашылып, тұнжырай қарап қалыпты, олардың маңында, тіпті, қайыршы да жоқ.

– Қауып алғанын қарашы сұмның! Жігіттер, жібермеңдер өзін! Қазір қауып алуға заң жоқ! Ұста! Ө...ә! – деген дауысты Очумеловтің құлағы шалып қалды.



Базар көрінісін тағы да бір рет оқындар. Бұл көрініс сендерде қандай ой туғызды?  
Неліктен?

Иттің қыңсылағаны естілді. Жан-жағына қараған Очумелов Пичугин деген көпестің отын қоймасы жағынан үш аяқтап шоқандап, артына қарай-қарай қашып бара жатқан бір итті көрді. Оның соңынан бір адам қуып келеді, үстінде крахмалданған шыт көйлек, желбегей салған жилет. Қуып бара жатып ол еңкейе ұмтыла беріп, етпетінен құлай беріп, иттің артқы аяғынан ала түсті. Иттің тағы да қыңсылаған ащы даусы мен адамның «Жіберме!» деген айғайы жарыса шықты. Сөйткенше болмай, дүкендердің есігінен ұйқылы-ояу пішінді біреулер қылтиып шыға-шыға келді, отын сарайының маңына жұртшылық, жеті қат жер астынан шыққандай лезде жинала қалды.



Қалай ойлайсындар, жұртшылықтың жиналуына не себеп болды?

– Сірә, бір жанжал бар ғой деймін, асыл тектім!.. – деді қалабасы.

Очумелов солға қарай қиыс бұрылды да, жиналған тобырға қарай аяңдады. Қойманың қақпасы қасында манағы желбегей жилеткелі адам, оң қолын көкке көтеріп: қан-қан болған саусағын жиналған тобырға көрсетіп тұр екен. Оның шала мас әлпетінде «Енді сенің теріңді сыпыратын болдым, найсап!» деп тұрған кісінің райы бар сияқты, аспанға көтерген саусағының өзі де жеңіс салтанатын сездіргендей болып-ақ тұр. Очумелов бұл адамның он саусағынан өнер тамған зергер Хрюкин екенін тани кетті. То-





бырдың қақ ортасында, алдыңғы екі аяғын жерге алшайта тіреп, тұла бойы дірілдеп сарғылт теңбіл жоталы сүйір тұмсық ақ тазы күшік шоқиып отыр, жанжалға жазықты сол болса керек. Күшіктің жасаураған көзінде күйініш пен үрейленгендіктің нышаны бар.

– Не боп жатыр мұнда? – деді Очумелов, тобырды қиып – жарып. – Бұл не? Сен немене саусағыңды?.. Айғайлаған кім?

– Ешкімге тиіспей, өз жөніммен келе жатыр ем, асыл тектім... – деп бастады Хрюкин, жұдырығына жөтеле түсіп, – Митрий Митричпен отын жөнінде... сөйтіп келе жатқанымда мына зәндемі саусағымнан ала түскені... Айыпқа бұйыра көрмеңіз, мен қарекет қып, еңбекпен күн көріп жүрген адаммын... Ұсақ-түйек жұмыс істеймін. Төлесін маған, өйткені бұл саусағымды, бәлки, бір жеті бойы қимылдатудан да қалармын... Асыл тектім, мақұлықтан жәбір-жапа шексін деген заңда жазылмаған... Бүйтіп, көрінгені



Бір қаба беретін болса, онда, тіпті, жарық дүниеде өмір сүргеннің өзі жақсы ғой...



Күшіктің жағдайына көңіл бөліңдер. Қай сөздер жануардың жағдайын сезінуге көмектесіп тұр?  
Жазушы неліктен осы сөздерден пайдаланған?



– Ым!.. Жақсы... – деді Очумелов жөтеле түсіп, қасын кере қатулана сөйлеп. – Жақсы... Ит кімдікі? Мен мұны аяқсыз қалдырмаймын! Итті бетімен бос жіберуді көрсетейін мен бұларға! Жарлыққа бағынғысы келмейтін мырзаларды қолға алатын уақыт жетті! Сұмырайдың өзіне тартқызсам, сонда иттің немесе басқа хайуанаттың бейсауат бетімен жіберудің не екенін білер еді, бәлем! Мен оның көрешегін көрсетейін!, – деп қалабасына қарады ол, – мынаның кімнің иті екенін білді, хаттама жасады, мына иттің көзін жою керек. Дереву! Бәлки, өзі құтырған ит шығар... Кімнің иті деймін?

– Бұл генерал Жигаловтың иті болу керек! – деді біреу тобыр ішінен.

– Генерал Жигаловтың иті дейді?.. Ым!.. Елдырин пальтомы шешіп жіберші... Күннің шыжуы – ай! Сірә, жауын жауғалы

тұр-ау деймін... Дегенмен, мен өзім бір ғана нәрсенің байыбына бара алмай тұрмын: бұл ит сені қалай қауып ала қойды осы? – деді Очумелов Хрюкинге. – Саусағыңа, сірә, осының бойы жете қойғандай ма? Кіп – кішкентай, ал енді сен болсаң байталдай түрің мынау! Саусағыңды өзің шегемен жарақаттап алып, сонан кейін жала жабайын деген ой келе қалған шығар. Сен сияқтылар... белгілі ғой! Білемін, сендей перілерді!

– Ол бар ғой, асыл тектім, тәлкек қылмақ болып тұмсығына шылым басып алып еді, ал ит ақымақ дейсің бе, ала кеп түсті... Бұл өзі бір содыр адам, асыл тектім!

### Сөзмаржан

**Шинель** – әскерилердің пальтоға ұқсас сырт киімі.

**Көмпескеленген** – біреуден тартып алынған зат.

**Тошалғы** – таулы жерде өсетін дәмі қышқыл домалақ жемісінің бір түрі.

**Найсап** – антұрған, бұзық, арамза, нысапсыз.

**Теңбіл** – ойдым-ойдым түскен дағы бар, шұбар ала.

**Зәндемі** – сұм, залым, қу, сұрқия.



Қалай ойлайсыңдар, Очумелов күшіктің кішкентай екенін әуелі байқамаған ба еді?  
Шын мәнінде енді ғана байқап тұр ма?

– Өтірік оның, қыли неме! Көзіңмен көрмеген соң, өтірік айтудың не керегі бар? Жақсы тектімнің өзі ақылды мырза болған соң кімнің өтірік айтып, кімнің шынын айтып тұрғанын ол кісінің өзі де біледі... Егер мен өтірік айтады екем, онда мейлі, бітімші судья соттасын-ақ. Оның заңында айтылған... Осы күнде біреуден біреу артық емес... Менің ағам да жандармда істейді... Білгілерің келсе...



Хрюкин неліктен ағасы бар екенін ескерте қалды?

– Қысқартыңдар сөзді!  
– Жоқ, бұл генералдікі емес... – деп қалды қалабасы, тереңнен толғағандай түрмен айтты. – Генералдың мұндай иттері жоқ. Оныкі көбінесе аңшыл ит боп келеді...  
– Сен оны анық білуші ме едің?  
– Анық білемін, жақсы тектім...  
– Мен өзім де білемін. Генералдың иттері асыл тұқымды, қадірлі иттер, ал мынаның не екенін жын білсін! Әрі тықыр, әрі ұсқынсыз... барып тұрған жексұрынның өзі... Мұндай итті ұстай ма?! Ақылдарың бар ма? Осындай ит Петербургте немесе Москвада көріне қалса, қайтетінін білемісіңдер? Заңға қарап жатпай-ақ, әп-сәтте көзін жоя салар еді! Хрюкин, сен жапа шеккен адамсың, бұл істі енді аяқсыз тастама... Сазайын тартқызу керек! Уақыт жетті...



Очумеловтің Хрюкинге қатынасы тағы да өзгерді ме?

– Дегенмен, генералдың иті болуы да ықтимал... – деді қалабасы ойындағысын естірте айтып, – Тұмсығында жазулы тұрған ештеңе жоқ... Жуырда соның қорасынан осындай бір итті көрген едім.  
– Әлбетте, генералдікі! – деді тобырдың ішінен бір дауыс.  
– Ым!.. Пальтомды кигізіп жіберші, Елдырин бауырым... Жел соқты-ау деймін... Түршіктіріп жіберді... Сен өзің бұл итті генералдікіне апар да,

#### Сөзмаржан

**Жандарм** – әскери полиция.



барғасын сұрарсың. Мені тауып беріп жіберді дегейсің... Бұдан былай көшеге жібере көрмесін деп айтты де... Мүмкін, қадірлі ит шығар, оған көрінген шошқа бүйтіп тұмсығына шылым баса берсе, онда итті бұзу қиын боп па. Ит деген – нәзік мақұлық қой... Ал сен, есерсоқ, түсір қолыңды! Түртіншек саусағыңды шошайтып тұрып алатын дәнеңе жоқ! Өзің кінәлісің!..



Қалай ойлайсыңдар, Очумелов біресе пальтосын шешуіне, біресе қайта киюіне болып жатқан оқиғаның қатысы бар ма?

– Генералдың аспазы келе жатыр, содан сұрайық... Ей, Прохор! Бері таман келші, шырақ! Итті қарашы... Сендердікі ме?

– Тапқан екенсің! Бұл сияқты ит бізде өмірі болып көрген емес!

– Тіпті, сұрай беретін де дәнеңесі жоқ! – деді Очумелов. – Бұл – бұралқы ит! Көп сөз ғып жататын түгі жоқ... Бұралқы деген соң бұралқы болғаны... Көзін жойғаннан басқа дәнеңе жоқ.

– Бұл біздікі емес, – деп Прохор сөзін соза түсті. – Бұл – генералдың жуырда келген інісінің иті. Біздің генерал тазыға құштар емес. Ол кісінің бауыры құштар...

– Айтпақшы, ол кісінің бауыры келіп пе еді? Владимир Иванович па? – деп сұраған Очумеловтің жүзі күлімдеп қоя берді. – Ей, тәңірім-ай! Білсем бұйырмасын! Қонақтап келген екен ғой?

– Қонаққа...

– Ей, тәңірім-ай... Бауырын сағынған екен ғой... Білсем бұйырмасын! Сөйтіп мынау сол кісінің иті екен ғой? Өте қуаныштымын... Ал итті... Жаман ит көрінбейді... алғыр екен... Мынаны саусағынан ала түсіпті! Ха-ха-ха!.. Е, неменеге қалтырайсың? Ыррр... ырр... Ызаланып тұр найсап... тәйт, оңбаған неме.

Прохор итті шақырып алды да, өзімен бірге отын қоймасынан әрі қарай ертіп жүріп кетті... Топырласқан жұрт Хрюкинді ажуалап, қарқылдап күлісіп жатыр.

– Мен сенің де жайыңды табармын әлі! – деп Очумелов оған сес көрсетті де, шинелін қаусырына түсіп, базар алаңымен аяндап тарта берді.

*Аударған Е. Қойшыбаев*

### ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. Өңгімеде Очумеловтің ит пен Хрюкинге қатынасы неше рет өзгерді? Мұндай әрекетке баруына не себеп болып отырды?



## Әдебиет 7

2. Хрюкин образына қандай баға бересің? Оның «ешкімге тиіспей», «мен қарекет қып, еңбекпен күн көріп жүрген адаммын» деген сөздеріне сенуге болады ма?
3. Әңгіме неліктен «Хамелеон» деп аталған? Автор «хамелеон» деп кімді (немесе кімдерді) меңзеп отыр? Өмірде «хамелеондарға» кез болған-сың ба?

### ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Әңгімедегі Очумелов пен Хрюкиннің бірін таңдап диалог құрыңдар. Кейіпкерге қажет ақыл-кеңестеріңді беруге тырысыңдар. Әңгімедегі басты мәселенің шешімін табыңдар.

### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

Шығармадағы оқиғалар негізінде сахналық көрініс жаратыңдар. Кейіпкерлердің характерін дауыс, іс-әрекеттер арқылы ашып көрсетуге тырысыңдар.



## ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ

### 1. Көркем образдың түрлері туралы түсінік

**Көркем образдар көркемдік әдіс тұрғысынан екі түрге бөлінеді:**

- Романтикалық образ
- Реалистік образ

**Көркем образдар әдеби тек тұрғысынан үш түрге бөлінеді:**

- Лирикалық образ
- Эпикалық образ
- Драмалық образ

**Көркем образ жасалу тәсіліне қарай бес түрге бөлінеді:**

- Юморлық образ
- Сатиралық образ
- Трагедиялық образ
- Геройлық образ
- Фантастикалық образ

**Сатиралық образ** – ұнамсыз тип. Сатирамен суреттелер құбылыс – керексіз, кесір құбылыс. Сатира өмірдегі келсеңді, келеңсіздікті, кері кеткендікті қаза қопарып, көптің көз алдына – көрініске шығарады, мысқылмен түйрейді, сықақ етеді, көпті одан түңілтеді. Мысалы, «Хамелеон» әңгімесіндегі Очумелов образы сатиралық образ.



## 2. Көркемдік деталь

**Көркемдік деталь** (бөлшек, бедер-белгі) – мағыналық, көркемдік мәні барұсақ ерекшелік, сөз болып отырған нәрсенің жекеленген сипат-белгілері. Көркемдік детальдар қолдану егжей-тегжейлікке елігіп, майда-шүйдени жіпке тізгендей тере беру емес, ол әншейінде оп-оңай көзге түсе бермейтін ерекшеліктерді байқағыштықтан, көрегендіктен туындайды, сондықтан ол өмір құбылысының, әр түрлі нәрсенің ерекшелігін, сондай-ақ адамның бойындағы қандай да бір қасиет-сипатты дәл тауып, бейнелеп беру шеберлігін танытады.

Мысалы, «Хамелеон» әңгімесінде: *«Үстіне су жаңа шинель киіп, қолына түйіншек ұстаған полиция надзирателі Очумелов базар алаңын кесіп өтіп жатты. Оған ілесе аяңдап жирен қалабасы келеді, қолында кәмпескеленген тошалағы толы елегі бар»* үзіндідегі Очумеловтің қолындағы «түйіншек» те, қалабасының қолындағы «кәмпескеленген тошала да, адамдардың құқықтарын қорғауы керек болған, Очумелов пен қалабасының базардағы бір бейшара сатушыдан тартып алған дүниелері. Бұл заттар бір отбасының несібесі болуы мүмкін еді. Бұл детальдар Очумелов пен қалабасының қандай адам екенін білуімізге көмек беріп тұр.

Әңгімені тағы бір рет оқып шығып, төмендегі кестені толтырыңдар.

Кейіпкер	Деталь	Детальдің қолданылу мақсаты
Очумелов		
Хрюкин		
Елдырин		

### САИДА ЗУННУНОВА: «ҚЫЗЫМ», «ОТАНЫМ МЕНІҢ» ӨЛЕҢДЕРІ

**Бұл тақырыпта біз:**

1. Ақын өлеңдерінің негізгі идеясын, адам мінезін, көңіл-күйінің түрлі көріністерін ашамыз.
2. Өлеңдерді мәнерлеп оқуға дағдыланамыз.



## ЖАЗУШЫМЕН ТАНЫСАМЫЗ

**Саида Зуннунова**

(1926–1977)

Әдебиет әлеміне ХХ ғасырдың 40-жылдарының орта шенінде кіріп келген Саида Зуннунова, поэзия, проза және драматургия жанрларында бір жөн қалам тебірентіп, өзбек әдебиетінің даму тарихына сүбелі үлес қосқан аса талантты қаламгерлерден.

Саида 1926 жылы Әндіжан қаласындағы жұмысшы жанұясында дүниеге келеді. 1941–1945 жылдары Әндіжан педагогикалық институтында оқып, тәлім-тәрбие алады да, алғаш мектепте мұғалім болып қызмет атқарады. Соң газет редакциясында жұмыс істей жүріп, алғаш ақын ретінде өнімді қалам тебіреністе бастайды. Нәтижеде, өзінің ең алғашқы өлеңі, тырнақ алды туындысын 1945 жылы «Пахта фронты» атты газетте жарялау мүмкіндігіне ие болады.

Сөйтіп, Саида Зуннунованың көркем әдебиетке деген ықыласы жылдар өткен сайын кең өріс ала түседі. Әрі, білімін одан әрі жетілдіру мақсатында, Орта Азия мемлекеттік университетінің (бүгінгі таңдағы Ташкент мемлекеттік Ұлттық университетіне) филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1953 жылы бітіріп шығады.

Университетті бітіргеннен соң Саида Зуннунова, 1953–1956 жылдар аралығында «Гүлхан» журналында тілші болып қызмет атқарса, 1956–1957 жылдары «Өзбекстан мәдениеті» газетінде, сондай-ақ 1957–1958 жылдары Өзбекстан көркем әдебиет баспасында, 1962–1967 жылдары Өзбекстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші болып қызметтер атқарады.

Болашақ ақынның ең алғашқы өлеңдер жинағы, тырнақ алды туындысы 1948 жылы «Қызыңыз жырлайды» деген атпен жарық көрген болса, онан соң 1950 жылы «Жаңа өлеңдер», 1954 жылы «Гүлдер өлкесі», 1961 жылы «Қанат», 1962 жылы «Алға ұмтылу», 1967 жылы «Қыздар», 1970 жылы «Көршілерім», 1972 жылы «Нилуфар», «Жыл ойлары» деген сияқты т.б. өлеңдер жинағы жарық көріп, өлең құмар оқырмандардың аса сүйікті ақынына айналады.

Саида Зуннунованың 1972 жылы жарық көрген «Әллә» поэмасында, өзбек әйелдершнің балаға деген ерен сүйіспеншілігі мен шынайы махаббаты, ыстық сезімі жан-жақты терең сипат-





талғандығы соншалық, поэма салған жерден-ақ, өз жетегіне үйіріп, барған сайын оқырмандарды ынтықтыра түседі.

Орайы келгенде ерекше айта кетерлік жәйт, Саида Зуннунова проза жанрында да өнімді қалам тебіrentкен, аса талантты прозашы да бола алды. Бұл орайда оның 1956 жылы жарық көрген «Гүлбахор» атты әңгімелер жинағымен бірге, «Көшелер жарқын – айды», «Үзілген үміт» секілді т.б. әңгімелер жинағын тілге аламыз.

Олар да қаламгер жұмысшылар өмірін, тағдыр тауқыметін жан-жақты ашып сипаттаумен бірге, жанұя тағдырын, өзбек әйел-қыздарының шынайы сүйіспеншілігі мен ерен еңбек жолдарын сипаттаған.

Оның үстіне, Саида Зуннунова 1957 жылы «Гүлхан», 1958 жылы «Жаңа директор», 1962 жылы «Жалын», 1964 жылы «Адамдар арасында», 1972 жылы «Бойларыңнан айналдым» деген сияқты т.б. повестерін де бастырып шығарады. Оларда өзбек қыз-келіншектерінің тағдыры, ерен еңбек жолдары, мөлдір махаббаттары мен шынайы сезім сырлары сөз болады.

Әсіресе, бұл көркем шығармаларда 30–60 жылдар аралығындағы өзбек әйелдерінің еңбектегі ерлігі, тірлік-тыныстары, бас бостандығы жолында алып барған күрес-тартыстары, жанұя тағдыры Адолат, Усман сияқты т.б. қыз-келіншектер, ер азаматтар бейнелері арқылы өзінің шынайы шешімдерін таба түскен.

Оның үстіне, Саида Зуннунова шығармаларында Отанға деген шексіз сүйіспеншілік пен өз жұртына, еліне деген ыстық ықыластары, шынайы сезімдері мен мөлдір махаббаттары, жанұядағы тағдыр тауқыметтері өз ерекшеліктерімен жан-жақты сыр шерткен.

Саида Зуннунова аса талантты драматург ретінде 1964 жылы «Ана», 1967 жылы «Көздер» атты драмалық шығармаларын жазып, оны облыстық, республикалық театрлар да қойдырып, көрермендердің де ыстық ықыласына бөленген талант иелерінің бірі.

Сондай-ақ қаламгердің 1957 жылы «Повесть және әңгімелері» атты жеке жинағы кітап болып басылып шыққан болса, 1962 жылы «Жалын» повесті, 1964 жылы «Өлеңдер» атты жинағы да жарық көріп, оқырман жұртшылықтың ерен ыстық ықыласына бөлене түскен болатын.

Не амал?.. Міне осындай аса талантты ақын, тамаша прозашы, әрі драматург Саида Зуннунова, 1977 жылы небәрі 51 жасында дүние салып, арамыздан тым ерте кетті.

Дегенмен, дала данышпаны, ұлы Абай айтқандай; «Өлді деуге болама, айтыңдаршы, өлмейтұғын соңына сөз қалдырған» –





дегендей-ақ, Саида Зуннунова да өзінің көркем туындыларымен, әмәнда халқымыз арасында бірге жасап, біте қайнаса бермек.

## ӨЛЕҢДЕРДІ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

Біз Саида Зуннунованың «Қызыма», «Отаным менің» атты өлеңдерін оқимыз



1. Ақын деген кім, адамның көңіл-күйі мен мінезі дегенді айтамыз деген сұрақтар айналасында өз көзқарасымыз тұрғысынан түсіндіріп көрейік.
2. Жоғарыдағы сұрақтарға жауап табу үшін С. Зуннунованың «Қызыма», «Отаным менің» атты өлеңдерін оқиық.

### ҚЫЗЫМА

Әлем менің құшағымда,  
Не мен оның қойнында.  
Талай көктем желдері,  
Шаштарымды сипаған.

Алуан түрлі өңірдің,  
Гүлін маған силаған.  
Сенің нәзік саусақтарың,  
Бақытқа бөлеп, мәз қылған.

\* \* \*

Жер қойнына енді түн,  
Ай сәулесі мөп мөлдір.  
Келші қалқам, кел еркем,  
Әлдилейін мен бүгін.

Гүлден ернің әдемі,  
Неткен ғажап жүзің де.  
Енші қалқам қойныма,  
Кеудеме қойып басыңды.

Тауықтар ұйықтар қонақтап,  
Жел де тынған бұтақта.



Ата-ананың перзентіне деген мейір-махаббатын сендер қалай түсінесіңдер?



Бала өз ата-анасын немесе ұстазын не арқылы бақытқа бөлейді?

Көк орай шалғын көк шөптер,  
Жайқалады жырақта.

Жымыңдаған жұлдыздар,  
Жарқыраған әсем ай.  
«Ұйықтадыма қызың?» – деп,  
Олар да сені сұрайды.

Жер қойнына енді түн,  
Ай сәулесі мөп мөлдір.  
Келші қалқам, кел еркем,  
Әлдилейін мен бүгін.

\* \* \*

Қолын жайып әжелер;  
«Басың тастан болсын!» – деп,  
Ыстық ықылас, мейірімен,  
Ақ батасын береді.

Жеикесіне мінгізіп,  
Арқалаған аталар;  
«Басың тастан болсын!» – деп,  
Ақ батасын береді.

Бәтегөй де ақылшы,  
Әжелер мен аталар!  
Басы тастан болса да,  
Жүрегі тастай болмасын!

### ОТАНЫМ МЕНІҢ

Жүз жыл өмір көрсем де,  
жүз жыл өлең жазсам да,  
Сені жүз жыл шабытпен,  
жыр жолына қоссам да,  
Аялаған жарымдай –  
келбетің неткен әдемі,  
Тамсана оны жырлауға,  
сөз маржанын таппаспын!



Отан сөзінің мағынасын қалай түсінесіңдер және Отан дегенде көз алдымызға не келеді.

Гүл жазира даланы,  
алдыңа әкеп жайсам да,  
Татымайды бәрі де,  
өзіңе деген махабатыма!  
Ей, ғазиз Отаным!  
Аяулы менің –  
Өз Елім!

\* \* \*

Дүниеде сан алуан,  
не – не сұлулық болса да,  
Бәрі де,  
өзіңде ғана!  
Ғазиз топырағыңды,  
көзіме сүртіп,  
Көктем жапырағына,  
бетімді жуып.  
Адамдық ақ бейіл, саф ниетпен,  
саған ғана бас ием!

Сенің жолыңа,  
тәнім де, жаным да құрбан!  
Себебі мен,  
сені сүйген – ақыныңмын!  
Бірден – бір,  
өзіңе ғана, жақыныңмын!  
Үнемі өзіңдей,  
Ұлы елдің бақытын,  
Ылғида армандайтын,  
бауырыңмын!

Еркіндікті, әділдікті,  
қанша-қанша жырласам да,  
Бәрі бір құшағыңнан,  
арылмаспын!



Отан қай жерден басталады?



Біз әмәнда біргеміз,  
Ғазиз Отаным!  
Өз елім!

Мен тірімін –  
сен менің мақтанышымсың!  
Еңбекте де, рахатта да,  
бірге болған,  
Бірден – бір,  
қуанышымсың!  
Ей, ғазиз Отаным!  
Өз елім!

*Аударған Қалдыбек СЕЙДАНОВ*

### ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. Ақын өлеңдерінің негізгі ойы қандай? Ол неге сенеді? Сөйлем түрінде санамалап жазайық.
2. Ақын қандай сезімдерді бастан кешіруде? Мысал келтіре отырып айқындайық.
3. Ақынның ең алғашқы өлеңдер жинағы қай жылы жарық көрген?
4. Саида Зуннуова қандай жанрларда қалам тебіреткен?
5. Ең алғашқы прозалық шығармасы қандай атпен аталады?
6. «Қызыма» деген өлеңінде қандай мәселені көтерген?

### ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

1. Екі топқа бөлініп, ақын өлеңдерін мәнерлеп оқимыз.
2. Абайдың он жетінші қара сөзін топқа бөлініп талдаймыз.

Ақыл	Қайрат	Жүрек

### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. Жоғарыдағы өлеңдерді оқи отырып, ақынның көңіл-күйіне байланысты шағын мінездеме жазамыз.
2. «Менің Отаным» тақырыбын өзек ете отырып суреттер саламыз.
3. «Отан – оттан да ыстық» атты тақырыпта шығарма жазамыз.



## ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ

**Лирика** – көркем әдебиет жанрының бір түрі. Лириканың басты ерекшелігі – адамның көңіл-күйін, сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді. Лирикалық шығарма өлеңмен жазылады, онда автордың немесе кейіпкердің дүниеге қатысы, көзқарасы, оның сезімін нақты ойы, көңіл-күйін суреттеу, әсерлеп бейнелеу арқылы көрсетіледі. Лириканың басқа жанрлардан айырмасы да, өзіндік артықшылығы да осында.

Лирикалық шығармаларда негізінен жеке адамның көңіл-күйі, сезімі суреттеледі. Лириканың бас қаһарманы – ақынның өзі. Ақын өз жайын, өз басының мұңын, өзінің арманын, қуаныш сезімін жыр ету арқылы халықтың тағдырын, қайғы-мұңын, күйзелісін, қуаныш-шаттығын, тілек-мақсаттарын білдіреді.

Лирика көлемі жағынан шағын болып келеді.

Ақын Абай Құнанбайұлы:

Әннің де естісі бар, есері бар,

Тындаушының құлағын кесері бар.

Ақылдының сөзіндей ойлы күйді

Тыңдағанда, көңілдің өсері бар, – деп оқушыны әнге деген өз сезімімен ортақтастырады.



*O'quv nashri*

Seydanov Qaldibek, Basharov Quttibay,  
Sayfullayev Baurjan, Yusupov Berdibek

## ADABIYOT

*(Qozoq tilida)*

Umumiy o'rta ta'lim maktablarining  
7-sinf o'quvchilari uchun darslik

Суретшілер: *Ф. Матякубов, И. Юлдашев*  
Редактор *А. Тэжібаева*  
Дизайнер *Ш. Ходжаев*  
Техникалық редактор *Л. Хижова*  
Корректор *Д. Байдиллаева*  
Компьютерде беттеген *К. Голдобина*

Басуға 2022 жылы июлда рұқсат етілді. Пішімі 60×84<sup>1/8</sup>.  
Офсеттік қағаз. «Agial» гарнитурасы. Офсеттік әдіспен басылды.  
Шартты баспа табағы 26,04. Баспа табағы 23,57.  
Таралымы . Тапсырыс №22-199.



Ә 22      **Әдебиет 7** [Мәтін]: 7-сыныбына арналған оқулық / Қ. Сейданов [және тағы. басқ]. – Тошкент: Республикалық білім орталығы, 2022. – 224 б.

ISBN 978-9943-8372-5-6

УЎК 821.512.122(075.3)  
КБК 83.3(5Қоз)я72



**Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте**

№	Оқушының аты, жөні	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырылған-дағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

**Пайдалануға берілген оқулық оқу жылы аяқталғанда қайта тапсырылады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемдері негізінде толтырады.**

Жаңа	Оқулықтың алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдайы.
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажырамаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, беттері шимайланбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап шимайланған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы қанағаттанарлық жөндеген.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, әбден шимайланған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.